

2-басылым



Қазақ тілі

оқулық

B1

Астана, 2017

орта деңгей



ӘОЖ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылды.

Издание выпущено по заказу Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан в рамках “Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы”

“Үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешені” жобасы аясында әзірленген орта деңгейді оқытуға арналған “Қазақ тілі” оқулығы (Жобаға жетекшілік жасаған – М. М. Мұқаметқали, п.ғ.к.)

Пікір жазғандар:

З.С. Күзекова – Назарбаев университеті Қазақ тілі, әдебиеті, мәдениеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;

Ш.Қ. Құрманбаева – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы;

М.С. Жолшаева – С. Демирел университеті Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

А.Ф. Зейнулина – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Қазақ тілі және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

А.Т. Бозбаева-Хунг, А.К. Балабеков, Г.Қ. Досмамбетова, Б.О. Салыхова, Ә.Ж. Хазимова

Қ Қазақ тілі: Орта деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2017. –340 бет.

ISBN

Әлемдік тіл үйрету тәжірибесінің кең тараған, озық әдістемелерін негізге ала отырып жазылған бұл оқулық үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде әзірленген қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешеннің құрамына енеді. Оқулық қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың Казтест жүйесі мен Еуропалық стандарт деңгейлеріне сәйкес орта деңгейде оқитын топтарға ұсынылады.

Ұсынылып отырған оқулық қазақ тілін меңгерудің орта деңгейі (B1) бойынша әзірленген. Оқулықта коммуникативтік дағдыларды дамытуға негіз болатын сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тілдік материалдар қамтылған. Тілдік қатынастың отбасы-тұрмыстық, мәдени-әлеуметтік, кәсіби-елтанимдық және қоғамдық салаларына сәйкес өзекті тақырыптарды қамтыған мәтіндер мен коммуникативтік тапсырмалар жүйесі тіл үйренушінің сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша тілдік дағдылары мен сөйлеу іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, тыңдалымға арналған аудиомәтіндер мен тапсырмалар аудиодискіге жазылып, оқулыққа қосымша ретінде жеке ұсынылды.

Оқулық қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары мен әдіскерлеріне, сондай-ақ жалпы қазақ тілін үйренемін деген оқырман қауымға арналған.

Учебник разработан на основе широко распространённых, передовых методик в практике обучения языку и является частью типового учебно-методического комплекса для обучения казахскому языку, разработанному по методике «Обучение казахскому как иностранному или как второму языку» через модель непрерывного образования. Учебник рекомендуется для групп, обучающихся на среднем уровне соответствующем системе оценки уровня владения казахским языком Казтест и уровням Европейского стандарта.

Рекомендуемый учебник разработан для обучения казахскому языку на среднем уровне (B1). Здесь охвачен языковой материал, являющийся фундаментом развития коммуникативных навыков по видам речевой деятельности. Система коммуникативных заданий и текстов, которые отражают актуальные вопросы, соответствующие семейно-бытовой, культурно-социальной, профессиональной, сфере страноведения и общественной сферам языковой коммуникации, направлены на формирование у лиц, обучающихся языку языковых навыков и умений по таким видам речевой деятельности, как чтение, аудирование, письмо, говорение. Также как дополнение к учебнику предлагаются аудиоматериалы по блоку аудирование, которые были записаны на аудиодиск, и соответствующие задания.

Учебник предназначен для лиц, изучающих казахский язык как иностранный или как второй язык, преподавателей и методистов казахского языка, а также для широкого круга читателей, желающих обучаться казахскому языку.

ӘОЖ

ISBN

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2017

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2017

© Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1-сабақ. Бұрынғы өткен шақ	7
2-сабақ. Сын есім. Салыстырмалы шырай	17

II БӨЛІМ. БАСПАСӨЗ-МЕДИА

1-сабақ. Ауыспалы өткен шақ	26
2-сабақ. Септеулік шылаулар.....	39

III БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ САЛТЫ

1-сабақ. Мақсатты келер шақ.....	50
2-сабақ. Болымсыздық есімдігі	60

IV БӨЛІМ. САЯХАТ

1-сабақ. Бұйрық райы + деп едім	70
2-сабақ. Болжалдық келер шақ	81

V БӨЛІМ. ТҰЛҒАЛАР

1-сабақ. Сын есім тудырушы жұрнақтар	90
2-сабақ. Есімшенің анықтауыштық қызметі	101

VI БӨЛІМ. МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

1-сабақ. Зат есім тудырушы жұрнақтар	114
2-сабақ. Бөлшектік сан есім	128

VII БӨЛІМ. ОТАНДЫҚ ТАУАР

1-сабақ. Мөлшер үстеуі	140
2-сабақ. Өзгелік етіс	150

VIII БӨЛІМ. ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР

1-сабақ. Шартты рай.....	162
2-сабақ. Өзгелік етіс	174

IX БӨЛІМ. СӘН ӘЛЕМІ

1-сабақ. Есімше	183
2-сабақ. Сын-бейне үстеулері	196

X БӨЛІМ. ТАҒАМ

1-сабақ. Белгісіздік, сұрау есімдіктері.....	210
2-сабақ. Көсемшенің қимыл-сын пысықтауыш қызметі.....	220

XI БӨЛІМ. БІЛІМ

1-сабақ. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	235
2-сабақ. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем	250

XII БӨЛІМ. РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР

1-сабақ. Көсемше	267
2-сабақ. Етіс+келер шақ	277

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ	288
-------------------------------	-----

СӨЗДІК ҚОР	317
------------------	-----

АУДИОМӘТІНДЕР	325
---------------------	-----

АЛҒЫСӨЗ

Ұсынылып отырған қазақ тілін меңгерудің орта деңгейін (B1) оқытуға арналған оқулықтың екінші басылымы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде жарыққа шығып отыр.

Аталған оқулықтың бірінші басылымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығымен 2012 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысымен үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен ретінде жарыққа шыққан. Кешен қазақ тілінің бес деңгейлік (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгей) оқулықтарынан тұрады. Оқулықтар қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерін анықтайтын 2015 жылы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің №236-ОД бұйрығымен бекітілген қазақ тілін оқытудың талаптарын анықтайтын ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015, ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 1927-2015, Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының, Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарламаның негізінде әзірленді.

2016 жылы бес деңгейлік оқулықтың тіл үйренушілер тарапынан жоғары сұранысқа ие болған қарапайым (A1) және базалық (A2) деңгейлеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, екінші басылымы жарыққа шықты.

Ұсынылып отырған қазақ тілін меңгерудің орта деңгейін (B1) оқытуға арналған оқулықтың екінші басылымын әзірлеу барысында өңірлердегі тілдерді оқыту орталықтарының оқытушылары мен әдіскерлерінен оқулықтың мазмұнын жаңартуға, жетілдіруге байланысты ұсыныстары мен пікірлері негізге алынды.

Оқулық мазмұны белгілі бір тілді екінші тіл ретінде оқытудың халықаралық тәжірибелеріне сәйкес сөйлеу әрекетінің Тыңдалым, Оқылым, Жазылым, Айтылым сияқты түрлерін қамтиды.

Оқулық 12 бөлімнен тұрады. Әр бөлім 2 сабақты қамтиды. Әр сабақта жаңа лексикалық, грамматикалық тақырыптар ұсынылады. Алғашқы меңгерген ақпарат пен кейінгі меңгерген лексикалық бірліктердің бірін-бірі толықтырып, сөздік құрамда үздіксіз қолданысқа түсу барысында тіл үйренушінің меншігіне айнала беретіні ескерілді. Жаңа сөздермен таныстыру мақсатында оқулықтың аяғында қазақша-орысша сөздік ұсынылып отыр.

Грамматикалық тақырып сөйлеу әрекетінің түрлерімен тығыз байланыста берілген, алайда грамматиканы терең меңгерту үшін жеке бір бөлік ретінде де қарастырылады. Грамматикалық тақырыпқа қатысты мәліметтер грамматикалық анықтағышта толық қамтылған.

Әр бөлім жаңа лексикалық қормен таныстырудан басталып, өткен тақырыпты еске түсіру тапсырмаларымен жалғасып, жаңа тақырып бойынша тапсырмалармен ұласады. Тапсырмалар жеке, жұппен және топпен орындауға негізделген, бір ерекшелігі «қазір және осында» қағидасы арқылы орындалады. Әрбір тапсырманың орындалуы бойынша үлгі берілген.

Жазылым әрекетін дамыту мақсатында шағын іс қағаздарының бірқатар үлгілерін бере отырып, бекітілген типтік формалары бойынша сөздіктің көмегімен ішінара толтыру тапсырмалары берілді. Ұсынылған тақырыптық суреттер мен түрлі үлгідегі сызбалар, елтанымдық деректер тіл үйренушілерінің айтылым әрекетін дамытуға негізделді. Тіл үйренушінің тыңдалым білігін дамыту мақсатында деңгейге сәйкес тыңдалым мәтіндері аудио таспалар арқылы жеке ұсынылды.

Құрметті әріптестер, мазмұны жағынан жетілдірілген, жаңа, өзекті тақырыптар қамтылған оқулықтың екінші басылымын ұсына отырып, ерекше ынта мен ықыласты талап ететін осындай қиын да, қызықты тіл үйрену ісінде осы оқулық өздеріңізге көмекші болады деп сенеміз.

Авторлардан



I БӨЛІМ



1-САБАҚ Бұрынғы өткен шақ

2-САБАҚ Сын есім. Салыстырмалы шырай

1

- САБАҚ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

317 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сәйкестендіріңіз.

Бұл сенің пәтерің бе?

☒ Д

А Жоқ, теннис ойнайды.

Немереңіз неше жаста?

☐

Ә Әзірге бойдақпын.

Жаңбыр жауды ма?

☐

Б Бар. Келіңіз, көріңіз.

Ол жүзумен айналыса ма?

☐

В Төртте.

Бүгін сейсенбі ме?

☐

Г Есепшімін.

Отбасыңыз бар ма?

☐

Ғ 500 теңге.

Мамандығыңыз не?

☐

Д Жоқ, менікі емес. Ағамдікі.

Қызанақ қанша тұрады?

☐

Е Немерем.

Кешкі көйлектеріңіз бар ма?

☐

Ё Дүйсенбі.

Бұл сіздің қызыңыз ба?

☐

Ж Иә, күні бойы жауды.

2. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Мен дүйсенбіде ☐ кітапханада / ☐ кітапханаға барамын.

2. Анамның ағасы ☐ мәшинесі / ☐ мәшинесімен келді.

3. Кеше ☐ үйге / ☐ үйде қонақ келді.

4. Сіздің ұлыңыз ☐ Америкаға / ☐ Америкада бара ма?

5. Оның кино ☐ көргім / ☐ көргісі келеді.

6. Бұл – ☐ біреу / ☐ бірінші автобус.

3. Мағынасы артық сөзді табыңыз.

нағашы	бөле	жезде	бала
жұмыс	қызмет	мамандық	іс-шара
дос	жолдас	құрбы	жұмыстар
қиын	ауыр	күрделі	жеңіл

Ережемен танысыңыз.

Сұрау есімдігі

289 - бет

Сен **қашан** келесің?
 Мені **қайдан** көрдің?
 Хатты **кімнен** алдың?
 Автобусты **қашаннан бері** күтіп отырсың?

4. Тыныс белгілерін (?/.) қойыңыз.

Жауабыңызды қашан айтасыз Компьютерің керемет екен Бүгін анам келеді Қандай сұрақ Асқар – есепші Қай кітап қызық Әлима әнші емес Жемістің бәрі пайдалы Қайда барасың Белдемшенің қайсысы әдемі

5. Сөйлемді толықтырыңыз.

немен

қайда

қайсысы

неге

қашаннан бері

кім

Қандай

неше

кімге

қай

1. Бүгін сен қайда барасың?
2. Оның жиені қалаға _____ барады?
3. _____ мамандықты таңдайсың?
4. Кітаптарды _____ бересің?
5. Ағаң _____ жылы шахматтан бірінші орынды алды?
6. Мынаның _____ дұрыс?
7. Сен _____ шаңғы тебумен айналысасың?
8. _____ жиналысқа кешіктіңіз?
9. Әкеңіз биыл _____ жасқа толады?
10. Бұл мәселемен _____ айналысады?

6. Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

Менің пәтерім жақсы.Сенің пәтерің қандай?Кешеден бері қар жауып тұр.Сіздің мамандығыңыз – есепші.Оның әкесі қызыл мәшине алды.Менің әпкем ертең келеді.

7. Сөздерді мағынасына сәйкес бөліп жазыңыз.



Отбасы	Достар	Жұмыс	Өзге
1. _____	1. _____	1. _____	1. _____
2. _____	2. _____	2. _____	2. _____
3. _____	3. _____	3. _____	3. _____
4. _____	4. _____	4. _____	4. _____
5. _____	5. _____	5. _____	5. _____

8. Мағыналас қатарды табыңыз.

Біз бір-бірімізді жақсы түсінеміз.
 Айша деген қызбен таныстым.
 Көп нәрсеге келіспейтін болдық.
 Досым көптен бері хат жазбады.
 Балаларыммен жақсы сөйлесемін.
 Құрбым сияқты киінемін.
 Досым екеуіміз күнде телефонмен сөйлесеміз.

B

☐☐☐☐☐☐

A қарым-қатынастың пайда болуы
 Ә достықты үзу
 Б қарым-қатынастың үзілуі
 B жақын достар
 Г біреуге ұқсау, еліктеу
 Ғ отбасылық қарым-қатынас
 Д тығыз қарым-қатынас

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Ең жақын досыңыздың есімі кім?
- Онымен қашан таныстыңыз?
- Досыңызды ренжітіп алған кезіңіз болды ма?
- Егер ренжіскен кездеріңіз болса, қалай татуластыңыздар?
- Сіз үшін кешірім сұрау оңай ма?
- Досыңыздың қандай болғанын қалар едіңіз?



Шегенің ізі

Бір мінезі жаман жас жігіт болыпты. Бір күні әкесі оған бір жәшік беріпті. Жәшіктің іші шегеге толы екен. Жігіт: «Әке, маған мына жәшік пен шеге не үшін керек?» - деп сұрапты. Әкесі: «Достарыңмен әр жанжалдасып немесе ренжісіп қалған кезде мына тақтайға бір шегеден қағып отыр», - депті.

Алғашқы күні жігіт тақтайға 10 шеге қағыпты. Одан кейінгі апталарда жігіт шегенің санын азайта бастапты.

Бір айдан кейін тақтайға мүлде шеге қақпапты. Бұл жайды әкесіне айтыпты. Сонда әкесі жігітке тақтайды көрсетіп: «Ал енді, балам, бүгіннен бастап, достарыңмен татуласқан, олардан ренжіткенің үшін кешірім сұраған әр күнің үшін тақтадан бір шегеден суырып алып таста», - депті.

Біраз күндер өтіпті. Бір күні қараса, тақтайдағы барлық шегені суырып біткен екен. Сонда әкесі баласына тақтайды көрсетіп: «Балам, жарайсың, жарадың, - депті, алайда мына тақтайға жақсылап қарашы. Шегелерді суырғанда қалып қойған көп тесікті көріп тұрсың ба? Демек, тақта бұрынғыдай таза қалпында, әдемі болып қалмайды деген сөз. Достарыңмен ренжіскенде, бір-біріңді түсінбеген кезде жаман сөздер айтылады. Әрбір айтылған жаман сөз өзінің артына мына шегелер сияқты қара тесік қалдырады. Жолдасың да, сен де өзара кешірдік, енді қайтадан доспыз дегенмен, дәл мына тесіктер секілді көңілде кірбің қалады. Бұл - шындық. Сондықтан дос қадірін біліп, ешкіммен ренжіспейтін, араздаспайтын бол, балам. Әрқашан тату болғаның жақсы», - деген екен әкесі.



2. Дұрыс/қате екенін табыңыз.

Әңгіме достық, жақсы қарым-қатынас туралы.

Мінезі жаман бір қыз болыпты.

Әкесі оған шегеге толы жәшік беріпті.

Жігіт бірінші күні барлық шегені қағыпты.

Бір айдан кейін мүлде шеге қақпапты.

Дұрыс

Қате

☐
☒
☐
☐
☐
☐
☐
☐
☐
☐

Әкесі екі шегеге толы жәшік беріпті.

Әкесі достарыңды сыйла, ренжіспе деп айтып-ты.

Әкесі достарыңнан кешірім сұрап, достасқан кезде шегелерді суырып ал депті.

Жігіттің алғашқы кезде досы көп болған.

Жігіт достарын ренжітпейтінін айтыпты.

☐
☐
☐
☐
☐
☐
☐
☐
☐
☐

3. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай ретпен орналастырыңыз.

- ☒ 1 Бір айдан кейін тақтайға мүлде шеге қақпапты.
- ☐ Алғашқы күні жігіт тақтайға он шеге қағыпты.
- ☐ Бүгіннен бастап достарыңмен татуласқан, олардан кешірім сұрағаның үшін тақтайдан шегелерді суырып отыр.
- ☐ Жігіт әкесінен: «Шегесі бар жәшік неге керек?» - деп сұрайды.
- ☐ Достарыңмен ұрысып қалған күні тақтайға бір шеге қақ.
- ☐ Жарайсың, балам, бірақ сен қаққан шеге тақтайды бүлдірді.
- ☐ Сондықтан дос қадірін біліп, ешкіммен ұрыспай, достарыңмен тату бол.
- ☐ Жігіт бір күні таза тақтайды әкесіне әкеп көрсетеді.
- ☐ Әкесі оған шеге салынған жәшік беріпті.
- ☐ Мінезі жаман жігіт болыпты.
- ☐ Бір күні қараса, тақтайдағы барлық шегені суырып бітіпті.

4. Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

Жігіт бірінші күні он шеге қағыпты..

Жәшіктің іші шегеге толы екен.

Достарыңмен тату болғаның дұрыс.

Әрбір айтылған жаман сөз артында мына шегелер сияқты қара тесік қалдырады.

Бір айдан кейін мүлде шеге қақпапты.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Бұрынғы өткен шақ

389 - бет

+


Мен кітапты ал~~ған~~мын.
Сен қар күре~~н~~сің.

-

Ұлым әлі үйлен~~беген~~.
Алмас Астанада болма~~пты~~.

1. Тиісті қосымшаны қойыңыз.

1. Мен өткен аптада дәрігерге қарал ғанмын.
2. Сендер былтыр ол пәтерге бар_____сыңдар.
3. Үсен әйелімен кел_____ті.
4. Оның қызы әлі тұрмыс құрма_____.
5. Әріптесім дүкендерді аралауға кет_____.
6. Алмагүл жақсы ән сал_____ты.
7. Кеңсеге бастықтар келме_____ті.
8. Сен анаңа жағдайды айт_____жоқсың.
9. Сіздердің саяжайларыңыз болма_____.
10. Асқардың Қытайға барғысы келме_____.



2. Бұрынғы өткен шақ формаларын қойып, болымды және болымсыз формада жазыңыз.

-

айтқан - _____
келіпті - _____
барған - _____
сұраған - _____
кетіпті - _____
айтыпты - _____
жауыпты - _____
жауған - _____
жеген - _____
жепті - _____

+

араздаспаған - _____
танысқан жоқ - _____
ашпапты - _____
ашпаған - _____
шығарған жоқ - _____
шығармапты - _____
таппапты - _____
тапқан жоқ - _____
алмаған - _____
алмапты - _____

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіз Көкшетауға барғансыз ба?
- Жоқ, бармағанмын.
- Сіз жаңа қызметкер алғансыз ба?
- Жоқ, _____.
- Ол өткен аптада досымен қалаға кеткен бе?
- Иә, _____.
- Сен әріптесіңе сыйлық сатып алғансың ба?
- Иә, _____.
- Бұл ақпаратты бұрын естігенсің бе?
- Жоқ, _____.
- Біздің жаңа кеңсемізде болғансыз ба?
- Иә, _____.
- Досыңыз сізге айтқан ба?
- Жоқ, _____.

Иә, барғанмын.

Жоқ, барған жоқпын.
Жоқ, бармағанмын.

4. Бұрынғы өткен шақ формасына ауыстырыңыз.

Үлгі: Жәңгір атақты ғалым болады – *Жәңгір атақты ғалым болған*

1. Гүлнар кітапханада менімен әріптес болды –

2. Жігіт күнде бір шегеден суырып алып тастап отырады –

3. Айдостың ата-аналары бір-бірін тез түсінеді –

4. Жақсы қарым-қатынаста болу үшін көп еңбектенді –

5. Айнұрдың құрбысы әртістер секілді сәнді киінуге тырысады –

5. Бұрынғы өткен шақ формасында тұрған етістіктерге мысал жазыңыз.

Не істеген?	Не істеген жоқ?
1 _____	1 _____
2 _____	2 _____
3 _____	3 _____
4 _____	4 _____
5 _____	5 _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ


Таныс болыңыздар!



Танысқанымна
қуаныштымын!



Таныс болыңдар,
менің досым.



Қарлығаш. Танысқанымна
қуаныштымын!

Апа, таныс болыңыз,
менің әріптесім.



Бір көрген – таныс, екі көрген – біліс.
Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл.
Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.


ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Суретті мәтінге сәйкес нөмірлеңіз.

№1



А



№ ____

Ә



№ ____

Б



№ ____

2. Қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сөйлеуші	Ол кім туралы айтты?	Олар бір-бірін қашаннан бері біледі?	Олар неге ренжісіп қалды?	Олар татуласты ма?
№1	_____	_____	_____	_____
	_____	_____	_____	_____
	_____	_____	_____	_____
№2	_____	_____	_____	_____
	_____	_____	_____	_____
	_____	_____	_____	_____
№3	_____	_____	_____	_____
	_____	_____	_____	_____
	_____	_____	_____	_____

АЙТЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс. Біреуіңіз – психолог, екіншіңіз – емделуші.

Сіздің ең жақын досыңыздың аты кім?

Менің ең жақын досымның аты – Мадина

- А) Сіз досыңызбен/танысыңызбен/туысқаныңызбен ренжістіңіз бе? Не себеп болды?
 Ә) Сіздің жақын досыңызбен/құрбыңызбен келіспей қалатын кездеріңіз бола ма?
 Б) Сіздің отбасы мүшелеріңіз/достарыңыз жиі ренжісе ме? Егер ренжіссе, әдетте не себеп болады?

2. Рөлмен ауысыңыздар.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттерді қолданып, сюжетті мәтін жазыңыз.



2

- САБАҚ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС


317 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Мағынасы басқа сөзді сызып тастаңыз.

Үлгі: Жақын дос, құрбы, ~~мәшине~~, сыныптас досың, досымның танысы.

1. Ғимарат, кеңсе, үй, сәбіз, пәтер.
2. Аспаз, аудармашы, ауа райы, есепші, мұғалім.
3. Көйлек, жейде, белдемше, нағашы, шұлық.
4. Нан, тоқаш, жиен, сүт, ірімшік.
5. Әке, ата, немере, қырық, қыз.
6. Сәбіз, пияз, шаңырақ, қырыққабат, картоп.
7. Дүйсенбі, сенбі, алақай, жексенбі, жұма.

2. Сұрақтарға сай келетін сурет атауын жазыңыз.



Қашан?	Қандай?	Қайда?
1. _____	1. _____	1. _____
2. _____	2. _____	2. _____
3. _____	3. _____	3. _____

3. Қай сөздің анықтамасы?

бір-бірінен ешқандай сыр жасырмайтын адамдар

Жақын достар

ойы бір, мақсаты бір адамдардың бірігуі

бірге жұмыс істейтін адамдар

бірге жүретін, көп уақыттан бері араласатын адамдар

бір оқу орнында/университетте оқитын адамдар

басқа бір адамға, атақты өнер жұлдыздарына ұқсауға тырысу

екі достың көптен бері хабарласпауы

басқа адаммен танысып, жақсы араласа бастау

білім алатын орындар

дәрі-дәрмек алатын жер

біреудің жасырын, шын емес аты

5. Кестені толтырыңыз.

Антоним	Сөз	Синоним
	Жанжалдасу	
	Татуласу	
	Таза	
	Дос	
	Шындық / шын	

5. Сөздерді ретімен орналастырып, сөйлем құраңыз.

1. аласың? дүкеннен Сен қашан кітап жолдасыңа

2. досыңның Мына сыйлық күніне сенің туған

3. жаңбырды жақсы досы Менің әкемнің көреді

4. баласы Менің сыныпта танысымның оқиды бірінші

5. құрбысы екен Мына үйде көпқабатты сіңлімнің тұрады

ОҚЫЛЫМ

1. Ұлы адамдардың ұлы пікірлерін оқыңыз. Есте сақтаңыз!



*Көңіліңе қарай дос таңда,
күшіңе қарай жүк таңда.*
Жүсіп Баласағұн

*Дос достың кемшілігін кешіре
білер.*

Жүсіп Баласағұн

*Жаман дос – көлеңке:
басыңды күн шалса, қашып
құтыла алмайсың, басыңды
бұлт алса, іздеп таба
алмайсың.*

Абай Құнанбаев



*Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос,
Жайшылықта доспын деген – жай сөз.*

Сайф Сарайи



2. Сұрақтарға жауап беріңіз. Өзара сұхбат құрыңыздар.

Ұлылардың пікірлерімен келісесіз бе?

Досты қандай жағдайда кешіруге болады?

Қандай жағдайда ең жақын досты да кешіруге болмайды деп ойлайсыз?

3. Оқыңыз.

Өмірдің маңызы



Бірде ұстаз сабақ үстінде шыны құтыны алып, оны ірілеу тастармен толтырады. Сосын студенттерге қарап: «Құты толды ма?» – деп сұрайды. Студенттер: «Иә!» – деп жауап береді. Сонда ғалым құтының үстіне ұсақтау тастарды салып, ірі тастардың арасын майда тастармен толтырады да, тағы да студенттерден: «Құты толды ма?» – деп сұрайды. Студенттер құтының толғанын айтады. Құтыны құммен толтырғанда, ірілеу және ұсақтау тастардың арасындағы барлық қуыстары түгелдей толады.

Ұстаз студенттерге қарап: «Міне, құты енді толды. Мұнда бос орын жоқ. Мен осы құтының сіздердің өмірлеріңізге ұқсас екенін түсінсеңіздер деймін. Ірілеу тастар өмірлеріңіздегі ең маңыздысы: отбасы, достарыңыз, денсаулығыңыз, балаларыңыз. Одан кейін салынған ұсақтау тастар өмірдегі жанама саналатын жұмыс, үй, автокөлік және тағы басқа заттар. Ал құм өзіміз айтатын «өмірдің ұсақ-түйектері».

Егер сіздер, алдымен, құтыны құммен толтырсаңыздар, онда ірілеу және ұсақтау тастарға орын қалмас еді. Өмірде де солай. Егер сіз барлық күш-қуатыңызды ұсақ түйектерге жұмсаңыз, онда ешқашан маңызды заттарға уақыт таба алмайсыз, олар үшін орын қалмайды. Сондықтан өз бақытыңыз үшін маңызды болып саналатын нәрсеге назар аударыңыз. Шын мәнінде бағалы болып табылатын нәрселерге қамқор болыңыздар. Әрі өмірдегі қалған нәрселердің барлығы құм екенін ұмытпаңыздар.

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

2. Неге әңгіме «Өмір маңызы» деп аталды деп ойлайсыз?
3. Егер сіз мақала авторы болсаңыз, қалай атар едіңіз?



5. Сөйлемдердің дұрыс/қате екенін анықтаңыз.

Отбасы, құрбы-құрдас және туыстарыңыз өмірдегі ең маңызды нәрселер.

Құтыны толтыру үшін ең соңында тастарды салды.

Өмірдің мәнін түсіндіру үшін мұғалім студенттерге өмірдегі маңызды нәрселер туралы мысал келтірді.

Адам бақытты болу үшін өзі құнды санайтын заттарға мән беруі керек.

Ұстаздың бірінші сұрағы: «Құты толды ма?» болды.

Дұрыс	Қате
☒	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐

6. Берілген сөздердің біреуін таңдап алып, ол сөздің өмірдегі маңызы туралы айтып беріңіз.

Әке-шеше, дос, елге пайдалы болу, денсаулық

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Сын есім. Салыстырмалы шырай

291 - бет

Дариғаның бойы менен ұзын**дау**.
 Астана Алматыдан суық**тау**.
 Сенің көйлегің әдемі**рек**.
 Біздің мұғаліміміз қаталы**рақ**.

1. Қажетті форманы қойыңыз.

-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу, -рақ, -рек, -ырақ, -ірек

Сіздің қызыңыз сұлу_____

Мына кілемнің сапасы жақсы_____

Жаңа қызметкер жұмысқа бейімді_____

Жаңа үйіміздің асүйі кең_____

Әсет бүгін көңілді_____ көрінеді.

Бастықтары қатал_____ адам екен.

Салаттың тұзы ащы_____ болыпты.

Мына пәтер әдемі_____ екен.

Бүгін жұмыстан кеш_____ қайтамын.

Дүкен үйден алыс_____ жерде екен.

2. Тиісті сөздерді қойыңыз.

ұзын

қаралау

қоңырлау

жұмсақтау

мейірімді

ақкөңіл

бұйралау

1. Бойы ұзын.

2. Шашы _____, _____.

3. Көзі _____.

4. Мінезі _____.

Адамдарға үнемі көмектеседі.

5. Ол өте _____ қыз.

6. Мен оның _____ мінезін ұнатамын.



Менің құрбымның аты – Майра.

3. Сын есімдерді қарама-қарсы мағынадағы сөзбен алмастырып жазыңыз.

Менің шашым қысқалау.

Оның шашы ұзындау

Менің бойым ұзынырақ.

Сенің _____

Менің көзім қоңырлау.

Оның _____

Менің мінезім жұмсақтау.

Сіздің _____

Мен мейірімдімін.

Ол _____

Мен жомартпын.

Сен _____

Мен сабырлымын.

Сіз _____

Мен баяумын.

Ол _____

4. Тиісті сөзді қойыңыз.

1. Сенің досың жақсы адам. досың / досыңыз
2. Менің бойым _____. орташалау / қара
3. Сіздің балаңыз _____ екен. тартымды / жомарт
4. Біздің анамыз _____ жан. момындау / келбет
5. Сенің досың _____ адам екен. ашу / ашушаң
6. Оның хатшысы _____ екен. салмақтырақ / салмақ

5. Асты сызылған сөзге салыстырмалы шырай қосымшасын жалғаңыз.

- Көршіңіз қандай? Сараң. >> Сараң+дау
- Мен қаталмын. >> _____
- Менің досым пысық. >> _____
- Ол мейірімді. >> _____
- Құрбысы дөрекі екен. >> _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

*Кешіріңіздер, сіздермен танысқым келеді.
Есімім – Мұрат. Қай жақтікі боласыздар?*

*Мен – Күләшпін, ал досым – Айнұр.
Екеуіміз де Қостанайданбыз. Өзіңіз ше?*



*Танысқаным өте қуаныштымын!
Мен Алматыданмын.*

2. Өз әріптесіңіздің, досыңыздың қай қаладан келгенін сұрап жаттығыңыз.

Қайдан боласыз?	Қайдан боласың?
Қай жақтікісіз?	Қай жақтікісің?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Олар достарын қалай кездестірді?
2. Досын компьютер арқылы кім кездестірді?
3. Кім өз досын жұмысқа кіргенде кездестірді?
4. Досын көлік тұрағында кездестірген кім?
5. Кім әуежайда досын кездестірді?
6. Студент болғанда досын кездестірген кім?



№2



2. Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.

Есімі

_____ Мына жігіттің _____ көп екен.

_____ Бір жақсысы, _____, кешірді.

_____ Сондай _____ болып көрінді.

_____ _____ агент арқылы танысқанмын.

_____ _____ араласып тұрамыз.

3. Сұхбатты тыңдап, бос орынды толтырыңыз.

№3



Досының аты кім? _____

Бойы қандай? _____

Түрі ше? _____

Мінезі қандай? _____

АЙТЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс.

А. Бос ұяшықтарға дос-құрбы, жолдастарыңыздың есімдерін жазып, мінезін бір сөзбен айтыңыз.



Ә. Жақын досыңыз/құрбыңыз туралы сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз неге онымен дос болдыңыз?
2. Неге сіз оны жақсы көресіз?
3. Досыңыздың сіз ұнатпайтын мінезі бар ма?
4. Екеуіңіздің мінездеріңіз ұқсас па?
5. Оның мамандығы қандай? Қайда жұмыс істейді?
6. Бос уақытында немен шұғылданады?

Б. Достық ағашын екінші тіл үйренушіге көрсетіңіз. Ондағы достарыңызбен таныстырып, сипаттап беріңіз.

В. Енді оның достық ағашын қараңыз. Өзара сұрақ қойып, жаттығыңыздар.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Жақын досыңыз және екеуіңіздің қарым-қатынасыңыз туралы 10 сөйлем жазыңыз. Төмендегі сөздер мен мақалды қолдануыңызға болады.

Сенімді

Ұстамды

Бір-бірімізді
сыйлаймыз

Бала кезімнен

Сыр
жасырмаймыз

II БӨЛІМ

МӘДІА



1-САБАҚ Ауыспалы өткен шақ

2-САБАҚ Септеулік шылаулар

1

- САБАҚ

БАСПАСӨЗ-МЕДИА

317 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. «Қарым-қатынас», «Достық» бөлімдеріндегі сөздерді еске түсіріңіз.

І	С	Т	З	А	Р	Ы	В	К	У	С	Л	Л
Р	Ж	Н	Л	Н	І	С	Т	Е	У	С	А	А
У	С	А	Д	З	А	Р	А	Р	К	Е	Қ	Қ
З	А	Р	Ж	Н	З	А	Р	Ж	Н	Т	У	А
Қ	Ы	Й	Ұ	Т	І	Д	О	С	Ы	П	У	П
Г	А	Ғ	Е	У	А	Қ	Ы	Т	Р	І	З	А
А	Қ	І	Ғ	Ы	Ц	Л	Б	К	У	Р	З	Т
Р	І	Н	А	Н	І	С	Т	Е	У	Ә	Н	І
Р	Т	Ә	Л	Р	С	У	У	Л	І	Ң	А	Ғ
О	Т	Р	А	Р	А	Л	Л	Р	Е	Н	Ж	У
С	Е	Р	М	Р	Р	Н	І	С	Т	Р	К	З
Ж	Б	Р	Т	У	А	А	Р	Ж	Н	І	С	Т
Р	Л	З	О	Р	Ң	В	Ұ	Ф	Р	Ж	Л	Р
У	Е	П	Р	Р	К	М	Р	Ж	Р	К	А	Л
У	К	Р	Ж	І	Ы	У	Р	М	А	Р	А	Р

1. «Ұрысу» сөзінің синонимі (8 әріп)
2. Қыздарды «әдемі» дейміз, ал жігіттерді (8 әріп)
3. «Біреуге ренжіп қалу» сөзінің синонимі (5 әріп)
4. Ойы жақсы емес, адамдарды алдайды, адал емес. (4 әріп)
5. «Интернет» қазақша қалай аталады? (8 әріп)

6. Адамдардың бірін-бірі түсінуі, жақсы қарым-қатынас жасауы. (6 әріп)
7. Сен бұл адаммен бірге қызмет етесің. (7 әріп)
8. Ешкімге ештеңе бермейтін адам. (5 әріп)
9. Көп ашылып, адамдармен еркін сөйлеспейді. (5 әріп)
10. Біреудің «жалған» аты. (7 әріп)

2. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз.

Не істей аласыз?

1



2



3



4



5



6

7

8

9

10



1. Біз билей аламыз.
2. Сен _____.
3. Сіз _____.
4. Олар _____.
5. Біз _____.
6. Олар _____.
7. Мен _____.
8. Ол _____.
9. Сендер _____.
10. Менің інім _____.

3. Сөйлемдерді қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздермен толықтырыңыз.

1. Асқар өте _____, сол себепті өзі туралы көп айтады.
2. Самал _____ адам, себебі жұмысты уақытылы орындайды.
3. Ол сондай _____, тіпті қарапайым нәрселерді білмейді.
4. Жанар _____ адам, үнемі армандайды, бірақ жоспарларын іске асырмайды.
5. Азамат сондай _____, барлық сұрақтың жауабын біледі.

4. Табылған сөздердің ең бірінші әріптерін қосып оқыңыз.

1. Білім беретін орын _____ (6 әріп)
2. «Халық» сөзінің синонимі _____ (2 әріп)
3. Сенің жақын құрбың _____ (3 әріп)
4. Адамның сенімді серігі, төрт аяқты досы _____ (2 әріп)
5. «Тұңғыш» сөзінің синонимі _____ (7 әріп)

«Бұқаралық ақпарат құралдары» - МЕДИА

Ақпарат құралы – жаңалық, хабар тарату, жеткізу

Бұқара – ел, көпшілік, халық

5. Сағат неше болғанын жазыңыз.













6. Жауап беріңіз.

Әдетте, газеттен не оқисыз: мақала ма, жаңалық па, жұлдызжорамал ма?

Теледидардан қандай бағдарламаны көресіз?

Қандай телебағдарлама ұнайды? Ерекшелігі не?

Қазақстанның атақты әртістерінен кімді атай аласыз?

Өнер жұлдыздарының өмірлері сізді қызықтыра ма?



Ең бірінші оқыған газетіңіз есіңізде ме?

Қандай газет еді?

Неше жаста
едіңіз?

Жазылған материал не туралы еді,
есіңізде қалды ма?

Не мақсатпен оқыдыңыз?

Сіздің есіңізде ме?

7. Сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап жазыңыз.

1. Кеше үйде болдыңыз ба?

қонақ

Жоқ, мен қонақта болдым.

2. Бүгін дүйсенбі ме?

жұма

3. Ініңіз қаладан қашан келеді?

ертең

4. Мынау кімнің баласы?

іні

5. Сенің анаң қайда?

кеңсе

6. Оның кім болғысы келеді?

ұшқыш

8. Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

- | | | |
|---|-------------|---|
| 1 | <u>кім?</u> | Бұл – <u>әпкем</u> . |
| 2 | _____ | Әжем <u>жұмада</u> бауырсақ пісіреді. |
| 3 | _____ | <u>Оның</u> жұлдыз болғысы келеді. |
| 4 | _____ | Сіздің қызыңыз <u>жүзумен</u> айналысады. |
| 5 | _____ | <u>Кенжемізді</u> жақсы көреміз. |
| 6 | _____ | <u>Оның ағасында</u> жаңа пәтер бар. |
| 7 | _____ | Бұл – <u>ұзақ</u> әңгіме. |
| 8 | _____ | Мен <u>үшінші</u> қабатта тұрамын. |

Ережемен танысыңыз.

Сын есім. Асырмалы шырай	292 - бет
Мына көйлек өте әдемі екен. Сенің әкең аса қатал кісі ғой. Асқар нағыз сараңның өзі. Сенің мәшинең тым қымбат.	

9. Үлгі бойынша сын есімдерді өзгертіңіз.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫРАЙ		АСЫРМАЛЫ ШЫРАЙ
<u>қызығырақ</u>	қызық бағдарлама	<u>өте қызық</u>
_____	көңілсіз әуен	_____
_____	жағымды ақпарат	_____
_____	жақсы жаңалық	_____
_____	жаңа бағдарлама	_____
_____	танымал әнші	_____
_____	көңілді кино	_____
_____	атақты әртіс	_____

10. Өзгертіңіз.

Жай шырай	Салыстырмалы шырай	Асырмалы шырай	Күшейтпелі шырай
қызыл	<u>қызылырақ, қызылдау</u>	<u>тым қызыл</u>	<u>қып-қызыл</u>
үлкен	_____	_____	_____
кіші	_____	_____	_____
жаман	_____	_____	_____
жақсы	_____	_____	_____
сары	_____	_____	_____
ұзын	_____	_____	_____
қатты	_____	_____	_____
жұмсақ	_____	_____	_____

Ережемен танысыңыз.

Ырықсыз етіс

292 - бет

Мәшине сат~~ыл~~ды.
 Жарнама қағазы тарат~~ыл~~ды.
 Жиналыста маңызды мәселелер қара~~л~~ды.

11. Тиісті форманы қойыңыз.

-ЫЛ, -ІЛ, -Л**-ЫН, -ІН, -Н**

тексер_____ді	ал_____ды
қара_____ды	көр_____ді
сат_____ды	жасал_____ды
іш_____ді	сал_____ды
боя_____ды	бөл_____ді

12. Тиісті сөздерді қойыңыз

1. Менің киімдерім қымбат сауда орнынан _____.	алынған / алыну
2. Сенің киімің немен _____?	жуған / жуылған
3. Мына бөлме жақсы _____.	тазалану / тазаланған
4. Алма екіге _____.	бөлінген / бөл
5. Сенің үйің жақсы _____.	салыну / салынған
6. Оқушылар тапсырманы өте жақсы _____.	түсінген / түсін
7. Бұл тон барлық адамға _____.	көрсетілді / көрсету

13. Сұрақты жауабымен сәйкестендіріңіз.

Алма сатып алынды ма?
 Сурет салынды ма?
 Жаңалықтар айтылды ма?
 Ағаңның шалбары тазаланды ма?
 Жемістер жуылды ма, Айнұр?

Г	А	Қазір айтылады.
	Ә	Иә, апа, жуылды.
	Б	Иә, қазір жаздым.
	В	Дүйсенбіде көрсетіледі.
	Г	Кеше сатып алынған.

Сенің үй тапсырмаң тексерілген бе?

Сіздің ата-анаңызға айтылды ма?

Қаражат жеткілікті бөлінді ме?

Тапсырма жазылған ба?

Бұл фильм теледидардан көрсетілген бе?

Ғ	Мұғалімім әке-шешеме телефонмен айтты.
Д	Бөлім басшысы бөлінді деді.
Е	Ертең әпкем салады.
Ж	Жоқ, әкем тексеріп берем деді.
З	Қазір жуып беремін.

14. Үлгі бойынша сөйлемдерді өзгертіңіз.

Достар тілек айтты.

Кадрлар бөлімі есеп тапсырды.

Қайрат айтыскер ақыннан сұхбат алды.

Кешкі жаңалықтарды көрсетті.

Жетекші тапсырма берді.

Тілек айтылды.

ОҚЫЛЫМ

1. Төменде берілген атаулардың қайсысы

А. әлем үшін

Ә. сіз үшін

Б. сіздің еліңіз үшін

маңызды деп ойлайсыз?

ТЕЛЕДИДАР

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ

ҒАЛАМТОР

РАДИО

БЕЙНЕЖАЗБА

1. Әлем үшін теледидар маңызды, себебі жаңалықтарды көрсетеді
2. _____
3. _____
4. _____

2. «Кім жылдам?» сұрақ-жауап ойынын ойнаңыздар.

1. Әлемдегі ең танымал теледидар бағдарламасы.
2. Фильмдерді ең көп шығаратын қай мемлекет?
3. Ақпарат іздеудің танымал жолы.
4. Ең танымал кинофильм.
5. Ең танымал танымдық бағдарлама.
6. Теледидарды қай мемлекетте ең көп көреді деп ойлайсыз?
7. Қай газет ең көп сатылады?



3. Оқыңыз.

Бұқаралық ақпарат құралдары

«Бұқаралық ақпарат құралдары – ақпараттар, танымдық мәліметтер және бос сөздер жиынтығы», – дейді заңгер Д. Яндел.

Сіз Д. Янделдің пікірімен келісесіз бе? Қазір көпшілігіміз теледидардан немесе газет-журналдардан көрген бейнелер мен мәліметтерге тәуелдіміз. Ол ақпараттардың кейбіреуі «керемет жаңалық» та, ал кейбіреуі «жай бос сөз». Біз сізге «бірінші» және «ең жақсы» бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәлімет береміз.

№1 теледидар бағдарламасы: Үлкен аға «Big brother» телешоуы. Бұл телешоу ең бірінші Голландияда 1999 жылы көрсетілген. Содан кейін әлемнің 20-ға жуық мемлекетінде көрсетіле бастаған.

№2 кинофильм өндірісі: Үндістан кино-студиясы (лақап аты «Болливуд»). Бір жылда бұл мемлекетте 1000-нан аса фильм түсіріледі.

№3 ақпарат іздеудің жолы / әдісі: Google. Күн сайын Google арқылы 182 тілде 250 миллионнан астам адам ақпарат іздеп табады екен.

№4 Әлемге танымал фильм – «Азамат Кэйн» (Citizen Kane). Фильмнің режиссері – Орсон Уэллес. Фильм 1941 жылы түсірілген. Газет баспасының иесі туралы фильм.

№5 Әлемге танымал танымдық бағдарлама «Кімнің миллионер болғысы келеді?». Бұл бағдарлама алғаш рет Ұлыбританияда 1998 жылы көрсетілген. Қазір әлемнің барлық елдерінде қолданылады.

№6 Теледидарды ең көп көретін мемлекет – Америка Құрама Штаттары. Мұнда 1000 адамға 805 теледидардан тиеді. Жасы алпыс бестен асқан адамдар тоғыз жыл өмірін теледидар көрумен өткізеді екен.

№7 Ең көп сатылатын газет – Yomiuri Shimbun. Бұл газеттің Жапонияда бір күнде миллион данасы сатылады.



The Japan News
by The Yomiuri Shimbun



4. Дұрыс/қате жауапты белгілеңіз.

	Дұрыс	Қате
1. Мәтін бұқаралық ақпарат құралдары туралы.	✓	
2. Голландия халқы «Үлкен аға «Big brother» теле-шоуын жақсы көрмейді.		
3. Google – мультфильмдер сайты.		
4. Орсон Уэллс – газет баспасының иесі.		
5. «Кімнің миллионер болғысы келеді?» бағдарламасы – ең танымал бағдарлама.		
6. Американдықтар басқа елдермен салыстырғанда теледидарды көп көреді.		
7. Ең бірінші теледидар өте керемет болған.		
8. Yomiuri Shimbun – күнделікті газет.		

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Теледидардан кино көресіз бе әлде бағдарламалар көресіз бе?
- Отандық кино көруді ұнатасыз ба, әлде шетелдік фильмдерді қарағанды жөн деп санайсыз ба?
- Теледидардан қандай бағдарламалар көргіңіз келеді?
- Қазақстандық телеарналардың қайсысын бірінші орынға қояр едіңіз? Себебі не?
- Шетелдік телеарналардың отандық телеарналардан қандай ерекшелігі бар деп ойлайсыз?
- Газет оқисыз ба? Қандай газет оқисыз?

6. Мәтіннен ырықсыз етіс формасындағы етістіктерді тауып жазыңыз.

Ырықсыз етіс	Асырмалы шырай
<i>сатылады</i>	<i>ең жақсы</i>

7. Сөздерді жұптастырыңыз.

Бос	_____	асқан
Керемет	_____	тәуелдіміз
1999 жылы	_____	режиссері
фильмнің	_____	түсірілген
Мәліметтерге	_____	жаңалық
Алпыс бестен	_____	сөз
1941 жылы	_____	көрсетілген

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Дағдылы өткен шақ

292 - бет

+

Мен кітапты алатынмын.
Сен телехикая көретінсің.

-

Біз театрға бармайтынбыз.
Асқар жаңалықтарды көрмейтін.

1. Тиісті қосымшаны қойыңыз.

-атын

-йтын

-йтін

-етін

1. Мен сенбіде кеңсеге бар атын мын.
2. Сендер жазда көлге бар _____ сыңдар.
3. Ұлжан күйеуімен қонаққа кел _____.
4. Оның қыздары апельсин жеме _____.
5. Екеуіміз көп әзілдес _____ біз.

6. Раушан жақсы ән сал _____.
7. Кеңсеге тілшілер көп келме _____.
8. Сен бұл жаңалықты айтпа _____ сың.
9. Ол телебағдарлама жүргізушісі бол _____.
10. Әнуардың Қытайға барғысы кел _____.

3. Оқыңыз.



Күмістің күн тәртібі

Күміс таңертең алтыда оянады. Сағат жетіде үйінен шығады. Жұмысына сегізге он бес минут қалғанда жетеді. Үйі мен жұмыс кеңсесінің арасы алшақ болғандықтан, қоғамдық көлікте қатты шаршайды. Жұмысында әріптестеріне жаңа хаттарды таратады, газет-журналдарды апарады. Поштадан тапсырыстарды әкеледі. Кешке үйіне алты жарымда қайтады.

Кестеге «не істейді?» деген сұраққа жауап беретін етістіктерді теріп жазыңыз.

Жазған етістіктерді ауыспалы өткен шақ формасына өзгертіп жазыңыз.

Үлгі: ұйықтайды – ұйықтайтын

1		–		5		–	
2		–		6		–	
3		–		7		–	
4		–		8		–	

1. Ауыспалы өткен шақ тұлғасындағы сөзді табыңыз.

- A) Қадірледі
- Ә) Қадірлейтін
- Б) Қадірлейді
- В) Қадірлепті

3. Жүзеге асырылған әрекет түрін табыңыз.

- A) Баяндалмақ
- В) Баяндалды
- С) Баяндама
- Д) Баяндар

5. Орындалмаған әрекет түрін көрсетіңіз.

- A) Жеткізіледі
- В) Жеткізген
- С) Жеткізілмейтін
- Д) Жеткізеді

2. Әлі жүзеге асырылмаған іс-әрекет түрін көрсетіңіз.

- A) Сырласатын
- В) Демалып жатыр
- С) Пісірді
- Д) Ызаландырмақ

4. «Не істейтін?» сұрағына жауап беретін сөзді табыңыз.

- A) Тасуда
- В) Тасылды
- С) Таситын
- Д) Тасымас

6. «Ол» сөзімен тіркесетін етістікті табыңыз.

- A) Жүрсің
- В) Кетемін
- С) Дейтін
- Д) Келесіз

4. Болымсыз және болымды түрде жазыңыз.

Болымсыз

айт – айтпайтын

кел – _____

бар – _____

сұра – _____

кет – _____

күл – _____

Болымды

көрсетпеген – көрсететін

таныспаған – _____

ашпаған – _____

сұрамаған – _____

шығармаған – _____

әкелмеген – _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Әлемдегі ең бірінші газет 1605 жылы Германияның Страсбург қаласында шыққан

“Түркістан уалаятының газеті Қазақстандағы ең бірінші газет. 1870-1882 жж. Ташкентте қазақ және өзбек тілдерінде шыққан.”



1950 жылдан бастап ғаламтор іске қосылды / жұмыс істей бастады. Алғашқы е-мәйлді Проф. Леонард Клейнрок Лос Анджелестегі Калифорния университетінен Станфорд ғылыми-зерттеу институтына жіберген.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Сұхбат не туралы? Дұрыс жауаптың тұсына ✓ белгісін қойыңыз.

№4



Журналистердің ақшасы туралы

Журналистер жазатын ақпарат, мәліметтер туралы

Газет-журналдар түрі туралы

2. Тыңдаңыз. Айтылу ретімен нөмірлеңіз.

№5



- ☐ Адамдардың жеке өмірі туралы жазу
- ☐ Баспасөз құралдарын керек ететін жұлдыздар
- ☐ Тек атақты адамдар, жұлдыздар туралы жазатын газет-журналдар

3. Қайта тыңдаңыз. Әр тақырып бойынша 2 сөйлем жазыңыз.

А

Адамдардың жеке өмірі туралы :

1. _____.
2. _____.

Ә

Баспасөз құралдарын керек ететін жұлдыздар:

1. _____.
2. _____.

Б

Тек атақты адамдар, жұлдыздар туралы жазатын газет-журналдар:

1. _____.
2. _____.

4. Қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ақпарат қандай болуы керек?

Сұхбат беруші газет-журналдардағы ақпараттарды қызықты етудің қандай жолдарын атайды?

Сұхбат берушінің пікірінше, халық не үшін газет-журналды сатып алады?

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, пікірталас өткізіңіздер. Бір топ ғаламтордың, екінші топ баспасөздің қажеттілігін дәлелдейді.



*«Ғаламтор» және баспасөз.
Қайсысы қазір басым /
артық / күшті? Неге?*



2. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, пікірталас өткізіңіздер. Бір топ газет-журналдың адам өміріндегі маңыздылығын, екінші топ қажетсіз қағаз шығыны екендігіне сендіре білуі тиіс.

*Газет-журнал шығару керек пе, жоқ па? Не үшін керек / керек емес?
Қағаз шығыны ғана деп ойлайсыз ба?*

3. Берілген сөздерді пайдаланып, өзара журналист және сұхбат беруші рөлін ойнаңыздар. Бір-біріңізден кезектесіп сұхбат алыңыздар.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс. Топтасыңызбен бірігіп, өз газет-журналдарыңызды шығару жоспарын құрыңыз. Төменде берілген мәселелер қамтылуы тиіс.

- А) атауы
- Ә) қандай жасқа арналғаны
- Б) қандай мәселелер туралы жазатыны
- В) данасы
- Г) шығу мерзімі – айына, аптасына неше рет
- Ғ) дизайны

2. Өзіңізге ұнаған / ұнамаған бір телебағдарламаға / газет-журналдағы мақалаға пікір жазыңыз.

- А) атауы
- Ә) қандай телеарнада көрсетілгені / газет-журналға шыққаны
- Б) қандай мәселе туралы жазылған / көрсетілген бағдарлама
- В) неліктен ұнамады / ұнады
- Г) бағдарламаны немесе мақаланы өзгерту бойынша ұсыныс

2

- САБАҚ

БАСПАСӨЗ-МЕДИА

318 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Синонимдерін табыңыз.

А	
1 - <u>Г</u>	ат
2 - ____	маңызды
3 - ____	бағдарлама
4 - ____	атақты
5 - ____	дос
6 - ____	таныс
7 - ____	сабырлы
8 - ____	адам

В	
А	жолдас
Ә	кісі
Б	құрбы
В	шыдамды
Г	есім
Ғ	телехабар
Д	белгілі
Е	қажетті

2. Баспасөз-медиа бөлімінің сөздігін пайдалана отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

- 1 Менің бұл газетті оқығым келмейді, бұл газет мен үшін _____.
- 2 Мына телебағдарлама адамды _____ екен. Көрсем, ұйқым келіп кетеді.
- 3 Кинотеатрға барсақ, _____ толып отыр. Кино қызық сияқты.
- 4 _____ бағдарламалар қызығырақ, себебі жұмыстан кейін шаршағаныңды ұмытасың.
- 5 _____ бағдарламаларды көруге уақытымыз жоқ, жұмысқа, сабаққа асығамыз.
- 6 Қайырлы таң! Маған _____ газетті беріңізші.
- 7 Сіз келісімшартты бұза алмайсыз, бұл _____ әрекет. Екі жақтың адамдары келісіп, қол қоюлары керек.

3. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

1 - <u>Г</u>	Өзің туралы қазақша айта аласың ба?	А	Жазамын, бірақ қысқа.
2 - —	Қандай газет-журналдарды оқи аласың?	Ә	Оқи аламын, бірақ кейбір сөздерін түсіне алмаймын.
3 - —	Ғаламтордан қажет ақпараттарды іздей аласыз ба?	Б	Шағын мақалалар жазатын газеттерді оқи аламын.
4 - —	Қандай жаңалықтарды тыңдағанда түсіне аласың?	В	Иә, айта аламын.
5 - —	Қазақ тіліндегі жаңалықтарды оқи аласың ба?	Г	Жоқ, іздей алмаймын.
6 - —	Қазақша хат жаза аласың ба?	Ғ	Қызықты оқиғалар туралы жаңалықтарды тез түсінемін.

4. Сөйлемді толықтырыңыз.

арам *Келбетті қысқа бойлы сенім ұсақ-түйек салмақты Баяу, мінезі жағымды ірілеу жайшылықта тұйық Ұсқынсыз кемшілігі құты ұсақтау*

Достық екі адамның бір-біріне сенуінен басталады, яғни достық үшін _____ өте қажет нәрсе. Менің інім сылбыр, өте _____ қимылдайды. Мен _____ үйрек деген мультфильмді көргенмін. Нағашы атам көп сөйлемейді, _____ және _____. Жездемнің ағасы ұзын емес, _____ қара шашты, _____ жігіт. Ол өте сыпайы, барлық адамдармен тез тіл табысып кетеді, _____. Әріптесімнің бастығы _____ үшін ашуланып кетеді, ол оның басты _____. Балабақшадан інім _____ және _____ тастар әкеліпті. Қызметтесімнің жағымсыз қасиеттерін байқадым. Ол _____ жақсы сияқты, бірақ _____ екен. Үнемі оған өтірік айтады екен. Мен дүкеннен _____ сатып алдым.

5. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

1 - <u>Г</u>	Бүгін кетесің бе?	А	Ақпан.
2 - —	Сіз бұл жаңалықты кімнен естідіңіз?	Ә	Таңғы 7-де.
3 - —	Ертең жексенбі ме?	Б	Әріптестерімнен.
4 - —	Сіз таңертең сағат нешеде тұрасыз?	В	Үйге қайтамын.
5 - —	Қазір қай ай?	Г	Жоқ, бүрсігүні.
6 - —	Сіз сағат нешеде ұйықтауға жатасыз?	Ғ	Жоқ, демалыс.
7 - —	Ертең жұмыс күні ме?	Д	Сәрсенбіде.
8 - —	Сіз аптаның қай күні жұмысқа шығасыз?	Е	Түнгі 11-де.
9 - —	Сіз жұмыстан кейін не істейсіз?	Ж	Жоқ, дүйсенбі.

Ережемен танысыңыз.

Мезгіл үстеуі

294 - бет

Бұл бағдарлама **ертең** басталады.**Кеше** қызық кино болды.Ол **таңертең** газет оқиды.**Кешке** маңызды жаңалықтар айтылады.

6. Тиісті сөзді қойыңыз.

1. Қазір кеңсе жабық, таңертең келіңіз. / **таңертең** / **қазір** /
2. Мен әкеме _____ телефон соға алдым. / **кеше** / **ертең** /
3. Журнал баспасының мекенжайын _____ кейін аласыз. / **түстен** / **түннен** /
4. Бұл жайлы ақпаратты _____ теледидардан көре аласыз. / **ертең** / **кеше** /
5. Қызықты мәліметті интернеттен _____ алтыға дейін көре аласыз. / **кешкі** / **түскі** /
6. Мен жұмысқа _____ таңғы тоғызда барамын. / **ертең** / **түскі** /

Ережемен танысыңыз.

Мезгіл үстеуі + **-ғы, -гі, -қы, -кі** жұрнақтары

294 - бет

Ол ертең**гі** пойызбен келеді.Кеш**кі** бағдарламаны Сәуле жүргізеді.7. **A** және **B** бағандарын сәйкестендіріңіз.

A	
1 - ____	Өткенде барған киномыз қызық болды,
2 - ____	Кешегі келген әріптесіміз ашулы жүр,
3 - ____	Бұл бағдаламаны жаңа тілші жүргізеді,
4 - ____	Жазғы жұмыстар енді басталды,
5 - ____	Газетіміздің таңғы басылымы тез сатылып кетеді,
6 - ____	Биыл қысқы ауа райы бізді таңғалдырды,

B	
A	себебі бұрынғы жүргізушісі таңғы уақытқа ауысып кетті.
Ә	өйткені үнемі жаңбыр жауып, күн салқын болды.
Б	өйткені бұл кезде үнемі қатты суық болатын.
В	сондықтан барғаным өкінбеймін.
Г	бөлім бастығы жасаған жұмысын қабылдамапты.
Ғ	сол себепті оқырманға үнемі қызықты жаңалықтар дайындау керек.

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз теледидар көресіз бе?
2. Қандай бағдарламаларды қарайсыз?
3. Тікелей эфирге қатысып көрдіңіз бе?
4. Телебағдарлама жүргізушісі болғыңыз келе ме?
5. Егер ұсыныс жасаса, қандай бағдарлама жүргізушісі болар едіңіз?



2. Оқыңыз. Сіз сөйлеушімен келісесіз бе? 3 сөйлем жазыңыз.

Теледидар қазір барлық үйде бар. Менің үйімдегі үш бөлмеде үш теледидар тұр. Отбасы мүшелері бағдарлама немесе кино көретін болса, қалаған теледидарынан көреді. Бірақ кіші балама теледидарды көп көрсетпеймін. Пайдасы жоқ деп ойлаймын. Көзі ауыратын болады. Мүмкін, бір үйде үш теледидардың болғаны дұрыс емес шығар. Сіз қалай ойлайсыз?

1. _____.
2. _____.
3. _____.

3. Сауалнаманы толтырыңыз.



Кімнің миллионер болғысы келеді? Телешоу!
Сіздің пікіріңіз біз үшін өте маңызды.

Аты-жөніңіз: _____

Туған жылыңыз, күніңіз, айыңыз: _____

Қызметіңіз: _____

«Кім миллионер болғысы келеді?» телешоуын көресіз бе?

Телешоу сіз үшін қызық па? _____

Қандай кемшілігі бар деп ойлайсыз? _____

Сіздің ұсынысыңыз: _____

Күні: _____ айы: _____ жылы: _____

Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін рақмет!

4. Оқыңыз.

Кімнің миллионер болғысы келеді?

Ұлыбританияда бұл ойын 1998 жылдың қыркүйек айында теледидардан бірінші рет көрсетілген. Қазір әлемнің барлық мемлекетінде жүргізіледі.

Ұлыбританияда заңды түрде бұрын төрт адам осы ойын жеңімпазы болған. Жеті адам 500 000 фунт стерлинг ұтып алған. Ал тағы жеті адам құр қол кеткен.

2001 жылдың 10 қыркүйегінде кешке Чарльз Инграм жолы болған әрі ақылды адамдардың біріне айналған. Алайда ойын аяқталғаннан кейін ол неге қуанбады? Киім ауыстыру бөлмесіне келіп, неге әйелімен ұрсысты? Неге ол ертеңіне жеңісін тойламады? Себебі олар барлық адамды алдады. Ертең өтірігі әйгілі болады деп қатты қорықты.

19 айдан кейін шындық белгілі болды. Заң орындары оны ұстап алды. Инграм қатысқан ойында біреудің жиі жөтеліп отырғаны белгілі болған. Бейнежазбаны қарап отырғандар осыны байқаған. Жөтелген осы жанұяның досы, колледж мұғалімі Тиквен Уитток екен. Ол ойын кезінде бағдарлама жүргізушісі дұрыс жауапты оқыған кезде жөтеліп, белгі беріп отырған. Инграм «мен ешкімді алдаған жоқпын» дейді. Алайда бейнежазбаны тексерушілер алдаудың болғаны анық дейді. Инграм бір рет досы жөтелгеннен кейін өз жауабын өзгерткен. Уиттоктың дәрігері оның аллергиясы бар, сондықтан жөтелді дейді. Алайда осы ойынды көрген 15.1 миллион көрермен басқа пікірде.

Чарльз, оның әйелі және досы Уитток алдағандары үшін 40 000 фунт стерлинг айыппұл төледі.



5. Мәтіннен берілген сөздердің синонимін табыңыз.

Тұңғыш рет	Жеңіп алған	араздасты	Өтірік айтты
Үнемі	ұстаз	жолдасы	Жұбайы

6. Дұрыс/қате жауапты белгілеңіз.

Дұрыс		Қате
☐	Бұл телебағдарламаның шыққан жері – тұманды Альбион.	☐
☐	Алғашқы ойын қазан айында эфирге шығыпты.	☐
☐	Ойынға қатысқан жеті адам жеңілген.	☐
☐	2001 жылғы қыркүйектің осындағы жеңімпаз өз жеңісіне шаттанбады.	☐
☐	Бір жыл жеті айдан кейін ойыншының тікелей эфирде барша көрерменді, тележүргізушіні алдағаны анықталды.	☐
☐	Ойынға қатысушы Чарльз Инграм заңсыз әрекет жасады.	☐

Ережемен танысыңыз.

Септеулік шылаулар

294 - бет

Ана *туралы* ән айтады.
Отбасыңнан бұрын өзің *жайлы* айтқың келе ме?
Әншілердің жеке өмірі *жайында* айтпаймын.
Достық *үшін* не істей аласыз?

1. Қажетті форманы қойыңыз.

туралы *үшін* *бұрын* *сияқты* *арқылы* *дейін* *кейін* *қарай*

1. Біз *үшін* сапа маңызды.
2. Спорт жаңалықтарын _____ кім айтады?
3. Осы бағдарламадан _____ не болады?
4. Хабарымыз _____ адамдарға мейірімді болыңыздар дегіміз келеді.
5. Күзге _____ күн суыта бастайды.
6. Жаңалықтардан _____ телесериал көремін.
7. «Балапан» _____ балаларға арналған телеарналар көп болуы керек.
8. Үйге _____ әлі 3-4 аялдама бар.

2. Берілген сөздерді қолданып, күніңіздің қалай өтетінін жазыңыз.

туралы *үшін* *бұрын* *сияқты* *арқылы* *дейін* *кейін* *қарай*

Мен таңғы жетіде ұйқыдан тұрамын. 07.30-ға дейін жаттығу жасаймын.

Ережемен танысыңыз.

Есімшенің заттануы

294 - бет

Келген – Үсен.
Әсемнің *айтатыны* осы.
Кететіндерге жолың болсын дейміз.
Киім *сататындар* қазір келеді.

3. Етістікті есімше формасында жазыңыз.

Үлгі: Дархан мен Айнұр телебағдарламаға қатысты.

Телебағдарламаға қатысқан – Дархан мен Айнұр.

Үйге нағашыларым бал әкелді.

Асқардың шетелде оқуы анасына қатты әсер етті.

Баспасөзде азық-түліктің қымбаттауы жазылыпты.

Таңертең маған қоғамдық көлік ұнамайды.

Мөлдір ертеңгі мақаласын жазды.

4. Дұрыс жауабын таңдаңыз.

Аққулар жазда үнемі осы көлде ☐ жүзбейтін / ☐ жүзетін.

Газет тілшілері ғалымның артынан қалмай, үнемі ☐ аңдитын / ☐ аңдымайтын.

Жас кезінен боксты ұнататын, сондықтан күнделікті бокспен ☐ айналысатын / ☐ айналысуға уақыты болмайтын.

Тіл үйрену үшін күніне жаңа сөздерді тыңдап, ☐ жаттайтын / ☐ тыңдамайтын, жаттамайтын.

Университеттің айналасы биік қоршаумен екі рет сыммен ☐ қоршалған / ☐ қоршалмаған.

Әсет жұмыстан келгенде анасы тамағын әзірлемей ☐ қоятын / ☐ әзірлеп қоятын.

Әріптестер әр жұма сайын бас қосу мақсатында дәмханаға ☐ баратын / ☐ бармайтын.

5. Болымсыз түрде жазыңыз.

Алған – алмаған

Жүрген – _____

Көрген – _____

Аяқталған – _____

Өскен – _____

Боялған – _____

Айтқан – _____

Шығарған – _____

Қоршалған – _____

Тыңдаған – _____

Алатын – алмайтын

Жүзетін – _____

Айналысатын – _____

Тұратын – _____

Өсетін – _____

Қызықтыратын – _____

Көретін – _____

Жүгіретін – _____

Тазалайтын – _____

Жуатын – _____

6. Берілген сөздермен сөйлемді ақтаңыз.

бардым

келген

көрсетіледі

болған

аталған

берген

орналасқан

кездестіргенмін

1. Бүгін Д.Қонаевтың мұражайына _____.
2. Жұма күні менің нағашыларым _____.
3. Қаңтар айында теледидардан жақсы бағдарламалар _____.
4. Қызылорда қаласы еліміздің бұрын астанасы _____.
5. Астана қаласы бұрын Целиноград деп _____.
6. Қазақша кітаптарды маған досым _____.
7. Сіздің ұлыңызды қалада _____.
8. Қазір дүкен сол көшенің оң жағында _____.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Оқыңыз.

Кешіріңіз, апай, сізге сұрақ
қойсам бола ма?

Айналайын, айып етпе, немерем
күтіп қалды. Ренжіме.

Оқасы жоқ. Сау болыңыз.

Кешіріңіз, бірер минут уақытыңызды
бөле аласыз ба?

Айып етпеңіз. Кешігіп барамын.

Оқасы жоқ. Жолыңыздан қалмаңыз.

2. Әріптесіңізбен, досыңызбен сөйлесіп жаттығыңыз.

Айып етпеңіз	Айып етпе
Сұрауға бола ма?	Уақытыңыз бар ма?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Сөйлеушілердің мамандығын жазыңыз.

№6



№ 1 сөйлеуші	_____	№ 2 сөйлеуші	_____
№ 3 сөйлеуші	_____	№ 4 сөйлеуші	_____

2. Қайта тыңдап, бос орынды толтырыңыз.

№1 сөйлеуші	Кейде адамдар _____ ұмытып кетеді.
№2 сөйлеуші	Кейде мен _____ оқимын.
№3 сөйлеуші	Немесе кейде адамдар қатты _____.
№4 сөйлеуші	Ең жаман нәрсе – _____ қалуың.

3. Қайта тыңдаңыз. Төмендегі сөздерді айтқан адамның мамандығын жазыңыз.

1. Техникалық қиындықтар	<i>продюсер</i>
2. Қиын жаңалықтарды оқу	_____
3. Микрофонды өшіруді ұмытып кету	_____
4. Жиһаздардың кедергі келтіруі	_____
5. Адамдар қатты толқып кетуі	_____
6. Жер-су атауларын айту қиын болуы	_____
7. Адамдар өз сөздерін ұмытып қалуы	_____

4. Қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Студияда кенеттен қап-қараңғы болып кеткенде, адамдар не істеуге тырысады?

2. Жаңалықтарды оқитын тілші үшін нені табу оңай емес?

3. Үш күн бұрын әншіден сұхбат алған тілші қандай қателік жіберді?

4. Опера әншісі спектакль барысында шкафтың есігін жапқанда, қандай күтпеген оқиға болды?

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Үш топқа бөлініңіздер.

Берілген мақала атауларынан газетіңіздің бірінші бетінде тұратын 3 мақала таңдаңыз.

Қоғамдық көліктегі жол ақысы қымбаттайды.

Абайлаңыз, жаз өте ыстық болады.

Қала көшелеріне аттылы сақшылар керек пе?

Дәрігерлер жаңа дәрі ойлап шығарды!

Қазақша ойыншықтар шығарыла бастады.

Археологтар ескі қаланың орнын тапты.

2. Таңдап алған мақала атаулары бойынша пікірлесіңіздер.

- А) Сіз қалай ойлайсыз: дұрыс таңдау жасадыңыз ба?
- Ә) Білмеймін, сенімді емеспін ...
- Б) Менің ойымша, басқалары дұрыс сияқты ...

3. Жоғарыда берілген мақала атауларының бірі туралы басқаларға ақпарат беріңіз. Ақпаратыңыз мына мәселелерді қамтуы тиіс:

- А) мақаланың өзекті болуы;
- В) мақаладағы негізгі мәселені ашып көрсету;
- С) негізгі мәселенің шешімін табу үшін ұсыныстар айту;
- Д) Өз ұсынысыңыздың дұрыстығын дәлелдеу. Тыңдаушыны сендіру.

4. «Көгілдір экран және отбасы» тақырыбында пікірталас өткізіңіздер.

Мәселе: бір үйде бірнеше теледидардың болғаны дұрыс па?

Бұрын әр отбасында 1 ғана теледидар болатын. Сондықтан отбасы түгел жиналып, барлығы бір бағдарламаны немесе киноны көретін. Алайда қазір әр отбасында екі-үш теледидар бар. Демек отбасы бұрынғыдай жиналып, бірге уақыт өткізбейді.

ЖАЗЫЛЫМ

2. Қазіргі таңда теледидардан күштеу, зорлық-зомбылық, соғыс, адам өлтіру туралы киноларды тәулік бойы көрсетуі қоғамды да, ата-аналарды да алаңдатып отыр. Сіз бұл көрсетілімдердің балаларыңыздың психикасына, қоғамдағы қылмыстық іс-әрекеттердің көбеюіне әсер етеді деп алаңдайсыз. Осы мәселелердің шешімін табу үшін Ұлттық газет/журналдардың біріне мақала жазыңыз.

III БӨЛІМ



1-САБАҚ Мақсатты келер шақ

2-САБАҚ Болымсыздық есімдігі

1

- САБАҚ

ӨМІР СҮРУ САЛТЫ

318 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Төмендегі сұрақтарға сәйкес сөздерді бағанға бөліп жазыңыз.

кеше, баратын, ғимаратта, ақ, мың, көретін, кеңседе, кешке, мұражайда, бір мың бес жүз, мешітте, жұмада, жиырма, күлді, түстен кейін, момын, бүрсігүні, қызыл, жетпіс жеті, ащы, тыңдаған, пәтерде, ертең, жүз отыз, сөйледі, қышқыл.

қандай?	неше?	қайда?	қашан?	не істеді?
1. ақ	1. мың	1. кеңседе	1. жұмада	1. баратын
2. _____	2. _____	2. _____	2. _____	2. _____
3. _____	3. _____	3. _____	3. _____	3. _____
4. _____	4. _____	4. _____	4. _____	4. _____
5. _____	5. _____	5. _____	5. _____	5. _____

2. Тиісті етістіктерді қойып жазыңыз. Етістіктер қайталанбауы тиіс.



Үлгі: Мен күнде кешке теледидар көремін.

1. Менің досым көп кітап _____.
2. Оның анасы тамақты жақсы _____.
3. Әкем бос уақытында ән _____.
4. Аружан, досыңмен бірге біздің үйге _____.
5. Жазда балалар шанамен _____.
6. Нағашымның қызы Америкаға _____.
7. Сіз қазір дәріханаға _____.
8. Журнал тілшісі көп қателік _____.
9. Дариға кешегі биді қайта _____.
10. Асылжанның ағасы күнде кешке газет _____.



Ережемен танысыңыз.

Көмекші есімдер

296 - бет

Үйдің **жанында** үлкен көл бар.
 Қаланың **сыртында** үлкен бақ бар.
 Екі аялдаманың **арасы** алшақтау.


3. Қажетті қосымшаны жалғаңыз: **-ында, -інде, -нда, -нде**

1. Үйдің маңында _____	5. Ағамның жаны _____
2. Мәшиненің іші _____	6. Кітаптың арасы _____
3. Екі бөлменің ортасы _____	7. Қабырғаның тұсы _____
4. Емхананың қасы _____	8. Үстелдің үсті _____

4. Дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Екі үйдің **арасында** / **бетінде** кішкене саябақ бар.
2. Үстелдің **астында** / **сыртында** мысық жатыр.
3. Оның **жағасында** / **жанында** досы келе жатыр.
4. Аялдаманың **басында** / **тұсында** менің мәшинем тұр.
5. Үйдің **төбесінде** / **бойында** құстардың ұясы бар.
6. Сенің **жаныңда** / **алдыңда** белгілі бір мақсат бар.

5. Суретке қараңыз. Берілген сөздерді қолданып, бөлмедегі заттардың орналасуын сипаттап беріңіз.



алды

арты

асты

жаны

үсті

іші

арасы

ортасы

қасы

басы

тұсы

беті

296 - бет

Қалаға бару *керек*. Тауға шығу *+ымыз керек*.

Спортпен айналысу қажет. Футбол ойнау + ларың қажет.

менің → біздің сенің → сендердің
сіздің → сіздердің оның → олардың

Менің дәрігерге көрінуім керек.

Атам денсаулығын күтуі қажет.

Сіздің таза ауаға шығып тұруыңыз қажет.

Оның үйге келуі керек.

Сіз қазір жұмыс істейсіз. Өзіңіз жеке пәтерде тұрасыз. Өзіңізді-өзіңіз қамтамасыз етуіңіз керек. Әр ай сайын алатын жалақыңызды есептеп, үнемдеп жұмсау керек. Сонымен қатар демалуды да ұмытпау керек. Демек бәрін қалай жоспарлау керек?

Сіз өз-өзіңізді қамтамасыз ете аласыз ба?

Сіз өз-өзіңізді қамтамасыз ете аласыз ба?



1. Төменде берілген деректерді пайдаланыңыз.
2. Осы жағдайдағы өмір сүру салты туралы жазыңыз.
3. «-уға болады» - *үнемдеуге болады, жақсы өмір сүруге / жақсы өмір сүру қиын болмайды / болады құрылымын* пайдаланыңыз.

Керек сөздер: *менің ойымша, себебі, сондықтан, бірақ, алайда, тіпті, қарап тұрсақ, шынымен-ақ, керісінше, мүмкін.*

Ақы төлеу	Теңге
Үй салығы:	
Су ақысы:	
Электр қуатының ақысы:	
Газ ақысы:	
Телефон ақысы:	

Ақы төлеу	Теңге
Көлік салығы:	
Азық-түлік:	
Тазалық заттары:	
Киім:	
Қыдыру:	
Барлығы:	

Үй салығы

? теңге шаршы метр

Телефон

Телефон
748,80 теңге (бір ай)- үй
телефоны Ұялы телефон - ?

Cy

1000 литр (1 куб

Көлік

30 000-500 000 теңге (бір жыл)

Электр қуаты
11,60 тенге/кВт*с
Килловат сағат

8. Кесте бойынша өзара сөйлесіңіздер.

Үй	Көршілеріңіз / орналасқан жері	Өмір салты
Мен жеке үйде көп қабатты пәтерде коттеджде тұрамын.	Менің үйім қала сыртында қала маңында жеке аулада қала орталығында орналасқан.	Мен қала сыртында қалада ауылда тұруды ұнатамын.
Онда тарихи ескерткіштер тамаша көрініс қақпа биік төбе ағаш еден баспалдақ бар.	Үйдің қасында дүкендер мейрамхана кинотеатр театр саябақ ойын алаңы бар.	Менің өмір сүру салтым өте тыныш жалықтыратын денсаулыққа пайдалы денсаулыққа зиянды қызыққа толы сияқты.
Бұл үй жаңаша кең тар бұрын салынған.	Бұл өте тыныш шулы ауасы таза жер.	Мен үйде отырғанды кітап оқығанды спортпен айналысқанды ұнатамын.

ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз. Мәтінге сәйкес келетін суретті табыңыз.



– Алма, сенің бөлмең қандай?
– Менің бөлmem өте кең және жарық. Бөлmemде үлкен үстел, теледидар, шкаф, жайлы диван және компьютер үстелі бар. Диван мен шкаф сол жақта, компьютер үстелі бұрышта тұр, үлкен үстел ортада, теледидар оң жақ бұрышта орналасқан. Терезеде перде, қабырғада әдемі сурет ілулі тұр. Еденде кілем жатыр.

– Сіз қандай үйде тұрасыз?
– Мен көп қабатты үйде тұрамын. Ал өзіңіз ше?
– Мен жер үйде тұрамын. Біздің үйдің ауласы өте кең. Ауламызда бау-бақша, гараж, монша бар. Ал сіздердің аулаларыңыз қандай?
– Біздің үйдің ауласында балалар алаңқайы, әткеншек және теннис үстелі бар.

– Мынау сіздің жеке меншік үйіңіз бе?
– Иә, жеке меншік үйім.
– Өте жақсы екен. Ал менің үйім Астана қаласында. Мұнда пәтер жалдап тұрамын.

2. Сәйкестендіріңіз.

- Сіз қандай үйде тұрасыз? ☐
- Сіздің үйіңіз қай жерде? ☐
- Сіздің пәтеріңізде неше бөлме бар? ☐
- Сіздің аулаңызда бау-бақша бар ма? ☐
- Жуынатын бөлме қай жерде? ☐
- Сіз неше бөлмелі үйде тұрасыз? ☐
- Сіздің пәтеріңіз қандай? ☐

- ☐ Иә, бар.
- ☐ Көпқабатты үйде.
- ☐ Оң жақта.
- ☐ Төрт бөлме.
- ☐ Жайлы.
- ☐ Алматы қаласында.
- ☐ Екі бөлмелі.

3. Оқыңыз.

Әлемнің алып қалалары

Кейбір қалаларға барған кезде сіз «Міне, керемет! Қала деп осыны айт!» деген кездеріңіз болды ма? Немесе «Мынау нағыз лас қала ғой. Адамдары қалай өмір сүреді? Экологиясы тым нашар екен, мұндай қаланы бұрын көрмеппін. Қашан кетемін бұл жерден?» деген кездеріңіз ше?

Әрине, барлық қала жақсы, керемет дей алмаймыз. Басқа мемлекетке, басқа қала туралы алдын ала біліп алғанымыз өзімізге жақсы. Әлем бойынша экономика, әлеумет, денсаулық сақтау, білім беру жүйелері, қоғамдық көлік мәселелері жөнінен Ванкувер, Вена, Цюрих бірінші орында тұр, ал Сидней, Оукланд және Копенгаген екінші тізімде екен. Бұл қалалар неге ерекше?

Нью-Йорк қаласы елуінші орында екен. Америка Құрама Штаттарының қалалары неге төменгі орында? Себебі, онда қылмыс өте көп. Лондон халықаралық қатынастары өте жақсы дамыған қала екен. Тұманды алып қаланың жағымсыз жағы – климаты мен жол кептелісі.

Әлемдегі ең төменгі дәрежедегі қала – Конгодағы Браззавиль. Бұл қалада азаматтық көтеріліс бірнеше жылға созылған.



4. Дұрыс/қате ақпаратты белгілеңіз.

Дұрыс		Қате
✓	Мәтін қалалар туралы.	
	Ең жақсы қала – Нью-Йорк.	
	Лондонда жол кептелісі көп.	
	Браззавиль – дәрежесі төмен қала.	
	Өмір сүруге қолайлы қала – Ванкувер.	
	Шулы, қылмысы көп қала – Нью-Йорк.	

5. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қай қала өмір сүруге қолайлы екен?
2. Ауа райы қолайсыз қай қала?
3. Тізімнің ең соңында тұрған қай қала? Неге ол ең соңында тұр?
4. Америка Құрама Штаттарының қалаларында тұру неге қауіпті?
5. Тізімнің екінші қатарында қандай қалалар тұр?
6. Сіз осы аталған қалалардың қайсысында болдыңыз?
7. Сіз осы тізіммен келісесіз бе?

6. Өзара пікірлесіңіздер. Төмендегі кестелерді толтырыңыз.

1. Мына қалаларда болдым:	Астана Алматы Шымкент Қарағанды Тараз Орал Қызылорда Ақтөбе Атырау Ақтау Павлодар Жезқазған Талдықорған Өскемен Семей Көкшетау Түркістан	1. Бұл қалаларда болмадым:
3. Өмір сүруге қолайлы қала: себебі,		4. Өмір сүруге қолайсыз қала: себебі,

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Мақсатты келер шақ

296 - бет

+

Астанаға ертең жүр*мек*пін.
Олар театрға бар*мақ*.

-

Біз саяжайға бар*мақ* емеспіз.
Ол шындықты айт*пақ* емес.

1. Үлгі бойынша алмастырыңыз.

Алу	<u>алдым</u>	<u>алғанмын</u>	<u>алмақшымын</u>
Көшу	<u> </u>	<u> </u>	<u> </u>
Көру	<u> </u>	<u> </u>	<u> </u>
Кию	<u> </u>	<u> </u>	<u> </u>
Қыдыру	<u> </u>	<u> </u>	<u> </u>
Тыңдау	<u> </u>	<u> </u>	<u> </u>
Жинау	<u> </u>	<u> </u>	<u> </u>

2. Сөйлемдерді мақсатты келер шаққа айналдырыңыз.

1. Мен сенбіде кинотеатрға _____ (бару)
2. Сендер елбасына хат _____ (жазу)
3. Әлия бөлмесінің жиһаздарын _____ (жаңарту)
4. Қала сыртынан үй сатып _____ (алу)
5. Мен кеңсемді жалға _____ (беру)
6. Біз басқа қалаға _____ (көшу)
7. Сіз таңғы жаңалықтарды _____ (көру)
8. Анамның туған күніне сыйлық _____ (алу)
9. Сіздің немереңіз биыл мектепке _____ (бару)
10. Біздің елге шетелдік қонақтар _____ (келу)




3. Дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Мен ертең жаңа үйіме көштім / көшпекшімін.
2. Біздің қалаға туристер осы жазда көп кел / келмекші.
3. Сіздердің отбасыларыңыз жазда қайда барып демал / демалмақшы?
4. Оның баласы шетелге оқуға кетпекші / кету.
5. Сен ертең дәрігерге бармақшымысың / бармақ?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Оқыңыз.



2. Сұраққа жауап беріңіз.

Қай кезде айтасыз?

Қоныстарың
құтты болсын!

Айтқаныңыз келсін!

Менің есімім – Айсәуле.

Танысқаным
қуаныштымын!

Емтиханнан жақсы өтіп
кет, балам!

Біз жаңа үй сатып алдық.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз.

№7



Сұхбат не туралы болды? Дұрыс нұсқаға ✓ белгісін қойыңыз.

☐

Әлемдегі ең қымбат қалалар туралы

☐

Әлемдегі қалалар туралы

☐

Әлем қалаларындағы халық саны туралы

2. Қайта тыңдаңыз. Аталған қалалардың атын жазыңыз.

3. Қайта тыңдаңыз. Әр қала туралы 2 сөйлем жазыңыз.

А) Қаланың аты: _____:

1. _____.
2. _____.

Ә) Қаланың аты: _____:

1. _____.
2. _____.

Б) Қаланың аты: _____:

1. _____.
2. _____.

В) Қаланың аты: _____:

1. _____.
2. _____.

4. Сіз сөйлеушілердің пікірімен келісесіз бе? Иә/Жоқ. Неге екенін түсіндіріңіз.

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Топта пәтерді сату, жалға беру мақсатында бәссауда өткізіңіз. Біреуіңіз бәссауданы жүргізіңіз. Қалған қатысушылар пәтердің / үйдің бағасын қойған кезде, төмендегі сөздерді қолданып, үйді / пәтерді мақтап, бағаны көтере түсесіз.

кең аула

жеке меншік үй

бөлмелері кең

орталықта

жер үй

қаланың сыртында

көршілер тыныш

жеке меншік пәтер

көп қабатты тұрғын үй

Бәссауданы жүргізуші: Құрметті мырзалар мен ханымдар! Бүгінгі бәссаудада екі пәтер және бір үй. Ең бірінші үй бәссаудаға түседі. Алғашқы құны – 50 миллион теңге. Кең ауласы бар.

Сатып алушылар: 50 100 000 теңге.

Бәссауданы жүргізуші: орталықта орналасқан т.б.

2. Пікірлесу. Екеуара сөйлесіңіз.

А) Шулы қаланың тынымсыз өмірі

В) Тыныш ауыл немесе қаланың сыртындағы бірқалыпты өмір



Қайсысын таңдар едіңіз?



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сізге үлкен қалада өмір сүру ұнай ма?

Иә, ұнайды. Себебі, _____

Жоқ, ұнамайды. Себебі, _____

2. Егер сізге үлкен қалада тұру мүмкіндігі берілсе, қандай қаланы таңдар едіңіз? Өз таңдауыңыздың себебін жазыңыз.

2

- САБАҚ

ӨМІР СҮРУ САЛТЫ

318 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бір ауыз сөзбен айтқанда, сіздің отбасыңыз қандай?

Мысалы: *Менің отбасым үлкен.*

2. Баспасөз деген не?

3. Әдетте интернетте неше сағат отырасыз?

4. «Азық-түлік» деген сөзді айтқанда ең бірінші есіңізге не түседі?

5. Егер досыңыз жаңа зат сатып алса, не дейсіз?

6. Соңғы рет қандай киноға бардыңыз?

7. Отандық теледидар дикторларын атай аласыз ба?



2. Сөйлемдердегі қатені түзетіп, көшіріп жазыңыз.

Сіздің **әкесі** Алматыда тұрады.

Сіздің әкеңіз Алматыда тұрады.

Мараттың екі **бала** бар.

Менің үйім **Әуезов көшеде** орналасқан.

Оның **білім** – жоғары.

Мен сізбен **танысу** қуаныштымын.

Кеше сіз жаңалықтарды **көрдің** бе?

3. Берілген сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

1) Мен киноға барамын.

Мен ертең киноға барамын.

Мен ертең ініммен киноға барамын.

Мен ертең ініммен сағат бесте кинотеатрға барамын.

Мен ертең ініммен сағат бесте кинотеатрға жаңа киноға барамын.



2) Сен жұмысқа тұрасың.



3) Ол билет сатып алды.



4) Сіз газет оқыдыңыз.

4. Әр күнге бір іс-әрекетті орындаймын деп жазыңыз.

дүйсенбі

Дүйсенбіде шетелдегі әпкеме телефон шалмақшымын.

сейсенбі

сәрсенбі

бейсенбі

жұма

сенбі

жексенбі

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Болымсыздық есімдігі

299 - бет

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларда **ешқашан** болған емеспін.
Бұл топтан **ешкімді** танымаймын.
Ол оқиғаға қатысты **ешқандай** ақпарат жоқ.

1. Тиісті сөздерді қойыңыз.

1. – Мына киімдердің қайсысын аласыз?
– Кешіріңіз, _____ алмаймын.
2. – Сен көктемгі демалыста қайда барасың?
– _____ бармаймын. Үйде боламын.
3. – Сардиния аралдары туралы не білесің? Сонда барғым келеді.
– Өкінішке орай, _____ білмеймін. Интернеттен қарайық.
– Не болды, интернеттен бір нәрсе таптың ба?
– _____ жоқ. Ертең ағамнан сұрайық.
4. – Сәуле, кеңсеге жаңа жиһаздарды алып келді ме?
– Кешіріңіз, _____ жиһаз әкелген жоқ.
5. – Апа, әпкем көйлегімді тазаламапты. Енді кешке не киемін?
– _____ етпейді. Басқа көйлегің бар ғой.
6. – Үйге кім келді?
– _____ келген жоқ.

түк

ешқайсысын

дәнеме

ешкім

ешқандай

ешқайда

ешқашан

ештеңе

Ережемен танысыңыз.

Бұйрық рай		299 - бет
+	-	
Кешке сөйлесейін. Сен ауылға барып кел. Олар жұмысқа келсін.	Біз ешқайда бармайық. Сіз мені күтпеңіз. Дариғамен бармайын.	

2. Етістіктерді бұйрық райда қойыңыз.

1. Мен тұрайын. /тұру/
2. Ол басқа біреуден _____. /сұрау/
3. Сен мені вокзалға _____. /жеткізіп салу/
4. Сіз маған мекенжайыңызды _____. /жазып беру/
5. Ол кешке таман _____. /келу/
6. Мен жиналыста _____. /сөйлеу/

3. Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

Сұрауға бола ма?

Кіруге рұқсат па?

Маған көмектесіп жібересіз бе?

Осы жерге тоқтаңызшы.

Мынаны сізден сұрайыншы.

Сіздің үйіңізге қалай баруға болады?

☐☐☐☐☐☐☐☐☐☒☐☐

Иә, рұқсат.

15-автобустпен.

Жақсы, тоқтайын .

Иә, болады.

Көмектесейін.

Сұраңыз.

4. Болымсыз түрде жазыңыз.

Мен дүйсенбіде келейін.

Сендер сейсенбіде келіндер.

Біз сәрсенбіде кетейік.

Сіз бейсенбіде кездесіңіз.

Сен хат жаз.

Сіздер ертең үйде болыңыздар.

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз шетелде болдыңыз ба? Қай жерлерде болдыңыз?
2. Сізге шетелде тұру ұнай ма?
3. Сіздің шетелде тұрғыңыз келе ме?
4. Сіздің шетелдік досыңыз / танысыңыз / әріптесіңіз бар ма?



2. Оқыңыз.

Бойымдағы жағымсыз қасиеттерден арылған сияқтымын....

Ұлыбританияда оқып жүрген кезім өмірімде ерекше орын алады. Сол туралы айтайын. Оны Қазақстанмен, қазақ менталитетімен, ерекшелігі мен ұқсастықтарын салыстырасың. Әрине өзгешелік бар.

Ондағы жастар да, кәрілер де біздікілермен салыстырғанда басқаша. Халық жалпы спортқа бейім. Кәрісің бе, жассың ба, ешкім оған қарап жатқан жоқ. Бәрі спортпен шұғылданады. Оларға қарап, мен де спортпен жиі шұғылданайын деп шештім. Олар күндіз сабақ оқып, жұмыс істесе, кешке қарай жүгірумен айналысады.

Менталитетіне келетін болсам, ағылшындар бір ұстаным, ережемен жүруге үйренген. Белгілі бір ережені бұзуға тырыспайды. Мәселен, көшеде қоқыс тастаудың өзіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Қаланы барынша таза ұстауға тырысады.





Студенттердің жауапкершілігі мол. Оқуды да оқиын, көңілді де көтерейін деген ұстаным. Сол жағына келгенде, ағылшындар пысық болады екен. Ең бастысы, олар маған табиғатты аялауды, оны сыйлауды, таза ұстауды үйретті. Онда бәрі тап-таза, ауасы керемет. Шашылып жатқан ештеңе жоқ. Тіпті мәшинелердің өзі Лондон сияқты үлкен қалаларында болмаса, біздікіндей көп емес. Адамдардың көбі велосипедпен жүреді. Көп дос таптым. Ағылшындардың, ондағы өзге ұлттардың менталитетіне қарап, бойымдағы жағымсыз қасиеттерден арылдым деп ойлаймын.

3. Мәтін не туралы? Дұрыс жауапты белгілеңіз.

☐

Ағылшындардың қонақжайлылығы туралы

☐

Лондон қаласының табиғаты туралы

☐

Ұлыбританиядағы өмір сүру салты туралы

4. Мәтіннен болымсыз есімдіктер мен бұйрық райлы етістіктерді теріп жазыңыз.

Болымсыз есімдіктер

Бұйрық райлы етістіктер

5. Мазмұны бойынша ретімен белгілеңіз.

Ұлыбританияда оқып жүрген кезім өмірімде ерекше орын алады. Оны Қазақстанмен салыстырасың.

Қаланы барынша таза ұстауға тырысады.

Ағылшындар бір ұстаным, ережемен жүруге үйренген.

Жағымсыз қасиеттерімнен арылдым деп ойлаймын.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Ресми құттықтау
(бөлім бастығын 40 жылдық мерейтойымен құттықтау)

Құрметті Батырбек Нұрманұлы!

Сізді 40 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырағыңызға құт-береке тілейміз. Өңір халқының әл-ауқатын жақсарту жолында атқарып жатқан еңбектеріңізде табыстарға жетіп, үлкен биіктерден көрінуіңізге шын жүректен тілектеспіз.

Игі тілекпен,
Маркетинг бөлімінің қызметкерлері

12 мамыр, 2017 жыл

Бейресми құттықтау
(БАУЫРЫН ҚҰТТЫҚТАУ)

Құрметті асыл ағам! Мен сізді 40 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыңызға бақыт, өзіңізге мол денсаулық, қажымас қайрат тілей отырып, әрқашан ортамызда күліп-ойнап жүре беріңіз деп тілеймін.

Қарындасыңыз, Айжамал.

2. Наурыз мерекесімен отбасыңызды және әріптесіңізді құттықтаңыз.

Ресми құттықтау

Бейресми құттықтау

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№8



Әр сөйлемнің қасына сөйлеуші атын жазыңыз.

Менің өмір салтым үнемі қозғалыста.

Мен шағын аудан орталығында тұрамын.

Мен қаланың ішінде, әдемі үйде тұрғым келеді.

Қалада өмір сүру өте қымбат қой.

Бір күнде он екі сағат жұмыс істеймін.

Менің қалаға көшкім келеді.

Компьютерсіз өмір сүру, таңертең оятқышсыз ұйқыдан тұру, ұялы телефонды қолданбау.

Мен шет тілдерін үйренгім келеді.

Жұмыстан бос уақытымда қаладан жаңа достар тапқым келеді.

2. Пікірлесіңіз.

Қала өмірінен шаршасаңыз не істейсіз?

Ауыл өмірінен шаршасаңыз, не істейсіз?

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Рөлдік ойын. Жұмыста лездеме өтіп жатыр. Біреуіңіз басшысыз. Ал қалғандарыңыз қызметкерсіздер. Басшы сұрағына жауап беру керек.

Басшы: Қайрат, сіз бүгін бөлімде жоспарлы сұхбатты өткізіңіз. Жоспарыңызды маған көрсетіңіз.

Қайрат: Мен жиналыс соңында көрсетейін.

ештеңе

ешкім

орындау

таныстыру

қарап шығу

Берілген сөздерді қолданып, мына тапсырмаларды орындаңыз.

А) Газеттерге шолу жасау. Қызметкерлерді таныстыру.


Ә) Жаңа қызметкерді жұмыс орнымен, міндеттерімен таныстыру.

2. Өзіңіз болған шетел немесе Қазақстан қалаларының ішіндегі өмір сүру деңгейі жоғары қала туралы толық ақпарат беріңіз.

Қай қала өмір сүруге қолайлы?

Ақпаратыңызда төмендегідей мәліметтер болуы керек:

- қала атауы, мемлекет
- қаланың суреті
- қала туралы қысқаша ақпарат (орналасқан жері, халқы, тұрмысы мен мәдениеті)
- Өзіңіз ол жерде соңғы рет қашан болдыңыз?
- Қалада қандай туристік орындар бар?
- Қала экологиясы қандай?
- Ол қала өмір сүруге қолайлы ма? Әлде қолайлы емес пе?
- Неге? 5 дәлел келтіріңіз.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз басшысыз. Өзіңіздің бір күндік жұмыс жоспарыңызды жазып шығыңыз.

А) Етістіктер бұйрық райында тұруы тиіс: *барайын, барсын, барыңыз.*

Ә) Болымсыздық есімдіктерін қолданыңыз: *ешкім, ештеңе, ешқайсысы, ешқандай, ешқайда, ешнәрсе, ешқашан.*

Орындалатын іс-әрекет

*Қызметкерлерді жаңа
жобамен таныстырайын.*

Жауапты адам

*Бөлім меңгерушілері
қызметкерлерге жеткізсін.
Ешқандай мәлімет ұмытылмасын.*

2. «Егер мен лотореядан ұтсам.....». Төмендегі сурет бойынша Айдананың өмір сүру салты жайлы өз пікіріңізді жазыңыз.

1. Ол лоторея ұтып алғысы келеді. Егер ұтып алса, ақшаны қайда жұмсайды деп ойлайсыз?
2. Айдананың өмір сүру салты туралы айтып беріңіз.



IV

БӨЛІМ

1-САБАҚ Бұйрық райы + деп едім

2-САБАҚ Болжалдық келер шақ

1

- САБАҚ

САЯХАТ

319 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сәйкестендіріңіз.

Бүгін қайда барамыз?

☐

Дүкеннен не алдың?

☐

Теледидарда не болып жатыр?

☐

Немен әуестенесің?

☐

Жаңа үй сатып алдың ба?

☐

Кітап оқуды ұнатасыз ба?

☐
☐

Шырын туралы жарнама көрсетіп жатыр.

☐

Ештеңемен .

☐

Жоқ, жалға алдым.

☒

Ерболдың үйіне.

☐

Жақсы көремін, өкінішке орай бос уақытым жоқ.

☐

Көйлек пен шалбар.

2. Сөздерді табыңыз.

А	Й	У	У	Ұ	Ш	А	Қ	Ы	Н	Ь
Р	Ұ	Ш	У	М	П	Ы	Л	Э	З	Х
И	Ы	Т	Т	М	Т	А	Д	Т	А	Ғ
Н	К	Р	Р	Т	Ү	А	Д	Ө	И	И
У	Е	А	А	І	Ь	Қ	И	Л	А	З
А	М	Р	Р	К	Б	О	Э	Қ	П	В
Ә	Е	Е	С	Ұ	І	Н	Ю	Ұ	Т	Ы
Р	П	В	С	Ш	Л	У	Ы	Ж	Ү	Ә
Ы	Т	И	С	А	П	П	И	А	Ь	У
А	Ү	Ю	Қ	Қ	Ө	Ң	З	Т	Б	Е
П	Ь	К	Ө	Л	І	К	И	Ь	Б	Ж
Ф	Б	Ғ	І	Ұ	С	С	Р	А	Ь	А
Й	Ү	Қ	А	Н	О	Қ	Р	А	Ш	Й
У	Б	І	І	Ң	Ү	Ұ	Қ	Ө	А	Ы
И	Д	Э	Ю	Л	П	К	Е	Д	Е	Н

1. ұшақ

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

7. _____

8. _____

9. _____

10. _____

Ережемен танысыңыз.

Жалғаулық шылаулар

300 - бет

Лондонға мен **де**, әкем **де** баратын болдық.
Мына кино қызық екен, **бірақ** мен концерт көргім келеді.
Ағамның туған күніне **не** теледидар, **не** компьютер алып береді.
Сен жұмысқа тағы кешіктің, **себебі** түнде кеш ұйықтайсың.
Егер қазір айтпасаң, кейін кеш болады.

3. Тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Егер

мен

біресе

бірақ

өйткені

1. Ол газет сатып алды, _____ жаңалықтарды оқығысы келіп тұр.
2. Әсемнің Африкаға барғысы келеді, _____ ол ыстықты ұнатпайды.
3. Кеден _____ күту залының арасы қашық емес.
4. Тайландта көп көлік ауыстырдық, _____ кемеге міндік, _____ ұшақпен ұштық, _____ тікұшаққа отырдық.
5. _____ қонақүйде тұрсаң, таңертеңгі асты сонда ішуге болады.

4. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. **Егер** / **немесе** мен жаңа төлқұжатымды алсам, ағаммен Қытайға барамын.
2. **Қазақстан** мен / **пен** **Қырғызстан** – көрші мемлекеттер.
3. Ол ұшақпен жиі ұшады **және** / **бірақ** ол қорқады екен.
4. Бұл жақтың ауа райы қызық екен, **біресе** / **өйткені** күн шығады, **біресе** / **өйткені** аспан бұлттанады.
5. Сізді дұрыс ести алмай тұрмын, **бірақ** / **себебі** қазір күту залындамын.
6. **Не** / **және** апам, **не** / **және** әкем бүгін торт сатып әкеледі.
7. Ұялы телефоным кеше өшіп қалды, **өйткені** / **бірақ** қуат көзі біткен екен.
8. **Біресе** / **егер** сен кеденнен бірінші өтсең, мені күтші, жарай ма?

5. Сізге демалыста қажет болатын заттардың астын сызыңыз.

Көзілдірік

Сөмке

Үтік

Сүлгі

Теледидар

Төлем картасы



Сусын

Төлқұжат

Тіс пастасы, тіс щеткасы

Телефон

Жастық

Киім

Мұнда тағы не қосуға болады? Сізге тағы міндетті түрде не қажет? Жазыңыз:

12. Саяхатқа шығуға дайынсыз ба? Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бұл жерден өзіңізге қажетті мәліметті алуыңызға болады.

- A) саяжай
- B) аялдама
- C) анықтама бюросы
- D) дүкен

2. Саяхатқа шығудағы басты мақсатыңыз

- A) демалу.
- B) демалғыңыз келеді.
- C) демалуы керек.
- D) демалдық

3. Ұшақпен ұшқанда мен

- A) ұйықтамайсың
- B) ұйықтайтын шығар
- C) ұйықтадыңыз
- D) ұйықтаймын

4. Шетелге саяхатқа бару үшін ең қажетті құжат –

- A) үй құжаты
- B) жеке куәлік
- C) дәрігердің анықтамасы
- D) төлқұжат

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз демалысыңызды қайда өткізесіз? Шетелге шығасыз ба, әлде өз туған жеріңізде боласыз ба?
2. Демалысыңызды кіммен өткізгіңіз келеді: досыңызбен бе, жалғыз ба, отбасыңызбен бе?
3. Егер демалысыңызда саяхаттайтын болсаңыз, қайда тоқтайсыз: қонақүйге ме, жалдамалы пәтерге ме?
4. Қонақүйге тоқтаған жақсы ма, жалдамалы пәтерге ме? Неге екенін жазыңыз.
5. Өзіңіз ұнатқан қонақүйіңіз бар ма? Қашан тоқтадыңыз? Ол қайда орналасқан?

2. Төменде берілген қонақүй хабарламаларына назар аударыңыз. Оқыңыз.

Қай қонақүйді таңдайтын едіңіз? _____

Қонақүй таңдағанда сіз үшін ең басты нәрсе не?

☐

баға

☐

жайлылық

☐

интернет қызметінің болуы

☐

басқа себеп



«Алтын жұлдыз» қонақүйі:

Біркісілік бөлме: 25 000 теңге
Екікісілік бөлме: 30 000 теңгеден басталады
Таңертеңгі ас: (06:00-10:00 бөлме құнымен қоса есептелінген)

Көрсетілетін қызмет түрлері:

Мейрамхана: 12:00-23:00
Жүзу бассейні: 08:00-22:00 (қонақүй қонақтарына тегін)
Спортзал/сауна: 08:00-22:00 (қонақүй қонақтарына тегін)
Дүкендер: 08:00-22:00
Сұлулық салоны: 10:00-18:00 (бағалар тіркеу бөлімінде)
Теннис/гольф: 10:00-18:00 (бағалар тіркеу бөлімінде)



«Әлия» қонақүйі:

Біркісілік бөлме: 15 000 теңге
Екікісілік бөлме: 22 000 теңге
Таңертеңгі ас: (07:00-09:00 Бөлек есептелінеді)

Көрсетілетін қызмет түрлері:

Мейрамхана: 12:00-23:00
Спортзал/сауна: 08:00-22:00: (қонақүй қонақтарына тегін)
Дүкен: 08:00-22:00
Сұлулық салоны: 10:00-18:00 (бағалар тіркеу бөлімінде)
 Интернетке қосылу тегін

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сұрақтар	«Алтын жұлдыз»	«Әлия»
Хабарлама жалдамалы пәтер туралы ма, қонақүй туралы ма?		
Біркісілік бөлме қанша тұрады?		
Ал екікісілік ше?		
Бөлме құнына тамақтың бағасы кіре ме?		
Таңғы ас алдында сұлулық салонына бару мүмкін бе?		
Жүзу бассейнін қолдану қанша тұрады?		
Теннис пен гольф ойнауға бола ма?		
Интернет қызметі бар ма?		
Спортпен айналысуға мүмкіндігіңіз бола ма?		
Қай қонақүй қымбат деп ойлайсыз?		

4. Қонақүйге тапсырыс беру формасын толтырыңыз.

Тапсырыс беру	
1. Аты-жөніңіз:	_____
2. Туған жылыңыз, күніңіз, айыңыз:	« _____ » _____ « _____ »
3. Жынысыңыз:	☐ Ер ☐ Әйел
4. Төлқұжат / жеке куәлік нөмірі:	Жеке куәлік Төлқұжат № _____ № _____
5. Жарамдылық мерзімі:	_____ / _____ / _____
6. Қанша күнге тоқтайсыз?	_____.
7. Бөлме түрі:	Қосымша мәлімет:
☐ қарапайым	_____
☐ жартылай жайлы	_____
☐ өте жайлы	_____
☐ біркісілік	_____
☐ екікісілік	_____

5. Сұхбатты оқыңыз.

Рахман қайнарлары



– Біз отбасымызбен демалсақ деп едік. Шығыс Қазақстанда керемет шипажай бар екен. Сол туралы не айтасыз?

– О-о-о, тамаша таңдау! Рахман қайнарлары деген шипажай бар. Барсаңыз, өкінбейсіз.

– Балалармен баруға бола ма? Қандай жағдай жасалғанын айтыңызшы. Бағасы қанша болады? Биыл шетелге шықпай, туған жеріміздің көрмеген әсем жерлерімен танысайық деп шештік.

– Табылған ақыл! Бұл жерге барсаңыз керемет табиғат аясында демалып қайтасыздар, сонымен бірге емделіп, денсаулықтарыңызды жақсартуға болады. Қазір сізге ғаламтордан көрсетейін. Күте тұрыңыз.

– Әрине, бармас бұрын барлық мәліметтерді біліп алайын деп едім.

– Ә, міне, таптым! Демалыс орны төрт елдің шекарасымен іргелес жатыр: Қазақстан, Қытай, Ресей, Моңғолия. Шипажайдың ең құндылығы ондағы емдік қасиеті бар бұлақтардың болуында. Ел ауызындағы аңызға сенсек, бұл бұлақ суларының шипалық қасиетіне ертеде Рахман атты аңшы кісі көз жеткізіпті. Ол жаралы маралдың осы суға түсіп қалай емделіп, сауығып шыққанын өз көзімен көрген екен.

– Иә-иә, мен де солай деп естігенмін. Жақсы болды. Ал онда көрікті жерлерді аралауға бола ма?



– Әрине. «Рахман қайнарлары» тек ем алу ғана емес, белсенді демалыс орны. Шипажай қызметкерлері сізге «Радостный» айлағына көкке шығуды, Патшалар жазығына саяхат жасауды, Язовое көлін аралауды ұсынады. Бірақ табиғаттың бұл жердегі сыйы мұнымен таусылмайды. Белуха тауының бауырын атпен аралап, Равновесие көлінің таңғажайып келбетін тамашалауыңызға болады. Балық аулауды жақсы көрсеңіз, балаларыңызбен Күршім өзеніне, Бөкен жылғаларына немесе Марқакөлге, Ақ Берелге бара аласыз.



- Тіпті керемет!
- Сізге демалыс орнына тапсырыс беруге көмектесейін бе?
- Әрине, әрине. Міне, құжаттарым. Мен де соны сұрайын деп отыр едім. Көп рақмет сізге.
- Оқасы жоқ. Бұл біздің жұмысымыз ғой.

6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстандағы қандай демалыс орындарын, шипажайларды білесіз?
2. Қазақстанның демалыс орындарына барып көрдіңіз бе? Қай жерге бардыңыз? Қашан бардыңыз?
3. Қазақстанда өзіңіз көрмеген керемет демалыс орындары бар ма?
4. Таныстарыңыз немесе достарыңыз айтқан немесе өзіңіз барып көргіңіз келетін жер бар ма?

7. «Рахман қайнарларында» демалатыныңыз туралы басқа қалада / мемлекетте тұратын досыңызға хат жазыңыз. Берілген суреттерді және мәтінді қолдана отырып, шипажай туралы толық ақпарат беруге тырысыңыз.



Сәлем, досым!

Қалың қалай? Біз биыл отбасымызбен «Рахман қайнарлары» деген шипажайға барып демалмақпыз. Бұл шипажай

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Бұйрық райы + деп едім

300 - бет

+

Қалаға ертең жүр*ейін деп едім.*
Олар Лондонға бар*айын деп еді.*

-

Біз қонаққа барма*йық деп едік.*
Сен бұл киноны көрме*йін деп едің.*

1. Үлгі бойынша жазыңыз.

Ол сізге _____ (*көрсету*)

Арай басқа біреуден _____ (*сұрау*)

Мен сізді вокзалға жеткізіп _____ (*салу*)

Мен сізге мекенжайымды жазып _____ (*беру*)

Ол кешке таман _____ (*келу*)

Студенттер сізге _____ (*көмектесу*)

Асан саяхатқа _____ (*шығу*)

Менің әріптесім іссапарға _____ (*кету*)

Демалысқа біз ұшақпен _____ (*ұшу*)

Ертең мен жол _____ (*жүру*)

-йын

-йін

-ейін

-айын

деп еді

2. Сұрақ пен жауапты сәйкестендіріңіз.

Сұрайын деп едім, бола ма?

☐

Сізге көмектесейін деп едік, рұқсат па?

☐

Сіздің үйіңізге барайын деп едім.

☐

Осы жерге тоқтайын деп еді.

☐

Кірейін деп еді, рұқсат па?

☐

Сізден көрейін деп еді.

☐
☐

Келіңіз.

☐

Иә, болады.

☐

Көруге болмайды.

☒

Сұраңыз.

☐

Иә, жәрдем беруіңізге болады.

☐

Тоқтауға болмайды.

3. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

Кім? Қайда? Барайын деп еді.

Мен Астанаға барайын деп едім.

Кім? Қашан? Кетейін деп еді.

Қайда? Қашан? Кімдер? Келейін деп еді.

Кім? Қайда? Жүрейін деп еді.

Кімдер? Кімге? Не айтайын деп еді.

4. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

1	Кешіріңіз, “Қазақстан” пойызының нешеде жүретінін білейін деп едім.	☐	Амансыздар ма?	1	Ендеше сол уақытқа бір билет беріңізші. Міне, құжатым.
2	Сізді шығарып салайын деп едім.	☐	Иә. Оныңыз рас.	☐	Мен сізге әсем қаламызды таныстыратын боламын. Жүріңіз.
3	Ассалаумағалейкум!	☐	Мың да бір рақмет.	☐	Қалыңыз қалай?
4	Қазақстанға қош келдіңіз деп қояйын!	☐	Уағалейкумассалам!	☐	Жақсы онда, жолыңыз болсын!
5	Сәлем берейік деп едік.	1	Сағат 14:30-да.	☐	Осы жерде тұратыныңызға қуанышты шығарсыз?!
6	Қандай сұлу табиғат!	☐	Рақмет. Алаң болма, өзім кете берем ғой.	☐	Жақсымыз. Өз жағдайыңыз қалай?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.





Сізге кезекті демалысыңыздың есебінен екі күн демалыс алуыңызға болады. Өтініш үлгісі қабырғада ілулі тұр.

Кешіріңіз, менің балам ауырып қалды. Жұмыстан босатасыз ба?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

№9



- Қонақүй қалай аталады?
- Сөйлеуші қандай бөлмеге тапсырыс берді?
- Қанша күнге тапсырыс бергісі келді?
- Қай айда, қандай күндері?
- Бөлменің құны қанша?
- Таңертеңгі ас қоса есептелді ме?
- Телефон соққан адам бөлмеге қатысты не сұрады?
- Телефон соққан әйел адам ба, ер адам ба?

2. Тыңдаңыз. Олар не туралы шағымданды? Кестені толтырыңыз.

№10



Қонақ тапсырысы

Нәтижесі

3. № 1 шағымданушыны қайта тыңдаңыз. Сұхбатты толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе! Сізді тыңдап тұрмын.
- Сәлеметсіз бе! _____
- Иә, бір нәрсе дұрыс емес пе?
- Сіз маған _____ беріпсіз.
- Солай ма? Кешірім өтінемін, ханым, мен _____
- Маған _____
- Әрине, кешіріңіз. Қазір бәрін дұрыстаймын. Кең бөлме _____ бар екен.

АЙТЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс. Өзара қонақүйге тапсырыс беріп жаттығыңыз.

А) Сіз қонақүйге телефон соғасыз. Келетін күніңізді, қанша күн тұратыныңызды және қандай бөлме керек екенін айтасыз.

В) Досыңыз / әріптесіңіз тіркеуші рөлінде болады. Қонақүй хабарламасын қолдана отырып, сіздің сұрақтарыңызға жауап береді.

С) Екеуіңіз орын ауыстырыңыздар.

2. Төменде берілген сұхбатты оқып шығыңыз. Қажетті сөздерді қойып, сұхбатты толықтырыңыз. Осы тақырып бойынша әріптесіңізбен сұхбаттасыңыз. Сұхбатыңызды айтып беріңіз. Берілген сұхбатты үлгі ретінде қолданыңыз.

Кеденде

Жолаушы: Сәлеметсіз бе! Мен ұшағыма кешігіп қаламын. Тезірек жіберіңізші.

Кеден қызметкері: Асықпаңыз. Қайырлы күн! Қазір құжаттарыңызды тексерейін. Алдымен билетіңіз бен _____ көруге бола ма?

Жолаушы: Иә, әрине. Мінеки.

Кеден қызметкері: Рақмет. Өткізетін _____ бар ма?

Жолаушы: Бір _____ және бір қол жүгім бар.

Кеден қызметкері: Жүгіңіздің бәрін _____ салдыңыз ба?

Жолаушы: Иә. _____ салдым. Кеше түнде салдым.

Кеден қызметкері: Қол жүгіңіздің ішінде ұшақ ішінде алып жүруге тыйым салынған пышақ немесе _____ ыдыстағы сұйықтық бар ма?

Жолаушы: Жоқ-жоқ. Ондай _____ жоқ.

Кеден қызметкері: Жарайды. Жүгіңіз он үш килограмм болды. Міне, сіздің төлқұжат пен _____. Бәрі дұрыс.

Жолаушы: Енді бара берсем бола ма? Ұшақтан қалып қойғым келмейді.

Кеден қызметкері: Келесіде есіңізде болсын. _____ үшін 1 сағат бұрын, ал халықаралық ұшулар үшін екі жарым-үш сағат бұрын келіңіз. Қазір күту _____ өте беруіңізге болады. Сәтті _____ тілеймін!

Жолаушы: Рақмет. Сау болыңыз.

жүгіңіз

Өзіңіз

шыны

Төлқұжаттарыңызды

залына

күніңізге сәттілік тілеймін

сөмкем

сапар

билетіңіз

Жергілікті ұшулар

зат

Өзім

Қанша

ЖАЗЫЛЫМ

1. Қонақүйдің шағым және тілектер кітапшасына өз шағымыңызды жазыңыз.

А) Сіз қонақүйге телефон соғып, екікісілік бөлмеге тапсырыс бердіңіз. Бірақ олар сізге біркісілік бөлме берді.

Ә) Сіз таңғы асты бөлмеңізге таңғы сағат 07.00-де әкеп беруді сұрадыңыз. Бірақ таңғы асты ешкім әкелмеді.

«Алтын жұлдыз» қонақүйі

Шағым және тілектер кітапшасы

Сіздің шынайы пікіріңізді күтеміз!

*Біздің қонақүйімізді
таңдағаныңызға рақмет!*

Қонақүй әкімшілігі

2. “Жиһанкез” журналына өзіңіздің немесе отбасыңызбен бірге болған ең қызықты немесе ең көңілсіз саяхатыңыз туралы мақала жазыңыз.

Мақалаға қойылатын талаптар:

1. Мақалаңыздың көлемі 100-150 сөз аралығында болуы керек.
2. Мақалаңызды берілген үлгі бойынша бастаңыз.
3. Барған жеріңіздің аты
4. Орналасқан жері
5. Жыл мезгілі
6. Неге ұмытылмас қызықты саяхат немесе көңілсіз болғандығын толық сипаттап беріңіз.

Осыдан жыл бұрын менмен деген жерге демалуға бардым. ...

2

- САБАҚ

САЯХАТ

319 -беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сөйлемдердегі қатені түзетіп, көшіріп жазыңыз.

Ол билет алайын деп едім.

Ол билет алайын деп еді.

Мақпал бен Кәрім – әріптестер.

Бүгін сен кеңсеге барыңыз.

Оның сегізеу үйі бар.

Нұргүлдағы сағат менікі.

Ол кеше кітап оқиды.

2. Сөздердің мағыналары қарама-қарсы тіркестерді табыңыз.

1 - __	Естен кетпес демалыс
2 - __	Ел-жер аралау
3 - __	Ештеңе істемеу
4 - __	Жұмысты аяқтамау
5 - __	Теңіз жағасы
6 - __	Есте сақтау
7 - __	Мәдениеті, тарихы қызықты

А	Жұмысты көп істеу
Ә	Ұмытып қалу
Б	Ешқандай қызықты мәлімет жоқ
В	Ешқайда бармау
Г	Қызықсыз демалыс
Ғ	Барлық жұмысты бітіру
Д	Қаланың іші

Ережемен танысыңыз.

Көру модальдік етістігі

365 - бет

Бұл мәліметтерді интернеттен іздеп көрейін.

Құжаттарыңызды тағы да қарап көріңізші.

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Мына кітапты оқыдыңыз ба?
Аты қызық екен, оқып көрейін.
- Сен менімен бірге тауға баратын болдың ба?
Білмеймін. Ойлан_____
- Келесі аптада демалысқа шықсам бола ма?
Бастықтан сұра_____
- Сымбат, сен ойлан_____. Жаман ұсыныс емес.
Жарайды, әкеммен ақылдас_____
- Сыйлыққа не алсам екен?
Сен дүкеннен қара_____ Табасың.
- Мынау қандай жеміс? Бұрын жемеппін.
Дәмін тат_____. Ұнатсаң, аласың.

4. Сөйлемдердің жалғасын табыңыз.

А	
1 - <u>Г</u>	Кеше тілшілермен сөйлесіп көрдік,
2 - ____	Теледидар бағдарламасын қарап көрдім,
3 - ____	Ертең қаланы аралап көріңдер,
4 - ____	Мына көйлекті киіп көріңіз,
5 - ____	Түнгі жаңалықтарды тыңдап көрсін,
6 - ____	Бірінші ұшаққа мініп көр,

В	
А	бірақ бүгін қызық кино жоқ екен.
Ә	түсі сізге жарасады екен.
Б	біздің қызметкерлерді көрсетеді.
В	ол пойыз емес, тез жетеді.
Г	алайда олар кешімізге келе алмайды.
Ғ	өйткені мұнда бұрын болмадыңдар ғой.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Болжалды келер шақ		301 - бет
+ Кешке бар<u>ар</u>мын. Сен досыңнан сұра<u>р</u>сың. Олар жұмысқа кел<u>ер</u>.		- Ұшақпен енді ұшпа<u>с</u>пын. Сіз хабарды ұзақ күтпес<u>с</u>із. Ол ешқайда барма<u>с</u>.

1. Тиісті формада жазыңыз.

Етістік	Мақсатты келер шақ	Болжалды келер шақ	Ауыспалы келер шақ
Бар	<u>бармақшы</u>	<u>барар</u>	<u>бармайды</u>
Сұра	_____	_____	_____
Көр	_____	_____	_____
Қайт	_____	_____	_____
Демал	_____	_____	_____
Сат	_____	_____	_____

2. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

А		В	
1 - <u>В</u>	Ақшаны қайдан аласың?	А	Уайымдама, ұшармыз.
2 - <u> </u>	Әжем қашан келеді?	Ә	Апама берерсің.
3 - <u> </u>	Есепті бүгін өткізесіз бе?	Б	Тағы да тексеріп көрермін.
4 - <u> </u>	Осы жобаны аласыз ба?	В	Әкемнен сұрармын.
5 - <u> </u>	Мынаны кімге берейін?	Г	Ойланармын.
6 - <u> </u>	Уақытымен ұшсақ екен.	Ғ	Ертең келер.

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз демалысыңызды жоспарлайсыз ба?
2. Қандай демалыс түрі ұнайды?
3. Досыңызбен саяхатқа шығып көрдіңіз бе? Егер шықсаңыз, қалай болды?



2. Мәтінді оқыңыз. Ал сіз қандай саяхат түрін таңдар едіңіз?

Мен саяхаттауды ұнатамын. Саяхаттау – ел-жер аралау ғана емес, сонымен қатар уақытты қызықты өткізу. Саяхаттау кезінде сен өзің білмейтін көп нәрселерді көресің, танысасың, әр адам әртүрлі саяхат түрлерін қалайды. Мысалы, бір адамдар экотуризмді қаласа, ал енді бір адамдар танымдық туризмді қалайды.

3. Төменде берілген сөздерді оқыңыз. Сізге саяхаттаған кезіңізде қасыңыздағы адамның қандай мінезі ұнауы мүмкін? Әріптесіңізбен сөйлесіңіз.

ақкөңіл

адамды жақсы түсінеді

жомарт

спортты жақсы көреді

тез тілтабысқыш

пысық

4. Төменде берілген сөздерді оқыңыз. Сізге саяхаттаған кезіңізде қасыңыздағы адамның қандай мінезі ұнамауы мүмкін? Әріптесіңізбен сөйлесіңіз.

көп сөйлейді

жалқау

көп шағымданады

жауапкершілігі төмен

тұйық

мінезді

5. Мәтінді оқыңыз.

Сәрсенбі, 18 маусым. Бұл менің Түркияға ең бірінші келуім. Өте қуаныштымын. Үйден алысқа бірінші рет шығып көруім. Қасымда курстасым Қарлығаш бар. Екеуміз бірге демалсақ деп бұрыннан жоспарлайтынбыз. Демалысымыз жаман болмас. Көрерміз. Теңіз жағасында жатармыз, құм қалашық жасармыз деген армандарым орындалатын болды.

Бейсенбі, 19 маусым. Бүгін автобуспен Стамбулға бардық. Тарихи жерлерін аралап көрдік. Мәдениетімен, тарихымен таныстық. Ел-жер аралап көрсем, демалысым қызықты, есте қаларлықтай болса дейтінмін. Қарлығаш барамын дегенде қатты қуандым, өйткені екеуміз көп көрісе бермейміз. Жұмысымыз бөлек. Сол себепті бір-бірімізге көп уақыт бөлерміз дедім.

Автобуспен қонақүйге келе жатырмыз. Мен одан шаршай бастадым, себебі ол тоқтамай сөйлей береді екен. Басым ауыра бастады.

Демалыс күнделігі



Менің демалысым...

Жұма, 20 маусым. Жағажайдамыз. Таңғы ас кезінде ол ауа райы, тағам және жағажай жайлы шағымданды. Оған Түркияның тамақтары да ұнамады. Маржан, қашан кері қайтамыз деп айта берді. Не істер екенмін?

Сенбі, 21 маусым. Сағат 12.30. Кафеде тамақтанып отырмыз. Қарлығаш өлең айтып, тағы да сөйлей бастады. Мен енді онымен демалысқа шықпаспын деп шештім. Өйткені маған шағымданғыш, көп сөйлейтін адамдар ұнамайды. Шаршадым...Иә, демалысым ұмытылмастай болатын болды...



www.massaget.kz. Саяхат күнделігі, 2012.

6. Маржанның құрбысы Қарлығаш қандай адам? Мәтіннен оны сипаттайтын сөздерді табыңыз.

7. Мәтінді оқыңыз. Болжалды келер шақта тұрған етістіктерді теріп жазыңыз.

1	_____	4	_____
2	_____	5	_____
3	_____	6	_____

11. Мәтін мазмұны бойынша орналастырыңыз.

Үйден алысқа бірінші рет шығып көруім. Қасымда курстасым Қарлығаш бар. Екеуміз бірге демалсақ деп бұрыннан жоспарлайтынбыз.

☐

Мен енді онымен демалысқа шықпаспын деп шештім. Өйткені маған шағымданғыш, көп сөйлегіш адамдар ұнамайды. Шаршадым... Иә, демалысым ұмытылмастай болатын болды...

☐

Жұмысымыз бөлек. Сол себепті бір-бірімізге көп уақыт бөлерміз дедім. Автобустен қонақүйге келе жатырмыз.

☐

Көрерміз. Теңіз жағасында ештеңе істемей жатармыз, құм қалашық жасармыз деген армандарым орындалатын болды.

☐

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Оқыңыз.

Маркетинг бөлімінің бастығы
_____ -ға / -ге
Маркетинг бөлімінің қызметкері
_____ -ден / -дан

Өтініш

Сізден сырқаттануыма байланысты екі күнге, 2017 жылғы 19-20 мамыр аралығында ақысыз демалыс беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: _____ /қолы/

_____/_____/_____
күні айы жылы

Маркетинг бөлімінің бастығы
_____ -ға / -ге
Маркетинг бөлімінің қызметкері
_____ -ден / -дан

Өтініш

Маған отбасылық жағдайыма байланысты кезекті еңбек демалысы есебінен үш күн, 2017 жылғы 19-20 аралығында демалыс беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: _____ /қолы/

_____/_____/_____
күні айы жылы

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Әр сөйлемді кім айтқанын жазыңыз.

№11



№2 сұрақтан бастап әр сөйлемнің қасына сөйлеушінің атын жазыңыз.

1 Сөйлеушілердің аттары кім? №1 Сәния №2 Жанболат №3 Рабиға

2 Мен демалысымды әйеліммен
бірге жоспарлаймын.

3	Міндетті түрде.	_____	_____	_____
4	Демалысым емтихан тапсыруыма байланысты.	_____	_____	_____
5	Құрбыммен бірге барар едім.	_____	_____	_____
6	Жалғыз.	_____	_____	_____
7	Әкеммен бірге барар едім.	_____	_____	_____
8	Ақпарат жинау керек.	_____	_____	_____
9	Мен ақша жинаймын.	_____	_____	_____
10	Жан-жақты дайындалу керек.	_____	_____	_____

2. Сіздің пікіріңіз қандай?

Саяхатқа шығар алдында не істеу керек?

1. Мен жеткілікті ақша жинауға тырысамын. _____
2. Жан-жақты дайындалған дұрыс болар. _____
3. Баратын жеріңіз туралы көбірек ақпарат жинау керек. _____

3. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№12



1. Сұхбат берушінің Қазақстанға келуіне не себеп болды?
2. Ол Қазақстанға қай жылы келді?
3. Алматы қаласында қанша уақыт болды?

4. Сұхбатты қайта тыңдаңыз.

1. Сұхбат берушінің Қазақстан туралы қалыптасқан пікірін жазыңыз.

2. Еліміздің экологиялық жағдайын жақсарту үшін қандай ұсыныс айтты?

АЙТЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс. Өзара төмендегі тақырыптарда сөйлесіңіз.

- А. Сіз саяхатқа кіммен шыққанды қалайсыз?
- В. Демалысқа досыңызбен бірге барып көрдіңіз бе?
- С. Сіздің ойыңызша, ең жақсы серіктес жолаушы кім?

2. Жұптық жұмыс.

А. Досыңызбен / әріптесіңізбен өзіңіз туған немесе өте жақсы білетін қала туралы сөйлесіңіз.

1. Бұл қандай қала?
2. Ондағы адамдар қандай?
3. Сіз неге бұл қаланы ұнатасыз / ұнатпайсыз?
4. Бұл қалада сіздің немен айналысқыңыз келеді?
5. Бұл қалада сіз нені өзгерткіңіз келеді / келмейді?
6. Бұл қала басқа сіз білетін қалаларға ұқсай ма?

В. Осы қала туралы қаланы аралауға келген саяхатшы қолдана алатын шағын ақпарат жазыңыз.

1. Бұл қалада сіз көретін бірінші орын _____
2. Қаланың ең көрікті жері _____
3. _____ міндетті түрде көруіңіз керек .

С. Өзіңіздің шағын ақпаратыңызды досыңыздың / әріптесіңіздің ақпаратымен салыстырыңыз, оқыңыз. Қай қалаға барғыңыз келеді / келмейді? Неге?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Курс жүргізушісі “Қиялыңыз ұшқыр ма?” атты байқау жариялады. Талабы: “Ұмытылмас саяхат” атты тақырыпта басталған шағын әңгімені өз қиялыңыз бен идеяңызды қоса отырып аяқтау. Ең үздік деп табылған әңгіме отандық журналға жарияланады.

Шарты: Мақала бірдей басталады;
Саяхат барысында болған адам сенгісіз оқиға;
Ешқандай қайғысыз елге аман оралу;
150 сөз жазу.

Мен бала кезімдегі досыммен үш ай бұрын Италияның оңтүстігіне саяхат жасадық. Жарты жолды біз жеңіл машинамен, ал жарты жолды қайықпен жүрдік. Күнде суға түстік, жағажайда жатып күнге қыздырындық, кітап оқыдық. Бірақ бір күні

3. Топтық жұмыс. Тіл үйренушілер екі топқа бөлінеді.

Қазақстанда туризм саласын дамыту және елімізді әлемге таныту үшін сіздер туристік компания аштыңыздар.

Сіздерге берілетін тапсырма:

Бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланатын өз агенттіктеріңіз туралы жарнама дайындаңыздар. Жарнама қажетті ақпараттар:

V БӨЛІМ

V БӨЛІМ



1-САБАҚ Сын есім тудырушы жұрнақтар

2-САБАҚ Есімшенің анықтауыштық қызметі

1

- САБАҚ

ТҰЛҒАЛАР

319 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз.

Етістіктер	Өткен шақ	Нақ осы шақ	Келер шақ
Айту	<i>айттым</i>	<i>айтып отырмын</i>	<i>айтамын</i>
Бару			
Көру			
Күлу			
Ойлану			
Қызығу			
Тұру			
Беру			
Жылау			
Ойнау			
Жүзу			

2. Берілген іс-әрекеттерді белгілі бір сағатта орындағаныңызды жедел өткен шақта жазыңыз.

телефон шалу

әріптеспен кездесу

жиналысқа қатысу

фитнесклубқа бару









Ережемен танысыңыз.

Қыстырма сөздер	303 - бет
<i>Менің ойымша</i>, сен дұрыс айттың. <i>Қысқасы</i>, ертең сабаққа келмейміз. Ертең, <i>сірә</i>, жаңбыр жауатын болар.	

3. Синоним сөздерді жұптастырыңыз.

1 - ____	Меніңше
2 - ____	Әрине
3 - ____	Шынында
4 - ____	Бәлкім
5 - ____	Сірә
6 - ____	Мысалы

А	Шамасы
Ә	Мәселен
Б	Әлбетте
В	Менің ойымша
Г	Мүмкін
Ғ	Расында



4. Керекті тыныс белгісін қойыңыз.

Оның айтқанына әрине қосыламыз.

Оның әкесі шамасы ертең келер.

Менің мұғалімім бұл әңгімені естімеген болуы керек сірә.

Мүмкін оған тағы бір мүмкіндік берерміз.

Сенің айтқандарың қызық екен шынында.

Расында баланың қауіпсіздігі бірінші орында болуы тиіс.

5. Сөйлемді аяқтаңыз.

Қысқасы, _____.

Қорыта айтқанда, _____.

Ендеше, _____.

Жалпы алғанда, _____.

Соңында, _____.

Ә) Берілген қыстырма сөздерді қолдана отырып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

менің ойымша

негізі

шамасы

бәлкім

Ол немен айналысады деп ойлайсыз?

- №1 _____
- №2 _____
- №3 _____
- №4 _____
- №5 _____

Сіздің ойыңызша, оның жасы нешеде?

- №1 _____
- №2 _____
- №3 _____
- №4 _____
- №5 _____

Сіздіңше, ол атақты адам ба?

- №1 _____
- №2 _____
- №3 _____
- №4 _____
- №5 _____

Сіздің ойыңызша, оның ұлты кім?

- №1 _____
- №2 _____
- №3 _____
- №4 _____
- №5 _____

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз қандай адамсыз?

1. Бүгін сіздің туған күніңіз. Сіз:

- А) достарыңызбен түнгі клубқа барасыз
- Ә) достарыңызбен мейрамханада тамақтанасыз
- Б) үйде теледидар көресіз

2. Сенбі мен жексенбіде ауа райы керемет болып тұр. Сіз:

- А) отбасыңызбен, достарыңызбен табиғатқа шығасыз
- Ә) басқа қалаға барып демаласыз
- Б) үйде газет-журнал оқисыз

3. Жұмыста түскі үзіліс. Сіз:

- А) достарыңызбен кездесіп, фитнесклубқа барасыз
- Ә) жұмысыңызға жақын жерде серуендейсіз
- Б) жұмыс орныңызда тамақтанасыз

4. Сіздің кезекті жазғы демалысыңыз. Сіз:

- А) достарыңызбен күнде түнгі клубқа, кинотеатрға барасыз
- Ә) басқа қалаларды, мемлекеттерді аралайсыз
- Б) жағажайда демалып жатасыз

5. Демалыс кезінде дүкен араладыңыз. Сіз не сатып аласыз?

- А) әдемі киімдер
- Ә) өзіңіз барған қала, мемлекет туралы кітап
- Б) балмұздақ

Жауаптар

Егер Б жауабы көп болса:

Сіз нағыз еріншексіз! Ештеңе білгіңіз, ізденгіңіз, жасағыңыз келмейді. Көңіл көтеріп, достарыңызға көңіл бөліңіз!

Егер Ә жауабы көп болса:

Сіз нағыз оқымыстысыз! Үнемі жаңа бір нәрселерді үйреніп, ізденіп жүресіз. Кейде көңіл көтеруді де ұмытпаңыз.

Егер А жауабы көп болса:

Сіз нағыз көңілді адамсыз! Үнемі күліп, достарыңызды қуантып жүресіз. Кейде тоқтап, демалғаныңыз да дұрыс.




2.Берілген мәтінді оқыңыз.

Жан-жақты жүргізілген зерттеулер Microsoft және оның ақылды, талантты да дарынды қожайынының керемет жетістігінің басты 10 сырын анықтады.

Билл Гейтстің басты 10 құпиясы

1 Бірінші құпия. Керекті уақытта және керекті жерде болу. Microsoft жетістіктерін сирек кездесетін бақ деп санауға болмайды. Гейтс IBM мен келіссөздер жасаудың маңызды екенін түсінді. Ол персоналды компьютердің тарихын өзгерте алатынын ұқты және алты ай бойы «**жолы болғыш**» атану үшін тынбай еңбек етті.

2 Екінші құпия. Техникаға ғашық болу. Microsoft компаниясының негізгі, басты жетістігі Гейтстің техникалық білімі еді. Ол осы салаға байланысты маңызды шешімдерді өзі қабылдады. Көп жағдайда ол бәсекелестеріне қарағанда технологияның даму бағытының болашағын көре білді. Сондықтан да оны дарынды басшы дейтін болар, бәлкім.



3 Үшінші құпия. Тұтқындарды алмау. Гейтс – өте қатал бәсекелес. Үнемі тек жеңіске жетуді мақсат етеді. Оған дәлел, мысалы, келіссөздер жүргізу кезінде өте мейірімсіз болады екен. Бәсекелес компанияда жұмыс істеген адамдарды жұмысқа алмайды.

4 Төртінші құпия. Жұмысқа тек ақылдыларды алу. Бастапқы кезден-ақ Гейтс компания ең ақылдыларды, дарындыларды қызықтыру керек деген болатын. Бұл сөз кей топтарға ұнамады, алайда қолдаған топтар да болды. Мысалы, колледжді бітірген дарынды студенттер өз мамандығы бойынша жұмысқа тұра алатын.

5 Бесінші құпия. Үнемі дайындықта болу. Microsoft-та Гейтс тынымсыз, өз бетімен үйрететін мәшине жасап шығарды. Оның ойынша, қателік жасауды болдырмайтын жалғыз – осы жол. Оның бәсекелестері осындай қарапайым нәрселерді ойламайды.

6 Алтыншы құпия. Алғысты күтпеу. Гейтс бай адам болғың келсе, көп еңбектену керек, бұл жолда бәсекелестер өте көп болады дейді. Қысқасы, жауларың көп болмай, бай адам бола алмайсың.

7 Жетінші құпия. Алдын ала болжай білу. Билл Гейтс бизнес-көшбасшысының жаңа бейнесі. Көп жылдар бойы ол өзін компьютерлік индустриядағы болжағыш екенін дәлелдеп келді.

8 Сегізінші құпия. Жан-жақты болу. Microsoft жетістігінің негізі - көп көлемді жобаларды бір уақытта басқара білу қабілеті. Гейтсті «**жан-жақты адам**» деп атайды, ол бір уақытта әртүрлі техникалық тақырыптарға бірнеше әңгіме жүргізе алады екен. Бұның өзі компания басшысының керемет қабілетті екенін көрсететін болар, сірә...

9 Тоғызыншы құпия. Байт өлшемі бойынша бизнес жасау. Microsoft салыстырмалы түрде үлкен компания емес. Басқарушы топқа қолайлы жағдай жасау үшін оны ұсақ компанияларға бөлінеді. Гейтстің ойынша, компания қарапайым құрылымды болса, оны толық бақылауда ұстау жеңіл болады.

10 Оныншы құпия. Доптан көзді алмау. Гейтс жиырма жыл бойы биікте тұр. Осы уақыт аралығында әлемнің ең бай және атақты адамына айналды. Байлығы мен жетістігіне қарамастан, Гейтс тоқтап қалған емес. Оның сөздері бойынша, ол «**үлкен істі**» өткізіп алғысы келмейді. Ол басқа IBM, Apple сияқты компьютерлік компаниялардың қателіктерін қайталағысы келмейді.



3. Мәтінді қайта оқыңыз. Сіз қалай ойлайсыз? Топтасыңызбен сөйлесіңіз.

- 1. «жолы болғыш» атану үшін тынбай еңбек етті.
Сіздің «жолыңыз болғыш» па? Өміріңізде қашан жолым болды деп айтатын жағдай болды?
- 2. Сіз өз жұмысыңызды жақсы көресіз бе? Әңгіме кейіпкері сияқты өз жұмысыңызға ғашық бола аласыз ба? Иә/ Жоқ. Неге?
- 3. Егер сіз басшы болсаңыз, қандай басшы боласыз? Қатал ма? Мейірімді ме?
- 4. Қысқасы, жауларың көп болмай, бай адам бола алмайсың.
Ал сіздің жауларыңыз бар ма? Сіз осы тұжырыммен келісесіз бе?
- 5. Сіз жан-жақты адамсыз ба? Егер иә десеңіз, қалай дәлелдейсіз?

4. Мәтінді қайта оқыңыз. Қыстырма сөздері бар сөйлемдерді теріп жазыңыз.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Сын есім тудырушы жұрнақтар		303 - бет
Әкем жігерлі адам.	Менің түрім сұсты ма?	
Болат өте қиялшыл адам.	Менің жаздық киімім көп.	

1. Тиісті қосымшаны қойып, жаңа сөз жазыңыз.

-лы, - лі, -сыз, -сіз, -ды, -ді, -ты, -ті, -шақ, -шек, -шыл, -шіл, -дық, -дік, -тық, -тік

шыдам –	<u>шыдамды</u>	шыдам –	<u>шыдамсыз</u>
ақыл –	<u> </u>	ерін –	<u> </u>
күш –	<u> </u>	күлкі –	<u> </u>
әл –	<u> </u>	мейірім –	<u> </u>
жыл –	<u> </u>	көңіл –	<u> </u>
қайырым –	<u> </u>	ұрын –	<u> </u>
жауап –	<u> </u>	дарын –	<u> </u>
күз –	<u> </u>	кек –	<u> </u>
талант –	<u> </u>	ұйқы –	<u> </u>
қыс –	<u> </u>	жігер –	<u> </u>

2. Сөздерді беретін мағынасымен сәйкестендіріңіз.

- | | | |
|-------------------|--------------------------|--|
| жігерлі | ☐ | ☐ ешкімге ешнәрсе бермейтін, бөліспейтін адам |
| еріншек | ☐ | ☐ адамдармен араласып, тіл табыса алмайтын адам |
| ұялшақ | ☐ | ☒ кез келген қиындықты жеңетін адам |
| сараң | ☐ | ☐ жұмыс істегісі келмейтін адам |
| дарынды, талантты | ☐ | ☐ қандай да бір ерекше өнері бар адам |

3. Берілген сөздерді қолданып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Адамның мінез - құлқы



Әр сөзді бір рет қана қолдана аласыз!

көңілді

жағымпаз

еріншек

дарынды

оқымысты

сараң

бойшаң

жауапты

жігерлі

шыдамсыз

көпшіл сөзшең

көпшіл

- 1 Жанат өте жауапты адам.
Жұмысқа уақытында келіп, барлық жұмысын өз уақытымен аяқтайды.
- 2 Менің әкем бір нәрсе сұраса, тез жауап беруің керек.
Асықпай жауап бергеніңді күте алмайды. Ол _____ адам.
- 3 Әсемнің сіңлісі _____.
Үйінде ештеңе істемейді.
- 4 Асқардың баласы _____.
Үнемі қолына кітап түспейді.
- 5 Аружан өте _____ қыз.
Қашан көрсең, әрқашан күліп-ойнап жүреді.
- 6 Қызыңыз _____ екен.
Домбырада тамаша ойнайды ғой.
- 7 Бақыт тым _____ адам.
Бір нәрсесін сұрасаң, ештеңесін бермейді.
- 8 Ләйлә бастыққа үнемі сыйлықтар беріп, жағдайын сұрап жүреді.
Ол _____ адам.
- 9 Сандуғаш ауруын жеңіп шықты.
Керемет _____ қыз.

10 Менің әжем _____ адам болған.
Үйге үнемі қонақтар шақыратын.

11 Ағаң көп сөйлейді екен.
Оны _____ деуге болады.

12 Баскетболшылардың барлығы _____ болады ғой, иә?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Оқыңыз.

Ресми өмірбаян үлгісі

Мен, Асқар Қалиұлы Маратов, 1978 жылы 25 қыркүйекте Астана қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. 1995 жылы Астана қаласының №17 мектеп-гимназиясын бітірдім.

1995 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түстім. Мамандығым: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Аталған оқу орнын 2000 жылы үздік дипломмен бітірдім.

2000 жылғы қыркүйектен 2005 жылғы қаңтарға дейін Астана қаласындағы №30 жалпы орта білім беретін мектепте мамандығым бойынша қызмет еттім. 2005 жылдың ақпанынан бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келемін.

Ата-анам бар. Әкем – Қали Маратұлы, Ұлы Отан соғысының ардагері, зейнеткер, анам Хадиша Қасымова – зейнеткер. Үйленгенмін. Әйелім – Майра Әлиқызы Әділбекова. Мамандығы – заңгер. «Аспан әлемі» жеке фирмасының заңгері. Мектеп жасындағы 3 балам бар.

Әскери қызметке міндеттімін. Аға лейтенант атағым бар.

Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білемін, ЭЕМ бағдарламаларын толық меңгергенмін. Интернетте жұмыс істеймін. 2002 жылы Астана қалалық оқу бөлімінің «Білім беруде қосқан үлесі үшін» мадақтама қағазымен марапатталдым.

Мекенжайым: Астана қаласы, "Жастар" ықшамауданы, 47-үй, 18-пәтер.

2. Әр жаңа жолда не туралы мәлімет берілгенін жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№13



Тілші кімнен сұхбатты алды?

Сұхбат берген адам кім?

Тілші неге бұл адамнан сұхбат алды?

Бұл адам не істеген?

Оның ұлты кім?

2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сұхбат беруші мектепте оқыған кезінен не туралы естелік айтты?

2. Сұхбат берушінің мектептегі досының есімі кім?

3. Мектептегі ұстазы оны не үшін мақтан тұтты?

4. Сұхбат беруші марафоншы болу үшін қандай қадамдар жасаған? 4 қадамды жазыңыз.

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. Марафоншы жүгіру кезінде шаршағанда қандай әрекет жасайды?

6. Тұңғыш марафонында неден қиналды?

3. Тыңдаңыз. Сұхбатты толықтырыңыз.

- Шөлді жүгіріп өту кезінде қандай сәтті ең қиын сәт дер едіңіз?

- Шөлді жүгіріп өтудегі ең қиын сәт... _____ қиын сәт.

Сіз әлемнің _____, _____, _____, _____
шөлдерін бағындыра алдыңыз.

4. Сұхбат берушіге қойылған ең соңғы сұрақ қандай? Жазыңыз.

5. Ал сіз марафоншы болғыңыз келе ме?

«Иә» деген жауабыңызға 3 себеп

1. _____
2. _____
3. _____

«Жоқ» деген жауабыңызға 3 себеп

1. _____
2. _____
3. _____

АЙТЫЛЫМ

1. Сіз мекемеде психолог болып қызмет атқарасыз. Бөлім бастығы өз қызметкерлері туралы сізден ақпарат сұрайды. Берілген сөздерді қолдана отырып, 5 адамның мінез-құлқы, кескін-келбеті жайлы жазыңыз.

сұсты

кекшіл

жігерлі

қыр
мұрынды

шыдамды

қайратты

мінезді

тұйық

көк көзді

шағымданғыш

көпшіл

еріншек

№ 1 қызметкер

№ 2 қызметкер

№ 3 қызметкер

№ 4 қызметкер

№ 5 қызметкер

2. Екеуара сөйлесіңіз. Жауаптарыңызды және қиындық тудырған сұрақтарды топта оқып, талқылаңыздар.

Сіздің жақсы жақтарыңыз қандай?

Сіз өзіңізге сенесіз бе?

Сіздің жаман жақтарыңыз бар ма?

Сіз өзіңіздің іс-әрекеттеріңізге баға бересіз бе?

Сіз өзіңізді тәрбиелейсіз бе?

Сіз өзіңізді жетілдірумен айналысасыз ба?

Сіз өзіңізді сынай аласыз ба?

Сіз өзіңізді құрметтейсіз бе?

Сіз өзіңізге талап қоя білесіз бе?

Сіз өзіңізді жақсы көресіз бе?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Бір адамды сипаттап беріңіз. Оның кім екенін топқа айтыңыз.

This image shows a blank sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

2. Тобыңызға еліміздің атақты бір тұлғасы туралы мәлімет дайындап келіңіз.

Қойылатын талаптар:

1. Таңдап алған адамыңыз туралы толық мәлімет.
2. Мамандығы. Айналысқан ісі.
3. Қазақ халқына тигізген пайдасы.

2

- САБАҚ

ТҰЛҒАЛАР

319 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Кестедегі мәліметтерді оқыңыз. Үлгі бойынша сөйлем құрастырыңыз.

№	Аты	Жасы	Түрі / дене бітімі	Спорт	Сүйікті асы
1	Бағлан	20	қысқа бойлы	күрес	қазы
2	Талғат	19	орта бойлы	баскетбол	палау
3	Қарлығаш	28	ұзын бойлы	жүзу	балық
4	Әсем	30	қара шашты	жүгіру	көкөніс
5	Гүлшат	25	көк көзді	теннис	жемістер
6	Айғаным	40	бұйра шашты	йога	тауық еті

Үлгі: Айнұрдың жасы он сегізде. Ол ұзын бойлы. Ол көркем гимнастикамен шұғылданады. Оның сүйікті асы – қуырылған картоп.

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

2. Бос орынға керекті қыстырма сөздерді қойыңыз.

Ендеше

Қысқасы

әйтеуір

ең алдымен

Демек

мысалы

1. Уақыты болмады ма, ұмытып кетті ме, _____, досым туған күн кешіне келмеді.
2. _____, бұл мәселені талқылауды осымен доғарайық.
3. Адамдар _____, біз өзімізді сыйлауымыз керек.
4. Мамандық көп қой, _____, қаржы маманы, заңгер, өзіңнің кім болғың келеді?
5. _____, сіз үшін бұл жұмыс қиын ба?
6. _____, тапсырманы неге орындамай отырсың?

3. Бағандардағы сөздерді өзара байланыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

Сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Сен	таңертең	музыка	әкесімен	отырсың
Мен	үйінде	кеше	алып	жүреді
Ақмарал	мәшинемен	адамдармен	тыңдап	бардым
Оның ағасы	дүкенде	көшеде	көп	кетті
Әнші	анаммен	сабаққа	қатты	келді
Атаңыз	сахнаға	балабақшаға	көйлекпен	шықты
Сатушы	немерелерін	өте әдемі	қонаққа	сөйлеседі

Сен	<u>үйінде</u>	<u>музыка</u>	<u>тыңдап</u>	<u>отырсың</u>
Мен	_____	_____	_____	_____
Ақмарал	_____	_____	_____	_____
Оның ағасы	_____	_____	_____	_____
Әнші	_____	_____	_____	_____
Атаңыз	_____	_____	_____	_____
Сатушы	_____	_____	_____	_____

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Туған күн және мінез-құлық

Туған күніңіздегі сандар сіздің қандай адам екеніңізді білдіреді. Осы сандар арқылы біз өзіміздің әлсіз жақтарымызды жақсартуға мүмкіндік аламыз. Ол үшін туылған күніңіздің сандарын бір-біріне қосыңыз. Мысалы:

Ақпан 19, 1968 $2+19+1968=1989=1+9+8+9=27=2+7=9$

Сіздің туылған күніңіздің нөмірі “9”

«1» нөміріндегі адамдар өмірге құштар, әдемі, бірбеткей, мақсатшыл жандар. Оларға әрқашан бірінші орында болған ұнайды. Есте сақтау қабілеттері керемет. Бір уақытта бірнеше істерді атқара алатын қабілеттері де бар.

«3» нөмірі тілтабысқыш, қиялшыл және шығармашылық жұмысты ұнататын адамдар. Бейтаныс адамдармен танысуды, бақытты етуге тырысуды жақсы көреді. Олар өте атақты, жиын-кештердің «жұлдызы» атанған.

«5» нөмірлі адамдар шыдамсыз, өте жылдам, демалғанды ұнатпайтын, бір жерде отырғанды қаламайтын адамдар. Олар үнемі жаңа қиындықтармен күресуді, жеңіске жеңіп, өз жеңістеріне масаттануды, жаңа, бейтаныс жерлерді аралағанды, жаңа нәрселерді үйренгенді ұнатады.

«7» нөмірлі адамдар жалғыздыққа ғашық болған адамдар. Өзін-өзі қатаң тәртіпте ұстаған жандар. Шешім қабылдауға асықпайтын жандар. Көреген, алғыр, сыр сақтағанды жақсы көретін және қиялға бай жандар.

«9» нөмірде адамдармен тез сөйлесіп, дос тауып, оларға көмектесіп жүрген керемет жандар. Олар өмірде жолы болған адамдар. Әрдайым адамдарға болысып, жақын араласып жүргенді ұнатады.

«2» нөмірлі адамдар тыныш, шусыз өмірді жақсы көретін адамдар. Олар адамдарды ренжітіп алуға қорқады. Сонымен қатар олар өте қарапайым, сыпайы адамдар. Достық, жақсы қарым-қатынас олар үшін өте маңызды. Жан-жағындағы басқа адамдарға болысып, көмектескенді ұнатады.

«4» нөмірі жауапты, денсаулығы мықты, еңбекқор адамның бейнесін көрсетеді. Бұл нөмірде туған адамдар бос уақыттарын өз отбасыларымен бөліскенді жақсы көреді. Кейде өз айтқандарынан қайтпайтын мінез көрсетуі мүмкін.

«6» нөмірлі адамдар шындықты айтқан адал жандар. Сонымен қатар қиялдағанды ұнататын қиялшыл адамдар. Олардың достары үнемі қиналған кезде «6» нөмірлі адамдардан көмек сұрай алатындарын біледі, себебі олар біреуге көмектесуді, қуаныштарымен бөліскенді ұнатады.

«8» нөмірлі адамдар үнемі өзгелерге көмектесуді, қиын мәселелерді шешіскенді жақсы көреді. Тәуелсіз болғанды, өздерін-өздері басқарғанды ұнатады. Өзгелердің ережелерімен емес, өздері жасаған ережемен жүретін, өз мақсатына қалайда қол жеткізетін мықты адамдар.

Әлемді өзгерткен 10 адам




Шыңғыс хан (1165 -1162) – адамзат тарихындағы ең атақты, әлемге әйгілі өмірі құпияға толы қолбасшы. Оның нақты туған жылын да, қайтыс болған жылын да ешкім білмейді. Оның мықты әскер құрып, жүргізген жаугершілік саясаты, кез келген адамды таңғалдырған қолбасшылық қабілеті оның ерекше жан екендігін көрсетеді.

Мартин Лютер Кинг (1929-1968) – атланталық арманшыл, адамдарды нәсілге бөлген нәсілшілдерге қарсы шыққан Америка азаматы. АҚШ-та нәсілшілдік мәселесінің ушыққанына қарамастан, қиындықтың бәрін бейбіт жолмен шешуге тырысқан адам. 1964 жылы осы еңбегі үшін Кингке әлемдік Нобель сыйлығы тапсырылды.



Махатма Ганди (1869-1948) – үнді халқын Ұлыбритания отарынан құтқаруға атсалысқан күрескер. 1947 жылға дейін ағылшындармен келіссөздер жүргізген. Үнді халқы үшін мәңгілік тәуелсіздік белгісіне айналған Гандиді өз елінде әрқашан құрмет тұтады.

Альберт Эйнштейн (1879-1955) – ақылдылық пен дарындылықтың белгісі. 1919 жылы қатысымдық теориясын дәлелдеген Альбертті әлем ғалымдары бірауыздан мойындап, 1921 жылы оған Нобель сыйлығы тапсырылды. Алайда өз жаңалығының адамзатқа қауіп төндірген ядролық қару жасауға ықпалы болғанын естігенде қатты өкінген.



Нельсон Мандела (1918) – Оңтүстік Африкадағы азаматтардың бас бостандығы үшін шайқасқан, өз өмірінің 26 жылын түрмеде өткізуден бас тартпаған адам. 1933 жылы апартеидтерге қарсы күрескені үшін Нобель сыйлығы берілді.




Адольф Гитлер (1889-1945) – әлемдік тарихта маңызды орны бар адам. Ол ұйымдастырған соғыс зардабынан қайтыс болған жандарды естен шығару мүмкін емес.

Тереза ана. Оны көзі тірі кезінде-ақ әулие ана санаған. Өзін «Құдайдың қолындағы қаламы» деп санаған Агнес Гонджа Бояджиу 1910 жылы албандық көкөніс сатушысының отбасында дүниеге келген. Отыз алтыға келген Тереза қайырымдылық қоғамын құрып, мектептер, балалар үйлерін, ауруханалар ашып, адамдардың тегі мен нәсіліне қарамастан барлығына көмектескен. 87 жасында көз жұмған әулие Терезадан «өміріңізде мерекелік немесе демалыс күндер болды ма? деген сұраққа «менің әр күнім мереке болған» деп жауап берген екен.



Иосиф Виссарионович Джугашвили (Сталин) (1878-1953) – Коммунистік партияның Бас хатшысы, Кеңес үкіметінің басшысы болған Сталин өз елін Ұлы Отан соғысын жеңіп шығамыз деп сендірген. Сталин кезінде халық арасында капиталистік және социалистік деген екі тап пайда болды. Тарихта ол екі түрлі тұлға ретінде белгілі: соғыс жеңімпазы және өз елінің жауызы.

Фрэнсис Крик (1916-2004) – ағылшын микробиологі, дәрігер және нейробиолог. Физиология және медицина саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты. 1962 жылы Джеймс Уотсон, Х. Морис және Ф. Уилкинсонмен бірігіп, ДНК молекуласын ашқан.



Билл Гейтс 1955 жылы дүниеге келген. Ол – әлемдегі ең бай адамдардың бірі. Өз ақшасын үнемді жарата білген Гейтс - компьютерден басқа бірнеше қайырымдылық қорларын ашып, түрлі ауруларға қарсы тұру шараларын ұйымдастырған (полиомиелит), бүкіл әлемге қолұшын созған адамның бірі.

3. Сұрақтарға жауап беріңіз:

А. Сіз мәтіндегі 10 адамның әлемді өзгертуге қосқан үлестерін қалай бағалайсыз?

- 1) жоғары
- 2) орташа
- 3) қанағаттанарлықсыз

Ә. Олардың орнына басқа біреулер лайық деп ойлайсыз ба?

- 1) иә, тізім дұрыс жасалмаған
- 2) жоқ, тізім дұрыс жасалған
- 3) білмеймін

Б. Егер «иә» деп жауап берсеңіз, олар кімдер? Өз тізіміңізді жазып бере аласыз ба?

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10

4. Мәтінді қайталап оқыңыз. Әр қатардың тұсына кім туралы екенін жазыңыз.

Үнді халқы үшін өте құрметті жан.

Өмірі құпияға толы жандардың бірі.

Өз өмірін басқа адамдарға көмектесумен өткізген.

Адам өміріне қажетті маңызды жаңалық ашқан.

Көптеген адамдардың өлуіне себепші болған.

Өз халқының азаттығы үшін бостандығынан айрылған.

Байлығын үнемді жұмсаған, адамдарға көмектескен.

Адам өміріне қауіп төндірген жаңалық ашқан.

Адамдарды ақ, қара деп бөлмеген.

Бұл адамды екі түрлі адам деп айтуға болады.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Есімшенің анықтауыштық қызметі

304 - бет

Кеше келген адам не айтты?

Қазақстанда көрмеген қалаларым көп екен ғой.

Айтқан сөзі шын емес, мен оған сене қоймаймын.

Әуежайдан күтіп алған затың қайда?

1. Сөздерді ретімен орналастырып, сөйлем құраңыз. Жазыңыз.

1. дос айтқан адаммен өтірік болма

2. табады адам іздеген

3. көрген сұра адамнан көпті

4. осы сұраған сені қыз

Ережемен танысыңыз.

Ортақ етіс	304 - бет
Тапсырманы орында ^с қан адам – осы кісі.	
Шығармамды жазы ^с қан – ағам.	
Бізбен дүкен аралап, жиһаз таңда ^с қан сенсің.	

2. Етістікті түрлендіріңіз.

Айту	<i>айтылды</i>	<i>айтқызды</i>	<i>айтысты</i>
Жазу			
Көру			
Қарау			
Сұрау			
Сату			
Ойнау			
Тарау			

3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Кешке маған тамақ (дайындау) – кешке маған тамақ дайындасыңыз.

1. Сен маған (*көмектесу*)

2. Осы мәселені шешу кезінде сіз бізге (*болу*)

3. Мына тапсырманы аяқтауға (*жәрдемдесу*)

4. Барлық жұмысшылармен бүгін (*сөйлесу*)

5. Мына кітаптарды үлкен кітапханаға (*әкелу*)

4. Мәтінді оқыңыз. Тиісті сөзді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Христофор Колумбтың тапқырлығы

Атақты саяхатшы 1_____ Христофор Колумб өмірінің соңғы жылдарын Испанияда өткізеді. Әр жерлерде халықтың 2_____ қошеметін, құрметін, жоғары 3_____ даңқын 4_____ да бар еді. Бір күні кардинал Мендоза Колумбтың құрметіне ас береді. Оған қаланың барлық ақсүйектері жиналады. Кардинал саяхатшыны қатты мақтайды. 5_____ ақсүйектер оны жақтырмайды. «Американы табу онша қиын емес» деп өзара күңкілдеседі. Бұл сөздерді 6_____ Христофор қызметшілерді шақырып, бір жұмыртқа әкелуін өтінеді. 7_____ жұмыртқаны адамдарға көрсетеді. Сосын «осы жұмыртқаны кім үстелдің үстіне тік қоя алады?» - деп сұрайды. Адамдардың бәрі тырысып көреді. Бірақ ешкімнің қолынан келмейді. Сонда жұмыртқаны 8_____ саяхатшы, домалақ жағын жай ғана үстелге ұрып жарады. Сол кезде жұмыртқа үстелдің үстіне тік тұрады. Мұны 9_____ қонақтар: «еее, бұлай оңай ғой, біз де осылай жасай алатын едік қой», - дейді. Жымиып 10_____ саяхатшы оларға қарап:

- Ммммм... ендеше неге жасамадыңдар? – дейді.

1	A) болатын	B) болған	C) болмақ	D) болар
2	A) көрсетпек	B) көрсету	C) көрсеткен	D) көрсетпейтін
3	A) бағалағанын	B) бағалау	C) бағаланатын	D) бағаламақ
4	A) қызғанғандар	B) қызғанбағандар	C) қызғануың	D) қызғанбақ
5	A) жинайтын	B) жиналған	C) жинамақ	D) жиналатын
6	A) естімеген	B) еститін	C) естіпті	D) естіген
7	A) әкелген	B) әкелер	C) әкелмек	D) әкелетін
8	A) қолына алмаған	B) қолына алмақ көрген	C) қолға алу	D) қолына алған
9	A) көретін	B) көрген	C) көрер	D) Көрмек
10	A) күлген	B) күлетін	C) күлмес	D) күлу

5. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Мұғалім, маған жоба жазу үшін қызықты тақырып *таңдашы* / *таңдасыңызшы*, өтінемін
Берілген тапсырмаларды досыңызбен бірге орындап, шығарманы *жазбақшымыз* / *жазысыңыз*.
Сол қала туралы толық ақпарат *ізdestіріңіз* / *ізденіңіз*.
Топ алдына шығып дайындаған ақпаратыңызбен *бөлісіңіз* / *бөлінбеңіз*.
Наурыздың 14-і күні туған-туыстарыңызбен *көрінбеңіз* / *көрісіңіз*.
Басшыларға жіберетін толық, мазмұнды хат *жазыспайық* / *жазысыңыз*.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Түйіндеме үлгісі.

Бақытова Лаура Түгелқызы

Туған күні:	25.12.1978 жыл
Туған жері:	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Ұлты:	қазақ
Мекенжайы:	050001, Алматы қ., Абай даңғылы, 4
Телефоны:	87756154080
Отбасылық жағдайы:	тұрмыста / тұрмыста емес
Білімі:	жоғары, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, тарих факультеті
Мамандығы:	тарих пәнінің мұғалімі
Мақсаты:	мамандығына байланысты қызықты жұмыс табу.
Еңбек жолы:	2006-20012 жж. — № 86 мектеп-гимназияда оқу ісінің орынбасары 2005-2006 жж. — № 86 мектеп-гимназияда тарих пәнінің мұғалімі
Тілдік дағдылары:	қазақ және орыс тілдері - еркін ағылшын тілі – орта деңгей
Кәсіптік дағдылары:	компьютер (Excell, MW) бағдарламалары бойынша жұмыс істей білу; іс қағаздарының стенограммасын жүргізу; кеңсе құралдарымен жұмыс істей білу (көшірме, факс, сканер).
Қосымша мәліметтер:	көлік жүргізу куәлігі, аудандық білім беру мекемесінің мақтау қағаздары, мектеп директорының кепілдеме хаты
Жеке қасиеттері:	жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас.

2. Жоғарыда берілген түйіндеме жазу ережелері мен үлгісін қарай отырып, өз түйіндемеңізді жазып шығыңыз.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№14



1. Сұхбаттасқандар кімдер?
2. Қазақ киносының өкілдері туралы не білесіз?
3. Отандық киноактерлерден кімдерді танысыз?
4. Отандық қандай киноларды көрдіңіз?



2. Сұхбатты қайта тыңдап, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Қазақ киносының негізін қалағандар _____

Асанәлі Әшімов _____ рөлін жақсы ойнады.

Тұңғышбай ағамыз _____ рөлін жақсы ойнады.

Менің ойымша, екеуі де _____, бірақ _____ сияқты.

4. Сұхбатты қайта тыңдап, сұхбаттың қалай аяқталғанын айтып беріңіз.

6. Ал сіз өмірде әртіс болғыңыз келе ме? Кімнің рөлін ойнағыңыз келеді?



АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс.

Үш топқа бөлініңіздер. 1-топ – әншілер, 2-топ – спортшылар, 3-топ – тарихи тұлғалар. Әр топ өзара келісіп, қалған екі топқа белгілі бір тұлғаны жасырып сипаттайды. Сипаттау барысында:

- а) жасын
- ә) бет-әлпеті, киім кию үлгісін
- б) атақты болу себебін айтуыңыз қажет.

2. Топтық жұмыс.

Сіздің отбасыңызда немесе таныстарыңыздың, не туыстарыңыздың ішінде Тұлға деген атқа лайықты адам бар ма? Болса, сол адам туралы әңгімелеп беріңіз. Қандай атағы бар? Ел үшін қандай маңызды іс атқарып, есімі көпшілікке танымал болды?

3. Рөлдік ойын. Өз әріптестеріңізбен сұхбат беруші және тілші рөлін сомдаңыздар.

Сіз қызметке жаңа орналасқан жас тілшісіз. Журнал редакторы сізге қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровпен кездесіп сұхбат алуды тапсырды. Сіз ғарышкерге қандай сұрақтар қоясыз? Не туралы сөйлесесіз?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз қызметкерлерді басқару бөлімінің қызметкерісіз. Сізге қаржы директоры есептеу бөліміндегі белгілі бір қызметкер туралы ақпарат беруді сұрап хат жазды. Жауап жазыңыз.

Кімнен: Ақманат Болатова

Кімге: Майра Саринаға

Хат атауы: Есептеу бөлімінің қызметкері Рашидова туралы

Майра Жолдасқызы,

Есептеу бөлімінің қызметкері Рашидованың түйіндемесін, өмірбаянын жіберуіңізді және жұмыс істеу қабілеттілігі туралы ақпарат беруіңізді сұраймын. Себебі, есептеу бөліміне дүйсенбі күннен бастап жаңа басшы тағайындауымыз керек. Менің ойымша, Рашидова лайық секілді. Сіздің пікіріңіз өте маңызды.

Құрметпен,
Ақманат Болатова

Кімге: Ақманат Болатоваға

Кімнен: Майра Саринадан

Хат атауы: Есептеу бөлімінің қызметкері Рашидова туралы

2. Топтық жұмыс.

Тұлға болуға қажетті және кері әсерін тигізетін адамның қасиеттерін жазыңыз. Бір-біріңізге оқып беріңіздер. Келісетін / келіспейтін қасиеттер туралы пікір алмасыңыздар.

Жағымды қасиеттер	адал				
Жағымсыз қасиеттер	өтірікші				
Табысты адамның қасиеттері	еңбекқор				
Жалқау адамның қасиеттері	жалқаулық				
Адамның келбеті	қыр мұрынды				
Табысты болатын адамның сөздері	жасаймын				
Жалқау адамның сөздері	қиын ғой				

3. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

«Тұлға болу қиын ба?»

Қандай адам тұлға болуға лайықты?

Кез келген адам «тұлға» бола ала ма?

Тұлға болу үшін адам қандай қасиеттерге ие болуы керек?

100 сөзден тұратын шағын шығарма жазыңыз.

VI

БӨЛІМ



1-САБАҚ Зат есім тудырушы жұрнақтар

2-САБАҚ Бөлшектік сан есім

1

- САБАҚ МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

320 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сөздерді сұрақтары бойынша топтастырыңыз.

алдыңғүні, оқитын, күзде, нағашысы, билейтін, Абай көшесінде, заңгерімен, әріптесімен, автобус жүргізушісі, жақсы ойнайтын, жұмада, келгендер, күлетіндер, түстен кейін, ең жақын құрбысымен, бүрсігүні, саяжайға, қаланың сыртында, баласымен, күйеуі, анасының қасында, көшенің басында, немересімен, жақсы көретін, қызғанған.

Кім?

Қайда?

Кіммен?

Қашан?

Не істейсің?

- | | | | | |
|----------|----------|----------|----------|----------|
| 1. _____ | 1. _____ | 1. _____ | 1. _____ | 1. _____ |
| 2. _____ | 2. _____ | 2. _____ | 2. _____ | 2. _____ |
| 3. _____ | 3. _____ | 3. _____ | 3. _____ | 3. _____ |
| 4. _____ | 4. _____ | 4. _____ | 4. _____ | 4. _____ |
| 5. _____ | 5. _____ | 5. _____ | 5. _____ | 5. _____ |

Ережемен танысыңыз.

Белгісіздік есімдігі

305 - бет

Біреу маған қараған сияқты.

Бұл ұшу кестесі *әлдеқашан* өзгеріп кеткен.

Бірнеше кітапханадан іздегенімді таппай келемін.

2. Қажетті сөзді қойып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

әрбір

кейбір

бірнеше

алдеқашан

әрдайым

алдене

алдекім

1. Бүгін жаңадан келген тек _____ маман ғана сынақтан өткізілді.
2. _____ күндері жұмысқа кешігіп қаламын.
3. Сіздің сынақ нәтижеңізді _____ электронды поштаңызға жібергенмін.
4. Жаңа _____ тарс ете қалды.
5. Сіздің жеке компьютеріңізді _____ қосып кеткен сияқты.
6. _____ қызметкерге жаңа рұқсат қағазы берілсін.
7. Мен _____ өзімді сынап отырамын.

3. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

1. Үйдің ішінде ☐ әркім / ☐ алдекім жүрген сияқты.
2. Жұмысқа ☐ біреу / ☐ бірнеше жаңа компьютер әкеледі.
3. Сенің ☐ кейбір / ☐ кейбіреу істерің анаңа ұнамайды екен.
4. Қыркүйектің аяғында ☐ әр / ☐ әркім бөлімше есеп береді.
5. Сіздің жұмысыңызға ☐ алдене / ☐ алде қажет болса, айтыңыз.
6. Иә, шынын айту керек, бір ерекшелігі мұндағы ☐ әрбір / ☐ әркім қызметкердің көмекшісі бар екен.

4. Суреттерге қарап, тапсырмаларды орындаңыз.

А. Бос орындарға:

1. мамандық атауын,
2. жұмыс орнын жазыңыз.



Раушан



Елдос

1. _____ *кеңсе*
2. _____ *хатшы*

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж
 x x ✓ ✓ ✓ ✓ ✓

1. _____
2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж
 x x ✓ ✓ ✓ ✓ ✓



Лаура

1. _____

2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж

х х ✓ ✓ ✓ ✓ ✓



Сәуле

1. _____

2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж

х х ✓ ✓ ✓ ✓ ✓



Жандос

1. _____

2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж

х ✓ ✓ ✓ ✓ х ✓



Артур

1. _____

2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж

✓ х ✓ ✓ х ✓ ✓



Болат

1. _____
2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж
 ✓ ✓ ✓ ✓ ✓ ✓ ✗



Нұрлан

1. _____
2. _____

Жк Сн Дс Сс Ср Бс Ж
 ✓ ✓ ✓ ✗ ✓ ✓ ✓

Күнтізбеге қарай отырып, қай күндері демалатынын жазыңыз.

- | | |
|---|------------------|
| 1. Раушан <u>сенбі мен жексенбіде демалады.</u> | 5. Жандос _____. |
| 2. Елдос _____. | 6. Артур _____. |
| 3. Лаура _____. | 7. Болат _____. |
| 4. Сәуле _____. | 8. Нұрлан _____. |

5. Үш бағандағы жауаптарды сәйкестендіріңіз. Белгісіздік есімдігінің дұрысын таңдаңыз.

- | | | |
|---|--|---|
| ☐ Әкем үйге | ☐ Бірнеше біреу | ☐ келі қарақат алып келді |
| ☐ Қорқып селк ете қалдым | ☐ кейбір әлдекім | ☐ шығып қойыпты |
| ☐ Әріптесім көңілсіз отыр, | ☐ ешқашан әлдеқашан | ☐ қатты тарс ете қалды |
| ☐ Отандық сусабын | ☐ Бір бірнеше | ☐ көшелері өте әдемі. |
| ☐ Абайдың шығармаларын | ☐ Бірнәрсе әркім | ☐ шетелдік туристер зерттеу жүргізіп жатыр екен. |
| ☐ Түркістан қаласында | ☐ Әркім әрқалай | ☐ анасының ауырып жатқаны туралы хабар айтыпты. |
| ☐ Астана қаласының | ☐ Бірнеше біреу | ☐ де болса айта алады деп ойлаймын. |

ОҚЫЛЫМ

Жас маманға айтылар кеңес

1. Сіз төмендегі пікірлермен келісесіз бе? Егер келіссеңіз «Иә», келіспесеңіз «Жоқ» немесе «Жауап бере алмаймын» деп жауап беріңіз.

«Тұрып» жұмыс істейтіндерге қарағанда «отырып» жұмыс істейтіндердің жалақылары көбірек болады.

Мамандық атауы қаншалықты ұзын болса, мағынасы соншалықты әлсіз болады.

Көптеген жұмыс орындарында «қаптаған» ережелер болады. Жұмысшылар балалар емес, ал кеңсе мектеп емес қой.

Кейбір басшылар жұмысшылардың жұмысын қиындату үшін өз уақытын қиын ережелер жасауға жұмсайды.

2Өз жауаптарыңызды топтастарыңызбен салыстырыңыз. Айырмашылық бар ма? Пікір алысыңыздар.

3. Мәтінді оқыңыз.

Жұмыс іздеу сырлары



Жаңа жұмыс іздеп жүрсіз бе? Жұмысқа еш қиындықсыз орналасуда қателік жібермес үшін мына кеңестерге назар салыңыз.

Түйіндеме

1. Түйіндемеңізді бірнеше мекемелерге жіберіп, біреуінен хабар келіп қалар деп ойламаңыз. Түйіндемеңізді жіберген әр компанияның аты, айналысатын жұмысынан хабардар болғаныңыз дұрыс.

2. Әрбір мекеме үшін түйіндемені жаңаша құрастырыңыз. Қосымша білім, қызығушылық, мақсат, өзім жайлы деген бөлімдерді мекеменің жұмыс істеу саласы мен өзіне тән ерекшелігіне сай толтырыңыз. Келесі күні сол компанияға қоңырау шалып, түйіндемеңіздің жеткен-жетпегені жайлы сұраңыз. Осылайша, сіз тек осы мекемеде жұмыс

істеуге ниеттенгеніңізді көрсетесіз.

3. Кейбір компанияларда түйіндемеге қосымша электронды хат жіберіледі. Дәстүрлі «Қайырлы күн. Менің түйіндемеңді қарастыруларыңызды сұраймын» демей, осы хатты оқитын кісі сізбен кездескісі келетіндей әсерлі етіп жазыңыз.

Тікірлесуге шақыруды күту

4. Түйіндеме жібергеніңізге бір апта өтті, бірақ жауап келмеді. Мекемеге әлденеше рет қоңырау шалып, жауаптарын сұрап, мазаламаңыз. Бос отырмай, басқа мекемелерге де түйіндеме жіберуді тоқтатпаңыз. Белгілі бір компанияға жұмысқа кіргіңіз келсе, сол мекеме жайлы барынша мол ақпарат жинаңыз. Қазірде әрбір компанияның ғаламторда өз сайты бар. Ал сәті түсіп, сол компанияға кездесуге шақырса, бар біліміңізді аямай көрсетіңіз.

5. “Адам көркі - шүберек” демекші, кей компанияның белгілі киім үлгісі болады. Сондықтан кеңселік киім үлгісін кигеніңіз жөн. Кездесу барысында сол компания жайлы бірнеше сұрақтар қойыңыз. Бұл сіздің осы жұмысқа қызығатыныңызды көрсетеді. Кездесуде күлімсіреп, сұрақтарға толық жауап беріп отырыңыз. Сұрақтарға асықпай, дауыс көтермей, өзіңізге сенімділікпен жауап беріңіз.



Іске сәт!

4. Төмендегі ақпараттарды мәтіндегі азатжолдармен сәйкестендіріңіз.

Ақпарат	Азат жол №
Өзіңіздің жақсы маман екендігіңізді киіміңіз, сөйлеген сөзіңіз арқылы көрсетуіңізге болады.	_____
Түйіндемеңізді белгілі бір компанияға жіберген соң, оның сол компанияға жеткені туралы хабар алыңыз. Әр кезде жаңа түйіндеме құрастырыңыз.	_____
Әр компанияның өз заңы бар. Қосымша хат жіберетін болсаңыз, өзіңіздің сыпайы, білікті маман екендігіңізді көрсететін әсерлі хат жазыңыз.	_____
Пікірлесуге бармас бұрын сол компания туралы мол ақпарат жинаңыз. Ол сіз үшін пайдалы болады.	_____
Сізге жұмыс керек болса, түрлі компанияларға түйіндемелеріңізді жіберіңіз.	_____

5. Мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап беріңіз.

Бұл сөйлемнің мағынасы нені білдіреді?

1 Келесі күні сол компанияға қоңырау шалып, түйіндемеңіздің жеткен-жетпегені жайлы сұраңыз. Не үшін сұрау керек?

2 Сұрақтарға асықпай, дауыс көтермей, өзіңізге сенімділікпен жауап беріңіз. Неге?

- 3 Белгілі бір компанияға жұмысқа кіргіңіз келсе, сол мекеме жайлы барынша мол ақпарат жинаңыз. Бұл не үшін керек?
- 4 «Адам көркі – шүберек» деген мақал қандай мағынаны береді?
- 5 «Жұмысқа еш қиындықсыз орналасу» жас маман үшін мүмкін деп ойлайсыз ба?
- 6 Түйіндемеде өзіңіз туралы жазылған ақпараттар бойынша ғана жақсы жұмыс табу мүмкін бе? Егер мүмкін болмаса, қандай қосымша әрекеттер жасауға болады?

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Зат есім тудырушы жұрнақтар

305 - бет

Менің анам тігінші.
Сенің басты жауың - жалқаулық.
Біздің бастық еңбекқорлықты жоғары бағалайды.
Бұл қызмет орнына үміткер саны өте көп.

1. Қажетті қосымшаны жалғап, жаңа сөз жасаңыз.

-шы, -ші, -кер, -лық, -лік, -тық, -гер

- | | |
|-------------------|---------------------|
| 1 Жұмыс + _____ | 14 Үміт + _____ |
| 2 Зейнет + _____ | 15 Еңбекқор + _____ |
| 3 Жалқау + _____ | 16 Қайрат + _____ |
| 4 Табанды + _____ | 17 Жүргізу + _____ |
| 5 Бас + _____ | 18 Жас + _____ |
| 6 Есеп + _____ | 19 Тәрбиелі + _____ |
| 7 Сауда + _____ | 20 Дәрі + _____ |
| 8 Заң + _____ | 21 Қаржы + _____ |
| 9 Атқару + _____ | 22 Басқару + _____ |
| 10 Сату + _____ | 23 Хат + _____ |
| 11 Би + _____ | 24 Ән + _____ |
| 12 Тәрбие + _____ | 25 Құрылыс + _____ |
| 13 Тігін + _____ | 26 Жазу + _____ |

4. Мәтін мазмұнына сәйкес үш бағанды бір-бірімен сәйкестендіріңіз.

- | | | |
|---|---|--|
| ☐ Ақ түс | ☐ ақ түсті жалау | ☐ нышаны |
| ☐ Оңтүстік америкалық үндістерде | ☐ ақ түсті киім | ☐ қорқақтықтары үшін берген |
| ☐ Ежелгі перуліктерде | ☐ ақ түс | ☐ білдіреді |
| ☐ Жаугершілік заманда | ☐ ақ қауырсынды | ☐ бірлестік пен татулықты білдіреді |
| ☐ әскери қызметтен қашқан француздарға | ☐ бақытты | ☐ бостандықты білдіреді |
| ☐ Психологияда | ☐ ақ түс | ☐ татуласуға шақырған |
| ☐ Кішкентай балалар үшін | ☐ ақ түс | ☐ тазалықты білдіреді |
| ☐ Сән әлемінде | ☐ бейбітшіліктің | ☐ көңіліңізді тыныштандырады. |

Жауаптарыңызды төменге жазыңыз.

- 1 _____
- 2 _____
- 3 _____
- 4 _____
- 5 _____
- 6 _____
- 7 _____
- 8 _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Хабарландыруды оқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ақ шағала» компаниясы жұмысқа шақырады:

- Экономист – 1

Қойылатын талаптар:

- білімі: жоғары;
- жұмыс өтілі – осы салада 2 жылдан кем емес;
- қажетті құжаттар;
- тиынақтылық, ұқыптылық;
- еңбекақысы 120 мың теңгеден жоғары;
- бас директордың көмекшісі – 1
 - білімі: жоғары
 - жұмыс өтілі: ұқсас қызметте жұмыс істеуі;
 - басшылармен және ұжымда жұмыс істей білу;
 - еңбекақысы 150 мың теңге.

Барлық қажетті ақпараттарды 2012 жылдың 1 қарашасына дейін Астана қаласы, Брусиловский к-сі, 17/3 мекенжайына немесе 31-01-02 телефонына, kz.zhumis@mail.ru электронды поштасына жіберулеріңізге болады.

2. Сіз қызметкерлерді қайта даярлау институтының жарнама бөлімінің бас маманысыз. Сізге бөлім бастығы ағылшын тілінің аудармашысы, шығыс және еуропа елдері тағамдарының аспазы қызметтеріне жарнама жазуды тапсырды. Сіз жарнамаңызды қалай жазасыз? Қандай талаптар қоясыз?

ағылшын тілінің аудармашысы

Хабарландыру!

шығыс және еуропа елдері
тағамдарының аспазы

Хабарландыру!

VI БӨЛІМ

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№15



Табысқа жеткізер сөіз жол

Сұхбат беруші табысқа жеткізетін қандай қасиеттерді атады?

Қ_____

Т_____

Е_____

Т_____

Т_____

Ш_____

М_____

Ж_____

2. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

№16



Біріншіден, _____ дұрыс жоспарламаушылық. Екіншіден, өзін-өзі тәртіпке _____ Үшіншіден, _____ айқындай алмаушылық. Төртіншіден, _____ сезінбеу. Бесіншіден, сапарға _____ Алтыншыдан, әріптестерге «_____» _____ айта алмау. Жетіншіден, өмірдегі, көңілдегі, ойдағы _____, _____, _____.

3. Сұраққа жауап беріңіз.

«Алтыншыдан, әріптестерге «Жоқ» деп айта алмау. Өзгенің жұмысын орындау» бұл себептің сіздің жұмысыңыздың уақытында орындалмауына қандай әсері бар? Сіз әріптесіңізге көмектескіңіз келді ғой. Әлде бұл сөздердің басқа да мағынасы бар ма?

4. Тыңдаңыз. Бұл нешінші себептер? Ретін қойып шығыңыз.

Өмірдегі, көңілдегі, ойдағы шашыраңқылық, асығыстық, шыдамсыздық. Қиын мәселеге қатысты сұрақтарды талқылауға дайын болмау.	№__ себеп
Нақты мақсатты айқындай алмаушылық. Жұмысқа деген қызығушылық төмендеп, істі соңына жеткізе алмау. Бір істі қайталап орындай беру.	№__ себеп
Сапарға жиі шығу. Құжаттар мен ақпараттарды сенімді жерде сақтамау.	№__ себеп
Жұмыс күнін дұрыс жоспарламаушылық. Телефонмен шешуге болатын шаруалар үшін де кездесу жасау. «Созбалау» синдромы. Телефонмен, хаттармен, әңгімемен айналысып ұзақ отыру.	№__ себеп
Әріптестерге «Жоқ» деп айта алмау. Өзгенің жұмысын орындау.	№__ себеп
Өзін-өзі тәртіпке келтіре алмаушылық. Табысталған тапсырманың орындалуын қадағаламаушылық, нәтижесін тексермеу.	№__ себеп
Жауапкершілікті сезінбеу. Жұмысыңыз нәтижелі болсын десеңіз, алдымен бітіру керек істерге басымдық беру қажет.	№__ себеп

5. Сөздердің антонимі мен синонимін табыңыз.

антоним	сөз	синоним
	қиындық	
	жауапкершілік	
	қадағалау	
	айқындау	
	шыдамсыздық	
	асығыстық	

АЙТЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс.

А) Сіз қызметкерлерді басқару бөлімінің пікірлесу жүргізетін бас маманысыз. Төмендегі сұрақтарды әріптесіңізге қойыңыз.

16. Өз мамандығыңызды ең қажетті мамандық деп санайсыз ба? Неге?

1. Қанша жастан бастап жұмыс істедіңіз?

15. Сіз туралы әріптестеріңіз қандай көзқараста деп ойлайсыз?

2. Қанша жастан бастап зейнеткерлікке шыққан дұрыс?

14. Компьютермен жұмыс істеу ұнай ма? Неге?

3. Әйел адам ер адам істейтін жұмысты істей ала ма?

13. Өзіңізді жұмысбасты адам деп санайсыз ба?

4. Сіз үшін маңыздысы жоғары жалақы ма әлде қызықты жұмыс па?

12. Қағазбен жұмыс істеу ұнай ма? Себебі не?

5. Өз қызметіңізді ауыстырғыңыз келе ме?

11. Төмендегі үш сөздің қайсысы сізге лайықты?
- еңбекқор
- жалқау
- тиянақты

6. 65 жастан кейін адамдар жұмыс істей алады деп ойлайсыз ба?

10. Жұмыс күні біткеніне қарамастан, жұмысыңызды жалғастыра бересіз бе? Ол үшін басшыңыздан ақша төлеуді немесе демалыс күнін талап етесіз бе?

7. Сіздің ойыңызша, бастық қандай болуы керек?

8. Сіздің жұмысыңыздың пайдалы және пайдасыз жақтары не деп ойлайсыз?

9. Жұмысыңызда жиналыстың көп болғанын қалайсыз ба?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз жаңа жұмыс орнына түйіндемеңізді жіберуіңіз керек. *Қызығушылығы және Жеке қасиеттері* деген бөлімдерде өзіңіздің жеке қасиеттеріңіз бен қызығушылығыңыз туралы не жазасыз?

2. Тапсырмаларды орындаңыз.

Қызығушылығы

Жеке қасиеттері

А) Берілген мәтінді оқыңыз.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Жақсы жағы

1) Менің жұмысым өте қызық, себебі мен күнде әртүрлі маман иелерін, әртүрлі адамдармен кездесемін.

2) Тіл үйренуші жетістікке жеткен кезде қатты қуанамын. Өйткені бұл менің жұмысымның нәтижесі.

Жағымсыз жағы

1) Кейде сабақты дұрыс түсінбей, жоспарланған іс-әрекеттер орындалмайды. Сондай кездерде қатты шаршаймын.

2) Үнемі тіл үйренушінің уақытына тәуелдісің. Кейде олар келе алмай қалады. Сондықтан жеке жоспарларымды өзгертуге тура келеді.

Ә) Өз жұмысыңыз туралы не жаза аласыз?

Мамандығыңыз: _____

Жақсы жағы

- 1) _____

2) _____

Жағымсыз жағы

- 1) _____

2) _____

3. Суретке қарап, әңгіме құрастырыңыз (100 сөз).

ұлы - Әсет



қызы - Айжан



Айжан Қабыкенқызы, 36 жаста



жексенбі күні



бос уақытта



Астана қаласы,
Қабанбай көшесі, 19 үй, 43 пәтер



сенбі күні



VI БӨЛІМ



2

- САБАҚ МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

320 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Қателерді түзетіп, сөйлемдерді көшіріңіз.

Мен естімін.

Сен қойасың.

Сіз есікті жапасыз.

Біз далаға шықамыз.

Бұл менің кітапым.

Сен оқыйсың.

Шалбар киесің бе?

2. Төмендегі жарнамаларды оқыңыз. Әр жарнамада қандай мамандық туралы айтылғанын табыңыз.

Біз күш-жігері мол, адамдармен тез тіл табысатын, әрқашан мақсатына жететін, табанды, қайратты адамдарды жұмысқа шақырамыз. Сіз күнде әртүрлі жаңа адамдармен кездесіп, оларға біздің өнімді жарнамалайсыз. Басқа қалаларға іссапарға шығуыңыз да мүмкін. Егер сіз шыдамды, мақсатшыл, қиындықтан қашпайтын адам болсаңыз, төменде көрсетілген мекенжайға хабарласыңыз!



Бізге шығармашыл, балалармен жұмыс істей алатын, өз міндетін жауапкершілікпен атқаратын жоғары оқу орындарының түлектері керек! Балалармен жұмыс істеу – сенің жетістіктеріңнің айқын көрсеткіші! Егер өзіңнің білікті маман екендігіңе сенімді болсаң, бізге кел!

Біз 35 жастан жоғары, қиындықтарға шыдай білетін, қызықты жұмыстан қашпайтын адамдарға іздеу саламыз! Жұмыста сіз өзге адамдардан қысым көруіңіз ықтимал. Сіздің жеке басыңызға қатысты жағымсыз сөздерді де естуіңіз мүмкін. Егер осындай қызық пен қиындыққа толы жұмыс қызықтыратын болса, сіз үшін біздің есігіміз ашық!



Ережемен танысыңыз.

Қос сөздер	306 - бет
Бұл дәріхана күндіз-түні ашық, тәулік бойы жұмыс істейді. Неге қайта-қайта сұрай бердің?	

3. Екі бағандағы сөздердің жұбын табыңыз.

Әке –	_____	шеше
Бала –	_____	қайта
Ата –	_____	кіші
Күндіз –	_____	мат
Қайта –	_____	шаға
Үлкен –	_____	ана
Ат –	_____	түні

Ережемен танысыңыз.

Біріккен сөздер	306 - бет
Бұл кәсіпорын немен айналысады? Оның еңбекақысы жоғары екен. Көшбасшы болу үшін табандылық, білімділік керек.	

4. Берілген сөздерден біріккен сөз жасаңыз.

кәсіп жал еңбек баспа жұмыс көш
ақы басты сөз басшы ақы орын

кәсіп_____

еңбек_____

жұмыс_____

жал_____

баспа_____

көш_____

5. Мәтіндегі етістіктерді қажетті түрге қойып, оқыңыз.

“Еңбекқор адам”



Сіз күніне қанша сағат жұмыс істейсіз? Кешке жұмыс уақыты біткеннен кейін «үйімде бітіремін» деп қалған жұмысты үйіңізге алып кетесіз бе? Демек, сізді нағыз «еңбекқор» адам деп айтуға болады. Мұндай адамдар тәулігіне 12 сағат жұмыс істейді // жұмыс істеді. Соның арқасында отбасының хал-жағдайы жақсы, табысы жоғары // жоғары болады. Бәрі жап-жақсы, көңілдегідей көрінді // көрінеді. Бірақ олар отбасына көңіл бөлуді артық санайды // артық санады. Бала-шағасы болғанына қарамастан, күндіз-түні жұмыс істейді.

Мұндай адамдар артық жұмыс сағаты үшін қосымша жалақы да сұрамайды. Еңбек келісімшартындағы белгіленген жұмыс сағатын ұмытып, жан-тәнімен жұмыс істейді. Демалыс күндері олар өздерімен-өздері үйде отырып, теледидар алдын бермейді // бермеді. Ал егер жұмысқа шақырса, қуана-қуана барады // барды. Ол өз ұжымынан бөлек болғысы келеді // болғысы келмейді. Ұжыммен көп уақыт өткізуге // өткізуіне тырысады.

Мұндай жұмысбастылықты, өз қызметіне тәуелділікті нашақорлықпен салыстыруға // салыстыруды болады. Бұл – аурудың // ауру бір түрі. Ал ауру емдеуді қажет етті // етеді. Сондықтан ондай “еңбекқор адамдарға” ең бірінші, отбасы көмектесуі қажет // көмектесуге қажет. Егер ол отағасы болса, оны бұл аурудан емдеуге ынтаңызбен кіріскеніңіз дұрыс.

6. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіз күніне қанша сағат жұмыс істейсіз?
2. Жұмыстан уақытында қайтасыз ба?
3. Жұмыста сағат кешкі 18.00-ден кейін жиі қаласыз ба?
4. Жұмыста өзіңіз қаласыз ба әлде бастықтың айтуымен қаласыз ба?
5. Үйіңізге қайтуға асығасыз ба?
6. Отбасыңызбен жиі уақыт өткізесіз бе?
7. Әріптестермен бірге болған ұнай ма?
8. Сіз тәулігіне қанша сағат жұмыс істейсіз?



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Бөлшектік сан есім

306 - бет

Жұмыстың *үштен бірі* бітті.

Өнімнің тең *жартысы* жөнелтілді.

Жұмыссыздық *екі жарым* пайызға артып отыр.

1. Бөлшектік сан есімдерді сөзбен жазыңыз.

Бөлшектік сан есім


1/2 *екіден бір* _____
1/4 _____
4/5 _____
1,5 _____
3/4 _____

2. Жауабын табыңыз.

Бір бөлмеде он екі адам отырады. Әріптестеріңіз кей күндері түскі тамаққа асханаға бармай, пиццаға тапсырыс береді. Екі әріптесіңіз тауық еті қосылған пиццаны, үшеуі бұрыш қосылған, бесеуі шұжық қосылған, ал қалғандары саңырауқұлақ қосылған пиццаны жақсы көреді. Сонда қанша адам саңырауқұлақ пиццасын жақсы көреді?

Сіздің жауабыңыз: _____





Лаураның кітабының беті – 300. Ол кітабының үштен бір бөлігін бес-алты күнде оқып бітірді. Сонда оқылмаған қанша беті қалды? Қалған бетін қанша күнде оқып бітіреді деп ойлайсыз?

Сіздің жауабыңыз: _____

3. Сан есімдерді өзгертіп жазыңыз.

Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім
Бір	_____	_____
Екі	_____	_____
Үш	_____	_____
Төрт	_____	_____
Бес	_____	_____
Алты	_____	_____
Жеті	_____	_____

ОҚЫЛЫМ

1. Төмендегі пікірді оқыңыз.

Ғалымдар бірқалыпты жұмыстың зиянын анықтады

Сарагоса Университетінің психологтары жүйкені тоздыратын, күйзеліске жақын, қауырт жұмысқа қарағанда іш пыстыратын, бір қалыпты жұмыстың тигізетін зияны анағұрлым жоғары екенін айтады. Бұл тұрғыда, көбіне, қызмет көрсету саласындағы жұмыскерлер мен шенеуніктер зардап шегеді екен. Әсіресе, бір қызметте 16 жылдан аса жұмыс жасап келе жатқан ер адамдар енжарлыққа жақын келеді.



Англиядағы Саутгемптон университетінің қызметкерлері түнгі жұмыстың бедеулікке акеп соғатынын мәлімдеген

Ал сіз бұған не дейсіз?

Бұл аурудың емі - белсенді өмір сүру, өзіне қызықты, сүйікті істермен айналысып, достармен жиі-жиі кездесіп тұру!
Психолог

1. Адамның тәулігіне неше сағат жұмыс істейтіндігі оның жұмысының нәтижесіне әсер етеді деп ойлайсыз ба?
2. Сіз күндізгі жұмысты жақсы көресіз бе, әлде түнгі уақытта жұмыс істегенді ұнатасыз ба?
3. Жұмыс уақыты біткен кезде үйлеріне қайтатын қызметкерлер туралы не ойлайсыз? А) бұл қызметкерлер, шынымен, күндік жұмыстарын бітіреді? Б) Мұндай қызметкерлер күні бойы тек уақытын санап отырады. С) Қосымша қалған уақытқа қосымша ақы төленсе, бәрі қалатын еді.
4. Ал сіз жұмыстан өз уақытында қайтасыз ба? Неге иә? Неге жоқ?

2. Мәтінді оқыңыз.

Немістер тәулігіне бес-ақ сағат жұмыс істейді

ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы) елдерінде азаматтардың еңбек уақыты бір аптаға 40 сағаттан келеді екен. Ал Еуропада жұмыс уақыты ең қысқа елдердің тізімін Германия мен Нидерланды бастап тұр.

Мәселен, аталған елдерде жұмыскүнішамамен 5сағатқа созылады. Таң-тамаша болып отырсыз ба? Сонда бір жыл көлемінде 1 330 сағат жұмыс істейді деген сөз. Ал бір сағат еткен еңбегі үшін Германияда

– 35, Нидерландыда 42 доллар көлемінде жалақы төленеді. **Әлемдегі жұмыс уақыты ең қысқа елдердің** қатарына келесі елдер де кіреді. Францияда еңбек келісімшарты бойынша аптасына 26 сағат, Австрияда 27,5 сағат, Бельгияда 27,8 сағат, Ирландияда 28,3 сағат, Данияда 28 сағат, Люксембургте 30 сағат, Финляндияда 30 сағат, Британияда 31 сағат жұмыс істейді. Айта кетсек, дәл осы ондыққа кірген елдердің еңбекақысы да жоғары болып саналады. Айтып-айтпай не керек, еуропалықтар өз қызметкерлерінің асты-үстіне түсіп, барлық жағдайларын жасайды. Бір ескеретіні, жұмыста сирек, анда-санда болса да қалып, **кеш бойы жұмыс істейтін неміс жұрты** болып шыққан. Олар келісімшарттағы бекітілген жұмыс уақыты әлдеқашан бітіп қалса да, жұмыс орнында отырып, үлкен ізденіс үстінде еңбектенеді екен. Бұл көрсеткіш жағынан олар барлық елдерден алда тұр. Мүмкін, ірі кәсіпорындардың тоқтамауы, баспасөз беттерінде олардың ашқан жаңалықтары туралы дүркін-дүркін жазатындары да осыдан болар. Көп сала бойынша олардың көшбасшы болып тұрғандары анық, оны мойындау керек.



3. Мәтіннен қос сөздер мен біріккен сөздерді теріп жазыңыз.

Қос сөздер

Біріккен сөздер

4. Мәтінді мұқият оқыңыз, берілген кестені толтырыңыз.

Жұмыс уақыты

Қай елде?

1. Аптасына отыз сағат
2. Аптасына жиырма жеті бүтін оннан бес сағат
3. Аптасына жиырма алты сағат
4. Аптасына жиырма жеті бүтін оннан сегіз сағат
5. Аптасына отыз сағат
6. Аптасына жиырма сегіз сағат
7. Аптасына жиырма сегіз бүтін оннан үш сағат
8. Аптасына отыз бір сағат

5. Төмендегі сұхбатты оқыңыз.

Пікірлесуші: Сіз қазіргі жұмысыңызды не үшін ауыстырғыңыз келеді?



Үміткер: Қазіргі жұмысымда жұмыс сағаты өте көп. Келісімшартқа қарамастан, кешкі алтыдан кейін жиі қаламын. Отбасым, жас балам болғандықтан, жұмысымды ауыстырғым келеді. Жаңа жұмысымда дер кезінде үйіме қайтсам екен деймін. Аптасына аз жұмыс сағаты болса ғой...

Сіздің жауабыңыз:

Сіз осы сұраққа қалай жауап берер едіңіз?

Жас маманға айтылар кеңес



Есте сақтаңыз!

Көз - қорқақ, қол - батыр

Еңбек етсең ерінбей,
тояды қарның тіленбей

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті

Ерте тұрған жігіттің ырысы артық,
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұхбат берушілер туралы ақпаратты толтырыңыз.

№17



Сұрақтар:

№1 адам

№2 адам

Есімдері

Мамандықтары

Еңбек өтілі

Отбасы жағдайлары

Қай жақтан?

Қайда бара жатыр?

Жұмыстары ұнай ма?

Жұмыстарында
қиындық бар ма?

2. Сұхбатты қайта тыңдаңыз. Төмендегі кестені толтырыңыз.

Қос сөздер

Біріккен сөздер

Бөлшектік сан есім

3. Сізге өз жұмысыңыз ұнай ма?

4. Алдағы 10 жылда дәл осы жұмысыңызды жалғастыра беремін деп ойлайсыз ба?

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Бір мамандықты жұмбақтап айтыңыз. Қалған топтастарыңыз сол мамандықты табуы керек.

Үлгі: *Бұл мамандықтың жалақысы жаман емес. Ол адамдармен жұмыс істейді. Ол үнемі атақты, танымал адамдарды іздеуі керек. Сонымен қатар ол елдегі жаңалықтар және болып жатқан жаңалықтар туралы бірінші естиді. (Журналист-тілші).*

Сіздер жасыруға тиісті мамандық атаулары: *бастық, тергеуші, суретші, хатшы.*

2. Жұптық жұмыс. Әріптесіңіз не досыңызбен пікір бөлісіңіз.



Алғашқы пікірлесуіңіз туралы айтып беріңізші. Қалай өтті?



Алғашқы пікірлесуде өзіңіз туралы жағымды пікірді қалай қалыптастырасыз?

3. Мамандықты қалай таңдау керек?

Сіздің қолыңызда мамандықты таңдауда бағыт берер 5 кеңес бар. Осы кеңестерді өз топтасыңызбен талдаңыз. Келісемін және келіспеймін деген жауаптарыңызды нақты дәлелдермен дәлелдеңіз.

1. Алдымен елімізде бар мамандықтардың тізімін жасау қажет. Қай мамандық туралы көбірек сөйлеп, сипаттай алатын болсаңыз, сол мамандық сіздің табиғатыңызға жақын деген мағынаны білдіреді.

2. Сіздің хоббиіңіз қандай? Сіз оны мамандыққа айналдыра алар ма едіңіз?

3. Сәнге айналған мамандыққа жүгірмеңіз.

4. Мамандықтың жаманы жоқ.

5. Амал жоқтықтан таңдау.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Әріптестеріңіздің арасында сауалнама жүргізіңіз.

Сауалнамада қойылатын сұрақтар:

- 1) Бұл мамандықты кім таңдады: өзіңіз әлде ата-анаңыз немесе тағы басқа адам?
- 2) Қазіргі жұмысыңыз ұнай ма? Неге ұнайды? 5 себеп.
- 3) Қазіргі жұмысыңыз өзіңізге ұнамай ма? 5 себебін жазыңыз.
- 4) Егер бұл мамандық болмаса, қандай мамандық иесі болар едіңіз? Неге? Себебін түсіндіріңіз.
- 5) 5 жылдан кейін өзіңізді осы сала бойынша қандай жетістікке жетемін деп ойлайсыз? Неге?

2. Сауалнама жауаптары бойынша сараптама жасаңыз. Қорытынды баяндама жазыңыз.

3. Өз жұмысына көңілі толмай жүрген әріптестеріңізге қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

4. Отбасы жағдайыңызға байланысты қазіргі жұмысыңыздан кетіп қалдыңыз. Енді сізге жаңа жұмыс орнын табу керек. Газетке, интернетке жұмыс іздеу туралы хабарлама жазыңыз.



VII

БӨЛІМ



1-САБАҚ Зат есім тудырушы жұрнақтар

2-САБАҚ Өзгелік етіс

1

- САБАҚ

ОТАНДЫҚ ТАУАР

320 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Берілген хаттағы грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық қателерді табыңыз.

А. Сол қателерді таба аласыз ба?

Сәлем! Менің атым – Санжар. Менде 28 жас. Менің екі ағаларым сондықтан үш қарындас бар. Мен Астанада тұрамын. Мамандығым – қаржыгер. Мен 2000 жылы Алматыда оқимын. Менің көп достар бар. Олар көңілді, мейірімді достар. Мен оларды жақсы көреді. Сенің атыңыз кім? Менге хат жазыңыз. Сеннен хат күтемін.

Санжар

12.10.2017 жыл.

Ә. Хатты қатесіз көшіріп жазыңыз.

2. Бұл тапсырмада сіздің досыңыз пессимист адам болып жауап береді.



Сіз

Біз кешке тамақты жазғы бақта ішеміз.

Мен жүргізуші куәлігін алу үшін сынақ тапсырамын.

Сағат сегізде мен досыммен кездесемін.

Ағам жаңа жұмыс іздеп жүр.

Ертең ұшақпен Астанаға ұшамыз.

Бүгін менің әріптестерім киноға барады.

Сағат кешкі алтыдағы пойызға отырамын.

Жазғы демалыста ауылда барамын.

Ертең пікірлесуге шақырды.

Пессимист

Жоқ, кешке жауын жауады.

Сен сынақты тапсыра алмайсың.

3. Берілген сөздерді пайдаланып, бір күндік жұмыс күніңізді жазыңыз.

Тұрамын, жуынамын, жасаймын, кездесемін, талқылаймын,
үзіліс, жиналысқа қатысу, мінемін, жұмыс істеймін, барамын,
киінемін, телефон соғамын, компьютермен жұмыс, хат жазамын.

Ережемен танысыңыз.

Болжалдық сан есім

308 - бет

Ондаған адам келе жатыр.
Айымның әкесі қырықтардағы келбетті кісі екен.
Оның шетелден алған хаттары ондай болып қалады.

4. Сандарды үлгі бойынша жазыңыз.

10	ондаған	ондарда	-	он шақты
40				
20				
30				
50				
100				
200				
1000				

5. Сан есімдерді тиісті бағанға ажыратып жазыңыз.

жетеу, бес, үштен екі, бес шақты, мың, жүздеген, жүзден алты,
он үшінші, бесеу, бірінші, төртеу, жиырмасыншы, біреу, отызыншы,
отыздай, екіден бір, мыңнан үш, қырық, сегіз, екеу, сегіздерде,
төрттен үш, алтыншы, жиырма, қырықтарда

есептік	реттік	бөлшектік	жинақтық	болжалдық
1. _____	1. _____	1. _____	1. _____	1. _____
2. _____	2. _____	2. _____	2. _____	2. _____
3. _____	3. _____	3. _____	3. _____	3. _____
4. _____	4. _____	4. _____	4. _____	4. _____
5. _____	5. _____	5. _____	5. _____	5. _____

6. Дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Бір айда ☐ жүзінші / ☐ жүздеген сәби дүниеге келіпті.
2. Арнайы марапатқа ☐ оннан бір / ☐ он-оннан адам ұсынылған.
3. Белгілі журналистпен кездесу түстен кейін ☐ екі / ☐ екілерде болмақ.
4. Қыркүйектің аяғында бақшадан ☐ жүзден / ☐ жүзінші қауын-қарбыз аламыз.
5. Сағат ☐ алтыларда / ☐ алтыншы жолаушыларды тасымалдау көлігі жүреді.
6. Менің ойымша, жақсы жұмыс үшін ☐ мыңдаған / ☐ мыңыншы адамдар күреседі.

ГРАММАТИКА

Мөлшер үстеуі

308 - бет

Бұл жылы қыста **онша** суық болмады.
Отандық өнім **едәуір** көбейіп қалды.
Бұл бөлім қызметкерлерінің білімі **анағұрлым** жоғары екен.

1. А бағанындағы сұрақты Ә бағанындағы жауаппен сәйкестендіріңіз.

А	
1 - ___	– Әсем, мына көйлек әдемі ме?
2 - ___	– Мына жоба қызық па?
3 - ___	– Әріптестеріңіз тапсырысты жұмаға дейін аяқтап үлгере ала ма?
4 - ___	– Пікірлесу қалай болды, қиналдың ба?
5 - ___	- Аялдамада тұрғаныңызға көп болды ма?
6 - ___	- Саябақтың қарама-қарсысында ашық жер бар ма?
7 - ___	- Әпкеңнің егіздерін ажырата аласың ба?
8 - ___	- Мына көліктің сапасы туралы не айтасыз?

В	
А	- Едәуір бөлігін аяқтадық, үлгереміз деп ойлаймын.
Ә	- Он-он бес минуттай тұрмын.
Б	- Өткендегімен салыстырғанда анағұрлым қызықтау.
В	- Анағұрлым үлкен жер бар, киіз үй қоюға ыңғайлы.
Г	- егер екеуі қатар тұрмаса, едәуір қиналамын....
Ғ	- Онша емес қой, анау әдемілеу сияқты
Д	- Пікірлесуші сұрай бастағанда, қатты қорықтым.
Е	- Басқаларына қарағанда анағұрлым жақсы деп ойлаймын.

2. Қажетті сөзді қойып, диалогті аяқтаңыз: онша, анағұрлым, едәуір.

- Жазғы демалысты қайда өткізесің?
- Әзірге білмеймін. Түркияға _____ барғым келмейді.
- Бурабайға барып па едің? Онда демалушыларға _____ жағдай жасалған.
- Иә, солай деп естідім. Бұрынғыдай емес, _____ жақсы болып қалыпты дейді.
Ойланып көрейін.
- Егер барғың келсе, бізбен жүр, осы демалыста барамыз.
- Жарайды, келістік.

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз жиі дүкен аралайсыз ба?
2. Сіз дүкен аралауды ұнатасыз ба? Не үшін?
3. Көбінесе қандай дүкендерді аралайсыз: азық-түлік, киім-кешек, аяқ киім, тұрмыстық заттар, жиһаздар?



2. Дүкеннен зат сатып аларда ұстанатын басты ұстанымыңыз:

- ✓ тауар қымбат болса, сапалы болады;
- ✓ арзан болғанымен, сапасы жаман болмауы мүмкін;
- ✓ тек отандық өндірушілердің тауарларын аламын, басқа елден келген тауарларға сенбеймін.

3. Төмендегі пікірлерді оқыңыз. Келісесіз бе?

– Мен сүт өнімдерін тек отандық өндірушілерден аламын. Неге десеңіз, сүт өнімдерін ұзақ сақтауға болмайды. Ал шетелден әкелінетін сүт өнімдерінің сапасы, менің ойымша, жақсы емес. Біздегі ешкі сүтінен жасалатын ірімшікті отбасымызбен тұрақты сатып алып жейміз. Сүт те тек «Адалдан». Қаймақ та.



– Мен тек голландтық ірімшікті сатып аламын. Алған кезде үнемі қайдан әкелінгенін сұраймын. Біздің ірімшіктердің сапасы маған ұнамайды. Сондай-ақ, ірімшіктерді голландтықтар керемет жасайды деп ойлаймын. Ал біздің өнім сапалы емес.

4. Сіз білесіз бе?

1. Сіз кез келген сала бойынша қандай отандық өндірушілерді білесіз?
2. Сіздің ойыңызша, отандық тауарлар сапалы ма?
3. Тауар сапасы үшін берілетін жүлделер бар деп ойлайсыз ба? Егер болса, аттарын атай аласыз ба?
4. Үйіңізде азық-түлік қораптарында, киім-кешек, аяқкиімдерде, тұрмыстық заттар мен жиһаздарыңыздың ішінде «Қазақстанда жасалған» деген белгі бар ма?

5. Мәтінді оқыңыз.

«Алтын сапа» - үздіктерге берілетін сыйлық

Әлемнің жетпістей елінде тауар сапасы бойынша берілетін ұлттық байқаулар бар екен. Олардың арасындағы ең абыройлысы – Жапониядағы Деминг сыйлығы. Одан кейін АҚШ-тағы Малькольм Болдридж атындағы ұлттық сапа сыйлығы және Еуропалық сапа сыйлығы тұрады. Олардың ортақ ұқсастығы сапа үшін берілуі болғанымен, түрлі бағыттар бойынша берілетінімен ерекшеленетін бөлек сипаттары да бар. Еуропалық сыйлық қоршаған орта мен тұтынушылар қызығушылықтарын қорғауға басымдық берсе, Деминг жүлдесі стандарттау әдістерінің қаншалықты кең қолданылуына мән береді.

Ал Болдридж сыйлығын стратегиялық жоспарлауды бәрінен де анағұрлым жақсы жүргізгендер ала алады. Деминг сыйлығының тарихы онша ұзаққа бармайды, ол Жапонияда сапа дамуына үлкен үлес қосқан Э. Деминг құрметіне 1951 жылы тағайындалды. Ал АҚШ-тың Малькольм атындағы ұлттық сапа сыйлығының тарихы 1887 жылдан басталады. Еуропалық сапа сыйлығы басқаларынан едәуір «жас», 1992 жылдан бастап қана беріле бастады. Ал біздің елімізде осы сыйлықтарға ұқсас «Алтын сапа» сыйлығы бар.

«Алтын сапа» – бұл сапа саласындағы жетістіктер үшін берілетін, 2006 жылы Президент арнайы тағайындаған ұлттық награда, Елбасы сыйлығы. Байқауға жүздеген, кейде, тіпті, одан да көп кәсіпорын қатысады. Сол жүз-екі жүз шақты қатысушылардың арасынан озып шыққан үш кәсіпорынға ғана жоғары дәрежедегі «Алтын сапа» сыйлығы беріледі. «Алтын сапа» сыйлығын жеңіп алған мекемелер сапа эмблемасын екі жылға дейін жарнамалық мақсатта пайдалана алады. Байқауға жыл сайын 200-ге жуық кәсіпорын үміткер ретінде тіркеліп қатысқанымен, осыған дейін тек 30 шақты кәсіпорын ғана президенттік «Алтын бүркітке» ие болған. «АСУ» ауыз суы белгісімен «RG Brands Kazakhstan» ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік), «Қазақстан теміржолы» «Локомотив құрастыру зауыты» және «Хан Шатыр» ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) «Алтын сапа» сыйлығының лауреаттары атанды. Жыл сайын өткізілетін «Алтын сапа» сыйлығы екі санат бойынша үш аталымда беріледі. Олар «үздік өндірістік тауарлар шығаратын кәсіпорын», «үздік халық тұтынатын тауарлар шығаратын кәсіпорын» және «үздік қызмет көрсететін кәсіпорын» деп аталады. «Алтын сапа» лауреаттары бұл құрметті белгіні Елбасының өз қолынан алады.



6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тұтынушы қолданатын тауар сапасы бақылауға алына ма?
2. Сіздің ойыңызша, тауар сапасын кім анықтауы тиіс: арнайы тексерушілер ме әлде тұтынушы халық па?
3. Тексерушілер тарапынан берілетін тауар сапасаның бағасы қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?

7. Болжалды сан есімі бар сөйлемдерді мәтіннен тауып, ықшамдап, өз сөзіңізбен жазыңыз.

8. Дүниежүзі бойынша тауар сапасы үшін берілетін сыйлықтардың ең беделдісі қайсысы? Ретімен жазыңыз.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

АРЫЗ - ШАҒЫМ

Көрсетілген қызметке
көңіліңіз толмағанда

Тауар сапасының
нашар болуы немесе
дұрыс сақталынбай,
бұзылған кезінде

Кімнен?

Жеке адам атынан

Ұжым атынан

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ! ЕСТЕ САҚТАҒАНЫҢЫЗ ЖӨН!

1. Арыз белгілі бір себеппен ғана жазылады.
2. Арыз онда айтылған мәселені шешуге құқы бар адам атына жазылады.
3. Арыздың алты реквизиті бар: кімге жолданғаны, кім жазғаны, құжат аты, мазмұны, қолы, мерзімі.
4. Арыз қарапайым қаламмен, таза түзетулерсіз жазылуы керек. Компьютерді немесе оргтехниканы қолдануға болады.
5. Арыз құрылымы:
 - құжат адресациясы (кімнің атына жазылғаны);
 - құжат аты;
 - негізгі мәтін;
 - қосымша болса оған сілтеме;
 - жазылу мерзімі;
 - қолы;
 - арыз мазмұнымен келісушілер қолы, адресацияға лауазым иесінің, мекеме, ұйым басшысының ресми қызметінің толық аты, қажет жағдайда фамилиясы, аты-жөні кіреді. Адресация парақтың оң жағын ала жазылады.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№18



1. Сұхбат не туралы болды?
2. Сұхбат беруші қандай жұлде туралы айтты?
3. Бұл сұхбат сізге қызықты мәлімет берді ме?

2. Сұхбатты қайта тыңдаңыз. Байқауға қатысудың негізгі талаптары қандай?



3. Бұл жүлде қандай санаттар бойынша жүргізіледі?

1. _____
2. _____
3. _____

4. Жүлде жеңімпазы нешеу болады? Дұрыс жауапты таңда.

- | | |
|----------------------------|----------------------------|
| ☐ 2 | ☐ 5 |
| ☐ 3 | ☐ 1 |

5. Аталған жүлдені берудің қандай қажеттілігі бар?

1. _____
2. _____
3. _____



АЙТЫЛЫМ

1. Рөлдік ойын. Топтастарыңыздың арасынан бір адам теледидар бағдарламасының жүргізуші болып тағайындалады. Жүргізуші ортаға белгілі сусабын өндірушісін шақырады. Өндіруші өз тауарын жарнамалап, оның ең жақсы сусабын екендігіне сіздерді сендіруге тырысуы қажет. Сіздер өндірушіге оның тауары, сапасы, аталуы, қандай шаш үшін қолданылатындығы туралы сұрақтар қоясыздар.

1. Бұл соңғы технологиямен жасалынған, қазіргі талаптардың барлығына жауап беретін жаңа сусабын

2. Бұл қандай шашқа арналған сусабын? Қалай аталады?

3. Бұл барлық шаш түрлеріне сәйкес келеді. Әмбебап сусабын деуге болады.

4. Сусабыныңыздың атауы қалай? Неге олай атадыңыз? Атауын сіз таңдадыңыз ба?



2. Жағдаят.


Сіз азық-түлік дүкенінде сүт өнімдерін алып жатырсыз. Сізден басқа тағы бір сатып алушы да ірімшік таңдап алып жатыр. Сіз оның тек шетелдік ірімшіктер сөресін қарап жатқандарын көрдіңіз.

2. Отандық ірімшіктер сөресіне жақындап, отандық өнімдермен таныстырасыз.

Сіздің тапсырмаңыз:

1. Сіз оның жанына барып, неге отандық ірімшіктерді қарамайтынын сұрайсыз.

3. Отандық өнімдердің шетелдік өнімдерден айырмашылығын көрсететін нақты дәлелдер келтіруіңіз қажет.



- А) жасалу құрамы
- В) жеткізілу жағдайы
- С) қашықтық
- Д) бағасы

ЖАЗЫЛЫМ

1. Егер сіз тауар сапасы туралы сыйлық берер болсаңыз, жүлдеңізді қалай атар едіңіз? Оның берілу шарты қандай болады?

1. Өз тобыңызға Қазақстанда жасалатын өнімдер, оның ішінде сүт өнімдері туралы баяндама жасаңыз.

Баяндамыңызда мына мәселелер қамтылуы тиіс:

- А) өндірушінің толық аты-жөні, мекені
- В) өнім жарамдылығы қанша күнге жарамды
- С) бағасы
- Д) дүкендерге жеткізілуі
- Е) өзіңіз жеке ерікті ретінде сауалнама жүргізіп, нәтижесін хабарлаңыз

2

- САБАҚ

ОТАНДЫҚ ТАУАР

321 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Тиісті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1) Мен сізді түсінбедім, _____

2) Менің қолым бос емес, концертке Әсет ..

3) Кешіріңіз, Абай көшесіне қалай _____ ?

4) Марат Асанұлы әлі келген жоқ, _____

1) барсын

2) баруға болады

3) осында күте тұрыңыз

4) қайталап жіберіңізші

2. Мағыналас сөздерді сәйкестендіріңіз.

жұмыс ☐

немере ☐

ата-ана ☐

ағайын ☐

☐ әке-шеше

☐ туысқан

☐ қызмет

☐ ұлдың ұлы / қызы

3. Берілген мәтінді оқыңыз.

Пультті қазақ ойлап тапқан

Демалыс күндері ың-шыңсыз, рахаттанып жатып, көгілдір экраннан жақсы бір хабар, кино, концерт көргіңіз келе ме? Қандай да бір спорттық жарыстардың жанкүйері болсаңыз, күндіз-түні теледидар сіздікі деген сөз. Кәдімгі теледидардың пультын қолыңызда қайта-қайта ұстап жатып, осы затты алғаш кім ойлап тапты екен деп ойландыңыз ба?

Пультті алғаш қазақ азаматы Шәкен Ниязбеков ойлап тапты дегенге сенесіз бе? Кәдімгі Қазақстан Туының авторы – Шәкен ағамыз! Ол өткен ғасырдың 60-жылдары Санкт-Петербург сурет академиясында оқып жүргенде, осы өнертабысымен жұртты таңғалдырған екен.

1964 жылы Чехословакияда өткен өнертапқыштардың халықаралық байқауында ленинградтық студент Ш.Ниязбеков бас жүлдеге ие болады. Кейін бұл өнертабысы Санкт-Петербургтегі көрмеге қойылады. Бірақ осы дүниесі ізім-қайым жоқ болып кетеді. Көп ұзамай ұрлық ашылады. Пультті ұрлаған Жапонияның жансызы ұсталады.

Ұрлық үшін кінәлі болған жапондықтар Шәкен Ниязбековке 20 мың рубль төлейді. Ендеше, «пультті қазақ ойлап тапқан деп» мақтанышпен айтуға болады.



Мәтіннен қос сөздер мен біріккен сөздерді теріп жазыңыз.

Қос сөздер

Біріккен сөздер

4. Берілген сөздерге мағыналас сөздерді табыңыз.

А

- 1 - ___ аймақ
- 2 - ___ жуық арада
- 3 - ___ кездестіру
- 4 - ___ балдай тәтті
- 5 - ___ Әттеген-ай!
- 6 - ___ Бәрекелді!
- 7 - ___ өнім

В

- А Ой, пәлі!
- Ә тәтті
- Б Қап!
- В тауар
- Г өңір
- Ғ жолықтыру
- Д жақында

Ережемен танысыңыз.

Одағай	309 - бет
<i>Бәрекелді</i>, жоспарды асыра орындапсыздар! <i>Ойпырым-ай</i>, биыл қыс суық болатын сияқты. <i>Қап!</i> Бүгінгі істі ертеңге қалдырмау керек еді. Қазір демалысқа кетсем ғой, <i>шіркін!</i>	

5. Дұрыс жауаптың астын сызыңыз.

1. Мен жұмысқа тағы да кешігіп қалдым-ау, *қап* / *алақай*!
2. *Бәрекелді* / *әттеген-ай*, тапсырманың барлығын дұрыс орындағаныңызға қуанып тұрмын.
3. *Қой* / *жарайсың*, біреу туралы жаман сөз айтушы болма!
4. Мына қыздың көріктісін, *nah-nah* / *тек*!
5. *Алақай* / *қап*, ертең жалақы береді!

6. Одағайларды түрлеріне бөліп жазыңыз:

көс-көс, алақай, тек, бәрежелді, әттең, қап, шөре-шөре, құрау-құрау, тәйт, шек-шек, мәссаған, әукім-әукім, жә-жә, ойбай, нұшайт-нұшайт, сап-сап, жә.

Көңіл күй одағайлары:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

Жекіру одағайларын:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

Шақыру одағайлары

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

7. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

- 1) _____, сынақ нәтижесінен бес алдым!
- 2) Пойыздың ерте жүретінін білмей қалғаным-ай, _____!
- 3) _____, әрқашан жақсы сөз айтуға тырыспайсың ба!
- 4) Енді не істеймін, _____!

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Өзгелік етіс

309 - бет

Бұл ойыншықтар баланы еріксіз күлдіреді.
Дайын өнімді тікелей дүкенге жөнелтеміз.
Ағаштарды көктемде осы жерге отырғызамыз.

1. Тиісті қосымшаны қойыңыз.

- ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т

айт_____ған бар_____ды
 бер_____ген кел_____бек
 сал_____ған қара_____
 жаз_____ған жүз_____ді
 жаса_____ көрсе_____

- дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір

сал_____ тік_____
 жаз_____ кет_____
 көн_____ ас_____
 сен_____ өш_____
 тамақты ас_____ айт_____

2. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Өзгелік етісте тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мен сурет өнеріне қызығамын.
 B) Сурет өнері мені қызықтырады.
 C) Сурет өнеріне мен қызыққанмынмын.
 D) Мен сурет өнері қызықтырады.

2. Өзгелік етісте тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Маған көп жұмыс істетті.
 B) Мен көп жұмыс істедім.
 C) Көп жұмысты істедім.
 D) Мен көп жұмыс істейін.

3. Өзгелік етіске жатпайтын сөзді белгілеңіз.

- A) айтқыз
 B) жалғыз
 C) апарғыз
 D) Барғыз

3. Дұрыс форманы қойып, мақалды аяқтаңыз.

- A) Айт_____ған - жамандықтың белгісі,
 Қамшыла_____қан - шабандықтың белгісі.
 B) Көз жет_____ер,
 Көз жет_____бегенді
 Сөз жет_____ер
 C) Елдес_____мек — елшіден,
 Жаулас_____мақ — жаушыдан.
 D) Би жаманы дауға қал_____ады,
 Жігіт жаманы жауға ал_____ады.

4. Өзгелік етісі бар сөйлемді белгілеңіз.


- A) Жиналысқа барлық қызметкерлерді жинайды.
 B) Жиналысқа барлық қызметкерлерді жинамақ.
 C) Жиналысқа барлық қызметкерлерді жинатқызады.
 D) Жиналысқа барлық қызметкерлер жиналмады.

5. - дыр, - дір, - тыр, - тір - қандай етістің жұрнағы?

- A) Өздік етіс
 B) Өзгелік етіс
 C) Ырықсыз етіс
 D) Ортақ етіс

6. Өзгелік етісі бар болымды сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Өнімді дүкенге өткізді.
 B) Өнімді дүкенге өткізбеді.
 C) Өнімді дүкенге өткізген емес.
 D) Өнімді дүкенге өткізбек.



ОҚЫЛЫМ

1. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Сіз «Бал-бала» компаниясының ойыншықтарын көрдіңіз бе?
 2. Көрген болсаңыз, қандай баға бересіз?
 3. Ойыншықтарға көңіл бөлудің қажеттілігі бар деп ойлайсыз ба?
- Әлде әлемде одан басқа да маңызды мәселелер бар дейсіз бе?

2. Пікірлесіңіз.

- Қазақстанда балаларға арналған ойыншықтарды жасайтын өндірушілер бар ма?
- «Бал-бала» ойыншықтарын шетелдік қонақтарға немесе туыстарыңызға сыйлар ма едіңіз?
- Бала күніңіздегі ойыншығыңыз есіңізде ме? Ол туралы не айта аласыз?



3. Мәтінді оқыңыз.

Қуыршақтарым - ұлттық тәрбие құралы

«Қазақстанда жасалған». Осы сөз тіркесін тауарлардың сыртынан оқыған кезде ойыңызға не келеді? Отандық өнімнің нарықта көбейіп жатқанына, сөз жоқ, «бәрекелді!» деп қуанып қаламыз. «Болашақта отандық тауарлар сапасы жағынан шетелдік өнімдердің алдын орап әкетеді», - дейді белгілі әнші, продюсер және ұлттық нақыштағы «Бал-бала» ойыншықтары идеясының авторы Қыдырәлі Болманов.

– Қыдырәлі аға, «Бал-бала» компаниясын құру қалай басталды және қазір оның жұмысы қалай алға басуда?

– Шүкір, ойға алған ісіміз рет-ретімен жүзеге асырылып жатыр. 2010 жылдан бастап қазақ тілінде ән айтып, өлең оқитын «Бал-бала» қуыршақтарын шығарып, балаларға жеткізуді қолға алған болатынбыз. Бүгінгі таңда компанияның Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Орал мен Жезқазған және Өскемен өңірлерінде бөлімшелері жұмыс істейді. Болашақта басқа облыстарға да шығартамыз.



– «Бал-бала» ойыншықтарының бірі – «Азиада-2011» қысқы Азия ойындарының басты символы – барыстың бірнеше түрін жолықтырды. Ойыншықтардың біріне бала даусымен еліміздің әнұранын орындатсаңыз, екіншісіне күмбірлетіп «Сарыарқа» күйін тартқызыңыз. Көрген адамдар «Ой, пәлі, мынау қандай керемет!», - деп жатты. Қазір қуыршақтың қанша түрі шығарылады?

– Қуыршақтардың бас-аяғы 30-ға жуық түрі бар. Олардың қатарында Тазша бала, Алдар Көсе, Ер Төстік сияқты аңыз-ертегілердің кейіпкерлерімен қатар «Айгөлек» әнін шырқайтын Сұркөжсек пен әнұранды жатқа білетін Барыс та бар.



– Компания атының «Бал-бала» аталуының себебі неде?

– Қазақта «балдай тәтті», «балдай» деген тамаша сөздер бар. Бұлар көбінесе кішкентай сәбилерге қатысты айтылады. Қуыршақтар балаларға арналғандықтан, «Бал-бала» деген есімді беруді жөн деп таптық.

– Қуыршақтарды жасап шығаруда қандай қиындықтар бар?

– Өмірдегі жеңістің барлығы қиындықпен келмей ме?! Қиындыққа шыдау керек. Қуыршақтарды «сөйлетіп», «қозғалту», қазақша әндерді қуыршақтарға «енгізу» - өте үлкен жұмыс. Дайын тауарды Қазақстанға жеткізу, оны республиканың әр аймағына апарып, тарату, түп, айта берсең көп қой, шіркін, бірінен кейін бірі шыға береді.

– Алға қойған мақсат-міндеттеріңізбен бөліссеңіз...

– Жуық арада сөйлесуге болатын «Қарақат» қуыршақтары қолға тиюі тиіс. Бала қуыршаққа сұрақ қояды, ал ойыншық сәбиге тиісті жауабын береді. Екі жарым минут ішінде едәуір әңгімелесуге болады. Сонымен қатар «Бал-баланың» қуыршақтарының бәрін мультитоптамаға кірістіріміз. Ондағы мақсатымыз – қызықты мультипликациялық туындылар жасау. Болашақта, шіркін, балалар ойыншығын жасайтын зауыт ашсақ деген ойымыз да бар. Қазірдің өзінде бұл жоба аясында жиырмадан астам адам жұмыс жасап жатыр. Зауыт ашылған жағдайда, 200-300-дей адам жұмыспен қамтылатын болады.

– Бәрекелді! Істеріңізге сәттілік тілейміз, ендеше!

«Ел» ұлттық қоғамдық-саяси экономикалық апталығынан өңделініп алынды.

4. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Бал-бала» ойыншықтары қандай іс-шараның басты белгісіне айналды?
2. «Бал-бала» ойыншықтарының кейіпкерлері қандай кімдер?
3. Ойыншық шығаратын бұл компанияның дәл осылай аталуының себебі неде?
4. Өндіріс иесінің пікірінше, ойыншық шығару оңай іс пе?
5. Отандық бұл өндіріс компаниясының болашаққа қойған қандай мақсаттары бар?
6. Идея авторына, отандық өндірушіге қандай тілек айтасыз?



5. Пікірлесіңіз.

Егер сіз «Бал-бала» компаниясының басшысымен кездесіп қалсаңыз, бірінші қояр сұрағыңыз қандай болады?

Неге дәл осы сұрақты қойғыңыз келді?

6. Мәтіннен өзгелік етіс тұлғасындағы сөздерді теріп жазыңыз.

Өзгелік етіс тұлғасындағы сөздер

1	_____	1	_____
2	_____	2	_____
3	_____	3	_____
4	_____	4	_____
5	_____	5	_____

7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Сіз «Бал-бала» компаниясының ойыншықтарын көрдіңіз бе?
- 2) Көрген болсаңыз, қандай баға бересіз?
- 3) Идея авторына, тауарды өндірушілерге қандай тілек айтасыз?
- 4) Ойыншықтарға көңіл бөлудің қажеттілігі бар деп ойлайсыз ба? Әлде әлемде одан басқа да маңызды мәселелер бар дейсіз бе?
- 5) Бала күніңіздегі ойыншығыңыз есіңізде ме? Ол туралы не айта аласыз?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Берілген арыз мәтінін оқыңыз.

«Астықжан» дүкенінің
тілек-шағым кітапшасы
Құрметті тұтынушылар! Бұл кітапшаға өздеріңіздің тек шынайы, әділ
пікірлеріңіз бен сын-ұсыныстарыңызды жазуларыңызды сұраймыз.
«Астықжан» дүкенінің әкімшілігі

1

Құрметті «Астықжан» дүкенінің қызметкерлері!

Сіздердің біз үшін жасап жүрген
қызметтеріңізге шын жүректен ри-
замын. Сіздерге жұмыста табыс
тілеймін.

Игі тілекпен,
Алма Расулқызы. 02.10. 2017 ж.

2

«Астықжан» дүкенінің меңгерушісіне!

Дүйсенбі, 10.09.2012 жылы сіздің
дүкеніңізден алған сүт өнімінің сапа-
сы өте нашар болып шықты. Сатып
алу кезіндегі есеп қағазымен қайта
алып келдім. Осыған қатысты тиісті
шара қолдануыңызды сұраймын.

Тұтынушы: Дария Мақсұтқызы.
11.09.2017 ж.

VII БӨЛІМ

1. Сіз сатып алған кілегей және жұмыртқаның сапасы нашар, бұзылып кеткен.
2. Сіз сатып алған көйлекке дақ жұғып қалған. Қайта алып келіп өткізіп, осы туралы шағымыңызды жазыңыз.

3

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№19



Сұрақтар	Сіздің жауабыңыз:
Әңгіме қандай мекеме туралы болды?	
Алғашқы өнім қашан, қалай шығарылған?	
Қанша адам жұмыс істейді?	
Өнімнің неше түрін шығарады?	
Бұл кәсіпорын несімен ерекшеленеді?	
Бұл өндіріс орнын отандық өндіруші деп атауға бола ма?	
Бұл кәсіпорынның өнімдері шетелге шығарыла ма?	
Кәсіпорынның алға қойған мақсаты бар ма?	
Кәсіпорын қызметкерлеріне қамқорлықпен қарай ма?	
Сіздің осы кәсіпорында жұмыс істегіңіз келе ме?	

3. Сұхбатты қайта тыңдап, тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Сұхбат берушінің есімі кім?

- A) Сәния
- B) Самал
- C) Сәуле
- D) Әсем

2. «Рахат» кондитерлік өнімдерін шығарған жабдықтар қайдан әкелінген?

- A) Мәскеу мен Хабаровскіден
- B) Мәскеу мен Харьковтан
- C) Мәскеу мен Омскіден
- D) Мәскеу мен Саратовтан

3. Компания өз қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге жағдай жасай ма?

- A) Жоқ, оған қаражат жоқ.
- B) Компания басшылығы бұл туралы ойланып жатыр.
- C) Компания білім көтеруге міндетті емес.
- D) Компания өз мамандарын түрлі курстардан өткізеді.

4. Отандық компанияда мемлекеттік тілді оқыту мәселесі шешілген бе?

- A) Көпұлтты компанияда тіл үйрету қиын.
- B) Компания тіл курстарын ұйымдастырған.
- C) Компания келесі жылы осы істі қолға алады.
- D) Компания қызметкерлерінің барлығы қазақ ұлтынан.

5. Сұхбат алып отырған тілшінің есімі кім?

- A) Ақмарал
- B) Айман
- C) Айнұр
- D) Айжамал

6. Сұхбат алушының сұхбат берушіге қойған соңғы сұрағы қандай болды?

- A) Компанияда көп адам жұмыс істей ме?
- B) Компания өнімдерін шетелге шығара ма?
- C) Компания өз қызметкерлеріне қамқор ма?
- D) Компания қызметкерлеріне баспана бере ме?

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Топтасыңызбен төменде берілген дүкеннің жарнамасын оқыңыздар.



*Біз сіздердің денсаулықтарыңыздың кепіліміз!
Сіздер көкөністер мен жеміс-жидектер шабуылына дайынсыздар ма?*

Бәрекелді! Ендеше қапы қалмаңыздар:

1 сәуір мен 7 сәуір
«Дендеріңіз сау болсын!» шарасы

*Жаңа піскен не мұздатылған жеміс-жидек пен көкөністің
біреуін сатып алсаңыз, екіншісі – тегін!*

Қалбырлы жеміс-жидек пен көкөністің үшеуін екеуінің бағасымен алыңыз!
Осы шара кезінде біздің дүкенімізде көкөніс пен жеміс-жидек үшін
10 000 теңге жұмсаңыз, тағамдар рецептісі бар кітапты **ТЕГІН** иемденесіз!
**ҚОСЫМША, осы апта ішінде біздің дүкенімізде 40 000 мың теңгеге
сауда жасаған бір адам КЕРЕМЕТ сыйлыққа ие болады!**

Бұл жарысқа қатысу үшін белгілі форманы дұрыс әрі нақты (аты-жөніңіз,
мекенжайыңыз, жасыңыз және байланыс телефоны) толтырып, есептеушіден
алған есеп қағазыңызды бірге қыстырып өткізсеңіз, жеткілікті.

ІСКЕ СӘТ!

Қатысушы формасы:

«Ақтілек» супермаркеті

Астана, Керей-Жәнібек к-сі, 56
Жұмыс уақыты:
Дүйсенбі – Сенбі 06.00 – 22.00
Жексенбі 10.00 – 20.00
«Дендеріңіз сау болсын»!

Аты: _____

Жасы: _____

Мекенжайы: _____

Телефон № : _____

2. Сіздің ойыңызша, бұл шара дүкен әкімшілігіне не үшін қажет?
3. Мұндай шараларды өткізу пайдалы ма?

ПІКІРЛЕСІҢІЗ!

4. Отандық тауардың бағасы қолжетімді ме?
5. Соңғы рет қандай отандық өндірушінің тауарын сатып алдыңыз?



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіздің жеке дүкеніңіз немесе басқа жеке кәсібіңіз бар. Тұтынушы қызығушылығын арттыру үшін дүкеніңізді немесе жеке кәсібіңізді жарнамалауыңыз керек. Жарнамада не жазар едіңіз?

2. Сіздің отандық өндірушілер қатарын көбейткіңіз келеді. Сіз қандай өнім шығарар едіңіз? Неге өнімнің дәл осы түрін таңдадыңыз?



VIII

БӨЛІМ



1-САБАҚ Шартты рай

2-САБАҚ Өзгелік етіс

1

- САБАҚ ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР

321 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сөздерді мағыналары бойынша топтастырыңыз.

кеңседе, бүгінгі, барыпты, ауылда, үшінші, жеңіпті, аңдарға, үстіңгі, он екінші, мыңыншы, сегізінші, жоғарыдағы, ұшыпты, кешегі, алдыңгүнгі, үйдің ішінде, ұшаққа, бастықта, демалыста, сөмкеге, пойызға, оныншы, сатып алыпты, құстарға, келінті.

Қай? Нешінші? Қайда? Неге? Не істепті?

- | | | | | |
|-------------------|---------------------|------------------|-------------------|-------------------|
| 1. <u>үстіңгі</u> | 1. <u>сегізінші</u> | 1. <u>ауылда</u> | 1. <u>сөмкеге</u> | 1. <u>келінті</u> |
| 2. _____ | 2. _____ | 2. _____ | 2. _____ | 2. _____ |
| 3. _____ | 3. _____ | 3. _____ | 3. _____ | 3. _____ |
| 4. _____ | 4. _____ | 4. _____ | 4. _____ | 4. _____ |
| 5. _____ | 5. _____ | 5. _____ | 5. _____ | 5. _____ |

2. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз.

кету

жүзу

салу

бару

жазу

1. Менің досым сенбіде келеді.
2. Ол әнді жақсы _____.
3. Ертең сен пікірлесуге _____.
4. Ол бүгін жарнама _____.
5. Қысқы демалыста ауылға _____.
6. Сенің нағашың қайда _____?
7. Сен қай мамандықты _____?
8. Тележүргізуші болғыңыз _____.
9. Мен кеше ініме _____.
10. Ауа райы бүгін жаңбырлы _____.

келу

таңдау

келмеу

ренжу

болу

3. Мағыналары қарама-қарсы сөздерді байланыстырыңыз.

бүгінгі	ескі	зиян	момын	ортақ	оңай	Отандық
☐	☐	☐	☐	☐	☐	☐
☐	☐	☐	☐	☐	☐	☐
ашушаң	жеке	шетелдік	қиын	пайдалы	кешегі	жаңа

4. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Көп нүктелердің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

– Алыс _____

- А) - шыл;
- Ә) - ырақ;
- Б) - рақ;
- В) - ірек;
- Г) - лау ;

2. Сөйлемнің дұрыс нұсқасын көрсетіңіз. Ас үй кішірек қонақ қарағанда бөлмесіне.

- А) қонақ бөлмесіне ас үй кішірек;
- Ә) кішірек қонақ бөлмесіне қарағанда ас үй;
- Б) Ас үй қонақ бөлмесіне қарағанда кішірек;
- В) қарағанда қонақ бөлмесіне ас үй кішірек;
- Г) кішірек ас үй қонақ бөлмесіне қарағанда.

3. Нашарлау сөзінің антонимі –

- А) жақсылау;
- Ә) нашар;
- Б) жақсы;
- В) нашарырақ;
- Г) жаман.

4. Мақалды толықтырыңыз.

- А) «Дұшпан _____, айтады. Дос _____ айтады».
- Ә) «Дос _____ қарайды, дұшпан _____ қарайды».
- Б) Ағаш тамырымен мықты _____ досымен мықты.
- В) Адал дос, _____ қымбат.

Керекті сөздер: аяққа, досымен, алтыннан күлдіріп, жылатып, басқа.

5. Оның пәтері қандай? сұрағының жауабы -

- А) пәтерім тарлау
- Ә) пәтері тарлау
- Б) пәтеріміз жақсы
- В) жұмысымнан алысырақ
- Г) пәтерлер қымбат

6. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз. Жұмысқа _____ жеттіңіз.

- А) көлікте
- Ә) жақынырақ
- Б) тезірек
- В) алысырақ
- Г) ыңғайлы

5. Асқардың отбасы жайлы мәтінді оқыңыз. Тапсырмаларды орындаңыз.

Асқар – Майраның күйеуі. Майра – Асқардың әйелі. Олардың Алмас, Ерлан, Сәуле, Қанат деген балалары бар. Алмастың жасы жиырмада. Ерлан он бесте, ал Қанат онда. Сәуленің жасы сегізде.

1. Майра:

- а. Алмастың әпкесі
- ә. Асқардың әйелі
- б. Қанаттың әйелі

2. Ерлан :

- а. Қанаттың інісі
- ә. Асқардың ұлы
- б. Сәуленің күйеуі

3. Алмас :

- а) Майраның ұлы
- ә) Сәуленің інісі
- б) Асқардың інісі

1

Дұрыс жауапты таңдаңыз.

4. Сәуле :

- а) Асқардың қарындасы
- ә) Қанаттың әпкесі
- б) Ерланның әпкесі

5. Қанат :

- а) Сәуленің ағасы
- ә) Алмастың ағасы
- б) Ерланның ағасы

2

Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Үйдің тұңғышының аты – _____.

2. Үйдің отағасының аты – _____.

3. Балалардың анасының есімі – _____.

4. Үйдің кенжесінің аты – _____.

5. Үйдің үшінші баласының аты – _____.

3

Әр сөзге анықтама беріңіз.

1. Немере – _____.

2. Жиен – _____.

3. Нағашы – _____.

4. Шаңырақ иесі – _____.

5. Отағасы – _____.

6. Сіздің сезу мүшелеріңіздің қалай жұмыс істейтінін сынап көріңіз.

Сезім мүшелері	көру 	есту 	ұстап көру 	иіс сезу 	дәм сезу 
тас 	Сұр және үлкен	×	Бұдыр, тегіс емес	×	×
балмұздақ 					
теледидар 					
гүл 					
доп 					

ОҚЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Сіз «көп қимылдау – ұзақ өмір сүру кепілдігі» деген ұстаныммен келісесіз бе? Жауабыңызды нақты дәлелмен дәлелдеңіз.
- 2) Сіз спортпен аптасына қанша рет шұғылданасыз?
- 3) Сізге «көбірек қимылдайтын» жұмыс ұнай ма, әлде «көбірек отыратын» ба?

2. Пікірлесіңіз.

Берілген ақпаратты оқып, топта талқылаңыз.

Солтүстік жүрісті үйренейік!

Солтүстік жүрісте жүргінші үшін жылдамдықтың дым да маңызы жоқ, олар ешқайда да асықпастан табиғатта серуен құрып жүреді. Арасында тынығып та алады. Сол уақытта дұрыс тыныс алуға арналған жаттығуларды жасап алады. Осы арқылы олар төзімділікке, шапшаңдылыққа үйренеді. Мұндай жүрісте өзін-өзі бастан-аяқ қалыпты ұстап, жүрістің заңын бұзбаған жүргінші мен артық майдан арылғысы келетін жүргінші ғана жақсы нәтижеге ие бола алады.

Соңғы кездері жүрек ауруы бар адамдардың көбі көп жүгірмеуге тырысады. Ал мынау скандинавиялық жүріс оларға да тиімді. Соңғы кездері тізе буыны ауыратындар да осы жүріспен айналысуда. Бұл жүріс оларға оңайға соғады. Өйткені барлық салмақ «қосымша екі аяқтың» рөлін атқаратын шаңғы таяқшаларына түседі. Сонымен қатар, спорттың бұл жеңіл түрі үлкен жастағы адамдардың да айналысар жаттығуына айналып отыр.



Осы скандинавиялық таяқшалармен жүру қазақстандық қалаларда танымал болып келеді. Сіз пайдаланып көрдіңіз бе?

Сізге ұнауы мүмкін деп ойлайсыз ба? Шынымен пайдасы бар немесе «өз-өзіңді алдау, уақыт өлтіру» деп ойлайсыз ба?

3. Мәтінді оқыңыз.

Көп жүрген адам көп жасайды екен...

Ұзақ өмір сүргіңіз келмесе, отырған орныңыздан қозғалмаңыз. Сіздің бүкіл ғұмырыңыз аяқ-қолыңызға байланысты. Егер аяқтан әл кетіп жатса, онда өміріңізден мән де кетеді.

British Medical Journal журналының анықтауынша, адамның өмір сүру ұзақтығы мен оның қозғалмауы арасында тығыз байланыс бар болып шыққан. Аталған тұжырымға 167 мың адамның статистикалық мәліметіне жүргізілген талдау себеп болған.



Соңғы төрт-бес жыл бойы жүргізілген зерттеулерде 167 000 адамның медициналық көрсеткіші нысанға алынған. Медициналық көрсеткішке көз жіберсек, күніне бір жерде үш сағаттан көп отырмайтын адамның ғұмыры екі жылға дейін ұзарады екен. Ал теледидарды екі сағаттан артық қарамайтын адам 1,4 жылға ұзақ өмір сүретін болып шыққан. Ұзақ отырудың өмірді қысқарту қаупі 27%-ға, теледидар қараудың қаупі 19%-ға тең екен. Қазіргі таңда ғалымдар көп жасау үшін белсенді өмір салтын ұстануға шақыруда.



4. Сіз және сіздің тобыңыздың мүшелері жұмыста, көбінесе, компьютер алдында жұмыс істейсіздер. Осы мақаланы оқығаннан кейін оларға қандай үндеу айтар едіңіз? Көбірек қимылдау салтын әдетке енгізу үшін қандай шараларды ұйымдастыруға болатынын жазыңыз. Топпен талқылаңыз.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Шартты рай

Әншілер көп кел^{се}, концерт қызықты өтеді.
Кассаға бар^{сам}, билет түгел сатылып кетіпті.
^{Егер} бастық кел^{се}, мына қағазды беру керек.

1. Сағатта көрсетілген уақытты сөзбен жазып, нақ осы шақтағы іс-әрекетке мысалдар келтіріңіз.

1 	2 	1. _____ _____
3 	4 	1. _____ _____
5 	6 	1. _____ _____
7 	8 	1. _____ _____

2. Мәтінді оқыңыз.

Күзде өмір есігін ашқандар 100 жасайды...

Қыркүйек пен қараша айында дүниеге келсеңіз, онда сіздің 100 жасауға мүмкіндігіңіз бар. Сенбей отырған боларсыз?

Чикаго университетінің ғалымдары Сан-Францискода өткен Американдық демографиялық қоғамның жыл сайынғы құрылтайында осы бір тақырыптың аясындағы зерттеулердің нәтижесін қуаттай түсті.

Ұсынған жобада қыркүйек, қазан және қараша айларында дүниеге келгендердің ұзақ өмір сүру феноменін түсіндіретін бірнеше гипотеза ұсынылған. Егер нәресте күзде дүниеге келген болса, маусымдық, бірінші кезекте, жазғы жұқпалы ауруларды жұқтыру тәуекелі барынша аз болатын боп шыққан. Себебі, бұл аурулар, әдетте, адам денсаулығына ұзақ уақыт бойы теріс ықпал етеді. Оның үстіне күзде туылған бала қыс бойына жақсы тамақтанып, көктем келе, өз бетімен жүріп-тұрып кете барады.

Егер балаңыз жазда туылса, оған ағзаға қажетті дәрумен жетіспей, сүйегі бекіп болмаған денелер біршама қиындықтарға ұшырайды екен. Егер Америкада 1880-1895 жылдары өмір сүрген адамдардың өмірлеріне байланысты деректерді топтастырып қарасақ, қараша мен желтоқсан айларында туғандардың көбісі жүз жасаған болып шығады екен.

3. Төмендегі пікірлердің қай абзацқа сәйкес келетінін анықтаңыз.

1. Адам денесіне қажетті дәрумендер жылдың ыстық маусымында туылған балаларда азырақ болатындықтан, ұзақ өмір сүрушілер санатына кіре алмайды екен. № абзац
2. Адам өмірінің ұзаққа созу мүмкіндігінің бар екендігін американдық ғалымдар дәлелдеп отыр. № абзац
3. Жылдың ең ыстық мезгілінен кейінгі маусымда туылған адамдар түрлі қиындықтардан қиналмай өтетін төзімді жандар екен. № абзац

4. Ал сіз қалай ойлайсыз?

1. Адамның денсаулығы 100% өзіне байланысты.
2. Денсаулықтың мықты болуы ата-анаңның денсаулығымен тікелей байланысты.
3. Мен жұлдыз жорамалдармен толық келісемін. Онда не айтылса, соны орындауға тырысамын.
4. Денсаулықтың мықты болуы табиғаттан деп ойлаймын.

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Сіз қай кезде тудыңыз? Мақаладағы пікір шындыққа жақын деп ойлайсыз ба? Мақаладағы пікірмен келіссеңіз, себебін жазыңыз.

Ә. Егер келіспесеңіз, оның себебін жазыңыз.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Оқыңыз.

«Жауынменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», – деп айтып кеткен біздің ата-бабаларымыз. «Бата» – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі.

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол ашады деп сенеді.

Яғни, бата, фатекенің мағынасы алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру.

Батаның негізгі түрлері:

1. Ақ бата. 2. Теріс (қарғыс) бата. 3. Серттесу батасы (Баталасу).



Ақ бата – шын жүректен шыққан ізгі тілек, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өсиетнама. **Ақ бата**, көбінесе, мынадай жағдайларға: жаңа туған нәресте, өмір жолын жаңа бастаған ұл-қыз, жас отау, алыс жолға шығушылар, үлкен бір істі қолға алушылар, түрлі жақсылықтарға арнап жасалынған тойларға, әруаққа арналған ас, жауын тілеген тасаттық, жиналған егін, садақа, құрбандық, қонақасыларға, күздік, соғымға сойылған мал, сойылған соғым басы, Наурыз (Наурыз бата), Жаңа жыл, мүшел жас, дастарқан, Ораза ұстағандарға (Жарапазан бата) байланысты беріледі.

Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай батаны әке-шешесі сенімін ақтамай, үлкен ұятқа қалдырып, әулетін, ата-тегін масқаралаған, өздеріне қолы, тілі тиген, дінін, тілін, Отанын сатқан, жауыздық, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып тұрып берген.

Серттесу батасы (Баталасу) – құдалық, серт пен уәде, елшілік, ел арасындағы маңызды үлкен шараларда жасалатын жол. Ол – хан, ақсақалдар, билер алдында, әруақ орнында да жасалып, қол алысып орындалатын ғұрып. Оны бұзу, яғни, «бата бұзу» - қарғыспен тең. Қазақ баталасуды елдік, тектілік, азаматтық қасиеттердің белгісі деп таниды.

Батаны кімдер береді?

Бата, көбінесе, жастарға беріледі. Батаны көпті көрген құрметті ақсақалдар мен кемеңгерлер, дуалы ауызды билер, атақты адамдар, өз ісінің хас шеберлері береді. Қазақ халқында бата берудің өзіндік орны, жөні бар. Батаны халық арасында (қонақтар ішінде) үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да орны бөлек адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала болса, әуелі сол бата беруге тиісті. Дегенмен, халқымызда батырларға, билерге ардақты аналардың да бата берген кездері кездеседі.



ТҰСАУКЕСЕРГЕ АЙТЫЛАТЫН БАТА-ТІЛЕК

Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам,
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Тақымыңды жаз балам!
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық,
Қаз-қаз балам, жүре ғой.
Әумин!

АС ҚАЙЫРУ БАТАСЫ

Адал тілек астарыңа,
Ұзақ өмір жастарыңа,
Жанұя тату-тәтті боп,
Бақыт қонсын бастарыңа!
Әумин!

ЖАҢА ҮЙ – ҚОНЫС БАТАСЫ

Құрметті үй иелері, мынау жаңа
қоныстарың – баспаналарың құтты болсын!
Бірің қорғаны, бірің жылуы болып, қонақ
үзілмейтін құтты шаңыраққа айналып, ақ
дастарқандарың тек қана тойға жайыла
берсін! Қоныстойларың құтты болсын!

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№20



Сұхбат не туралы болды? Дұрыс нұсқаға ✓ белгісін қойыңыз.

☐

Әр елдің тағамдары туралы

☐

Әлемдегі заңдар туралы

☐

Әр елдегі киіну әдебі туралы

2. Қайта тыңдаңыз. Әр мемлекеттегі заң туралы жазыңыз.

А. Мемлекеттің аты: _____:

Ә. Мемлекеттің аты: _____:

Б. Мемлекеттің аты: _____:

В. Мемлекеттің аты: _____:

Г. Мемлекеттің аты: _____:

3. Ал сіз естіген немесе оқыған қызық заңдар бар ма?



**ЖАРНАМА....ЖАРНАМА....ЖАРНАМА...ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСЕЙІК.
ӨЗ ПІКІРІҢІЗБЕН БӨЛІСІҢІЗ.**

Теледидардан көрген ең күлкілі жарнамаңыз есіңізде ме?	Қандай жарнама түрлерін білесіз? Тізім жасаңыз.	Жарнамаланып жатқан өнімді сатып алған кезіңіз бар ма?
Тауарды міндетті түрде жарнамалау қажет деп ойлайсыз ба?	Қандай да бір тауарды жарнамалаған атақты адамды білесіз бе?	Кейбір фирмалар жарнамаға қыруар ақша жұмсайды. Сол дұрыс деп ойлайсыз ба?
Қазіргі кездегі ең тиімді жарнама түрі. Ол не? Ойланңыз.	Жарнамалаудың ең тиімді тәсілі қандай?	Сіз үшін сатып алатын тауардың ең басты қасиеті қандай болуы керек?
Темекі мен ішімдік өнімдерін жарнамалау дұрыс па?	Кейбір компаниялар өз тауарын жарнамалауға балаларды пайдаланады. Бұл дұрыс па? Жарнама кәсібінде балалардың болғанына қалай қарайсыз?	
Топтық жұмыс. Радио не теледидар арқылы бір затты жарнамалаңыздар.	'Ақшаны үнемдеу туралы жарнама жасайтын ер адам уақытты үнемдеу үшін сағатты тоқтатқан адаммен бірдей.'Түсіндіріңіз. Келісесіз бе?	
Жарнамада шындық бар ма?	'Жарнама – заңдастырылған жалған' деген пікірмен келісесіз бе?	'Жарнама адамға қажетті емес затын алуға мәжбүрлейтін іс-шара'. Келісесіз бе?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз елтану курсы бойынша жоба дайындауыңыз қажет. Онда:


1. Белгілі елдің географиялық орналасуы, ерекшелігі жайлы ақпарат;
2. Туристік сапармен барушыларға нені көруге болатындығы;
3. Қандай нәрселерден сақтанып жүру туралы;
4. Сол елдің өзге мемлекеттерден ерекшеленетін мәдени салт-дәстүрлері, қызықты заңдары туралы мәлімет берілуі тиіс.

Мысалы:

Сауд Арабиясына ораза кезінде барсаңыз, күндіз көпшілік тамақтанатын орындар жабық болады. Сондықтан демалысыңызды алдын-ала жоспарлап алғаныңыз жөн.

Кореяға барсаңыз, тамақтанған кезде дыбыс шығарып, яғни шайнаңдап, сылпылдатып жегеніңіз дұрыс. Өйткені осылай жеу тамақты дайындаған адамға айтқан рақметпен пара-пар екен.

Сіздің жобаңыз, жазатын ақыл-кеңесіңіз:



2

- САБАҚ

ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР

321 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сіздің 5 жұмыс күніңіздегі орындалуға тиісті 5 іс-шараны жазыңыз.

дүйсенбі	_____
сейсенбі	_____
сәрсенбі	_____
бейсенбі	_____
жұма	_____

2. Берілген мәтінді өз ойыңызбен аяқтаңыз.

Менің жазғы демалысым

Ертең менің жазғы демалысым басталады. Осы жылы мен ауылға бармаймын деп ата-анаммен келісіп алдым. Біз құрбым екеуміз келісіп, жазғы демалысымызды шілде айына алдық. Ертең екеуміз теңізге кетеміз.



3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Сіз ғаламтордан немесе бұқаралық ақпарат құралдарынан «Әлемдегі...» немесе «Ең, ең, ең...» деп басталатын жаңалықтарды, айдарларды, блог жазбаларын оқисыз ба?
- 2) Егер сіз сондай мәліметтерді оқысаңыз, оларға сенесіз бе?
- 3) Өзіңіз сондай қызықты оқиғаға куә болдыңыз ба? Егер болсаңыз, қашан және қай жерде?
- 4) Біздің елімізде әлемді таңғалдырған қызықты мәлімет болды ма?
- 5) Соңғы рет қашан әлемді таңғалдырған мәлімет оқыдыңыз? Ол не туралы болды? Әріптестеріңізге айтып беріңіз.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Әлемде талай қызық бар...

1

АЛЫП ЖЕМІСТЕР



Біз, көбіне, жерде өсетін көкөніс-жемістің ең үлкені деп қауын-қарбызды ойлаймыз. Негізінде салмағы мен көлемі жағынан үлкен жеміс Сейшель аралында өсетін пальманың жаңғағы екен. Оның диаметрі жарты метрге, салмағы 25 кг-ға дейін жетеді екен. Бір пальма осындай отыз жемістен бере алады. Олардың қабығы өте қатты болады және баяу жетіледі. Гүлденгеннен кейін төртінші жылы ғана көлемі өсіп, пісуіне тағы екі жыл керек екен. Ұзындығы 90 см, ені 50 см-ге жуық. Бұл ағаш жемісінен жергілікті тұрғындар қамыр илеп, нан пісіреді. Дегенмен, ең ірі жемістер ағаш басында өспейді деген пікір дұрыс. Көкөністің ішіндегі ең ірісі – асқабақ.

2

КӨП СҮТ БЕРЕТІН АҒАШ

Бразилияда сүт беретін ағаш бар, ол Амазонка өзенінің жағасында өседі. Жергілікті халық оны «сорвейра» деп атайды, қазақшаға аударғанда «емшек» дегенді білдіреді екен. Сол сорвейра ағашының бір жерін кертіп қалса, одан сүт тәрізді ақ шырын саулап қоя береді. Өзі сүттен сәл қышқылдау. Сондықтан оны алғаш тағам ретінде пайдалана қоймаған. Кейіннен ботаниктер зерттеп, оның сиыр сүтінен ешбір кем еместігін анықтаған. Халықтың айтуынша, ақ шырынға аздап су қосып пісірсе, сүттен дәмі айнымай қалады екен. Ағашты бір сауғанда 2-4 литрге дейін сүт алуға болады.



VIII БӨЛІМ

3

АЛЫП АРА



Индонезияның қалың ормандарында алып ара тұқымы табылды. Америкалық бір газеттің жазуына қарағанда, араның ұзындығы 5 см. Бір қызығы ол термиттермен бейбіт өмір сүретін көрінеді.

2. Берілген үзінділерді оқыңыз. Қай тақырыпқа сай келетінін тауып, нөмірлеңіз.

№ _____

Бір қызығы ол термиттермен бейбіт өмір сүретін көрінеді.

№ _____

Халықтың айтуынша, ақ шырынға аздап су қосып пісірсе, сүттен дәмі айнымай қалады екен.

№ _____

Бір пальма осындай отыз жемістен бере алады.

3. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Берілген мәтіндерде неше нәрсе туралы айтылды?

2. Салмағы 20 кг болатын жемістің аты не?

3. Бұл жемістің отаны қайда?

4. Осы жемістің өсу және жетілу ерекшелігіне байланысты екі мәлімет айтыңыз.

1 _____

2 _____

5. Екінші мәтінде сөз болған заттың ерекшелігі неде?

6. Екінші мәтіндегі затты неге ұқсатуға болады екен?

7. Үшінші мәтінде сөз болған нәрсе туралы қай елдің тілшілері жазды?

8. Үшінші мәтінде сөз болған нәрсеге қандай сұрақ қоюға болады?

А) қандай?

В) кім?

С) не?

Д) нешінші?

ГРАММАТИКА

Ережені еске түсіріңіз.

Сын есімнің шырайлары

Жаз бұл өңірде ыстық*тау* болады.

Мынау киімнің *үп-үлкен* ғой, балам.

Басқасына қарағанда мынауың *тым* қиын жұмыс екен.

1. Сын есімдерді тиісті формада жазыңыз.

Сын есім	<i>салыстырмалы</i>	<i>күшейтпелі</i>	<i>асырмалы</i>
қиын			
жұмсақ			
арық			
толық			
қара			
сарғыш			
қымбат			
арзан			
қатты			

2. Сіз жақын арада спортзалыңызды ауыстырдыңыз. Топқа сын есім шырайларын қолдана отырып, спортзал туралы әңгімелеп беріңіз.

3. Оқыңыз!

Мидағы жағымсыз естеліктерді өшіруге болады

Швед ғалымдары жағымсыз ойлардан арылудың жолын тапты.

Бұрынырықта адам жадын басқару фантастикалық фильмдердің тұрақты сюжеті болатын. Енді Упсала университеті ғалымдарының арқасында бұл шындыққа айналды. Зерттеушілердің айтуынша, бұл жаңалықты тым депрессивті адамдарды емдеу үшін қолдануға болады. Мамандар осылайша адам миында пайда болған қысқа мерзімді жадыны өшіруге болатындығын айтып отыр.

“Біздің зерттеуіміздің нәтижелерін фобияға, мазасыздыққа шалдыққан миллиондаған адамдарды емдеу кезінде пайдалануға болады”, - деді жоба авторларының бірі Томас Агрен.

Адам қабылдаған ақпараттар мидағы арнайы ақуыздардың арқасында ұзақ мерзімді жадыға сақталады. Дегенмен, адам бірдеңені есіне түсірген кезде, ақпарат қайта сақталып отырады. Басқаша айтқанда, адам шындығында қандай құбылыс орын алғанын емес, сол құбылыс туралы өзінің соңғы ойын есінде сақтайды. Ғалымдардың пікірінше, адам миы осылайша ақпараттарды үздіксіз бейімдеуден өткізіп отырады.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз мақала авторымен келісесіз бе?
2. Ғалым-дәрігерлер шынымен-ақ жадыны өшіре алады деп ойлайсыз ба?
3. Қызықты және адамның сенуі қиын жаңалықтардың барлығы неге шетелдерде табылып, шетелдік ғалымдар ашады деп ойлайсыз?
4. Егер сізге жадыңызды өшіруге ұсыныс білдірсе, не істер едіңіз? Келісер ме едіңіз?

Балық жауатын күн

Әлемдегі таңғалмайтын, еш қайран қалмайтын жұрттың бірі Гондураста өмір сүріп жатыр. Себебі, аталған өлкеде жылда көктемнен жазға өткен немесе ауысқан шақта “балық жауыны” дейтін күндер өтеді. Бүкіл халықтың мазасын кетіріп, сәл-пәл қорқытқаны болмаса, азыққа бір кенелтіп тастайтын шақ...

Соңғы кездегі ақпараттарға сенсек, табиғаттың осы бір «қылығы» жылына екі рет қайталана бастапты. Оған Кәріб теңізінен бастау алатын долы жел мұхиттағы бүкіл балық атаулыны көтеріп алып, жолында кездескен елдімекендерге тастап кетуі себеп болды.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз жауынның орнына басқа нәрсе жауғанын көрдіңіз бе?
2. Жауын орнына балықтан басқа не жаууы мүмкін деп ойлайсыз?
3. Сіздің ойыңызша, жаңбыр тамшылары бір-біріне ұқсас па? Кей ғалымдар «жаңбыр тамшылары бір-біріне ешқашан ұқсамайды» деген пікір айтады. Сіз ғалымдармен келісесіз бе?



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Бата-тілектерді оқыңыз. Қай кезде айтылатынын айтыңыз.

Құрметті Асқар Нұржанұлы!

Сізді торқалы 70 жылдық мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір тілейміз, жанұяңызда тек қана жақсылық, береке, қуанышты күлкі болсын. Үнемі адал еңбегімен алғыс арқалаған білікті де, білімді ғалым болып қызмет атқара беріңіз. Халықтың сүйген ұлы болып, ел құрметіне бөлене беруіңізге тілектеспіз.

70 **жыл**

Дастарқаныңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін,
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін,
Дендеріңе саулық берсін!
Әумин!

2. Әріптесіңізді нәрестелі болуымен құттықтап, нәрестеге бата тілеңіз.

Құттықтау

Бата

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№21



1. Мәтін не туралы болды?
2. Әлемдегі ең сәнді үйлер туралы
3. Әлемдегі ең қымбат заттар туралы
4. Әлемдегі ең қызықты мәліметтер туралы

2. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Хабарларды ретімен нөмірлеңіз.

Әлемдегі ең кішкентай әйел

№____

Әлемдегі ең ауыр мысық

№____

Әлемнің ең қымбат спорттық команда

№____

Әлемдегі ең қымбат үй

№____

3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Кейіпкерлердің аттарын жазыңыз.

Әлемдегі ең кішкентай әйелдің аты

Әлемнің ең қымбат спорттық команданың аты

Әлемдегі ең ауыр мысықтың аты

Әлемдегі ең қымбат үйдің иесінің аты

4. Мәтіндегі ақпарат иелері қай мемлекеттен?

Әлемдегі ең кішкентай әйел

Әлемнің ең қымбат спорттық командасы

Әлемдегі ең ауыр мысық

Әлемдегі ең қымбат үй

5. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әлемдегі ең ауыр мысықтың түсі қандай?

2. Әлемдегі ең ауыр мысық табылған зообақтың аты қандай?

3. Әлемдегі ең ауыр мысықтың салмағын немен теңестіріп отыр?

4. Әлемдегі ең кішкентай әйелдің жасы нешеде?

5. Әлемдегі ең кішкентай әйел тұрмысқа шыққан ба?

6. Әлемдегі ең кішкентай әйел өзіне дейінгі Гиннес рекордтар кітабына кішкентай деп енген адамнан қанша кіші?

7. «Манчестер Юнайтед» футбол командасын ең бай команда деп жариялаған қандай баспа?

8. Ең қымбат футбол командасының нарықтағы бағасы қанша?

9. Бұл командадан кейінгі тізімде екінші болып тұрған қай команда?

10. Ең қымбат үй иесінің жасы нешеде?

11. Ең қымбат үйді салуға оның қанша қаражаты жұмсалды?

12. Бұл ең қымбат үй неше қабатты және онда қанша отбасы тұрады?

1 _____ 2 _____

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық ойын. Екі топқа бөлініп, әлемдегі қызықты оқиғалар мен мәліметтер жайлы сөйлесіңіздер. Белгілі бір уақыт ішінде бір-біріңізден сұрап, оны қағаздарыңызға жазып алып үлгеру керек. Уақыт біткен кезде, екі топ бір-біріне естіген және жазып алған жаңалық, мәліметтерін айтып береді.

Топтық ойын.

2. Екі топқа бөлініңіздер.

А) Әр топ «Әлемдегі ең қызық жаңалық» тақырыбында үш мәліметтен дайындайды. Ол үш мәліметтің тек екеуі ғана рас болуы тиіс. Қарсылас топ сіздің тобыңыздың жалған болған мәліметін табуы тиіс. Сіздің тобыңыз шын және жалған мәліметті қарсылас топ сенетіндей жан-жақты дайындалған болу керек.

В) Екі топ кезек-кезек мәліметтерімен бөліседі.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз интернет-блог авторысыз. Қазақстандағы болған өте қызықты бір жаңалық туралы жазыңыз. Ол қандай жаңалық?

Сенсеңіз де, сенбесеңіз де, бұл оқиға Қазақстанда болған!

2. Әріптестеріңізбен екі топқа бөлініңіздер.

Тапсырма:

Соңғы 5 жыл ішіндегі ең қызықты әлемді дүр сілкіндірген 5 жаңалықты ғаламтордан табасыз.

В) Осы тапқан 5 мәліметіңізге сараптама жүргізіңіз:

1) Қай тақырыпта?

2) Қай жақта жиірек болған: әлемнің қай бұрышында - Азия, Еуропа, Батыс не Күншығыс елдері?

3. Несімен ең ерекшеленген жаңалықтар болған?

IX

БӨЛІМ



1-САБАҚ Қазақстандық сәнгерлер

2-САБАҚ Әлемдік сәнгерлер

1

- САБАҚ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СӘНГЕРЛЕР

321 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің досыңыз спортты жақсы көре ме?

Сіздің досыңыз спортпен айналыса ма?

- А) иә, ол айналысады
- В) жоқ, айналыспайды

Сіздің досыңыз тоқтамай жиырма минут жүгіре ала ма?

- А) иә, жүгіре алады
- В) жоқ, жүгіре алмайды

Сіздің досыңыз спорт клубының мүшесі ме?

- А) иә, ол спорт клубына мүше
- В) жоқ, ол спорт клубына мүше емес



Сіздің досыңыз он жасында суда жүзе алды ма?

- А) иә, ол жүзе алды
- В) жоқ, жүзе алмайтын еді

Жауабы: әрбір «ша» деген жауабыңыз үшін 1 ұпай аласыз. 4-5 ұпай: сіздің досыңыз спортты жақсы көретін адам. Керемет дос! 2-3 ұпай: сіздің досыңыз спортты жақсы көретін жан. Екеуіңіз уақыттарыңызды үнемдеп ұстай аласыздар; 1 ұпай: Қандай өкінішті! Сіздің досыңыз спортқа мүлдем қызығатпайды екен. Екеуіңіз бірге айналысатын көрсеніңіздер қалай болар екен?

2. Берілген сөздердің ұқсас және қарсы мағынадағы сөздерін жазыңыз.

Синоним	Антоним
Атақты _____	Маңызды _____
Мәлімет _____	Кемшілік _____
Теледидар _____	Бай _____
Күнделікті _____	Отандық _____
Бос сөз _____	Тәуелді _____

3. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.



- ☐ Қолғап
- ☐ Спорттық аяқ киім / кроссовка
- ☐ Шалбар
- ☐ Көйлек
- ☐ Бәтеңке
- ☐ Күрте
- ☐ Жейде

- ☐ Мойынорағыш
- ☐ Қалпақ
- ☐ Тон / ішік
- ☐ Құлақшын / малақай
- ☐ Белдемше
- ☐ Жемпір
- ☐ Шұлық

4. Топтық жұмыс.

Жоғарыда қандай киімдер атауы жоқ деп ойлайсыздар?

- 1) Кестеде берілмеген киім атауларын табыңыздар.
- 2) Көп киім атауын жазған топ жеңеді.



5. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.

1	2	3	
			
4	5	6	7
			

Жең № __

Жаға № __

Қалта № __

Бау № __

Етек № __

Түйме № __

Сыдырма № __



Есте сақтаңыз!

«Зат есім+лы/лі/ды/ді» «қандай?» сұрағына жауап береді.

Мысалы: жаға+лы, жең+ді, түйме+лі, қалта+лы, етек+ті

6. Төмендегі киімдерді сипаттаңыз.



Бұл _____



Бұл _____



Бұл _____

7. Топтық жұмыс. Өзара пікірлесіңіздер.

1. Сізді сән әлемі қызықтыра ма?

Күнделікті сән әлемінің жаңалықтарын бақылап отырасыз ба?

Иә / жоқ деген жауабыңызға 5 дәлел келтіріңіз

Сәнгеріңіз туралы толық мәлімет беріңіз

3. Өзіңіз жақсы көретін сәнгеріңіз бар ма?

4. Сән әлемі тек әйелдерді ғана қызықтыра ма? Әлде ер адамдар да сән туралы пікірлесіп сөйлесе ме?

5. Киімді әдетте қайдан аласыз: дүкеннен, базардан, дизайнерлерден?

6. Киім сатып алатын кезде кіммен ақылдасасыз: ата-анаңызбен, жұбайыңызбен, достарыңызбен, әлде тек өз пікіріңіз бойынша аласыз ба?

Неге базардан?
Неге дүкеннен?
Неге дизайнерден?

Сөзіңіздің дәлелі ретінде 5 дәлел келтіріңіз

7. Өзіңізді талғампазбын деп есептейсіз бе?

8. Сұрақтарға жауап беріңіз.



Біле жүріңіз



9. Сұраққа жауап беріңіз. Топта талқылаңыздар.

1. Қазақстандық сәнгерлерді қазақстандықтар біледі деп ойлайсыз ба?
2. Жоғарыда аталған сәнгерлердің қайсысы сізге, халыққа, достарыңызға көбірек танымал?
3. Қазақстандық сәнгерлердің дүкендеріне барып көрдіңіз бе?
4. Киімдеріне тапсырыс беріп көрдіңіз бе?
5. Отандық сәнгерлердің тауарлары қымбат па?



Қазақстандық «мода» жайлы не білеміз?



Кейбір деректер бойынша, қазақ басылымдары «сән», «мода» және «подиум» деген сөздерді 1913 жылдардың өзінде пайдалана бастаған. Қазіргі кезде «сән әлемі» ресми түрде 1947 жылы келген дейді. Ал, жалпы, ата-бабаларымыздың ежелден келістіре киген қазақы өрнегі бар сәнді киімдері мен әшекей бұйымдарының өзі нағыз «сәндіктің» өзі емес пе?! Отандық сән әлемінің дүниеге келуіне «Сымбат» сән академиясы себепші болған деген мәлімет бар. Тұңғыш рет 1972 жылы қазақстандық сән өнерін шетелге таныстырған компанияның «Сымбат» деп аталған тұңғыш журналы 1958 жылы, ал тұңғыш мода театры 1987 жылы ашылған екен. Қазақстан 1972 жылы Болгарияда, 1974 жылы Лейпцигте, 1975 жылы Италияда өткен халықаралық фестивальдарға да қатысқан. 1988 жылы Чехословакияның Брносында ұйымдастырылған жарыста бас жүлдені иемденген.

Осылайша fashion – индустрия Қазақстанға да жеткен. Қазірде елімізді әлемге танытып жүрген атақты дизайнерлеріміз де жетерлік.

Құралай Заманбекқызы Нұрқаділова – қазақстандық дизайнер, суретші, стилист, «Құралай» сән үйінің басшысы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Сән Палатасының атқарушы директоры. Kazakhstan Fashion Week және Мәскеу мен Екатеринбург қалаларында өтетін сән апталығының тұрақты қатысушысы.

Аида Кауменова – әдемі, сәнді, көркем *preta-porter de lux* коллекциясын шығарушы, табысты әрі жас дизайнер. Аида 5 жылдан бері өзінің жеке маркасында «Aida KaumeNOVA» сән үйін құрған, осы брендті киімдер шығаруда. Бұл бренд тек қана Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар басқа да шетелдерден өз орнын табуда.

Бүгінгі күні «Ауа Варани» брендімен танымал Ая қазақстандық сән әлеміне өзгеріс алып келген дизайнерлердің бірі. Қазақ тарихынан, этнографиясы мен өнерінен шабыт алатын Ая: «Киізден жасалып, қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен сәнделген коллекциядағы әрбір туындым оның иегеріне қазақи рух беріп, кең-байтақ қазақ даласының күшін сезіндіреді».

Отандық сән индустриясының жарқын өкілі Салтанат Баймұхамедова сән әлеміне сонау 2000 жылдары келген болатын. Басында «F. you» киім желісімен жастарға арналған киімдер тігіп жүрген Салтанаттың 2008 жылдың наурыз айында Trend & Tendance агенттігінің қолдауымен Парижде алғашқы сән көрсетілімі өтеді. Содан бастап ол Salta™ деген бренспен шыға бастайды. Бүгінгі күні Salta сапалы, әрі қолжетімді бағадағы *pret-a-porter* әйелдер киімін шығарумен айналысады.


Сән өнеркәсібінде жүргеніне 10 жылға жуық уақыт болғанымен, Камила Курбанидің қазақстандық сән сахнасына келгеніне небәрі 2 жылдай болған. Осы уақыттың ішінде ол сән әлеміне өзгелерге ұқсамайтын ерекше стилін ұсынған. Екпінді гламурға емес, керісінше *unisex* пен *casual* стиліндегі еркіндікке түсіретін Камиланың тұтынушылары еркін ойлайтын, өзгеден аса ерекшеленбейтін, бірақ өзінің ерекше қайталанбас стилімен көзге түсетін кәдімгі қала тұрғындары.

2011 жылдан бері отандық сән әлеміне қадам басқан ZhSaken брендінің негізін қалаушы Сәкен Жақсыбайды бүгінгі күні танымайтын қазақстандық сәнқой жоқ шығар. Шетелге жиі шығып тұратын Сәкен әр елден алған әсерін өз топтамаларында жеткізуге тырысады. Ол киімдерін тігуде барқыт, жібек, шілтер және шифон маталарын қолданады. Оның барлық киімдері сапалы әрі бағасы қолжетімді.

1. Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс/қате ақпаратты белгілеңіз.

Мәлімет	Дұрыс	Қате
1947 жылы Қазақстанда сән әлемінің төңкерісі болған.	☐	☐
Отандық сән ұғымы «Сымбат» сән академиясымен тығыз байланысты.	☐	☐
Қазақстандық сән өнерін шетелге таныстырған компания «Salta» деп аталады.	☐	☐
«Сымбат» сән академиясының сән театры 1991 жылы ашылған.	☐	☐
Ая Бапани шетелден Қазақстанға қыдырып келген сәнгер.	☐	☐
Камила Курбанидің қазақстандық сән сахнасына келгеніне небәрі 2 жылдай болған.	☐	☐
ZhSaken брендінің негізін қалаушы Сәкен Жақсыбай.	☐	☐
Қазақстан Республикасы Ұлттық Сән Палатасының атқарушы директоры – Ая Бапани.	☐	☐

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.



3. Берілген тапсырманы орындаңыз.

1. Құралай Заманбекқызы Нұрқаділова туралы 2 мәлімет жазыңыз.

1. _____
2. _____

2. Аида Кауменова туралы 3 мәлімет жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

3. Сәкен Жақсыбай туралы 4 мәлімет жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Мәтінде қандай мата атаулары кездеседі?

Мәтінде кездесетін стиль атаулары сізге таныс па?

5. Берілген сан есімдерді мәтіндегі тіркесетін сөздерімен толықтырыңыздар.

1947 жыл _____

1988 жылы _____

2000 жылдары _____

2 жыл _____

1987 жылы _____

5 жылдан бері _____

2011 жыл _____

1913 жыл _____

1958 жыл _____

1975 жыл _____

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Есімше

310 - бет

- ған / -ген - қан / -кен
- атын / -етін - йтын / -йтін
- мақ / -мек - пақ / -пек
- ар / -ер / -р / -с

кел+ген, жаз+ған, айт+қан
сұра+йтын, жүз+етін
бар + мақ, айт+пақ
кел+ер, жаз + ар, берме+с

1. Тиісті қосымшаны қойыңыз.

Елу жыл бұрын «дресс-код» деген түсінік танымал болма____
Ал қазір дресс-код біздің күнделікті өмірімізге сіңіп кет____
Дресс-код де____ – белгілі бір ортада қатаң нормаға сай киіну.
Сіз жұмысқа тұр____ да дресс-код нормасымен таныс____сыз
Әдетте, банк, басқару, жалпы мемлекеттік қызметтегі адамдар дресс-кодты ұстан____
Ерлер костюм ки____, әйелдер белдемше мен блузаны таңда____
Сіздің жұмыс берушіңіз smart-casual стиліндегі дресс-кодты ұсын____ болса,
Демек ол өз қызметкерлерінің ақ-қара костюммен жүргенін қалама____ адам.
Ендеше басшыңыз адамның киімі өз иесінің мінезі, тұлғалық қасиеті жайлы әңгімелей алатынын біл____ адам де____ сөз.
Сол себепті еркін әрі сәнді кеңсе стилін ұсын____

2. Мақалға тиісті есімшенің қосымшасын жалғап, аяқтаңыз. Мақалды жаттап алыңыз.

“Ерін____ қал____ ұятқа, Ізден____ жет____ мұратқа”	“Шақыр____ жерден қалма, шақырма____ жерге барма.”	“Ата-ананың қадірін, Балалы бол____да біл____сің”
“Ерінбе____ етікші бол____”	“Жауын жау____, көк шығ____”	“Айтыл____ сөз, атыл____ оқпен тең.”

3. Сәйкестендіріңіз.

Менің әжем жазда ауылдан	демалған	бірақ ақпарат жалған екен.
Тілшілер атақты әртіс туралы мақала	отырмаспын	бізге құрт, май, ірімшік әкелетін.
Әріптесімнің отбасы Алакөлде	киінген	терезелерді ашып қояйық.
Ғаламторда күнде жаңалықтар	болмас	дегенмен екі-үш сағат әлеуметтік желіде отырғанымды байқамай қаламын.
Қазақтың сал-серілері әдемі	жазған	балалары күнге күйіп кетіпті.
Кеше қатты дауыл	келетін	белдіктері де таза күмістен жасалған екен.

4. Сөйлемдерді болымсыз формада жазыңыз.

Үлгі: - Бүгін жеңі бар көйлекті әкелетін бе еді?

- Иә. Кеше уәде берген.

- _____?

- Иә. Дүкенде сатып алған тауарыма сыйлық қосып берген.

- _____?

- Жоқ. Жолдасым жұмыстан кеш қайтпас деп ойлаймын.

- _____?

- Менің ойымша, балаларға бұл мультфильмге қызықпайтын болар.

- _____?

- Бұл кітапты бүгін ешкім алмас. Ертең келейік. Сосын сатып аламыз.

- _____?

- Көрмеде қазақстандық сәнгерлердің көрсетілімі болмақ.

- _____?

- Бұл сәнгердің киімдерін жастар алар деп ойлаймын.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

Бөтен адамға бас киім бермейді және айырбастамаған. Адам басы кемиді деп санаған.

Бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Жақсылықтың бәрі адамның маңдайына жазылады, сондықтан да бас киімнің орны ерекше. Бас киімді әрқашан таза, ұқыпты ұстап, босағаға емес, төрге ілген.





Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешкен. Оң қолдан бастап киім кию жақсы ырым саналған.

Киімді желбегей жамылмаған, өйткені екі қолы жоқ адам ғана киімді желбегей жамылып жүрген деген пікір қалыптасқан.

Осы пікірлермен келісесіз бе? «Иә» және «жоқ» деген жауаптарыңызды нақты мысалмен дәлелдеңіз.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Мәтін не туралы?
Дұрыс жауаптың тұсына белгі қойыңыз.

№22



- ☐ «Сымбат» сән академиясының тауарлары туралы
- ☐ Қазақстандық сәнгерлер туралы
- ☐ «Сымбат» сән академиясы туралы

2. Қайта тыңдаңыз. Мәліметтің берілу ретімен белгілеңіз.

- ☐ «Сымбат» сән академиясының басшысының көпшілікке танымал болған.
- ☐ «Сымбат» сән академиясының киімдерінің Қазақстанды танымал еткен.
- ☐ «Сымбат» сән академиясының негізі 1947 жылы қаланған.

3. Қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 Сұхбат алушының Сабыркүл ханымға қойған алғашқы сұрағы не туралы?

- 2 Сұхбат беруші сән индустриясындағы қызмет жолына қанша уақыт болған?

- 3 Қазіргі заман жастары қай кезеңде ешқандай сән болған жоқ деген пікірде?

- 4 «Сымбат» сән академиясы қай жылдан бастап көпшілікке өз қызметін ұсынған?

- 5 1975 жылдары «Сымбат» сән академиясының ең алғашқы тұтынушылары кімдер болған?

- 6 Сабыркүл Асанова өз еңбек жолында қандай қиыншылықты атап өтті?

- 7 Сұхбат беруші жұмыс орнында сатып алушымен болған қиындықты қалай шешті?

- 8 Сабыркүл ханым өз еңбек жұмысының бойындағы қандай қасиеттерді дамыта түскенін айтты? Екеуін атаңыз.


- 9 «Адамда жақсы қасиет болмаса оған бақ та бақыт та қонбайды» деген нақыл сөздің авторы кім?

- 10 Сабыркүл Асанова кім?

АЙТЫЛЫМ

Топтық жұмыс.

1. Сіз жұмыс істейтін компания басшысы таңертеңгілік жиналыста хабарлама жасады. Сіз осы хабарлама жөнінде не ойлайсыз?



2. Өзара талқылаңыздар.

Компания қызметкерлерінің бірыңғай киім кигені жақсы ма?

Неге иә / неге жоқ? Өз пікіріңіздің дұрыстығына кемінде 5 дәлел келтіріңіз.

Егер қызметкерлер бірыңғай киім кисе, шынымен, өз жалақыларын үнемдей ме?

Бірыңғай киім киген ыңғайлы ма?

Компания қызметкерлерінің бірыңғай киім кигендері олардың көңіл күйлеріне әсер етеді деп ойлайсыз ба?

Егер сіз басшылықтың бұл пікіріне келіспесеңіз, қандай ұсыныс жасар едіңіз?

Компания беделі мен қызметкерлердің бірыңғай киім киюінің арасында байланыс бар ма?

Компания беделін көтерудің басқа жолдары бар ма?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Өз топтасыңызбен бірігіп сауалнама жүргізіңіз. Сауалнамадағы сұрақтарға жауап берген соң, алынған мәлімет негізінде досыңыз туралы есеп жазыңыз.

Сұрақтар:

1. Сен қандай киімді ұнатасың?
2. Қандай киімді ұнатпайсың?
3. Жалақыңыздың қанша мөлшерін киім алуға жұмсайсыз?
4. Отандық сәнгерлердің тауарын пайдаланасыз ба?
5. Өз киіміңізді қайдан сатып аласыз?

“

”

2. Ғаламтордан қазақстандық бір сәнгер туралы ақпарат тауып баяндама дайындаңыз.

Баяндамаңызда мына мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Туған жылы, жері
- 2) Сән үлгісіне қалай келді?
- 3) Қандай жеңістері бар?
- 4) Қандай атақты адамдарды киіндіреді?
- 5) Киім тігуде қандай стильді ұстанады?
- 6) Жеке дүкені немесе сән үйі бар ма?

2

- САБАҚ

ӘЛЕМДІК СӘНГЕРЛЕР

322 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Қажетті сөздерді қойып, мәтінді толықтырыңыз.



Әйел мен ер адамдардың әлеуметтік желілерді қолдануы

Берілген мәліметтер _____ әйел адамдар мен ер адамдардың арасында _____ пайдалануда ерекшеліктер бар екен. Әйел адамдар ер адамдарға _____ өз достарының _____ дұрыстап, «қажет емес», _____ достарын тізімнен жойып отырады. Әйел адамдардың алпыс жеті пайызы өз достарын _____, ер адамдардың елу сегіз пайызы ғана _____. Сонымен қатар ер адамдар әйел адамдарға қарағанда _____ аз мөлшерде өз суреттерімен, бейнефильдерімен, хабарламаларымен _____. Әйел адамдар әлеуметтік желіде _____ хабарламаларымен бірінші бөліседі, сосын неге _____ деп өкінеді екен. Ал ер адамдар өз _____ құпия ұстауды жақсы көреді екен.

2. Сөз тіркестерінің жұбын табыңыз.

1-жұп		2-жұп		Дұрыс жауап
1) Өз жеке		А) 67 пайызы		
2) Өз суреттерімен		В) пайдалануда		
3) Әйел адамдардың	+	С) жақсы көреді	=	
4) Тізімнен		Д) мәліметтерін		
5) Әлеуметтік желіні		Е) жойып отырады		
6) Құпия ұстауды		Ж) бөліседі		

3. Берілген сөздердің мәндес және қарсы мағынадағы сөздерін жазыңыз.

Ұқсас мәндегі сөздер	Қарсы мағынадағы сөздер
Кешіріңіз _____	Кешегі _____
Өтірік айту _____	Қиындық _____
Қатты ұялу _____	Кешігіп қалу _____
Жалығып кету _____	Заңсыз _____
Таңғы _____	Бірге уақыт өткізу _____

4. Сөйлемдерді мағынасына қарай байланыстырыңыз.

Сән туралы ең қызық деректермен таныс болыңыздар.

Қосымша кірпіктер алғаш 1916 жылы	1	А	одан кейінгі нәрселер ретро болып саналады.
Осыдан 200 жыл бұрын балаларға арнайы киім тігілмейтін,	2	Ә	ойыншық модельдер жасаған.
Винтажды нәрселерге 1920 жылдан бастап 1960 жылға дейін жасалынған заттар жатады екен,	3	Б	қытай сәнқой аруларында да болған екен.
Қазіргі тырнақ бояу дәстүрі 5000 жыл бұрын	4	В	сәнқой болып саналған екен.
1500-жылғы сән қойылымдарында сол кездегі дизайнерлер өз киім үлгілерін көрсету үшін	5	Г	адамның шашынан жасалынған екен.
Б.д.б. 1500 жылдары тақыр басты әйелдер	6	Ғ	оларға үлкендердің киімдерін кішірейтіп кидіретін.

80-дегі модель... ???



Әлемдегі ең кәрі модельді білесіз бе? Оның есімі – Кармен Делль Орефайс, жасы 80-де. Ол жас ерекшелігіне қарамастан, әлі де жас мамандарды шаң қаптырып жүр. Олай дейтініміз, Кармен әлі де подиумда...

Гиннесстің рекордтар кітабына енген Кармен әлемдегі сән моделінің ең ұзақ тәжірибесі бар маманы болып табылады. Сән индустриясында 47 жылдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан ол әлі де подиумдарда сән үлгілерін көрсетіп жүр. Кейбір деректерде оның бұл салаға келуіне досы, фотограф Норман Паркинсон себеп болған делінеді. Ақсүйектер бас қосқан кештің бірінде Карменді көзі шалған суретші оның өте тартымды, әдемі екендігін айтады. Сол сәттен бастап сән әлеміне қайта оралған

Карменнің еңбек жолы әлі де жалғасын табуда.





Әлемдегі ең жас
модельдің жасы екіде

Айре Браун – әлемдегі ең жас модель. Дүние есігін ашқанына небәрі екі жыл болғанмен, оның есімі қазірде бүкіл әлемге әйгілі. АҚШ-та туылған қыздың бүгінгі таңға дейін қатысқан сән көрсетілімдерінің санында шек жоқ. Бүлдіршіннің қазірден-ақ шаштары жиі-жиі боялып, бетіне макияж жасалады. Соған қарамастан көптеген компаниямен келісімшартқа отырысқан ата-ана балалар киімін өндірушілермен де тығыз жұмыс жасап жатыр.

5. Сұрақтарға жауап беріңіз. Өз тобыңызда талқылаңыз.

Адам неше жасқа дейін
модель бола алады деп
ойлайсыз?

Ал Айре Браун туралы не
ойлайсыз?

Сіз өзіңіздің не отбасы мүшелеріңіздің
бірінің «модель» болғанын қалайсыз ба? Не
себепті?

6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- А) Сіз егер сәнгер болсаңыз, қандай бағытта жұмыс істер едіңіз?
Қазіргі заманға сай, ретро немесе тағы басқа жанр.
- Ә) Тарихта аты қалған сәнгерлерді білесіз бе? Аттарын атаңыз.
- Б) Әлемге әйгілі сәнгерлердің бірінің өмірбаянынан қызықты мәлімет айта аласыз ба?

7. Сіз не дейсіз?

Халық көпшілік алдында жүретін өнер иелеріне қарап «бой түзеп», олардың жүріс-тұрысына, киген киімі, тіпті шаш үлгісіне дейін еліктейді. Сіздің де еліктейтін, осы кісіге ұқсағым келеді дейтін үлгі тұтар адамыңыз бар ма?

8. Сіздің жауабыңыз қандай?

Кейбір адамдар «Мен тек осы фирманың киімдерін киемін. Осы бренд қана маған жарасады», -дейді. Сіздің ұзақ уақыт бойы өзгертпей, тек сол бір фирманың, бір брендтің киімін киген кездеріңіз болды ма?

9. Өзіңіздің атақты тұлға санайтын сән әлемі өкілдерінің тізімін жасай алар ма едіңіз? Тізіміңіздің ең жоғарысында кімнің есімі тұрар еді?

10. Төмендегі сәнгерлерді білесіз бе?



11. Пікірлесіңіз. Тобыңызда талқылаңыз.

Киім ыңғайлы болу керек пе, әлде сәнді немесе жарасымды болу керек пе?

Синтетикалық киімдер киген дұрыс па, әлде мақтадан жасалған киімдер дұрыс па?

Киім арзан болу керек пе, әлде қымбат болу керек пе?

Адамдар неге атақты брендтерден киім алғысы келеді?




ОҚЫЛЫМ

Сән әлемі тарихындағы ең ықпалды 100 адамның қатарына кірген Coco Chanel (Коко Шанель) туралы қызықты фактілермен таныс болыңыз.

- Коко сән әлеміне біртіндеп өзгерістер әкеле бастады. Қара көйлек тек қаралы қазаға киілетін болған. Кейін Шанельдің әйгілі кішкентай қара көйлегі бірте-бірте әйелдердің күнделікті киіміне айналды.

- Коко Шанель қалталарды өте қатты жақсы көрді. Ерлерше әйелдердің де қалталы болғанын қалады.



Сол себепті ер адамның киіміндегі қалталарды тек әйел киімдеріне ғана емес, сонымен бірге аксессуарларға да тікті. Мысалы, Chanel сумкасындағы ең басты деталь ол - қалталар!

- Коко еңбек жолын қалпақ тігумен бастаған. Тапсырыс көбейген соң ештеп тауар санын ұлғайтып отырған.

- Коко ең алғаш жасаған саудасында трикотаж сатқан. Ол басында жай адамдарша трикотаж сату дүкенінде қарапайым сатушы болып істеді.

- Коко алғашқылардың бірі болып тамаша маркетингтік әдісті іске қосқан. Ақырындап өз киімдерін сату жолында атақты адамдардың есімдерін пайдаланған. Оларға өзінің тіккен киімдерін кигізіп, кейін түсірген суреттерін біртіндеп жарнама беттеріне орналастырған. Сол кезден бастап атақты әртістер ол дүниеге әкелген киімдер маркаларының символына айналды.

- Коко Шанель алғаш болып күнге күйоді сәнге әкелген. Әйелдер оның күнге күйген терісіне қарап Шанельше күнге күйоді сәнге айналдырған.

- Коко Шанель өмірінің соңына дейін отелде тұрып келген. Қонақүйге бірден үйреніп кеткен жоқ. Дегенмен қонақүй ақырындап оның өз үйіне айналған. Ол Ritz отелін өзінің үйіндей көрген. Ал Ritz отелі қазір Париждегі алдыңғы қатардағы қонақүй саналады.

- «5» санын Коко Шанель «ең сүйікті саным» деп есептеген. Себебі оның өміріндегі көптеген жетістіктер осы 5 санымен байланысты. Шанельге қатты ұнаған Chanel №5 хош иісі де бесінші нұсқасы болатын. Бір қызығы, Chanel №5 1921 жылдың 5-мамырында көпшілікке ұсынылған. Ал қазір әлемде 30 секунд сайын оның бір данасы сатылып жатады.

Коко Шанельдің өмірінде бірнеше рет махаббат оқиғалары болған, бірақ ол ешқашан тұрмысқа шықпаған.



1. Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

Әйелдерге қара түсті көйлекті күнделікті киюге болатынын түсіндірген,	1
Коконьң ең осал жері	2
Ол ешқашан баспаналы болмаған	3
Өз тауарын жарнамалау әдісін	4
Шанельдің танымал болуына	5
Өзін құлай сүйген ғашық жандар көп болатын	6
Сенбеуіңіз мүмкін, бірақ Коконьң тұңғыш жұмысы	7
Күнге күйген терінің сәнге айналуына да	8
Хош иісті Chanel №5 иіссуының бұлай аталуына	9

А	Коконьң осы санға деген махаббатынан туындаған.
Ә	сатушы қызметі болған.
Б	осы мәтіннің бас кейіпкері себепші.
В	бірақ ол өз отбасын құрмаған.
Г	себебі бұл түсті қайғы белгісі деп санаған.
Ғ	өмірінің соңына дейін қонақүйде тұрған.
Д	алғашқылардың бірі болып Шанель қолданған.
Е	киімдер мен заттардағы қалталар.
Ж	өзі тіккен қарапайым бас киімдері себепкер болған.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Коко Шанельдің сән әлемінде не үшін аты қалды?

Ер адамның киіміндегі қандай детальді әйел адамның киімінде қолданды?

Қай қонақүй Коконның есімімен байланысты?

Белгілі дизайнердің өмірінде елеулі орын алған қандай сан?

Chanel сөмкелерінде ненің болғанын маңызды санады?

Жарнаманың Коко есіміне қандай қатысы бар?

Әйел адамдар Кокоға қандай жаңалығы үшін рақмет айтады?

3. Мәтіннен төменде берілген сөздердің синонимін табыңыз.

Сөз	Синоним
Ұнату	<u>Жақсы көру</u>
Тұңғыш	
Белгілі	
Дүние жүзі	
Халыққа	

Сөз	Синоним
Әр күні	
Жұмысын	
Бас киім	
Күйеуге шықпады	
Керемет	

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Сын-бейне үстеулер

311 - бет

Мен киім тігуді арен үйрендім. Қазақстандық сәнгерлер елімізді бірте-бірте әлемге танытуда. Әпкем ақырын өз стилін өзгерте бастады.

1. Сәйкестендіріңіз.

Киім тігу оңай ма?	2	Ә	Меніңше, аюларша қорбаңдап кететін сияқтысың.
Сәнгер болуға уақыт көп керек пе?	3	Б	Әр тапсырыс берушіге өзіне жарасатын киім үлгісін ақырын түсіндіру қажет.
Мына киімім жарасып тұрма?	4	В	Жоқ, әрине. Көп қателік жіберіп, бірте-бірте үйрендім ғой.
Біреуге киім таңдау қызықты ма?	5	Г	Әрең үйрендім. Немерелерімнің киімдеріне қарасам, ештеңені түсінбеймін.
Қазіргі сән үлгісі туралы не айтасыз?	6	Ғ	Сәтті өткеніне балаша мәз болып тұрмын.
Сән апталығына бірінші қатысуыңыз қалай өтті?	7	Д	Сән әлемін бірден тез бағындыру оңай деймісіз?! Оған шыдамдылық керек.

2. Берілген сөз тіркестерінің қарсы мәндес және мағыналас сөз тіркестерін тауып, кестені толтырыңыз.

етпетінен құлау	жылдам жүру	баяу жүру	жылдам келу	балаша жылау	қарқылдап күлу
қуана алу	ересектерше шыдау	әрең үлгеру	амалсыздан алу	шалқасынан құлау	жай күлу

Антоним	Сөз тіркесі	Синоним
_____	ақырын жүру	_____
_____	жымиып күлу	_____
_____	шыдамдылық таныту	_____
_____	уақытында келу	_____
_____	ризашылықпен алу	_____
_____	арқасымен құлау	_____

3. Қажетті сөзді қойып, сұхбатты аяқтаңыз: әрең, ақырын, жылдам, бірден, бірте-бірте.

- Қазақстан сән әлемінің қалыптасуы туралы не айтасыз?
- _____ сәнгерлер пайда болып, тасымыз өрге домалады десек, артық айтқан боламын.
 - Отандық сәнгерлер халықтың көңілінен шығып келе ме?
 - Адам қандай да бір өзгерістерге _____ үйренеді ғой. Сондықтан кейін бәрі дұрыс болады.
- Отандық өнімді көпшілік сатып ала ма?
- Біздің тауарларымыз _____ сатылып кетеді десем, өтірік болады.

– Қазіргі таңдағы өзгерістер жайлы не айтасыз?
– Қазақстандық сәнгерлердің жағдайы _____ дұрысталай келеді.
Халықпен байланыс орнатуды мықтап қолға алып жатырмыз.

– Шетелден алдыратын материалдарыңыз тез келе ме?
– Жоқ. Бұл да бір қиын мәселе. Кейде 1 ай дегенде _____ жеткізіледі.
– Алдағы шаруаларыңызға тек сәттілік тілейміз.
– Рақмет!

4. Етістікті дұрыс формаға қойыңыз. Сөйлемді аяқтаңыз.

Үлгі: Асқар соңғы үлгідегі жейдені сатып алуға әрең үлгерді (әрең үлгеру).

Қазіргі уақытта сән үлгілері _____. (шапшаң өзгеру)

Мен бас киімге киізден гүл тағуды _____. (бірте-бірте үйрену)

Райханның анасы жастардың киім кигендеріне _____. (ақырын үйрену келу)

Зерттеулердің нәтижесі бойынша, өзінің ішкі дүниесін көрсеткісі келмеген қыздар көбінесе _____ екен. (ерлерше киіну)

Сіз дүкенде алған тауарыңызға _____ бе? (қолма-қол төлеу)

Ол ұзын көйлегінің етегіне сүрініп, _____. (шалқасынан құлау)

5. Сөздерді ретімен орналастырып, сөйлем құраңыз. Жазыңыз.

бірте-бірте / жастар арасында / жаңа сәнге айнала бастады / футболкалар / 60-жылдары
60-жылдары футболкалар жастар арасында бірте-бірте жаңа сәнге айнала бастады.

бірден / аяқ киімді / мен / спорттық / алмадым / таба.

әкеліне / киім брендтері / әлемдік / елімізге / ақырындап / бастады.

айнала / сәнге / кішкентай / Коко Шанельдің / бірден / қара көйлегі / қоймады.

ие болды / тренчтер / ойлап шығарған / үлкен / тез / Томас Берберри / танымалдылыққа

қозғалып, / Кішкентай Айре / көрсетуді / камера алдында / жақсы меңгерген / ересектерше / сән үлгілерін / кәсіби түрде

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...



Мына аяқкиім маған
жараса ма?

Өте жақсы
жарасады екен.
Құйып қойғандай!



ТЫҢДАЛЫМ

№23



1. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Мәтін не туралы?

- | | |
|--|--|
| ☐ қазақстандық сән туралы | ☐ сән әлемінің қызықтары туралы |
| ☐ сән әлемінің пайда болуы туралы | ☐ сән әлемінің Қазақстанға әсері туралы |

2. Қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1) Мәтін мазмұны бойынша «мода» ұғымы нені білдіреді?

- | | |
|---|--|
| ☐ шапшаң жылжып, тоқтап қалу | ☐ заман ағымымен кету |
| ☐ шапшаң жылжып, жаңарып отыру | ☐ заман ағымының тоқтатылуы |

2) «Сәндік», «сәндену» деген ұғымдар қай дәуірде пайда болған?

- | | |
|--|---|
| ☐ тас дәуірінде | ☐ темір дәуірінде |
| ☐ тас және қола дәуірінде | ☐ неолит дәуірінде |

3) «Сәндік», «сәндену» деген ұғымдарының шыққан жері?

- | | |
|--|---------------------------------|
| ☐ Азия | ☐ Италия |
| ☐ Америка Құрама Штаттары | ☐ Еуропа |

3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Біздің заманымызға дейін белдемшелер қандай материалдан тігілген?

А) _____ Ә) _____

2. Вавилондықтардың сән әлеміне қосқан үлесі қандай?

А) _____ Ә) _____

3. Гректер сән әлеміне қандай бұйымдарды әкелді? Үш заттың атауын жазыңыз.

А) _____ Ә) _____

Б) _____

4. Сән әлемінің қалыптасуына француз және итальян суретшілері қандай үлес қосты?

5. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрамына енген елдерге сән әлемі қай жылдары жетті?

6. Әлемге әйгілі Поль Пуаре мен Кристиан Диор сәнгерлерінің туындылары қашан пайда болы?

4. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Мәтінде қандай дене мүшелері аталды?

А) _____

Ә) _____

Б) _____

5. Мәтінді қайта тыңдаңыз. «Қалай» деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызыңыз.

«Сән әлемі» десе, бұл әлем кеше ғана пайда болып, жер жүзіне бірден тарағандай болып елестейді. Себебі бүгінгі ауызекі тілдегі «мода» ұғымы заман ағымымен қоса шапшаң жылжып, жаңарып отыру дегенді білдіреді.

6. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Мәтін мазмұны бойынша сан есімдерді қажетті сөздермен тіркестіріңіз.

Жыл	Не болды?
2900 жыл бұрын	_____
1350 жылдары	_____
1900 жылдары	_____
1903-1905 жылдары	_____

7. Қайта тыңдаңыз. Мәтін мазмұны бойынша берілген сын-қимыл үстеулерін қажетті сөздермен тіркестіріңіз.

Сын-қимыл үстеуі	Тіркескен сөзі
Бірден	_____
Шапшаң	_____
Бірте-бірте	_____
Біртіндеп	_____
Ақырындап	_____
Барынша	_____
Біртіндеп	_____
Жылдам	_____
Бірте-бірте	_____

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Пікірлесу.



Ғаламтордан
киім алған
дұрыс па?

Қазіргі таңда киімді тек дүкеннен ғана емес, ғаламтордан да сатып алуға болады. Дегенмен зерттеулерге қарасақ, адамдар бұл қызмет түрін таңдау кезінде қай компанияның жақсы екенін білмей, өз достарынан көмексұрап немесе әлеуметтік желідегі сауалнамалардың нәтижесіне қарауға тырысады екен. Өз әріптесіңізбен немесе достарыңызбен біздің еліміздегі қызметтің осы түрі туралы пікір алмасыңыз.

Ғаламтордан киімге
тапсырыс берейін
деп едім, қандай
сайттар бар?

Өз өлшеміңізді нақты
білесіз бе? Киімді өлшемей,
киіп көрмей алған кездеріңіз
болды ма?

Ғаламтор көмегіне
жүгіну тиімді ме?

Киімді алған кезде
міндетті түрде киіп
көресіз бе?

2. Өз тобыңызда талқылаңыз. Пікір бөлісіңіз.

Қазақстанда ең көп қолданылатын (киімдегі) бренд қандай? Сіз қандай бренд киімдерін киесіз?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз ғаламтор арқылы киімге тапсырыс бердіңіз. Тауарды ашқанда, өзіңіз берген заттың сапасының мүлдем нашар екендігін көрдіңіз. Тапсырыс берген компанияңызға шағым жазыңыз.




2. Төменде белгілі сәнгерлер мен актерлерің пікірлерін оқыңыз. Сән мен стиль туралы өз пікіріңізді жазыңыз.

Ал сіз кімнің сөзін көбірек құптар едіңіз?

Шығармаңызда төмендегі сөздер міндетті түрде кездесуі тиіс:

бекер	Өзінше болу	Бірте-бірте	ептеп	Жылдам
Біріншіден,	Екіншіден,	Менің байқауымша	әйелдерше	ұлдарша

Сән мен стиль – екеуі екі әлем екені белгілі. Біреулер жаңа шыққан трендті алып, соңғы сәнмен киінуге ұмтылса, енді біреулер қанша сән өзгерсе де, өз стилін сақтап қалады.



*Сәндік, кербездік – адамды
семіртпейтін бірден бір сұлулық.*



*Трендке құмартпаңыз. Сәннің
басыңызды билеп алуына жол
бермеңіз. Өз киіміңізді және өмір
стиліңізді қалай айқындағыңыз
келетінін өзіңіз шешіңіз.*



*«Арзан» деген сөзді айтпаңыз. Бүгінде арзан
бұйымдармен кім де болса жақсы көріне
алады, оны бай адамдар да сатып алады
ғой. Қазір жақсы дизайн кез келген бағадағы
нәрседен табылады. Қарапайым футболка
мен джинс киіп те әлемдегі ең сәнді адам
бола аласыз, бәрі өзіңізге байланысты.*



*Стиль – өзіңнің кім
екеніңді сөйлемей-ақ
айту.*

Х

БӨЛІМ



1-САБАҚ Ас мол болсын

2-САБАҚ Дұрыс тамақтану қағидалары

1

- САБАҚ

АС МОЛ БОЛСЫН

322 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Берілген сөйлемдерді етістіктің шағымен сәйкестендіріңіз.

	А	В	Жауап
1	Мен бұл жерде бала кезімде тұрғанмын.	А нақ осы шақ	1-
2	Ол Францияда Өнер институтында оқып жатыр.	Ә жедел өткен шақ	2-
3	Асқар ескі тиындарды жинаумен Қарағандыда жүргенде айналысатын.	Б бұрынғы өткен шақ	3-
4	Мен бір күнде он бес хатқа жауап жазамын.	В келер шақ	4-
5	Әкемнің ағасы ендігі жылы жетпіс бес жасқа толады.	Г ауыспалы осы шақ	5-
6	Кеше Халықаралық аналар күні болды.	Ғ мақсатты келер шақ	6-
7	Сәуір айында жастардың арасындағы ең үздіктерді анықтау үшін жас суретшілердің сурет көрмесі өткізіледі.	Д дағдылы өткен шақ	7-

2. Мағыналары ұқсас сұрақтарды бір-бірімен жұптастырыңыз.

1 Туған жерің қай жақ?

2 Ұштың ба?

3 Астана туралы не ойлайсың?

4 Ұзақ уақытқа келдің бе?

5 Астанаға бірінші келуің бе?

6 Бұл жерге қашан келдің?

ДҰРЫС ЖАУАБЫ:

1 – Г

2 –

3 –

4 –

5 –

6 –

А Келгеніңе көп болды ма?

Ә Үйіңе қашан қайтасың?

Б Астана ұнады ма?

В Ұшақпен келдің бе?

Г Қай қаладан келдің?

Д Астанада бұрын болып па едің?

3. Сөзжұмбақты шешіп көрейік.

Сөзжұмбақтың боялған торкөздеріне бір-бір әріптен қосып, тігінен оқылатын толық мағыналы сөз жасаңыз. Біздің тапсырмамыз қатесіз дұрыс орындалған жағдайда көлденеңінен тұрған жолақтың бойынан белгілі халық мақалын оқи аласыз.

Б	О	К	А	А	К	Б	Е	А	Б	Ұ	Ж	Ү	К	Е	Е
Л	Д	Л	М	Т	Л	Т	Т	А	С	Д	З	Д	К	І	Л
М	Ы	Т	А	Ы	Е	Е	Е	Т	І	А	І	І	І	Г	Е
Е	Қ	Е	Н	Н	М	Н	Ң	А	Н	Н	М	К	Л	Е	К

Ережемен танысыңыз.

Сұрау есімдігі

311 - бет

Таңертеңгі асқа қандай ботқа жейсіз?
Көкөністер қайдан әкелінген?
Тез дайын болатын тағамдар туралы не ойлайсыз?

4. Қажетті сөзді қойыңыз. Сұхбатты толықтырыңыз.

Қандай? Қашан? Қайда? Қайдан? Қанша? Қай? Қаншадан? Қайсысының?

- _____?
- Кеше дүкеннен сатып алдым.
- _____?
- Жемістің жеткізілген жағын сұрамадым.
- _____?
- Бір келісі алты жүз елу теңгеден екен.
- _____?
- Жергілікті фермада өсірілген деді.
- _____?
- Құрамында ешқандай химиялық қоспалар жоқ, уайымдамаңыз деді сатушы.
- _____?
- Көп уақыт сақтауға болмайтынын айтты.
- _____?
- Қызыл және жасыл түрлері бар екен, мен қызылын алдым.
- _____?
- Екеуінің дәмі бірдей деді.

5. Үш бағанды бір-бірімен сәйкестендіріңіз.

☒ 1 Шай біздің жасушаларымызға пайдалы.	☐ Қалай ?	☐ Олар 5-7 жыл бойы күніне бір кесе болсын шай ішкен адамдардың сүйегі мықты болғандығын анықтапты.
☐ Қара шайдың пайдалы қасиеттері көп.	☒ 1 Қалайша?	☐ Сол арқылы біз сүйегіміздің қатаюына, мығым болуына жәрдемдеседі екенбіз.
☐ Адамның күнделікті қара шай ішуі сүйектерімізге керек екен.	☐ Неге?	☒ 1 Өйткені қара шайдың құрамында қан тамырларының жұмысына жәрдемдесетін ерекше заттар бар.
☐ Қытай ғалымдары зерттеу жүргізіпті.	☐ Неліктен?	☐ Пайдалы болатын себебі оның құрамында қоршаған ортаның зияндылығынан қорғайтын көп антиоксиданттар бар.
☐ Қара шай қан тамырларының жұмысын жақсартады.	☐ Қандай?	☐ Мысалы, жалбыз қосып, жүйке жүйесін реттеуге болады.
☐ Шай ішсең суды іздемейсің.	☐ Қайсысын?	☐ Адамның қан тамырларын кеңейтеді, мезгілінен бұрын қартаюының алдын алады, инсульттың болу қаупін азайтады екен.
☐ Шайдың құрамындағы кофеин де маңызды роль атқарады екен.	☐ Не туралы?	☐ Шөліңді тез қандырады екен.
☐ Шайға түрлі шөп қосып, пайдасын одан сайын арттыруға болады.	☐ Қандай?	☐ таңертең ұйқының тез ашылып, күні бойы сергек жүруге көмектеседі.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Жемістерге жапсырылған кішігірім жапсырмаларды байқаған боларсыз? Онда ұсынушылардың логотипімен қатар, бірнеше саннан тұратын PLU-код (Price-Look Up) көрсетілген. Неге жапсырма қажет? Белгілі болғандай, өндірушілердің жемісті таңбалағандағы мақсаты өздерін таныстыру ғана емес, тұтынушыларға маңызды ақпарат беру. Жапсырмадағы сандар нені білдіреді? Онда қандай ақпарат жасырылған?

3 немесе 4 сандарынан басталатын 4 таңбалы код

Кейбір жапсырмада тек 4 сан көрсетіледі. Ол жеміс не көкөністі өсіргенде агротехнологиялар барынша қолданылған дегенді білдіреді. Мұндай жемістерден аулақ жүріңіз. Неліктен? Себебі олардың қатарында тыңайтқыштар мен пестицидтер де бар.





8 санынан басталатын 5 таңбалы код

Қайсыбір жемістерді өсіргенде гендік инженерия технологиялары қолданылады. Дәл осы жемістер әркім сөз қылған гендік модификацияланған өнімдер. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында, көбінесе қауын, банан, папайя сынды жемістер гендік модификациялауға ұшырайтыны анықталған.

9 санынан басталатын 5 таңбалы код

Егер 9 санынан басталатын 5 таңбалы кодты байқасаңыз, ол жемістің фермерлік әдіспен өсірілгендігін аңғартады. Яғни оларды өсіруде ешқандай химиялық тыңайтқыштар қолданылмайды. Мұндай өнім табиғи болып табылады. Әркімнің дәл осындай жолмен өсірілген жемісті алғысы келетіні рас емес пе?



Егер жемісте PLU-код болмаса

Кейбіреулер ешқандай жапсырмасыз жемісті алуға тырысады. Біздің ойымызша, ол – қауіпсіз. Алайда бұл ретте жапсырмалы жемісті таңдағаныңыз жөн. Неге дейсіз бе? Себебі шет елдерден әкелінген жемістерде міндетті түрде қағаз жапсырма болуы тиіс екенін кейбіреуіңіз білмейтін боларсыз. Ол болмаған жағдайда, жемістер жапсырмадан «тазаланған» болуы мүмкін.

2. Дұрыс жауабын табыңыз.

№	А	№	В	Жауап
1	Жемістердегі жапсырма не үшін керек?	А	Бұл жемістер өсірілу барысында қатты өзгеріске ұшыраған	1-
2	3 не 4 санынан басталатын кодтың мағына не?	Ә	қауын, банан, папайя	2-
3	Жеміс не көкөністі өсіргенде қандай агротехнологиялар қолданылады?	Б	9 санынан басталатын 5 таңбалы код	3-
4	8 санынан басталатын 5 таңбалы код неге жапсырылады?	В	Ешқандай химиялық тыңайтқыш қосылмағандықтан	4-
5	Гендік модификациялануға жиі ұшырайтын қандай жемістер?	Г	Тыңайтқыш пен пестицид	5-
6	Табиғи жолмен өсірілетін жемістің коды қандай?	Ғ	Жемістің өндірілуі туралы мәлімет береді	6-
7	Неге бұл жемістер табиғи жолмен өсіріледі?	Д	Ешқандай жапсырмасыз шетелден әкелінетін жемістер	7-
8	«Қауіпті» саналатын жеміс түрін атаңыз.	Е	Бұл жемістерді өсіруде химиялық қоспалар қосылған	8-

3. Мәтінді қайталап оқыңыз. Мәтінде кездесетін белгісіздік есімдігі мен сұраулы есімдіктерді теріп жазыңыз.

1. Белгісіздік есімдігі _____

2. Сұраулы есімдіктер _____

4. Пікірлесіңіз.



- A) Отандық өндірушілердің өнімдерін кеңінен тарату үшін не істеуге болады?
B) Отандық өндірушілерді осы мәселе бойынша қалай қолдауға болады?
C) Соңғы рет дүкеннен немесе базардан сатып алған көкөніс және жеміс-жидегіңіздің сапасы және қайдан әкелінгені туралы айтып беріңіз.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Белгісіздік есімдігі

311 - бет

Кейбіреулер тағамды ұйықтар алдында тойып жейді.

Қайсыбір дүкендерде теңіз өнімдерін сатады.

1. Қажетті форманы қойыңыз. Мақалды аяқтаңыз.

біреу

әркім

әр

біреу

бір

біреу

_____ дікі өзіне, ай көрінер көзіне.

_____ тоңып секіреді, _____ тойып секіреді.

_____ ге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле.

_____ нәрсеге асық болғанша, _____ нәрсеге машық бол.

2. Мәтінді оқыңыз. Тиісті сөздерді қойып, толықтырыңыз.

Менің ойымша, сыйлық алуды 1 _____ жақсы көреді. Өйткені сыйлық алған адамның көңіл күйі көтеріледі, қарым-қатынас та нығая түседі. Сыйлық берген адамға 2 _____ рақмет айтады.

3 _____ жеуге болатын сыйлық берсең, өз несібен көбейеді екен. Сыйлықты қалай алған дұрыс? Туған күні болған адамға сыйлық апарсаң, 4 _____ ұялып, бірден ашып көрмейді.

Ал енді 5 _____ бірден ашып, өз қуанышын көрсетеді. Сыйлықты бірден ашып көру Еуропа және Батыс елдерінде 6 _____ қалыпты жағдайға айналған.

7 _____ адам өзіне сыйланған сыйлықты ұнатады деуге болмайды.

8 _____ сыйлықтың ұнамағанын айта салуы да мүмкін. Алайда 9 _____ өзі қалаған сыйлықты алуы мүмкін емес қой.

Өзіңіз бара алмасаңыз, басқа қалада тұратын досыңызға не туысыңызға сыйлықты 10 _____ беріп немесе поштамен жіберуіңізге болады. Өзіңізбен бір жерде тұратын адамға 11 _____ арқылы берсеңіз, қарым-қатынасыңыз бұзылуы да мүмкін.

12 _____ жағдайда жай көңіл көтеру үшін гүл немесе тәтті сыйлауға болады. Жұмыс үстеліңізден 13 _____ қойып кеткен сыйлығын көрсеңіз, күні бойы көңіл күйіңіз көтеріліп жүреді емес пе?!

кейбіреулері

Әркім

біреуден

әрдайым

кейбір

әлдекімнің

біреулері

кейбіреулер

Әркім

әлдеқашан

әрбір

біреуге

біреу



3. Дұрыс белгісіздік есімдігін табыңыз.

1. Салауатты өмір сүруге *әркімнің / әркім* құқығы бар.
2. *Әрдайым / әрдеңе* жуылған және таза піскен жеміс жеу керек.
3. Дүкенде *кейбіреулері / кейбіреулер* балаларына газды сусын алып жатады, бірақ ол жас ағза үшін өте зиян.
4. *Кейбір / кейбірі* елдерде жаңа піскен көкөністер жеткіліксіз, сондықтан олар шетелден алады.
5. *Әрқашан / әркім* дәрумен іше берген дұрыс емес, тек дәрігеріңіз кеңес берсе ғана ішкен жөн.
6. *Біреулер / біреулеріміз* күніне жеткілікті су ішеді, ал *біреулерінің / біреулері* мүлдем ішпейді.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Күніне 2 литр су ішу керек деген қағида дұрыс па?

Күніне ер адам мен әйел адамның қанша литр су ішу керектігін анықтайтын мынадай формула бар:

- Ер адам: өз салмағын 35-ке көбейтеді.
- Әйел адам: өз салмағын 31-ге көбейтеді.

Нәтиже миллиметрмен көрсетіледі. Шамамен сондай көлемде су ішкені абзал екен.



Су емдейді


Егер жұқпалы ауруға шалдықсаңыз, міндетті түрде жылы су ішіңіз. Әсіресе, өкпе аурулары кезінде жылы су көмектеседі. Себебі, көп мөлшердегі жылы су өкпедегі сілекей қабығының құрғамауына және қанның қоюланбауына септігін тигізеді. Яғни бұл жылы судың көмегімен вирустарды өкпеден тез жоюға болады деген сөз.



Су тыныштандырады

Мазасы қашқан адам су ішкенде ми жүйке орталықтарын реттейді. Су ішкен кезде ақырын тыныстауымыз керек. Ықылық атқанда да адам су ішеді.

Кез келген газдалған сусын целлюлиттің пайда болуына әсер етеді деген пікір бар. Сол себепті дәрігерлер газдалған сусыннан бас тартуға кеңес береді.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.



Тоңазытқышта сақтауға болмайтын азық-түлік

- ☐ 5
- ☐ 8
- ☐ 15
- ☐ 12



2. Қай тағамның аты аталмады? Аты аталмаған тағамдардың атын сызыңыз.

бал қызанақ зәйтүн майы пияз нан банан какао авакадо кофе
балық қарбыз баялды тропикалық жеміс шоколад картоп өсімдік майы

3. Тыңдаңыз. Айтылған тағамдарды неге сақтауға болмайтынын өз сөзіңізбен 1 сөйлеммен жазыңыз.



4. Берілген мәліметтің қайсысымен келіспейсіз? Өз пікіріңізді дәлелдеу үшін нақты 5 себебін жазыңыз.

1.

2.

3.

4.

5.

5. Қайта тыңдаңыз. Айтылған мәліметтің дұрыс/қате екенін белгілеңіз.

Мәлімет	Дұрыс	Қате
Авакадоның қабығы қатып қалады.	☐	☐
Картоптың дәмі қышқыл болып өзгереді.	☐	☐
Шоколад бетінде ақ түсті қабыршақ пайда болады.	☐	☐
Тропикалық жемістер шіріп, пайдалы емес заттар бөледі.	☐	☐
Пияз жұмсарып кетеді.	☐	☐
Кофе иісі шығып, өзге тағамдарды бұзады.	☐	☐
Зәйтүн майы сұйық күйге ауысады.	☐	☐
Бал кристалданады.	☐	☐
Нан жұмсарады.	☐	☐
Қызанақтың дәмі жақсарады.	☐	☐
Баялдыға дақтар шығып кетеді.	☐	☐
Банан көгеріп кетеді.	☐	☐


6. Берілген сөздердің қарсы мәндес сөздерін табыңыз.

Сөз	Қарсы мәндес сөз
Дәмі жақсарады	_____
Қатып қалады	_____
Дақ пайда болады	_____
Балғындық пайда болады	_____
Қоюланады	_____
Қарайып кетеді	_____
Пайдалы болады	_____
Тез пісіп кетеді	_____
Тәтті дәм	_____
Жеміс жұмсарады	_____
Иіс сіңіріп алады	_____
Бал қатаяды	_____

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс.

1. Суретте берілген тағамдарды атаңыз.
2. Осы тағамдардың қайсысын жақсы көресіз?
3. Осы тағамдардың ішінде сіз ұнатпайтын тағам бар ма? Себебі неде?
4. Тағам пирамидасы бар суретте біздің дұрыс тамақтану баспалдағы берілген. Сіздің тамақтану режиміңіз осымен қаншалықты сәйкес келеді?
5. Дәрумендер мен минералды дәрілерді ішкен дұрыс деп ойлайсыз ба?



2. Төменде берілген пікірлердің әрқайсысымен келіскен және келіспегеніңізге екі дәлел келтіріп, түсіндіріп беріңіз.

Үйде әзірленген тағам мейрамхана тамағынан әлдеқайда дәмдірек әрі пайдалырақ

«Әрбір адам 30 жасқа келгенше тамақ әзірлеп үйренуі тиіс»

«Менің елімде әрбір мерекеде тағамдар ерекше орын алады»



ЖАЗЫЛЫМ

1. «Менің ең жақсы дайындайтын тағамым»
Өз әріптестеріңізге ең жақсы және сүйіп дайындайтын тағамыңыздың дайындау әдісімен бөлісіңіз.

2. Оқылым бөлігінен Жемістердегі жапсырмалардан нені біле аламыз? Мәтінін оқыңыз. Мәтін мазмұны бойынша әріптестеріңізге «Жемістер жайлы не білуіміз керек?» тақырыбында баяндама жасауға дайындалыңыз.

Баяндамада төмендегі мәселелер бойынша ақпарат беруге тырысыңыз:

Көлемі: 200 сөз.



ЖЕМІСТЕР ЖАЙЛЫ НЕ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?

1. Жалпы жемістер жайлы мәлімет
2. Жергілікті жемістер
3. Өзге мемлекеттен әкелінетін жемістер
4. Жемістің пайдасы мен зияны
5. Жемістің қайсысы көбірек пайдалы?
6. Қандай жемістерді мөлшермен жеу керек?
7. Жемісті жегенде неге көңіл аударуымыз керек?
8. Әр жемісті тек маусымында ғана жеген дұрыс па?
9. Мұздатылған жемістің пайдасы бар ма?
10. Жемістерден не жасауға болады?

2

- САБАҚ

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

323 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

Бүгін кетесің бе?	☐	☐ Ақпан.
Сіз бұл жаңалықты кімнен естідіңіз?	☐	☐ Таңғы 7-де.
Ертең жексенбі ме?	☐	☐ Әріптестерімнен.
Сіз таңертең сағат нешеде тұрасыз?	☐	☐ Үйге қайтамын.
Қазір қай ай?	☐	☐ Жоқ, бүрсігүні.
Сіз сағат нешеде ұйықтауға жатасыз?	☐	☐ Жоқ, демалыс.
Ертең жұмыс күні ме?	☐	☐ Сәрсенбіде.
Сіз аптаның қай күні жұмысқа шығасыз?	☐	☐ Түнгі 11-де.
Сіз жұмыстан кейін не істейсіз?	☐	☐ Жоқ, дүйсенбі.

2. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз. Қажетті сөздер «Қарым-қатынас» және «Баспасөз-Медиа» бөлімдерінен алынған.

Бұл кісінің _____ – Жақсылық Бағымұлы. Ол «Егемен Қазақстан» газетінің _____ . Жақсылықты бүкіл Қазақстан біледі. Неге десеңіз, ол 15 жылдан бері осы газетте қызмет етіп келеді. Оның жазған _____ өте қызықты, өте өзекті. Оның _____ – Самұрық. «Егемен Қазақстан газеті - _____ газет. Оның _____ 200 000 екен. Газеттің _____ билік, саясат, экономика, құқық, әлеумет, руханият, тұлға, спорт, тіршілік тақырыптарына арналған. Бұл газеттің _____ негізінен қазақстандықтар. Бұл газетте еліміздегі _____ болып жатқан _____, саяси _____, _____ адамдар мен тұлғалар жайлы жазылады.

3. Көп нүктенің орнына берілген сөздердің бірін қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

Адам жалғыздықта өмір сүре 1 _____ Әрдайым **арқа сүйейтін** адам керек
2 _____ Заманға сәйкес **адамдық құндылықтар** да, қасиеттер де 3 _____
_____ бара жатыр. Әрбір адам өзінің жағдайын ғана _____. Біздің ата - анамыз бізді
асырайды, оқытады, біз үшін бәрін беруге дайын. Ал, соны **бағаламайтын** жандар қаншама?!
Қартайған шағында кез келген ата-ана баласынан, әрине, жақсылық _____.
Бірақ, керісінше, көп жастар қазіргі таңда ата-аналарына көмектеспейді. Сондықтан ең жақын
адамдарымызды бағалайық.

1

алмаймыз

алмайды

алмайсың

алмаймын

2

боласыз

боламын

боласың

болады

3

өзгеріп

өзгермек

Өзгеруге

өзгереді

4

ойлайды

ойламайды

ойлайсың

ойлаймын

5

күтеді

күтемін

күтесің

күтеміз

4. Пікірлесіңіз.

1. Өз әріптестеріңізбен оқыған мәтін мазмұны туралы пікірлесіңіз.
2. Кестеде берілген сөздердің мағынасын бір-біріңізге түсіндіріңіз.

Жалғыздық

Арқа сүйеу

Көмекке зәру

Адамдық құндылықтар

5. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Сіз кімге арқа сүйейсіз? Неге?
2. Қандай адамдық құндылықтарды білесіз?
3. Адамдар қандай жағдайда көмекке зәру болады?



Х БӨЛІМ

Іш ауру

Құлақ ауру

Бас аурү

Tic aypy

Тамақ ауру

Суық тию

Арқа/бел ауру

Қызу көтерілу



Х БӨЛІМ

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.This image shows a single sheet of white paper with horizontal red ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.


8. Сіз не істейсіз?

Ана мен баласын дүкеннен көрдіңіз. Сусын сататын бөлімнің қасынан өткенде кішкентай бала анасына газдалған сусын алып беруін өтініп жылай бастайды. Анасы баласының жылайын деп тұрғанын көрген соң, сусынды алып берді. Егер сіздің балаңыз болса немесе сіз баланың анасының орнында болсаңыз, не істер едіңіз?

- А) Алып берер едім. Өзімнің де ішкім келіп тұрған. Онда тұрған ештеңе жоқ.
- В) Алып бермеймін. Газды сусынды ішуге болмайды.
- С) Білмеймін.

9. Сіз не дейсіз? Сұрақтарды талқылаңыз.

Қандай жауап берсеңіз де, нақты дәлелдер келтіріңіз.



10. Мақалды оқыңыз. Қолданысқа енгізіңіз. Мағынасын түсіндіріп беріңіз.

*Көзің ауырса, қолыңды тый,
Ішің ауырса, аузыңды тый.*

Баланы тәрбиелеме, өзіңді тәрбиеле.

1. Сіз не дейсіз?

Сүтті коктейль – балаларға арналған ең зиянды сусын

Америкалық зерттеушілердің пікірінше, сүтті коктейльдің құрамында қант пен майдың шектен тыс мөлшері бар көрінеді. Бұл – балалардың ағзасына өте зиян.

Балаларға арналған 5 зиянды сусынмен таныс болыңыз:



Америкалық зерттеуші ғалым Эрик Стайсом тіл үйіретін сүтті коктейльдің ағзаға зиян екенін анықтап шықты. Құрамындағы шектен тыс қант пен май сіздің денсаулығыңызға кері әсерін тигізеді. Ғалымдар 100-ге тарта орта мектеп оқушыларына шоколад қосылған сүтті коктейль ішкізіп, зерттеп көрді. Нәтижесінде, мамандар бұндай сусындар жүйке жүйесіне наркотикалық заттар секілді әсер етеді деген тұжырымға келіпті. Қант шынында да жүйке жүйесінің жылдам қызмет етуі үшін жігерлендіруші күш болып табылады. Біртіндеп сүтті коктейльдің мөлшері арта түскен сайын семіздіктің қауіпті түріне алып барады.

Көптеген балалар, тіпті, ата-аналардың өзі де шөлін газдалған сусынмен

қандырғанды дұрыс көреді. Бірақ та балалардың ағзасына зиянды сусындардың бірі – осы. Газдалған сусынның құрамында қанттың шектен тыс мөлшері және химиялық заттар (бояғыш заттар, консерванттар, т.б.) мол кездеседі. Дәрігерлер ылғи да ересектердің өзін газдалған тәтті сусындардан аулақ болуға шақырып жүреді. Егер бір тәуелді болып алсаңыз, тез айығып кету қиынға соғады.



Бәріміз шырынның құрамында дәрумендер, пайдалы заттар мол екенін білеміз. Бірақ кез келген шырын асқазанға ауыр тиеді. Шырындағы көп мөлшердегі қышқыл мен көмірсу, минералды тұздың жоғарғы концентрациясы жасқа толмаған баланың ішіне тіптен зиян. Шырынның құрамында көмірсулар өте мол. Бұл асқазан-ішек ауруына жағдай туындатады. Ішек шырышының қабынады. Бала ағзасының мүлде басқа агрессиялық өнімдерді қабылдамас үшін тез арада алдын алу қажет. Ұйқы безінің де зақымдану қаупі жоғары.

Кофе баланың жүйке жүйесінің қалыпты дамуын бұзады. Сол себепті жас баланың мінез-құлқы тез өзгеріп, эмоцияға берілгіш болып кетеді. Бала көңілді немесе жылауық, ашушаң не керісінше енжар, сылбыр болып өсуі мүмкін. Егер кофеин жиі қолданылып тұрса, баланың жаман жаққа өзгеріп кетері анық. Ал, бала тәуелді болып алса, өмірге деген құлшынысы төмендеп, көп энергиясын босқа шығындап алады. Жүрек ауруына да әсер етеді.



Шай – бойыңыздағы ағзаға қажетті калий, натрий және кальций секілді дәрумендердің қас жауы. Егер сіз шайды көп ішіп жүрсеңіз, аталған дәрумендер несеп жолы арқылы сыртқа шығып кетеді. Бұл – үлкендер үшін де, жас балалар үшін де сүйектің зақымдануына әкеліп соғады. Бұл ауру остеопороз деп аталады.



2. Мәтінде аты аталмаған сусын түрлерін сызып тастаңыз.

Көк шай

сорпа

Сүтті коктейль

Ыстық сүт

Айран

шырын

шай

кофе

Какао

Газды сусын

3. Мәтін мазмұны бойынша, сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Мәтін кімге арналған?

2. Мәтіннің негізгі идеясы не?

3. Сүтті коктейль неліктен балалар үшін зиян сусын болып табылады?

4. Сүтті коктейльдің зиян болуын дәлелдейтін екі себепті атаңыз.

5. Зерттеушілер бұл сусынның зиян екендігін қалай дәлелдепті?

6. Коктейльді жиі және көп ішу қандай ауруға әкеп соқтырады?

7. Неге газдалған сусынды балаларға ішуге тыйым салу керек?

8. Шырын бала ағзасының қай бөлігін зақымдайды? Екеуін атаңыз.

1 _____ 2 _____

9. Кофені ішкен баланың мінез-құлқындағы өзгерістерді сипаттаңыз.

10. «Шай – қазақтың ежелден келе жатқан сусыны. Неге ол балаға зиян?»

4. Сурет бойынша сұхбат құрастырыңыз. Жоғарыда оқыған мәтін мәліметтерін пайдалана отырып, Нұрланға кеңес беріңіз.

Сәлем, Нұрлан!
Көңіл күйің болмай тұр ғой?



Сәлем, Сәуле!
Басым ауырып тұр.
Таңертеңгі шайымды
ішпеп едім.....кола іше
салайын деп тұрмын.

5. Сіз қалай ойлайсыз? Берілген дайын тіркестерді қолданыңыз.

Бас неден
ауырады?

Іш неден
ауырады?

Асқазан неден
ауырады?

Тіс неден
ауырады?

Қызу неден
көтеріледі?

Меніңше, бас _____.

Менің ойымша, тіс _____.

Менің білуімше, асқазан _____.

Менің естуімше, _____.

Мен кофе ішкелі _____.

Басым ауырып, шай ішіп _____.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Көсемше. Көсемшенің қимыл-сын пысықтауыштық қызметі

312 - бет

Көп жылдар *шаршамай* еңбек еттіңіз.

Жас балаларға *асықпай* сөйлеу керек.

1. Сәйкестендіріңіз.

А	
1 - ____	Қарай-қарай
2 - ____	Жылдам жүзіп
3 - ____	Ақырын келіп
4 - ____	Ойланбай
5 - ____	Ашуланып
6 - ____	Күліп
7 - ____	Асықпай

В	
А	сөйлеу
Ә	ойлану
Б	қарау
В	сөйлесу
Г	жүгіру
Ғ	кету
Д	жету

2. Мәтінді оқыңыз. Бос орынға көсемшенің қажетті формасын қойып толықтырыңыз.

Бір күнде адамға қандай мөлшерде тағам керек? Бұл оның жасына, жынысына, мамандығына, тұрмыстық жағдайына байланысты. Ғалымдар мамандықтарына қара..... адамдарды тамақтануы бойынша мынадай топқа бөледі:



1- топ. Жұмысты бір орында отыр_____ жасайтын қызметкерлер. Олар көп физикалық күшті қажет етпейді, бірақ миға үлкен күш түсіретін мамандық иелері.



2-топ. Халыққа қызмет көрсетумен, бір орнында отыр_____ немесе жүр_____ жұмыс жасайтын қызметкерлер: байланыс саласының қызметкерлері, тігіншілер, саудагерлер т.б.



3-топ. Үй жөндеумен айналысып, ауыр жұмыс жаса_____ ақша табатын, жұмысы физикалық күшті көп талап ететін қызметкерлер: жұмысшылар, қоғамдық көлік жүргізушілері, кір жуу қызметкерлері т.б.

4-ші топ. Тек физикалық күш жұмса_____ ақша табатын мамандықтар: құрылыс жұмысшылары, шахтерлер т.б. Жалпы алғанда күніне 4 рет тамақтан..... алуымыз керек және оның екеуінде ыстық тамақ жеуіміз керек. Қатты майлы тамақтан бас тартқанымыз жөн. Және қатты той_____ тамақ ішу де зиян. Ұйқыға жатардан үш-төрт сағат бұрын тамақтан_____ алған дұрыс.



Дайындаған: Мейіргүл Оңғарова

3. Сөз тіркестерін жасаңыз. Мәтіннен осы сөз тіркестері қатысқан сөйлемдерді тауып оқыңыз.

1 майлы
2 қажет
3 бір орнында
4 ыстық
5 байланыс
6 ұйықтар
7 мамандық


А отыратын
Ә ас
Б саласы
В тамақ
Г алдында
Ғ иелері
Д етпейді

8 қоғамдық
9 халыққа
10 3-4 сағат
11 физикалық күш
12 талап
13 физикалық
14 жалпы

Е бұрын
Ж жұмсау
З күшті
И көлік
Й ету
К алғанда
Қ қызмет көрсету

4. Дұрыс форманы қойып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Отанды аяла_____ сүю азаматтық борышымыз.
2. Болат екі сөйле_____ адамгершілік көрсетпеді.
3. Мағынасы терең сөздерді ойлан_____ сөйлеу керек.
4. Менің анам қажыма_____ еңбек етуге жаралғандай.
5. Жұмыс туралы асықпа_____ ойлан_____ алғаның жөн.
6. Алаңдама_____ сабақ оқу үшін кітаптарым өзімде болсын.
7. Шаршама_____ тапқан ақшаның берекесі болмайды.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Салауатты болып көрінетін 9 өнім

Қарбаласқа толы жұмыс күндері 100%-ға дұрыс тамақтану қайдан болсын. Сол себепті әркім азық-түлік сатып аларда оның ағзаға септігін тигізетініне сенімді болғысы келеді. Анықталғандай, кейбіріміз бекерге пайдалы санайтын өнімдер бар екен.

Банан қытырлақтары

құрамында тағамдық талшық, темір, калий және магнийдің бар.



өндірушілер бананды қытырлақтарға дәмін арттырғыштар мен кант қосады да, көбіне қызып тұрған майға қуырады.

Немен алмастыруға болады: пеште немесе ауада құрғатылып қолдан жасалған қытырлақ банандармен.

Қытырлақ нан

Құрамында зиянды май кездеседі.

Немен алмастыруға болады: ең жақсы қытырлақ нан бүтін астық дәнінен немесе кесек тартылған дәні бүтін астықтан жасалған түрі.



Кептірілген жеміс-жидек және цукаттар



Кептірілген жеміс-жидектер пайдалы екенін әркім де біледі.



Оларды шаңнан қорғап түсін сақтау үшін фунгицидтер мен күкірт диоксидінде өңдейді. Цукаттың құрамындағы көп мөлшердегі кант қоспасынан пайдасы азая түседі.

Немен алмастыруға болады: жеміс-жидектерді үйде кептіруге тырысыңыз.

Балқытылған ірімшік



Зиян: балқытылған ірімшіктегі қоспа және оның құрамындағы натрий мөлшері шектен тыс көп. Әркім сүйіп жейтін бутербродтағы 3 дана балқытылған ірімшік күндік норманың 2/3 элементін жабады.

Немен алмастыруға болады: түрлі сапалы ірімшік сорты, тұздалған сүзбемен.



Есте сақтаңыз!

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

№25



Ең зиянды тағамдар

	Дұрыс	Қате
Мұздатылған, тұздалған, химиялық консерванттар қосылған ет ас қорыту жолдары ауруларына алып келеді.	☐	☐
Консервіленген етте пайдалы заттар көп болады.	☐	☐
Мұздатылған тағамдар әлем бойынша аз таралған.	☐	☐
Мұздатылған ас құрамында натрий мөлшері тым көп.	☐	☐
Қуырылған бәліштерде зиянды майлар болмайды.	☐	☐
Картоп қытырлақтары мен фри картобында акриламид есімді канцероген жоқ.	☐	☐
Қорабында "майсыз", "май үлесі 0" деген жазуы бар тағам алыңыз.	☐	☐
Майы аз тағамға дәмін келтіру үшін өндірушілер тұз, қант, басқа да қоспалар қосады.	☐	☐
Газдалған сусындар артық салмақ қосады.	☐	☐
Газдалған сусын ішкен адамдар жүрек-тамыр ауруына шалдығуы мүмкін.	☐	☐

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Консервіленген ет қандай ауруларға алып келеді?

2. Консервіленген ет құрамында нелер көп?

3. Мұздатылған тағамдар құрамында не көп?

4. Қуырылған бәліштерде қандай пайдасыз заттар бар?

5. Картоп қытырлақтары артық салмақ қоса ма?

6. Майы аз тағамдарға өндірушілер не қосады?

7. Бір газдалған сусында неше қасық қант болады?

8. Газдалған сусындар қандай ауруларға алып келеді?

3. Қайта тыңдаңыз. Бағандарды сәйкестендіріңіз.

Мұздатылған, тұздалған,

химиялық консерванттар қосылған
ет

☐☐

қазірде әлем бойынша кең таралған.

Консервіленген, құрамында өте көп
тұз, май, холестерин бар бұл етте

☐☐

бірнеше мың аурулардың пайда болуына
себеп.

Мұздатылған тағамдар

☐☐

ас қорыту жолдары ауруларына алып
келеді.

Ұн өнімдерінде

☐☐

майдың аздығынан өндірушілер құрамына
тұз, қант, басқа да қоспалар қосады.

Қуырылған картоп қытырлақтары

☐☐

анда-санда ішетіндердің өзі ауруға
шалдығуы мүмкін.

Қорабында "майсыз", "май үлесі 0"
деген жазуларға алданбаңыз,

☐☐

пайдалы заттар да қалмайды.

Газдалған сусынды күнделікті емес,

☐☐

10-20 грамм майға қоса 250-300 "бос
калориялар" бар.

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің ас мәзіріңіз қандай?

1) Қуырылған тағамдарды жиі жейсіз бе?

☐

күнде

☐

айына бір рет

☐

аптасына бір рет

☐

ешқашан

☐

анда-санда

2) Асылған тамақтарды қаншалықты жейсіз?

☐

күнде

☐

айына бір рет

☐

аптасына бір рет

☐

ешқашан

☐

анда-санда

3) Газдалған сусындарды қаншалықты ішесіз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

4. Жеміс, көкөністерді қаншалықты жейсіз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

5. Мұздатылған тағамдарды қаншалықты қолданасыз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

6. Картоп қытырлақтарын қаншалықты жейсіз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

7. Кептірілген тағамдарды қаншалықты қолданасыз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

8. Тұздалған тағамдарды қаншалықты қолданасыз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

9. Фаст-фуд тағамдарын қаншалықты қолданасыз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

10. Бұқтырылған тағамдарды қаншалықты қолданасыз?

☐ күнде ☐ айына бір рет ☐ аптасына бір рет ☐ ешқашан ☐ анда-санда

ЖАУАБЫ:

Егер жауабыңызда «күнде», «аптасына бір рет» деген жауап болса, онда сізге ас мазіріңізді
жарамды ойлау керек!

Егер жауабыңызда «анда-санда», «ешқашан» деген жауап көбірек болса, онда сіздің
денсаулығыңыз нашар!


АЙТЫЛЫМ

1. Пікірлесіңіз.


1. Топқа бөлініп, төмендегі ойлар бойынша пікір алмасыңыздар.
2. Қабылдаған шешімдеріңізді ортақ талқылауға ұсыныңыз.



Үлгі: Дұрыс тамақтану – ол көкөністерді көп жеу, себебі көкөністердің құрамында пайдалы заттар көп. Көкөністің құрамындағы заттар адам денсаулығына, адамның дене мүшелеріне пайдалы. Мысалы, сәбіз шырыны жүрек және бүйрекке өте пайдалы.



2. Қалай ойлайсыз?



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сіз дәрігерсіз. «Салауатты тамақтану» тақырыбында семинар ұйымдастыруыңыз қажет.

Семинарды қалай және қандай форматта өткізесіз?

Семинарда сіз де баяндама жасауыңыз қажет. Не айтасыз?

Тыңдаушыларды қалай қызықтырасыз?

Баяндамаңызда қандай мәселелерді көтересіз?

Қазіргі уақытта сән болған ашығу, диета туралы ақпарат беруді ұмытпаңыз.

2. Өз әріптестеріңіздің арасында сауалнама жүргізіңіз.

3. Сауалнама нәтижесінде қызметкерлердің тамақтануы туралы басшыңызға мәлімдеме жазыңыз.

+Сауалнама

«Сіз қалай тамақтанасыз?»

	Йя	Жоқ	Өзге жауап
Таңғы асты күнде ішесіз бе?	☐	☐	
Егер ішсеңіз, не жейсіз?	☐	☐	
Егер ішпейтін болсаңыз, ішпеуіңізге не себеп?	☐	☐	
Түскі және кешкі асты уақытында ішесіз бе?	☐	☐	
Таңертең жаттығу жасауға уақытыңыз бола ма?	☐	☐	
Спорт залға барасыз ба?	☐	☐	
Аптасына неше рет спортпен айналысасыз? /	☐	☐	
Спортпен айналыспай кеткеніңізге қанша уақыт болды?	☐	☐	
Таңертең немесе кеште жүгіресіз бе?	☐	☐	
Сүт тағамдарын ішесіз бе?	☐	☐	
Тамақтан кейін тісіңізді үнемі тазалайсыз ба?	☐	☐	
Күніне 8-9 сағат ұйықтайсыз ба?	☐	☐	
Жаяу жүресіз бе?	☐	☐	
Көкөніс, жеміс көп жейсіз бе?	☐	☐	
Дәрумен қабылдайсыз ба?	☐	☐	
Таза ауада көп жүресіз бе?	☐	☐	
Компьютерлік клубтарға барасыз ба?	☐	☐	
Газдалған сусындар ішесіз бе?	☐	☐	
Қуырылған тағамдар жейсіз бе? /фасд-фуд/	☐	☐	
Ұйықтар алдында тамақ ішесіз бе? /1сағат бұрын/	☐	☐	
Күніне қанша су ішесіз?	☐	☐	

ХІ

БӨЛІМ



1 САБАҚ Білім – теңіз, мектеп – кеме

2 САБАҚ Болашақтың кілті – білімде

1


- САБАҚ БІЛІМ – ТЕҢІЗ, МЕКТЕП – КЕМЕ

323 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Берілген сөздердің мәндес және қарсы мағынадағы сөздерін жазыңыз.

Сөздер	Ұқсас мәндегі сөздер	Сөздер	Қарсы мағынадағы сөздер
Мәлімет	_____	Қысқы	_____
Көмек беру	_____	Жеңілдік	_____
Қатты сөйлеу	_____	Ұйықтау	_____
Жақсы көру	_____	Егеменді	_____
Отандық	_____	Жалғыз қалу	_____

2. Ребус шешуге қалай қарайсыз? Ребустың шешуін тапқан соң, табылған жауабыңыз туралы 5 сөйлем жазыңыз.



Жауабы _____

“

”

3. Сәйкестендіріңіз.

№	А	№	В	Жауап
1	Қайда? Қалайша? Кім? Неліктен?	А	Топтау сан есімі	1-
2	Қызыл, қара, әдемі, күшті	Ә	Одағай	2-
3	Бес-бестен, он-оннан, алты-алтыдан	Б	Етістік	3-
4	Алақай! Әттең! Қап!	В	Бөлшектік сан есім	4-
5	Мәдениет орталығы, ұстаз, қолөнер, нағашы, жиен, қарындас	Г	Сұрау есімдігі	5-
6	Үштен бір, оннан алты, төрттен үш	Ғ	Зат есім	6-
7	Бұлжытпай орындау, сіңіру, толқу, сұрау	Д	Сын есім	7-

4. Сөздерді ретімен қойып, сөйлемді дұрыс құрастырыңыз.

Банан туралы қызықты деректер



- көбі / жеміс / адамдардың / бананды / деп санайды.

- ол / жидек / бірақ / –

- екен / бананды / әлемінің / ертеде / жемісі» / «ертегі / деп атаған .

- пайдалы / керемет / денсаулыққа / банан / себебі

- жараланған / сондай-ақ / жараларын / сарбаздар / шайқастарда / қабығымен / емдеген / банан


- әншілер / банан / ауырмас үшін / Италияда / қабығын / бұрынғы / тамақтары / қайнатып / екен / ішкен

- банан / тағамдардың / болып / Үндістанда / есептеледі / қасиетті / бірі


- кезінде / мектептерінде / Еуропа / таңертеңгі / оқушыларға / елдерінің / банан / және / түскі ас / береді

- етеді / себебі / банан / қабілетіне / әсер / баланың / ойлау / жақсы

5. Пікірлесу.



6. Пікірлесу. Әріптесіңізбен төмендегі сұрақтарды талқылаңыз.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақстан мектебі

1. Қазақтың кең-байтақ өлкесінде білім ісінің пайда болуы, дамуы сонау ерте замандардан алады. Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, т.б. қалаларында көптеген медреселер болған, олардың жалпы саны 84-ке жеткен.

2. Қазақ жеріндегі алғашқы білімді ауылдық жерлерде мектепте молдалар ұстаздық еткен. Оқыту ақысы халықтан жиналған.

3. Балалар қыс, күз айларында оқыған. Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға 7 жастан бастап қабылдаған.

4. Медреселер мұсылмандық рәсімдерін араб тілінде таратушы оқу орны болып қана қоймай, ірі мәдениет орталығы ретінде де қызмет атқарған. Бұл оқу орындарында заңтану, тарих, логика, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. пәндер енгізілген. Медреселердің жанында кітапханалар болған.

5. Жәңгір хан (1801-1845) - Бөкей Ордасының соңғы ханы, Әбілхайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі, Бөкей ханның ұлы. Генерал-майор, Шын аты - Жиһангер.

Жәңгір хан 1841 жылы қазақ даласындағы ең алғашқы мектепті ашты. Оның ойынша, бұл мектеп балаларды Ресейдің арнайы оқу орындарына түсу үшін дайындауы керек еді. Жәңгір хан 1845 жылы қайтыс болғанға дейін мектептің шығындарын жеке қаражатынан төледі, шәкірттердің сынақтарын да өзі өткізіп отырды.

6. «Қазақтың тұңғыш ұстазы» – Ыбырай Алтынсарин. Көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог, ғалым-этнограф, ақын, прозашы, қазақ жазба әдебиеті мен қазақ әліпбиінің негізін қалаушы, орыс жазу таңбалары негізінде қазақ әліпбиін құрастырушы. 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай мектебін ашты. Қазақ даласында оны «Қара шаңырақ», «Алғашқы қарлығаш» деп атады.

7. Ыбырай 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебін ашқан, ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.

8. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – Ыбырайдың ағартушылық аса зор еңбегі.

9. 1881 жылы Омбы қаласында Ыбырай тұңғыш мұғалімдер мектебін ашты.

10. 1922-23 оқу жылдары қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде «Физика», «Грамматика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы» т.б. бар.

Бұлоқулықтарды жазуға қазақзиялыларының алдыңғы қатарлы топ өкілдері: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаев, т.б. қатысты.

11. Орта білім беру Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

12. Еліміздегі жалпы орта білім 3 сатылы: бастауыш (1-5 сыныптар) негізгі (6-10 сыныптар) және жоғары (10-12 сыныптар).



2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның тұңғыш білім ордаларында сабақ қалай жүргізілген?

2. Балалар сабақты қай тілде оқыған?

3. Балаларды кім оқытқан?

4. Мәтінде қазақ елінің қандай көне қалаларының аттарын кездестірдіңіз?

5. Медреселер қандай пәндер бойынша білім берген?

6. Қазақ халқының көзін ашқан бірінші мектепті кім ашқан?

7. Ыбырай Алтынсарин есімі неге қазақ мектептерімен байланысты? 4 себебін жазыңыз.

A) _____

B) _____

C) _____

D) _____

8. Қазақ тіліндегі оқу құралдары қашан шықты және кімдер жазды?

9. Қазақстандықтан «Білім Заңы» бойынша не істеуге міндетті және құқылы?

10. Қазақстандағы білім алу сатыларын жазыңыз:

1 _____

2 _____

3 _____

3. Мәтінді қайта оқыңыз. Кестеде берілген сандарды қажетті мәліметтермен сәйкестендіріңіз.

1864 жыл 8 қаңтар	_____
1922-23 жылдары	_____
1881 жыл	_____
1841 жыл	_____
14	_____
1883 жыл	_____
84	_____
1887 жыл	_____
1801-1845 жылдар	_____
7	_____
4	_____

4. Мәтін мазмұнына байланысты А және В бағанындағы сөдерді сәйкестендіріңіз.

А

- қыздар ☐
- мұғалім ☐
- алғашқы ☐
- қолөнер ☐
- тұңғыш ☐
- мәдениет ☐
- жаңашыл ☐
- көрнекті ☐

В

- ☐ қарлығаш
- ☐ оқу орны
- ☐ орталығы
- ☐ педагог
- ☐ ағартушы
- ☐ мектебі
- ☐ мектебі
- ☐ даярлау

5. Пікірлесіңіз.

Егер сіз жеке мектеп ашсаңыз, оқушылар мен ұстаздарға қандай талаптар қояр едіңіз?



Қазақстан мектептерінің қазіргі жайы мен ертеңі туралы не айтасыз?

Мектеп партасы



Мектеп партасы – жадымызда қалған, есімізден кетпейтін тамаша естеліктердің бірі.

Тақта мен парта әр мектептің сәні, қажетті құралы. Әр оқушы мектеп партасының бетіндегі әрбір жазған жазуына дейін мәңгілік жадында сақтап өтеді.

Партаның ең алғашқы, тұңғыш дұрыс нұсқасын 1870 жылы Эрисман Ф.Ф жасап шығарған.


XIX ғасырдың соңында Петербург университетінің студенті Коротков П.Ф. Эрисман партасын түрлендіреді. Студент оның екі адамға арналған нұсқасын жасап, осы еңбегі үшін күміс медальды иеленеді.



massaget.kz сайтынан өңделіп алынды

6. Пікірлесу. Екі пікірді талқылаңыз.

Қазіргі заманда мектепте парта болмаса, бала мектепті басқаша қабылдап, қызыға баратын сияқты.



Парта мектепте міндетті түрде болуы керек. Егер парта болмаса, балаларымыздың дене бітімі бұзылып, сонымен бірге дұрыс жаза алмайтын болады.

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз

Бірыңғай сөйлем мүшелері

313 - бет

Аптаның **соңғы күні, сенбі күні**, саяхатқа шығамыз.

Мәкіш, өз **туысына, інісіне**, тамашалай қарады.

Шоқан араб өлеңдерін ерекше **ұнататын, тамсанып отыратын**.

1. Берілген сөйлемнен бірыңғай мүшелерді тауып,тыныс белгісін қойыңыз.

1. Туған жеріңді еліңді мектебіңді сүй.
2. Мынау тастар Жезқазған Алтай Алатау Қаратау кендерінен табылған.
3. Бұғыбай көрікті ашық-жарқын ақ көңіл жігіт.
4. Көл бетінде су құстары үйрек қаз аққу бірқазандар жүр.
5. Халық болған соң өзіндік тарихы тілі мәдениеті дәстүрі болуы шарт.
6. Абай қажымай жалықпай ылғи ғана ынтыға тыңдайтын.
7. Білім алу білімді болу әр қазақстандықтың міндеті пен парызы.
8. Ұстаздың мұғалімінің әрбір айтқан ақылы мен кеңесін жадында ұстауға тырыс.




2. Қазақтың ұлы ақыны Шәкәрімнің бір шумақ өлеңінен «Нені?» деген сұраққа жауап беріп тұрған сөздерді табыңыз.

“
Арамдық, аразды түбімен жойыңдар.
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.
Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,
Қажымай адалдық жағында болыңдар.

(Шәкәрім. «Бостандық таңы атты» өлеңінен)

”

3. Төменде берілген мақалды дұрыс ретімен орналастырыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.



4. Мәтінді оқыңыз. Төменде берілген сөздермен толықтырыңыз.

1. А. Ғалыммын	В. Ғалымға	С. Ғалымдардың	D. Ғалымды
2. А. жақсы көретін	В. жақсы көрдің	С. жақсы көр	D. жақсы көрдім
3. А. музыканың	В. музыкамен	С. музыкаға	D. музыканы
4. А. мейірімділік	В. мейірімдімін	С. мейірімді	D. мейірімдісің
5. А. өзге	В. өзіне	С. өз	D. өзім
6. А. көбіміз	В. көбі	С. көппен	D. көп
7. А. музыкадан	В. музыканың	С. музыкасы	D. музыкаға
8. А. биледі	В. билеп	С. билеу	D. билесе
9. А. басқалармен	В. басқалардың	С. басқаларым	D. басқаларды
10. А. ұнатасындар	В. ұнатасың	С. ұнатасыз	D. ұнатамын

1_____ соңғы жаңалығы: тыңдайтын музыка түрі адамның интеллекті мен мінезіне әсер етеді. Хип-хоп пен г'п'б стилін 2_____ адамдардың ақыл-ойы ең төмен болып шықты. Жоғары көрсеткішке классикалық 3_____ сүйетін жандар ие болды. Классикалық музыканы сүйіп тыңдайтындар ұялшақ, ал ауыр рокты ұнататындар 4_____ болады екен. Сонда үнемі көңілсіз жүретін рок сүйгіштер ең мейірімді және ақылды адамдар болып шықты. Блюзді 5_____ сенімді, өнерсүйгіш, жұмсақ, сабырлы, көңілді адамдар тыңдайды. Джаз музыкасын да сенімді, шығармашылықты жақсы көретін, батыл, достары 6_____ адамдар тыңдайды. Классикалық музыканы жоғары талғамды, өзіне сенімді, өнерсүйгіш, сабырлы, кейде тұйық адамдар тыңдайды. Рэп – тез тіл табысатын, көңілді адамның сүйікті 7_____. Опера – жоғары талғамды, жұмсақ, шығармашыл адамдардың сүйікті музыкасы. Би музыкасын сүйіп тыңдап, кейде 8_____ кететін жандар шығармашыл, 9_____ тез сөйлесіп кетеді. Поп музыкасын еңбекқор, көңілді, жұмсақ, сенімді адам тыңдайды. Ал сен қандай музыка түрін 10_____?

5. Мәтіннен «Қандай?» сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазыңыз.

6. Сөздің мағынасын дұрыс анықтаңыз.

Ұялшақ а) жомарт ә) жалқау б) ұяң мінезді, жасық в) ешнәрсе бермейтін	Батыл а) әдемі ә) бағалы б) қорқақ в) ержүрек	Еңбекқор а) жұмысты жақсы көретін ә) жұмысшы б) жұмыс істемейтін адам в) жұмыс орны
Сенімді а) өтірік айту ә) сенуге болатын, адал б) бақытты адам в) өтірік айтатын адам	Көңілсіз а) мақтаншақ ә) ерекше б) күліп жүретін в) жабырқау	Тез а) қызық ә) биік б) шапшаң в) үлкен


7. Пікірді талқылаңыз.



8. Төменде берілген суреттерге қарап бірыңғай мүшелерді қатыстырып, әңгіме құраңыз.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



«Халықтың кемеліне келіп,
өркендеп өсуі үшін, ең алдымен,
азаттық пен білім қажет».

Шоқан Уәлиханов.

Адамның адамшылығы – ақыл,
ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы
құрбы, жақсы ұстаздан болады.
Адам баласы адам баласынан ақыл,
ғылым, ар, мінез деген нәрселермен
озады.

Абай.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы

Мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарын олардың білім алуы кезеңінде қаржылау шығыстарын толық немесе ішінара өтейді.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін Қазақстан Республикасы азаматтарының санатына:

- 1) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- 3) көпбалалы отбасылардың балалары;
- 4) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балалар;
- 5) жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарында, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балалар;
- 6) дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалар;
- 7) интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;
- 8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар;
- 9) денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда оқитын балалар;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар жатады.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз. Өзара талқылаңыз.

Сіз өз мұғалімдеріңіздің арасынан қай ұстазыңызды еске аласыз?

Сіз мектепте қандай сабақты ең маңызды деп санадыңыз, оқыдыңыз?

Сіз әлі күнге дейін мұғалімдеріңізді мерекелерде құттықтайсыз ба?

Сіздің алғашқы ұстазыңыз есіңізде ме?

2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№26



1. Сұхбат берушілерге неше сұрақ қойылды?
2. Сұхбат берушілер қандай мамандық иелері?
3. Сұхбат берген адамдардың есімдері кімдер?
4. Сұхбат не жайында болды?

1) _____
2) _____
3) _____

3. Сұраққа жауап беріңіз.

Сұхбат алушы ең бірінші қандай сұрақ қойды?

4. Тыңдаңыз. Бағандарды сұхбат берушілердің жауабына қарай сәйкестендіріңіз.

Ділдәш Жанаділқызы ☐

☐ № 3 сөйлеуші

Сәуле Мажитқызы ☐

☐ № 2 сөйлеуші

Жанат Сағатқызы ☐

☐ № 1 сөйлеуші

5. Тыңдаңыз. Бағандарды сұхбат берушілердің жауабына қарай сәйкестендіріңіз.

Екінші анам сияқты болды.

☐

☐ № 3 сөйлеуші

Мектепті өз үйіңдей көр деп
үйреткен мұғалім.

☐

☐ № 2 сөйлеуші

Бірінші мұғалімім – әкемнің
туған әпкесі болатын.

☐

☐ № 1 сөйлеуші

6. Сұхбат алушының екінші сұрағы не туралы болды?

7. Берілген үзінділерді оқыңыз. Қай сұхбат беруші айтқанын табыңыз.

Талап өте қатал болды. Егер сыныпта біреуі бір нәрсе бүлдірсе, сындырса, ылғи да таяқты мен жейтінмін. Қазір ойлаймын, маған қалай ұрысса да өз баласы, ал басқасы соған қарап бой түзейді дегендері екен ғой деп.

Жауабы: _____

Екеуіміз есікте кездесіп қалдық. Ол кісі бетіме бажсайлап қарады да, ештеме деген жоқ. Екінші күні де тура солай кездестік. Ал үшінші күні директор шыдамай кетіп: «Осы мектептің директоры сен бе, мен бе?! Екеуіміз неге бір уақытта келеміз?!», - деп дүрсе қоя берді. Ал менің «Сіз де сол сериалды қарайсыз ба?» - деп сұрағым кеп кетті.

Жауабы: _____

Мұғалімімнің қаталдығы әсер етті ме, күні бүгінге дейін өзіме сеніп тапсырылғанды бұлжытпай орындайтын әдетім сақталып қалды. Міне, мектеп бітіргенімізге ширек ғасыр уақыт өтіпті, ал мұғалімдеріміз сіңірген білім мен тәлім бүгінгі дейін жалғасын табуда.

Жауабы: _____

АЙТЫЛЫМ

1. Пікірлесіңіз. Өзара талқылаңыз.



2. Пікірлесіңіз. Сіз бағдарлама қонағысыз.

- А) Сізді әріптестеріңіз «Айтарым бар....» бағдарламасына қатысуға жіберіп отыр.
- В) Бұл бағдарламаға білім және ғылым министрі қатысады деп күтілуде.
- С) Министрге қандай 3 сұрақ қояр едіңіздер?



3. Пікірлесіңіз. Не себепті дәл осы сұрақтарды таңдадыңыздар?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Тұңғыш мақалаңызды жазып көріңіз. Жергілікті газеттердің біріне төменде берілген пікірлердің бірін негізге ала отырып, мақала жазып шығыңыз.

“ Мектепте бірыңғай мектеп формасының болмағаны жақсы. Бұл баланың өзін еркін ұстауына көмектеседі. ”

“ Қазіргі білім беру жүйесіне қандай өзгеріс енгізер едіңіз? ”

“ Үй тапсырмасын беру жүйесі дұрыс емес. Баланың миы демалмайды. ”

“ Мектеп асханасы барлық балаларға тегін тамақ беруі тиіс. Әркімнің тамақ сатып алуға жағдайы келмеуі мүмкін. ”



2. Төменде берілген мәліметті оқыңыз. Біздің елімізде осы үлгідегі мектеп ашуға бола ма? Болады немесе болмайды деген жауабыңызды нақты дәлелдермен 100 сөз көлемінде жазып дәлелдеңіз.

Альтернативті Альфа

Ескі қала болып есептелетін Канадада 1972 жылы Альтернативті Альфа мектебінің негізі қаланған. Бұл мектептің басты ерекшелігі балаларға сабақ беру тәсілі өзге мектептерге қарағанда басқаша болуында. Идеясы да айрықша. Айталық, мектепте сабақ кестесі жоқ, барлығын оқушылардың өздері белгілейді. Ұстаздары әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, қызығушылықтарына сәйкес көмек көрсетеді. Оқушыларға үй тапсырмасы берілмейтіндіктен, күнделікке баға қойылмайды. Әр сынып балалардың жасына емес, олардың қызығушылығына сәйкес құрылады. Мектепке қатысты мәселелердің барлығын оқушылар, ата-аналар, ұстаздар ай сайын өтетін жиналыста бірге талқылайды. Оқу үрдісіне ата-аналары да қатысады. Альфа мектебінің ұраны – бірігіп білім алу.

2

- САБАҚ

БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ – БІЛІМДЕ

323 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Оқыңыз.

Естімеген елде көп. Сингапурдағы мектептің директоры оқушылардың ата-аналарына маңызды, қорытынды емтихан жайында хат жазды. Қайырымды да дана директордың бұл хатын әлемдегі, тіпті дүниежүзіндегі барлық бала тәрбиелеп отырған ата-аналар оқуы тиіс. Хаттың мазмұны мынадай: «Қымбатты ата-аналар! Балаларыңызға жақында емтихан басталады. Олардың емтиханды ойдағыдай, нәтижелі, табысты тапсыруына алаңдаушылық білдіріп, уайымдап отырғандарыңызды жақсы түсінемін. Алайда, мына нәрсені біліңіздер және есте сақтаңыздар: емтихан тапсырушы оқушылардың арасында математиканы толық түсінбейтін, жақсы білмейтін суретші болады. Сол секілді ағылшын әдебиеті мен тарихты онша маңызды санамайтындары да, жақсы көрмейтіндері де табылады. Химияны ұқпайтын, түсінбейтін музыкант та бар. Тіпті, физикадан гөрі дене шынықтыруды артық көретін, сүйетін спортшы да табылады. Егер балаңыз жақсы баға алса, жақсы, әрине. Бірақ, олай болмай қалса, оның өзіне деген сенімін жоғалтпаңыз, ұрыспаңыз. Оған бәрі дұрыс, бұл жай ғана емтихан екендігін айтыңыз. Олар

бұдан маңызды нәрселер үшін жаратылған. Сонымен бірге балаңыз қандай баға алса да, оны жақсы көре беретініңізді жеткізіңіз, соған сендіріңіз. Сіздерге үлкен өтініш, осы айтқанымды істеңіздер, содан кейін олардың қалай жетістікке жеткенін көресіздер. Бір емтихан немесе нашар баға олардың таланты мен арманына кедергі бола алмайды. Тағы айтарым, дәрігерлер мен инженерлерді жер шарындағы ең бақытты адам санамаңыздар. Сіздерге деген үлкен құрметпен, мектеп директоры»

2. Жоғарыда оқыған мәтіннен бірыңғай сөйлем мүшелерін табыңыз. Көшіріп жазыңыз. Қандай сұраққа жауап беретінін айтыңыз.

3. Пікірлесу.



Сіз қалай ойлайсыз? Баладан талап ету керек пе? Әлде оған сену керек пе? Мектеп директоры жазған хаттың мазмұны дұрыс па? Сіз мектеп директоры болсаңыз, осындай хат жазар ма едіңіз?

4. Артық сөзді алып тастаңыз.



5. Сөздердің синонимі мен антонимін табыңыз.

Синоним	Сөздер	Антоним
	маңызды	
	тәрбиелі	
	мәре-сәре болу	
	жаңашыл	
	міндетті	
	алғашқы	
	оқыған	

6. Логикалық сұрақтардың жауабын тауып көріңіз.

Айдынның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын?

Екі бала шахматты екі сағат ойнады. Олардың әрқайсысы неше сағат ойнады?

Оңнан солға және солдан оңға қарай оқығанда бірдей болып оқылатын қандай сан?

7. Сәйкестендіріңіз.

А	
1 - ____	алаңдаушылық білдіру
2 - ____	кедергі болу
3 - ____	шешендік өнер
4 - ____	кемшілік
5 - ____	жарқын болашақ
6 - ____	жағымсыз
7 - ____	көпшілік алдында сөйлеу
8 - ____	дәріс

В	
А	сөз өнері
Ә	алдағы тамаша өмір
Б	ұнамайтын, ұнамсыз
В	уайымдау
Г	халық алдына шығу
Ғ	сабақ
Д	бір нәрсенің орындалуына жол бермеу
Е	жетіспеушілік

8. Сөздердің қарсы мағынасын табыңыз.

А	
1 - ____	жағымсыз
2 - ____	кедергі келтіру
3 - ____	ұқпау
4 - ____	кемшілік
5 - ____	жарқын болашақ
6 - ____	алаңдаушылық білдіру
7 - ____	көпшілік
8 - ____	жергілікті

В	
А	түсініп алу
Ә	бұлыңғыр келешек
Б	сүйікті, жағымды
В	уайымдамау
Г	бір адам
Ғ	шетелдік
Д	кедергісіз жіберу
Е	жетістік

9. Сұхбаттың жауабын жазыңыз. Осы сабақтың сөздігін қолданыңыз.

– Сіз қазақ тілінде сөйлей аласыз ба?

– _____

– Қазақ тілін тез үйрену үшін не керек деп ойлайсыз?

– _____

– Қазіргі балалар қазақ тілі мен шет тілдерін тез үйренеді деп ойлайсыз ба?

– _____

– Тілді үйрену үшін не істеу керек?

– _____

– Тілді үйрену үшін күнделікті немесе айына неше рет айналысу қажет?

– _____

– Өз әріптестеріңізге тіл үйрену бойынша қандай кеңес бересіз?

– _____

10. Пікірлесу. Берілген сұрақтарды талқылаңыз.

Қазақстандық жоғары оқу орындары туралы қандай ақпарат айта аласыз?



Сіздің біліміңіз жоғары ма? Қай оқу орнында оқыдыңыз?

Қазақстандық жоғары оқу орындары мен шетелдік оқу орындарының айырмашылығы мен ұқсастықтарына 5 мысалдан келтіріңіз.

Айырмашылығы
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Ұқсастықтары
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

Назарбаев Университеті еліміздің басқа университеттерінен несімен ерекшеленеді?

Бүгінгі таңда Отандық жоғары оқу орындары ішіндегі әлемге танымалы, жастардың арманына айналған – Назарбаев Университеті.

Неге десеңіз, Назарбаев Университетінің білім беру әдісінің басқа оқу орындарынан ерекшелігі айтарлықтай көп.



Біріншіден, университет өзіндік білім стандарттары бойынша жұмыс істейді, сондықтан оқыту тек ағылшын тілінде жүреді. Бұл білім ордасының айрықша болатын тағы бір себебі бар, өйткені мұнда әлемнің түкпір-түкпірінің ең үздік университеттерінен жиналған профессорлар дәріс береді.

Екіншіден, еліміздің басқа университеттерімен салыстырғанда, Назарбаев Университетінде студенттердің оқуы мен университет жатақханасында жайлы тұрулары үшін барлық қажетті жағдай жасалған: жиһаз, тегін ғаламтор, кір жуатын орын, сабақ оқуға арналған бөлмелер. Бұл оқу орнында тек мемлекет тарапынан тағайындалған грант иелері оқиды, сол себепті жатын орны мен тамақтану тегін (күніне 4 рет).



Үшіншіден, студенттерге өзге жергілікті оқу орындарының студенттеріне қарағанда академиялықеркіндік берілген, неге десекіз, оқыту жүйесін, сабақ кестесін, мұғалімдерді олардың өздері таңдайды. Сонымен қатар, студенттер өз білімін тәжірибе жүзінде де көрсете алады, себебі халықаралық пәнаралық инструменталдық орталықтың мақсаты - ерекше қымбат тұратын талдау жабдығын тиімді пайдалану, пәнаралық іргелі және қолданбалы зерттеулерді өткізу. Бұл орталықтың базасында жоғары технологиялық бірнеше зертхана ашылуда. Зертханалар физика, химия, материалтану, биология, техника және медицина сынды пәнаралық бағыттарды қамтиды.

Спорт сүйетін жандарға арналған екі теннис корты, екі футбол алаңы, баскетбол алаңдары және де спортзал бар. Университет Астананың сол жағалауында, қаланың экологиялық таза бөлігінде орналасқан. Назарбаев Университетінің сәулеті қалалық ортаны жағымсыз сыртқы әсерден қорғайтын экологиялық орман принциптеріне негізделген.

Университетте арнайы қазақ тілі кафедрасы бар, себебі студенттердің ана тілінде шешендік өнер, көпшілік алдында сөйлеу шеберліктерін меңгерулері ескерілген. Көптеген мүмкіндіктерге қарамастан, Назарбаев Университетінде білім беру жүйесі өзгеше, сондықтан аталған университетке түсу ережелері де өзгеше. Орта мектеп оқушылары мұндағы бағдарламалармен таныс емес. Қосымша дайындық арқылы ғана бұл емтихандарды тапсыра алады. Жоғарыда айтылған кемшіліктерге қарамастан, Назарбаев Университеті - көптеген мүмкіндіктер мен жарқын болашаққа жол ашатын оқу орны.



2. Мәтін мазмұнына сәйкес Назарбаев Университетінің отандық өзге білім ордаларына ұқсамайтын 10 ерекшелігін жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

3. Берілген сөздерді пайдаланып, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем құрастырыңыз.

Университет жүргізу білім стандарттары
оқыту өйткені ағылшын тілінде

айрықша оқытушылар білім ордасы
Сабақ беру Неге десеңіз ең үздік университеттер

Назарбаев Университеті сондықтан мектеп оқушылары
білім беру жүйесі түсу ережелері түсу қиын

4. Мәтін мазмұнына сәйкес аталған білім ордасының 2 кемшілігін жазыңыз.

1. _____

2. _____

5. Берілген сөздердің синонимін мәтіннен табыңыз. Жазыңыз.

Сөздер	Синонимі
Дүние жүзіне танымал	
Қызмет етеді	
Ұстаздар сабақ өтеді	
Ыңғайлы өмір сүру үшін	
Бағасы арзан емес құралдар	
Денсаулығын күтетін адамдар	
Бейтаныс	
Білім ордасына қабылдану заңдылықтары	

6. Пікірлесіңіз.

Назарбаев Университеті
барлық мектеп бітірген
оқушыға қолжетімді емес. Бұл
- оның басты кемшілігі.

Назарбаев Университеті
үздіктердің үздігін таңдап
оқытатын білім ордасы. Бұл -
оның басты артықшылығы

Ал сіз не дейсіз?
Сіз қалай ойлайсыз?



7. Оқыңыз.

Тәуелсіз ShanghaiRanking Consultancy ұйымы әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының рейтингін жариялады. Рейтинг түрлі пәндер бойынша оқыту сапасы, профессорлық-оқытушылық құрам мен оқу орнын бітірген студенттердің жетістігі (Нобель және Филдс сыйлығының лауреаттары), білікті зерттеушілердің, Science және Nature ғылыми журналдарында мақалалардың болуы ескерілген. Біз соның ішінен ең үздік 5 оқу орнын атап көрсетпекпіз.



1. Гарвард университеті. 1636 жылы негізі қаланған. Әлемдегі әйгілі оқу орны. Рейтингте абсолютті көшбастаушы, неге десеңіз әлемдегі 62 миллиардердің, 150 Нобель лауреатының, 18 Филдс лауреатының, 13 Тьюринг сыйлығы иегерінің, сондай-ақ АҚШ-тың 8 президентінің осы университетке қатысы бар.



3. Калифорниядағы Беркли университеті әлемдегі үздік ЖОО тізімінде бір жылда бір позицияға жоғарылаған, себебі оның түлектері, зерттеушілері мен қызметкерлері 72 Нобель сыйлығын, 13 Филдс медалін, 22 Тьюринг сыйлығын, 14 Пулитцер сыйлығын және Олимпиадалардың 105 алтын медалін алған.

5. Массачусетс технологиялық институты үздік бестікті аяқтайды, себебі Технологиялық институттан 85 Нобель сыйлығы мен 6 Филдс медалі иегерлері, 34 ғарышкер, 19 Тьюринг сыйлығы лауреаты оқып шыққан.



2. Стэнфорд университеті. Бұл оқу орны Гарвард университетінен 250 жылдан кейін ашылған. Екінші орында болуының өзіндік себебі бар, өйткені әлемдегі 30 миллиардердің, 17 ғарышкердің, 60 Нобель сыйлығы лауреатының, 20 Тьюринг сыйлығы иегерінің және 7 Филдс медалі иегерінің осы білім ордасына қатысы бар.



4. Кембридж университеті - әлемдегі ең ескі жоғары оқу орындарының бірі, неге десеңіз 1209 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оған 92 Нобель сыйлығы мен 10 Фелдс сыйлығы иегерлерінің қатысы бар. Бұл университетті биолог Чарльз Дарвин, Ұлыбритания королі Георг VI, Дания патшайымы Маргретте II және жүздеген танымал адамдар тәмамдаған.



8. Мәтін мазмұны бойынша тапсырманы орындаңыз.

Білім ордаларының үздігін анықтауда қандай шарттар қойылады? 4 шартын атаңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

9. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Қай оқу ордасынан Нобель сыйлығының лауреаты аз шыққан?

- 2) Қай оқу ордасынан Нобель сыйлығының лауреаты көп шыққан?

- 3) Үздік университеттердің ішіндегі қайсысы ең көне университеттер қатарына кіреді? Неге?

- 4) Дания патшайымы Маргретте II білім алған білім ордасы қай мемлекетте орналасқан?
Қалай аталады?

- 5) Қай елдің елбасылары тізімде көрсетілген университеттердің бірінде білім алған?

- 6) Тізімді аяқтап тұрған оқу орны қандай сала бойынша білім береді? Қалай аталады?

- 7) Қай университеттің көрсеткіші бір жыл ішінде өзгеріп, жоғары орынға көтерілген?

- 8) Көрсетілген тізімді қандай мекеме ұсынып отыр?

10. Берілген сөздердің синонимдерін мәтіннен тауып жазыңыз.

Сөздер	Синонимі
Университет бітірушілері	
Жұмыс істеуші	
Хабарлау	
Салынған	
Озық білім беру мекемесі	
Елбасы	
Көне білім ордасы	
Белгілі тұлғалар	

11. Пікірлесу.



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

314 - бет

Мектепті бітіргенше асықтым, **себебі** ересек өмірді тезірек көргім келді.
 Әр адамның арманы бар, **неге десеңіз** армансыз адам, ормансыз бұлбұлмен тең емес пе?!

Кеше халықаралық білім беру мәселелері туралы конференция болды, **сондықтан** бәріміз бұл шараның жақсы өтуіне көмектестік.

1. Мәтінді оқыңыз. Төменде берілген шылаулармен толықтырыңыз.

Жапониядағы оқу жылы сәуір айында басталады, 1_____ жиырмасыншы маусымда балалар жазғы демалысқа шығады. Жапонияда көп мұғалімдер ер адамдар, 2_____ әйел мұғалімдер өте аз. Жапония мектептерінде асхана болмайды, 3_____ балалар тамақты сыныпта отырып ішеді. Чехияда демалыс жаз бен қыс айларында болады, 4_____ жазғы демалыс 2 айға созылады. Чехияда «2», «3», «4», «5» деген бағалар қояды. Алайда олар үшін «5» - ең нашар, ал «2» - ең жақсы баға болып есептеледі. Чехияда бір мұғалім бірнеше пәнді жүргізеді, 5_____ мұғалім жан-жақты дамыған болуы тиіс екен. Мысалы, әдебиет пәнінің ұстазы дене шынықтыру сабағын да өткізеді. Ал келесі бірі чех тілі мен ән айтуды, химияны жүргізуі мүмкін. Фин мектептерінде бір сабақты екі ұстаз өткізеді, 6_____ негізгі ұстаз қосымша көмекті қажет ететін оқушылармен жұмыс істегенде, оның көмекшісі өзге оқушылармен жұмыс жасауы қажет. Финляндия мектептерінде әр сабақтан соң оқушылар сыртқа шығуы керек, 7_____ таза ауа сергітіп, ойлау қабілетін жақсартады. Және жыл мезгілі мен ауа райына қарамастан міндетті түрде шығады. Куба мектептерінде жоғары сынып оқитын оқушылар белгілі бір мамандықты игере бастайды, 8_____ қалалық жерде оқитын оқушылар 5-7 аптаға ауылға барып жұмыс істейді. Қытайда балалар желтоқсан айының соңынан ақпан айының басына дейін демалыста болады, 9_____ бұл уақыт кезінде олар Жаңа Жыл мерекесін атап өтеді.

1	A) дегенмен C) біресе	B) сондықтан D) және
2	A) бірде C) Сол себепті	B) бірақ D) мен
3	A) сондықтан C) яки	B) алайда D) кейде
4	A) сонда C) бірақ	B) Сол себепті D) сондай-ақ
5	A) бірақ C) алайда	B) және D) өйткені
6	A) себебі C) пен	B) дегенмен D) біресе
7	A) бірақ C) өйткені	B) кейде D) және
8	A) дегенмен C) да	B) сондықтан D) біресе
9	A) соң C) кейін	B) неге десеңіз D) және

2. Сәйкестендіріңіз.

А		Жауабы	В	
1	Қазіргі таңда ағылшын тілінің маңызы артып келеді,	_____	А	өйткені ата-ана мен оқушы төменгі сыныпта өзіне керекті мектепті таңдайды.
2	Британия мектептері әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқушыларды магнит секілді тартып жатыр,	_____	Ә	сондықтан бірінші сыныптан бастап мемлекеттік тілде емтихандар алынады.
3	Орта ғасырдан бері келе жатқан ақылы интернаттарда (Boarding School) «ақсүйектер» ұрпағы білім алады,	_____	Б	себебі Университет бітірген әрбір студент бір жылда 21 мың фунт айлық алатын жұмысқа тұруы шарт.
4	Оңтүстік Кореяда білім беру жүйесінің сатыларына өту емтихан балымен есептелмейді,	_____	В	сондықтан тезірек тіл курсына жазылуым керек
5	Германияның білім беру жүйесі демократиялық деп айта аламыз,	_____	Г	себебі британиялық мектептер «біз нағыз серілерді тәрбиелеп шығарамыз» деп ұрандайды
6	Францияның мектептерінде француз тіліне ерекше көңіл бөлінеді,	_____	Ғ	неге десеңіз мұндай есептер оқушының жасына байланысты анықталады.
7	Оңтүстік Кореядағы білім беру деңгейі өте жоғары,	_____	Д	себебі жетістікке жеткен адамдардың көпшілігі интернатта оқыған.
8	Ұлыбританияның университетінде мемлекет тарапынан оқыған студент оқуын бітірген соң кредитін төлемеуіне болады,	_____	Е	өйткені аз ғана оқушы үшін өте көп мұғалім жұмыс істейді.

3. Мақал-мәтелдерді оқыңыз. Себебін түсіндіріңіз.

Ішің ауырса, аузыңды тый.
Көзің ауырса, қолыңды тый.

Ата-бабамыз неге
бұлай дейді?

Неге сәлем беру
керек? Әріп
үйрететін кім?

Білегі күшті бірді жығады,
Білімі күшті мыңды жығады.

Бір әріп үйреткенге,
қырық жыл сәлем бер.

Ал сіз бұған
не дейсіз?
Білімнің күшті
болуының себебі
неде?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – 1928 жылы Алматыда ашылған Қазақ педагогикалық институты.

Бірінші жылы бұл білім ордасында 124 студент білім алған, 9 мұғалім қызмет еткен.

Алғашқы оқытушылар қатарында А.Байтұрсынов, М.О.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Қ.Жұбанов, т.б. дәріс оқыды. 1935 жылы университетке Абай Құнанбаев аты берілді.



Әлемдегі ең қымбат оқу орны – АҚШ-тағы Sarah Lawrence колледжі.
Жылдық оқу ақысы:
\$61,236



2017 жылғы жүргізілген зерттеулер бойынша Еуропа бойынша Ұлыбританияда орналасқан Оксфорд университеті ең үздік оқу орны болып табылған.



Ой бөлісу.

Сіздің ойыңызша, шетелде білім алу қазақ жастары үшін қолжетімді ме?

Қандай да бір бағдарлама бойынша шетелге барып білім алу тиімді деп ойлайсыз ба? Әлде әр адам өз қаражатымен білім алуы керек пе?



Шетелде білім алуға мүмкіндік беретін қандай бағдарламаларды білесіз?

Сіздің шетелде білім аламын деген ұсынысыңызға ата-анаңыз келісімін береді деп ойлайсыз ба? Не себепті?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

№27



1. Тыңдаған мәтініңізге қандай тақырып сәйкес келеді?

- A) шетелдік фирмаларды дұрыс таңдау
- B) шетелдік білім беру мектептері
- C) шетелде білім алудың жолдары
- D) шетелге саяхат жасап, білім алуды ұйымдастыру

2. Мәтін мазмұнына сәйкес мемлекетіміздің азаматтары шетелде не істей алады?

- A) демала алады
- B) тәжірибеден өте алады
- C) тәжірибе жасай алады
- D) ұзақ мерзімге қала алады

3. Шетелде білім алу үшін не қажет?

- A) шет тілін білуі
- B) оқуға деген құлшынысы
- C) шет тілі білімі мен ниет
- D) шетелді жақсы білуі

4. Елімізде шетелде білім алуға мүмкіндік беретін қандай бағдарлама бар?

- A) Бақытты балалық
- B) Бақытты болашақ
- C) Бала болашағы
- D) Болашақ

5. Егер адам өз бетімен оқуға барғысы келсе, қандай әрекет жасағаны жөн?

- A) қаражат жинауы тиіс
- B) шетелдік елшіліктердің, мәдени орталықтардың және білім қорларының ресми сайттарын жиі бақылап тұру керек
- C) шетелдік елшіліктердің ресми сайттарын жиі бақылап тұру керек
- D) білім қорларының ресми сайттарын жиі бақылап тұру керек

6. Қазақстанның қандай азаматтары шетелде білім алу бағдарламаларына қатыса алады?

- A) студенттер мен ЖОО түлектері
- B) студенттер
- C) ЖОО түлектері
- D) студенттер мен мектеп оқушылары

7. Еуразия мен Орталық Азияда Халықаралық студент алмасу бағдарламасы кімдерге арналған бағдарлама?

- А) тек қана Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркменстан, Украина, Өзбекстан елдерінің студенттеріне арналған
 В) тек Ресей Федерациясының студенттеріне арналған
 С) қазақстандық студенттерге, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркменстан, Украина, Өзбекстан елдерінің студенттеріне арналған
 Д) қазақстандық, Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркменстан, Украина, Өзбекстан елдерінің студенттеріне арналған

8. Work & Travel бағдарламасының мүшелері АҚШ елінде не істей алады?

- А) кеңселер мен дүкендерде еңбек етеді
 В) қызмет көрсету саласында еңбек етеді
 С) білім беру саласында
 Д) денсаулық сақтау саласында еңбек етеді

2. Сәйкестендіріңіз.

А	
1 - ____	тәжірибеден
2 - ____	білім алу
3 - ____	білім қорларының
4 - ____	қысқа немесе ұзақ мерзімді
5 - ____	академиялық ауысымның
6 - ____	бағдарлама
7 - ____	қабылдану
8 - ____	шет тілді

В	
А	ресми сайттары
Ә	Германиялық қызметі
Б	қатысушысы
В	қиын
Г	өту
Ғ	жақсы меңгеру
Д	білім алу
Е	қызықтырса


3. Қайта тыңдаңыз. Қандай географиялық атауларды естідіңіз?

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

9. _____
10. _____
11. _____
12. _____
13. _____
14. _____
15. _____
16. _____

АЙТЫЛЫМ

1. Төменде берілген екі ой туралы екеуара пікірлесіңіз.



2. Шетелде білім алу қауіпсіз бе?

3. Ұл-қызды шетелде білім алу үшін қалай дайындау қажет?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Төмендегі пікірлермен танысыңыз.

«Отандық және шетелдік оқу орындарындағы білім алу» тақырыбында мақала жазыңыз. 200 сөз.

Мақалаңыз төмендегі мәселелерді қамтуы тиіс:

- А) отандық жоғары оқу орындары мен ең үздік шетелдік жоғары оқу орындарына сипаттама;
- В) елімізде және шетелде білім алудың артықшылықтары мен кемшіліктері;
- С) шетелге оқуға бару үшін қажет құжаттар;
- Д) Егер шетелде оқу мүмкіндігі болса, баланы қай жаста жіберген дұрыс?
- Е) Бала шетелде немесе өз қаласынан алыста білім алатын болса, қандай кеңес берер едіңіз?

Өзін-өзі қорғауға үйренеді

Шетелде бала оқытуға үрке қараудың еш керегі жоқ, себебі ата-анасы жанында болмағаннан кейін бала өзіне-өзі қызмет етіп, өзін қорғауға үйренеді. Сонымен қатар, шетел тіліне жүйрік болады. Бұл баланы ерте есейтіп, жауапкершілік жүктейді. Менің де ұл-қызым шетелде оқиды. Бір ескеретіні, шетелге баланы екінші мамандық алу үшін немесе магистратураға жіберу керек, өйткені сол кезде оның тұлға ретінде көзқарасы қалыптасады. Елге деген сағыныштан патриоттық сезімі оянады. Мәселен, орыс мектебін бітіріп, Канадада оқыған ұлым бірден қазақша үйренді. Әнұранды жаттап алды, күйлердің, дәстүрлі әндердің альбомдарын өзімен алып кететін...

Айман апай

Елдің қадірін білдім

Мен Канадада Калгари қаласында оқыдым. Мектеп бітірген соң бірден кеттім, сол себепті көбірек қиналдым. Сондықтан, баланы жастай шетелге жіберуге қарсымын. Бірақ намысқа тырысып, жақсы оқыдым. Ақша үнемдеуді үйрендім. Ол жерде арқа сүйейтін таныс болмағандықтан, өзіме ғана сенуге тура келді. Қазақстанымды қатты сағындым. Мен орыс мектебін бітірген едім. Канадада жүріп, елге деген сағыныштан қазақша үйрендім. Қазақтың ұлттық тағамдары тары, құрт, қазы-қарта, шұбат пен қымыздың қадірін сезіндім. Сондықтан жоғары оқу орнын бітіргенде «Канадада қал!» деген ұсынысты қабылдамай елге келдім. Қазір Астанада қызметтемін.

Төрехан

Л. М. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өз деңгейін ұдайы арттырып келеді және қазіргі уақытта ол әлемдік рейтингте 345-орынды иеленіп отыр. Университетте жұмыс істейтін шетелдік оқытушылар, сондай-ақ жұмыс берушілер студенттеріміздің дайындығына жоғары баға беруде. Л. М. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түлектерінің жұмысқа орналасу критерийі жөнінен республикада алдыңғы орындардың бірін иеленді. Беделді QS World University Rankings халықаралық рейтинг агенттігінің (Ұлыбритания) қорытындысы бойынша, Еуразия ұлттық университеті физика пәнінен әлемнің үздік университеттерінің қатарына қосылды.

XII

БӨЛІМ

1-САБАҚ Жеке тұлғаға қатысты құжаттар

2-САБАҚ Ұжымдық құжаттар

XII БӨЛІМ

4. Сенімхаттың құрылымын анықтаңыз.

Алматы қаласы

Сенімхат

02.06.2016 ж

Мен, Қаленов Азамат Қаленұлы, (Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 45-үй, 25 –пәтер, жеке куәлік № 000778975 12.03.1998 ж ҚР ІМ берген) Наржанов Серік Әлібекұлынан (Астана қаласы, Республика даңғылы, 56-үй, 58 –пәтер, жеке куәлік № 000669878 15.04.2016 ж ҚР ІМ берген) менің атымнан Астана қаласы, Республика даңғылы 56-үй, 58 –пәтерді сатуға сенім білдіремін. Наржанов Серік Әлібекұлы менің атымнан келісімшарт жасауға, сату және сатып алу т.б. қаржылық құжаттарға қол қоюға құқылы. Осы сенімхат қол қойылған күнінен бастап 2 (екі) ай мерзімге жарамды.

Қолы

А.Қ. Қаленов.

А.Қ. Қаленовтың қолын растаймын:
Нотариус:
МӨР

қолы

А.К. Мұратов.

18.05.2016 ж

5. Тиісті қатарды таңдаңыз.

сенім білдіру

өкілдік ету

іс-әрекетті атқару

үйлену үшін

мүлікті сату

мүлікті айырбастау

ақша алу

той жасау

автокөліктерді сату

келісім жасау

сыйлық алу

келіссөз жүргізу

Сенімхат

үшін

беріледі.

6. Сенімхатқа қатысты сөздерді теріп жазыңыз.

беру
рұқсат жасау қарау
өкілетті
тұлға сенім
жеке жалақы
қол айырбастау
келісім білдіру
заңды қойу сеніп
қайталау тапсыру

7. Жауап беріңіз.

1. Сенімхат қандай құжат?
2. Заңды тұлға жеке тұлғаға сенімхат бере ала ма?
3. Сіз сенімхат беріп көрдіңіз бе?



ОҚЫЛЫМ

1. Жауап беріңіз.

1. Қандай жағдайда адамдар бір-біріне сенімхат береді?
2. Не үшін сенімхат береді деп ойлайсыздар?

2. Оқыңыз.

Сенімхат - белгілі, дәлелді себептерге байланысты өзі атқара алмайтындай жағдайда нақты іс-әрекеттің орындалуын басқа адамға тапсыру үшін жазылады. Сенімхат - құжат иесі басқа біреуге бір істі атқаруға өз атынан оның құқын пайдалануға рұқсат беретін құжат түрі. Сенімхатты мынадай ақша түрлерін алу үшін пайдалануға болады: жалақы, зейнетақы, алимент, ақша аудару т.б. Сондай-ақ сатып алу, сату, үй ауыстыру, басқару, автокөліктерді сату, ауыстыру т.б. әрекеттерді сенімхат арқылы жүзеге асыруға болады. Сенімді өкілге сотта, кәсіпкерлікте іс жүргізуді, банктегі есепшотқа иелік етуді т.б. сеніп тапсыруға болады.



Үлкен жауапкершілік жүктейтін іс-әрекетті орындауға немесе қымбат мүлікті алуға берілген сенімхат нотариалдық тұрғыдан куәландырылуы мүмкін. Кей жағдайда қойылған қолдар сенімхатта көрсетілген адамдар жұмыс істейтін мекемелердің кадрлық қызмет көрсету орындарымен де куәландырылуы мүмкін. Сенімхат ұйымдар тарапынан өз қызметкерлеріне де беріледі. Бұл жағдайда сенімді өкілге қандай құқықтар берілетіні дәл көрсетіледі. Ондай құқықтарға келісім жасау, фирма атынан келіссөз жүргізу, жұмысшы жалдау немесе тауар қабылдаулар жатады.

3. Мәтіннен мағыналас сөздерді табыңыз.

өзге _____
тұлғаға _____
қаржы _____
іске асыруға _____

артатын _____
бағалы _____
кей кезде _____
анық _____

4. Сәйкестендіріңіз.

дәлелді	☐	☐ беретін
тапсыру	☐	☐ алу
рұқсат	☐	☐ асыруға
сатып	☐	☐ себептерге
жүзеге	☐	☐ тұрғыдан
сеніп	☐	☒ үшін
нотариалдық	☐	☐ тапсыруға
қызмет	☐	☐ көрсету
келіссөз	☐	☐ жүргізу

5. Топтық жұмыс. Сөздерді пайдалана отырып, екінші топқа сұрақ дайындаңыздар. Жауап мәтінде болу керек.

А тобының сөздері

себептер
құжат иесі
ақша түрлері
сату

Ә тобының сөздері

жауапкершілік
нотариалдық
мекеме
қызметкерлер

6. Жазыңыз.

Сенімхат дегеніміз не?

7. Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

СЕНІМХАТ

Мен Астана қаласы С.Сейфуллин көшесі, 45, 6-пәтерде тұратын Наржанов Сырым, Астана қаласы, Тархан көшесі 35-үй, 82-пәтерде тұратын Асхатов Дәулетке (жеке куәлігі № 000273567 ҚР ИМ берген) маған тиесілі Алтын банктегі №00045604 есепшотынан 500 мың теңге алуды сеніп тапсырамын.

Сенімхат 2017 жылдың 25 тамызына дейін берілді.

12.08.2017 ж.
Астана қаласы.

С. Наржанов
12.08.2017

1. Сенімхатта қандай ақпараттар көрсетілмеген?
2. Сенімхат не үшін берілді?
3. Сенімхаттың жарамдылық мерзімі қанша?

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Көсемше

315 - бет

Менің атымнан қол қоюды сеніп тапсырамын.

Сенімхатты нотариус куәландарып береді.

1. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

-ып

-іп

-п

1. Асқар оларға сенімхат жаз_____ береді.
2. Нотариус сенімхат мәтінін тексер_____ береді.
3. Олар сенімхат мәтінін жаз_____ көрді.
4. Заңгер құжаттың мәтінін тексер_____ береді.
5. Олар сенімхат арқылы ақшаны ал_____ береді.
6. Ол ақшаны нотариус кеңсесінде сана_____ алды.
7. Азамат автокөлігін сенімхат арқылы сат_____ алды.

2. Сөйлем құраңыз.



түсіндіру / көру



қол қою / беру



санау / алу




жүргізу / көру



жазу / беру



жөндеу / беру



табу / беру



ән айту / беру

Үлгі: Ажар қонақтарға ән айтып берді.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Ережемен танысыңыз.

«уға/уге + күрделі етістік»

315 - бет

Менің орныма қол **қоюға сенім білдіремін.**

Менің атымнан ақша **алуға рұқсат етемін.**

3. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

өкілдік ету_____

мүлікті айырбастау_____

келісім жасау_____

іс-әрекетті атқару_____

ақша алу_____

келіссөз жүргізу_____

мүлікті сату_____

автокөліктерді сату_____

куәлік ету_____

4. Жауап беріңіз.

Үлгі: Сіз үй сатасыз, алайда өзіңіздің уақытыңыз жоқ. Үй сатуды ініңізге тапсырдыңыз. Оған қандай сенім білдіресіз?

*Мен үйді сатуға **сенім білдіремін.***

1. Сіз жаңа мәшине алғыңыз келеді. Алайда мәшине басқа қалада. Сол қалада танысыңыз тұрады. Соған алып беруге өтініш жасадыңыз. Сіз оған қандай сенім білдіресіз?

2. Сіздің бастығыңыз келіссөзге келе алмады. Сізге сенімхат жасады. Ол сізге қандай сенім артты?

3. Сіз шетелде жүрсіз. Сіз үйіңізді бұрыннан ауыстырғыңыз келген. Сол мақсатта сіз досыңызға сенімхат қалдырып кеттіңіз. Досыңызға қандай сенім білдіресіз?

5. Суреттер бойынша сөйлем құраңыз. Міндетті түрде «уға/уге сенім білдіремін» құрылымын пайдаланыңыз.



1. _____

2. _____

3. _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

1. Танысыңыз.



2. Танысыңыз.

Жарғы – заңды тұлғалардың қызметін реттейтін нормативтік құжат.

Заң – мемлекет белгілеген бүкіл нормативтік-құқықтық актілер, жалпыға бірдей міндетті ережелер.

Өкім – белгілі бір лауазымды тұлға шығаратын билік құжаты. Өкімді ҚР Президенті Премьер-Министрі шығарады.

Қаулы – алқалық негізінде жұмыс істейтін мекемелерде шешімдерді, ұйғарымдарды жинақтайтын ресми құжат.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жауап беріңіз.

1. Сенімхаттың неше түрі болады?
2. Сенімхатта қандай ақпарат көрсетілуі тиіс?



1. Тыңдаңыз. Дұрыс қатарды таңдаңыз.

№28



Сенімхат	ресми	☐	болады.
	жеке	☐	
	заңды	☐	
	бейресми	☐	

Ресми сенімхатта	ұйым туралы анықтамалық деректер	☐	болады.
	нотариустың мөрі	☐	
	құжат түрінің атауы	☐	
	құжаттың тіркеу нөмірі	☐	
	ұйымның бөлімдері туралы ақпарат	☐	
	лауазымды тұлғалардың қолы	☐	

Сенімхаттың мәтінінде	сенімді тұлғаның лауазымы және төлқұжат деректері	☐	көрсетіледі.
	сенімді тұлғаның отбасы туралы деректер	☐	
	сенімхаттың қолдану мерзімі	☐	
	сенімхаттың данасы туралы деректер	☐	

2. Тыңдаңыз. Ақпаратты жазыңыз.

№29



Сенімхатты берген тұлға:

Сенімхатты берген тұлғаның мекенжайы:

Сенімхат берілген тұлға:

Сенімхат берілген тұлғаның мекенжайы:

Сенімхат берілу себебі:

Сенімхаттың жарамдылық мерзімі:

АЙТЫЛЫМ

1. Пікір білдіріңіз.

Сіз қалай ойлайсыз? Келісесіз әлде келіспейсіз бе? Неге?

Сенімхат – адамдар арасында бір-біріне сенудің жоқтығынан жазылады.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Төмендегі сенімхат үлгісін толтырыңыз.

№1

МӘМІЛЕ ЖАСАУҒА СЕНІМХАТ

«_____» _____ 200__ ж. _____ қаласы

№ _____

Осы сенімхатты куәлігінің № _____, _____ берілген, мына мекенжайда

_____ тұратын _____
_____ аты-жөні

_____ кәсіпорын атынан мәміле өткізу үшін беремін.
(кәсіпорынның атауы)

Ол _____ кәсіпорын атынан мекемелерде, ұйымдарда
(заңды тұлғаның атауы)

мәміле жүргізуге қажетті барлық құжаттарды ала алады, өзінің қолын қояды, оның ішінде осы тапсырманы орындауға байланысты барлық шарттарға қол қойып, мәміле жасай алады.

Осы сенімхат бойынша өкілдікті басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Сенімхат _____ мерзімге берілді.

Сенімхат _____ нөмірмен тіркелді.

Басшы _____
(қолы)

№2

СЕНІМХАТ

_____ Қ., _____ ж.

Мен, _____ жеке куәлік № _____
мекенжай өзімнің жалақымды _____ мекенжайында
тұратын азамат _____ жеке куәлік № _____
сеніп тапсырамын. Бұл үшін _____ менің атымнан барлық құжаттарға қол қою,
өтініш жазу құқығын беремін.

_____ ж. _____
(аты-жөні, қолы)

2

- САБАҚ

ҰЖЫМДЫҚ ҚҰЖАТТАР

324 - беттегі сөздермен танысыңыз.

1. Жауап беріңіз.

1. Сенімхат қандай жағдайда беріледі?
2. Сенімхат не үшін беріледі?
3. Сенімхаттың қандай түрі бар?

2. Жауап жазыңыз.

Сенімхатта қандай ақпараттар болу керек?

3. Жағдаяттар бойынша сенімхат жазыңыз.

Сенімхатты Данаттың атынан Алтынайға жазыңыз.



Жағдаяттар:

- үй сату
- көлік ауыстыру
- есепшоттан ақша алу

4. Жауап беріңіз.

1. Сенімхатты мөрсіз беруге бола ма?
2. Сенімхатты 5 жылға алуға бола ма?
3. Сенімхат арқылы басқа адам үшін қол қоюға бола ма?
4. Сенімхатты екі тілде жазуға бола ма?
5. Сенімхат арқылы басшы атынан келіссөздер жүргізуге бола ма?
6. Сенімхат арқылы сотта куәлік етуге бола ма?



5. Сөздерді тиісті қатарға жазыңыз.



Келісімшарт	_____	_____	_____	_____
Келісімшартта	_____	_____	_____	_____
Келісімшартқа	_____	_____	_____	_____
Келісімшартты	_____	_____	_____	_____

6. Тиісті қатарды таңдаңыз.

Келісімшарт	☐	құқықтық	құжат.
	☐	жеке	
	☐	заңды күші бар	
	☐	нормативтік	
	☐	маңызды	

Келісімшарт	☐	мекемелер	арасында жасалады.
	☐	әріптестер	
	☐	достар	
	☐	серіктестер	
	☐	мекеме мен қызметкер	

Келісімшартта	☐	лауазымдық нұсаулық	арасында жасалады.
	☐	еңбек тәртібі	
	☐	ақшалай сыйлық	
	☐	біліктілік талаптары	
	☐	қызметкер өмірбаяны	
	☐	қызметтік міндеттер	

7. Танысыңыз.

Келісімшарттың мазмұндық-құрылымы:

1. құжат аты;
2. шарттың жасалған орны мен күні;
3. екі жақтың толық және шартты атауы;
4. жұмыстың сипаты мен мазмұны, оны орындауға қажетті біліктілік дәрежесі;
5. шарттың типі (негізгі жұмыс әлде қосымша істелетін жұмыс);
6. шарттың түрі (шектеулі мерзімге ме әлде ұзақ уақытқа ма);
7. шарттың уақыты, мерзімі (шектеулі мерзімге жасалған келісім үшін);
8. сынау мерзімі;
9. жұмысшының міндеттері;
10. еңбек жағдайы, еңбекақы төлеу сияқты әкімшіліктің негізгі міндеттерін көрсете отырып жазылған жұмыс беруші міндеттері;
11. жұмысшының еңбек құқын қорғауға қосымша кепілдік беретін мағлұмат;
12. еңбек пен демалыс тәртібінің ерекшеліктері туралы мәлімет;
13. ақшалай берілетін сыйлық көлемі мен оны төлеу тәртібі туралы мәлімет;
14. демалыс алу тәртібі мен оның мерзімі туралы мәлімет;
15. шарт бойынша жасалатын басқа да жағдайлар мен шарттар;
16. шарт бойынша атап өтілетін ерекше жағдайлар (қай кезде келісім бұзылуы немесе қайта қаралуы мүмкін);
17. шарт тоқтатылатын жағдай атап көрсетіледі;
18. екі жақтың мекенжайы мен реквизиттері;
19. екі жақтың қойылатын қолы (сигнатура);
20. шартқа қол қойылған күн;
21. шарттың қосымшасы (егер бар болса).

8. Сәйкестендіріңіз.

✓ 1	құжат аты	1-Ә
2	шарттың жасалған орны мен күні	
3	екі жақтың толық және шартты атауы	
4	жұмыстың сипаты мен мазмұны	
5	шарттың түрі	
6	жұмысшының міндеттері	
7	жұмыс беруші міндеттері	
8	еңбек пен демалыс тәртібі	
9	демалыс алу тәртібі	
10	шарттың бұзылуы	

✓ А	қызметкер 12 айдан кейін кезекті еңбек демалысын ала алады
Ә	«Қызметке қабылдау туралы»
Б	«Аспан» ЖШС, 15 наурыз, 2016 жыл
В	«Аспан» ЖШС, Астана қаласы, Республика даңғылы, 15 үй Саматов Аслан Мұратұлы, 1979 ж.т., куәлік № 000521236
Г	Қаржы бөлімінде Бас маман қызметін атқарады
Ғ	Шарт 1 жыл мерзімге жасалды, шарт түрі - уақытша

- | | |
|---|--|
| Д | Тоқсан сайын есеп беруге міндетті |
| Е | Қызметкер өз есебінен жылына екі рет кезектен тыс демалыс алады |
| Ж | Айлық жалақыны әр айдың 28 –і күні төлеуге міндетті |
| З | 15 наурыз, 2016 жылы «Қызметке қабылдау туралы» шарт тараптар келісімі бойынша өз күшін жойды. |

9. Топтық жұмыс.

Екінші топқа шарттың бір бөлігін түсіндіріңіз. Олар қай бөлік екенін табады.

А тобы

ақшалай берілетін сыйлық
шарт тоқтатылатын жағдай атап көрсетіледі
екі жақтың қойылатын қолы

Ә тобы

шарт бойынша атап өтілетін ерекше жағдайлар
екі жақтың мекенжайы мен реквизиттері
шартқа қол қойылған күн

ОҚЫЛЫМ

1. Жауап беріңіз.

- Сіз жұмысқа тұрғанда келісімшартыңызды мұқият оқыдыңыз ба?
- Әріптеске сеніп артып, шартты оқымай қол қойған кездеріңіз болды ма?
- Шарт не үшін жасалады? Шартсыз жұмыс істеуге болмай ма?



Есте сақтаңыз!

Заңды тұлға

Мекеме, ұйым тарапындағы адам

Жеке тұлға

Жеке адам, қызметкер

2. Оқыңыз.

Жеке еңбек келісім шарты дегеніміз – қызметкер мен жұмыс беруші арасында жазбаша түрде жасалынатын келісім. Ол шарт бойынша қызметкер белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуге, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын дер кезінде әрі толықтай көлемде төлеп тұруға міндеттенеді.

Қызметкер еңбек шартына сәйкес белгілі бір қызмет түріне қатысты, яғни мамандығына, кәсібіне, біліктілігіне қатысты қызметті орындауға міндеттенеді.

Жұмыс берушінің қызметкерге жалақы төлеп тұруға міндеттілігі жеке еңбек шартының ерекшелігі болып табылады.



3. Жауап беріңіз.

1. Еңбек шарты қандай тараптар арасында жасалады?
2. Заңды тұлға неге міндетті?
3. Жеке тұлға неге міндетті?
4. Еңбек шартының маңызды бөлігі қандай?



4. Оқыңыз.

Жеке еңбек шартын жасасудың мынадай мерзімдері болады:

- **белгісіз мерзімге** – жеке еңбек шартының уақыты көрсетілмейді;
- **белгілі бір мерзімге** – бір жылдан аспайтын;

Істелетін жұмыстың аз уақытта атқарылуына немесе орындау жағдайына, сондай-ақ жұмыста жоқ қызметкердің орнын ауыстыруға байланысты бір жылдан аспайтын белгілі бір мерзімге.

Екі жақ оның барлық елеулі шарттары бойынша келісімге келген кезде жеке еңбек шарты жасалды. Жеке еңбек шарты кем дегенде екі дана болып толтырылады және тараптардың қолы қойылады. Қол қойылған жеке еңбек шартының бір данасы – қызметкерге, ал екіншісі – жұмыс берушіге беріледі. Жеке еңбек шартының негізінде жалданатын қызметкердің еңбегіне ақы төлеу және материалдық көтермелеу шарттары тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Жеке еңбек шарты 16 жасқа толған соң жасалады.

5. Тиісті ақпаратты жазыңыз.

Асқар – суретші. Ол бір мекеменің безендіру жұмыстарын жасауға тапсырыс алды. Ол қандай шартқа отырады?



«Аспан» ЖШС-нің Бас есепшісі бала күтіміне байланысты демалысқа кетті. Олар жаңа Бас есепшіні қандай шартпен жұмысқа алады?

Самал «АСАД» фирмасына бір жылға жұмысқа тұрды. Ол фирмамен қандай шартқа отырады?



6. Жауап беріңіз.

1. Еңбек шарты неге 2 данада жасалады деп ойлайсыз? Қандай себептері бар?
2. Еңбек шартының жас ерекшелігіне қатысы бар ма?

ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Етіс + келер шақ

316 - бет

Еңбек шарты екі жыл мерзімге жасалады.

Айлық жалақы Еңбек шартына сәйкес бекітіледі.

Қызметкер Еңбек шартында көрсетілген жұмыстарды атқаруға міндеттенеді.

1. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

қарастырыл_а_ды

көрін_ді

жасал_ды

қол қойылма_ды

көрсетіл_ді

ұзартыл_ды

өзгертілме_ді

бұзыл_ды

-а

-е

-й

төлен_ді

таныстырыл_ды

орындал_ды

көрсетілме_ді

тоқтатыл_ды

рұқсат беріл_ді

міндеттел_ді

айтылма_ды



2. Үлгі бойынша өзгертіңіз.

Үлгі: жасау- жасалу

айту

жазу

орындау

қол қою

таныстыру

дайындау

бекіту

пайдалану

-ыл

-іл

-л

3. Тиісті сөзді жазыңыз.

Еңбек шартында айлық туралы мәселелер _____	көрсетіледі
Қызметкердің демалыс күндері туралы ақпарат _____	сақталады
Екі жақтың құқықтары мен міндеттері толық _____	тоқтатылады
Еңбек шартындағы мәселелер жиналыста _____	жазылады
Жұмыс мермізімінен бұрын аяқталса, шарт _____	жазылады
Қызметкер Еңбек шарты бойынша бір жылға жұмысқа _____	алынады
Шарттың бір нұсқасы кадр бөлімінде _____	талқыланады

4. Болымсыз түрде жауап беріңіз.

1. Еңбек шарты 10 жылға жасала ма?
2. Еңбек шартын бір тарап қана қол қоя ма?
3. Еңбек шарты 4 дана болып жасала ма?
4. Еңбек шарты себепсіз тоқтатыла ма?
5. Еңбек шартында қызметкердің өмірбаяны жазыла ма?
6. Үй сатып алуда Еңбек шарты жасала ма?
7. Уақытша жұмысқа ұзақ мерзімді Еңбек шарты жасала ма?
8. Жалпы жиналыста Еңбек шарты талқылана ма?

5. Үлгі бойынша өзгертіп жазыңыз.

Үлгі: Асқар Еңбек шартына қол қойды. – Еңбек шартына қол қойылды.

1. Қызметкер Еңбек шартындағы жұмыстарды орындайды.

2. Олар құжаттарды аудару жұмыстары бойынша шарт жасады.

3. Ол Еңбек демалысының мерзімін көрсетті.

4. Материалдық көтермелеу шарттарын жазды.

5. Еңбек шартының бір данасын қызметкер берді.

6. Топтық жұмыс.

Бірінші топ сөзді айтады, екінші топ етіс+көсемше формасына салып сөйлем құрайды.

А тобының сөздері	Ә тобының сөздері
орындау қарастыру бекіту тоқтату	өзгерту бұзу ұзарту тексеру

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Жеке еңбек келісімшартының мазмұны

- Екі жақтың реквизиттері;
- Еңбек функциясы (белгілі бір қызметтегі, мамандықтағы жұмыс);
- Жеке еңбек келісімшартының мерзімі;
- Еңбек міндеттерін орындауды бастаған уақыты;
- Еңбек талабына мінездеме, ауыр және қауіпті физикалық жұмыстар үшін берілетін өтемақылар;
- Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының кестесі;
- Еңбек төлемі мен күзетіне төлеу жағдайы;
- Жұмыс берушінің хұқтары мен міндеттері;
- Жұмысшы хұқтары мен міндеттері;
- Жеке еңбек келісімшартын өзгерту, бұзу және ұзарту тәртібі;
- Өтемақы төлеу мен кепілдеме беру тәртібі;
- Екі жақтың жауапкершілігі.

Жеке еңбек келісімшартын бекіту

- Жеке еңбек келісімшарты жазбаша түрде екі данамен екіжақтың қол қоюымен жасалады. Бір данасы қол қойған соң жұмысшыға беріледі.
- Еңбек функцияларын атқару басы болып келісімшартта көрсетілгендей, жұмысшының жұмысқа кіріскен күнінен басталады;
- Егер жеке еңбек келісімшарты болмаған немесе жұмыс беруші жағынан жасалмаған болса, еңбек келісімшартының күші тек фактілі түрде жұмысқа кіріскеннен басталады;
- Жеке еңбек келісімшарты жасалған соң жұмыс беруші жұмысшыны жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады;
- Жеке еңбек келісімшартын бекіту үшін жұмыс беруші жұмысшыдан оның қызметі туралы құжатты, жеке әлеуметтік коды туралы куәлік, 16 жасқа толмаған тұлғадан туу туралы куәлік, білімі туралы немесе мамандығы туралы құжаттарды талап ете алады.
- Жұмысшы толық емес жұмыс уақытымен бірнеше жұмыс берушімен жеке еңбек келісімшартын жасаса алады;
- Жеке еңбек келісімшарты ұйым жетекшісімен немесе тұлғаның өкілдігімен екі жақ келісімімен бекітіледі.

Жеке еңбек келісімшартына толықтырулар мен өзгертулер оның бекітілуінде қарастырылған тәртіппен жүзеге асады.

Жеке еңбек келісімшартын тоқтату

Жеке еңбек келісімшарты мына жағдайда тоқтатылады:

- Мерзімі біткенде;
- Екі жақ еркіне жатпайтын жағдайларға байланысты;

Жеке еңбек келісімшарты екі жақтың әсерінсіз мына жағдайда тоқтатылады:

- Жұмысшыны құжатын көрсету үшін үш күндік мерзімге әскери қызметке шақырылса;
- Бұрынғы жұмысы бойынша сотталған жұмысшының сот үкімінің заң күшіне енген кезінде;
- Жұмысшы қаза болғанда және сотпен жұмысшының өлгені туралы немесе хабарсыз жоғалғаны туралы хабар болғанда;

Сот үкімімен жұмысшының қабілетсіз болып табылып, бұрынғы жұмысын атқара алмайтын жағдайында.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жауап беріңіз.

1. Еңбек шартында жұмыс берушінің қандай құқықтары мен міндеттері болады?
2. Сіз өз құқықтарыңызды білесіз бе?

2. Тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.

№30



1. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау кезінде Кодекске сәйкес Шартты жасасу үшін қажетті құжаттар талап _____ құқылы.

2. Қызметкердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және сапалы _____ талап етуге құқылы.

3. Қызметкерге, бюджетке аударылатын міндетті төлемдері (салықтар мен зейнетақылық аударымдар) ұстап қала отырып, _____ төлеуге міндетті.

4. Қызметкерге Шартта көрсетілген жұмысты _____ міндетті.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек _____ талаптарын сақтауға міндетті.



3. Қайта тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

Қызметкер Шартты жасасуға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға құқылы.

Жұмыс берушіден осы Шарт шарттарының орындалуын талап етуге құқысы бар.

Жұмыстарды орындауға қажет болатын толық және анық ақпаратты алуға құқылы.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшаға сәйкес еңбекақы алуға құқылы.

Жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

Жұмыстарды орындау үшін оған берілген Жұмыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

Жұмыс берушінің коммерциялық және қызметтік құпиялары болып табылатын мәліметтерді жарияламауға міндетті.

дұрыс

қате

☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐

АЙТЫЛЫМ

1. Пікір білдіріңіз.

Еңбек шартындағы мынандай тараулармен келісесіз бе?

Зейнетақылық аударымдарсыз
еңбекақы төлеу

Ақысыз еңбек демалысын беру

Мереке және демалыс күндері
жұмысқа шығу

Кез келген уақытта Еңбек шартын
тоқтату

Жұмыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға және жұмыстарды аяқтағаннан
кейін оның Жұмыс берушіге қайтарылуын қамтамасыз етуге, ал ол бүлінген
жағдайда орнын толтыру

ЖАЗЫЛЫМ

1. Еңбек шартына қатысты ақпараттарды толтырыңыз.

«Аспан»

№ 00058976 – жеке куәлік

Қасымов Болат Асанұлы - басшы

№ 041179000273 - ЖСН

Мамыров Самат - экономист

ЕҢБЕК ШАРТЫ

«____» _____ 2016 жылғы № ____

Астана қаласы

_____ жауапкергілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Мекеме) атынан 2016 жылғы 14 наурыздағы № ____ бұйрыққа және «_____» Директорлар қенесінің шешімімен бекітілген 2015 жылғы 18 қаңтардағы № 2 хаттамасына сәйкес «_____» ЖШС директоры _____ бір жағынан және ары қарай «Қызметкер» Қазақстан Республикасының азаматы(шасы) _____ жеке куәлігі № _____, 2015 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі берген, ЖСН № _____, тіркелген тұрғылықты жері бойынша: Астана қаласы, Тархан көшесі, 65-үй, 45-пәтер, екінші жағынан, төмендегі мәселелер бойынша осы Еңбек шартын жасасты;

Әр тарау бойынша екі сөйлем жазыңыз

Шарттың мерзімі

1. _____
2. _____

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. _____
2. _____

Ерекше шарттар

1. _____
2. _____

Еңбекақы төлеу

1. _____
2. _____

Шартты тоқтату немесе бұзу шарттары

1. _____
2. _____

Тараптардың жауапкершілігі

1. _____
2. _____



ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

I БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

Бұрынғы өткен шақ. Сұрау есімдігі

Сұрау есімдігі

Есімдіктер заттың атын, сынын, санын білдірмейді, бірақ солардың орнына жұмсалады. Есімдіктер белгілі бір түсінікті немесе ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді. Сұрау есімдіктері сұрау мағынасымен қоса, кейде саралау, жекелеу мағынасында да қолданылады.

Сұрау есімдіктері:

кім, не, неше, қанша, қай, қайда, қайдан, қалай, қашан, қайсы, қандай, нешеу, нешінші, т.б.

Сен **қашан** келесің?

Мені **қайдан** көрдің?

Хатты **кімнен** алдың?

Сұрау есімдігі

мысалы

кім? не?	септеледі	кімнің? ненің?
	көптеледі	кімдер? нелер?
	тәуелденеді	кімім, кімің
	жіктеледі	кіммін? кімсің?
қашан?	Барыс, жатыс, шығыс септіктері жалғауларын қабылдайды	қашанға қашаннан
қандай? қанша? қалай? нешінші?	жіктеледі	қалайсың? нешіншісің?

Септелуі:

Атау	кім	не
Ілік	кімнің	ненің
Барыс	кімге	неге
Табыс	кімді	нені
Жатыс	кімде	неде
Шығыс	кімнен	неден
Көмектес	кіммен	немен

Тәуелденуі:

I жақ	кімім	нем	қайсым	нешеуім
II жақ	кімнің кіміңіз	нең неңіз	қайсың қайсыңыз	нешеуің нешеуіңіз
III жақ	кімі	несі	қайсысы	нешеуі

Жіктелуі:

Мен	кіммін	Біз (біздер)	кімбіз (кімдерміз)
Сен	кімсің	Сендер	кімсіңдер (кімдерсіңдер)
Сіз	кімсіз	Сіздер	кімсіздер (кімдерсіздер)
ол	кім	Олар	кімдер

Бұрынғы өткен шақ

Бұрынғы өткен шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді. Екі түрлі жолмен жасалады.

Сен мектепті бітір~~ген~~сің.

Ол ауылға бары~~п~~ты.

Жасалуы:

етістік түбірі + ~~-n~~
~~-in~~ + жіктік жалғау
~~-ып~~

жекеше		көпше	
Мен	айт ып п ын , кел ін п ін	Біз	айт ып п ы з, кел ін п і з
Сен	айт ып с ың , кел ін с ің	Сендер	айт ып с ың д ар , кел ін с ің д ер
Сіз	айт ып с ы з, кел ін с із	Сіздер	айт ып с ы зд ар , кел ін с із д ер
Ол	айт ып т ы , кел ін т і	Олар	айт ып т ы , кел ін т і

Болымсыз түрі:

етістік түбірі + ~~-па/-не~~
~~-ма/-ме~~ + ~~-n~~ + жіктік жалғау
~~-ба/-бе~~

Мен	айт па п ын кел ме п ін	Біз	айт па п ы з кел ме п і з
Сен	айт па п сың кел ме п сің	Сендер	айт па п сың д ар кел ме п сің д ер
Сіз	айт па п сыз кел ме п сіз	Сіздер	айт па п сыз д ар кел ме п сіз д ер
ол	айт па п ты кел ме п ті	Олар	айт па п ты кел ме п ті

етістік түбірі + ~~-ған/-ген~~
~~-қан /-кен~~ + жіктік жалғау

Мен	айт қан м ын , кел ген м ін	Біз	айт қан б ы з, кел ген б і з
Сен	айт қан с ың , кел ген с ің	Сендер	айт қан с ың д ар , кел ген с ің д ер
Сіз	айт қан с ы з, кел ген с із	Сіздер	айт қан с ы зд ар , кел ген с із д ер
ол	айт қан Ø, кел ген Ø	Олар	айт қан Ø, кел ген Ø

Болымсыз түрі:

Мен	айтпа ған мын келме ген мін
Сен	айтпа ған сың келме ген сің
Сіз	айтпа ған сыз келме ген сіз
ол	айтпа ған Ø келме ген Ø

Біз	айтпа ған быз келме ген біз
Сендер	айтпа ған сыңдар келме ген сіңдер
Сіздер	айтпа ған сыздар келме ген сіздер
Олар	айтпа ған Ø келме ген Ø

б) **-ып, -іп, -п** тұлғалы көсемше тұлғалы, **-ған, -ген, -қан, -кен** есімше тұлғалы етістіктерге **еді, екен** көмекші етістіктің тіркелуі арқылы да жасалады. Көмекші етістік қана жіктеледі.

жекеше

I	оқы ған едім (екенмін),
	оқып едім
II	оқы ған едің (екенсің),
	оқып едің
	оқы ған едіңіз (екенсіз),
	оқып едіңіз
III	оқы ған еді (екен),
	оқып еді

көпше

оқы ған едік (екенбіз)
оқып едік
оқы ған едіңдер (екенсіңдер)
оқып едіңдер
оқы ған едіңіздер (екенсіздер)
оқып едіңіздер
оқы ған еді (екен),
оқып еді

Мағыналары

Бұрынғы өткен шақтың есімшеден болған және еді көмекші етістігінен құралған күрделі түрлері	көсемшеден болған және екен көмекші етістігінен құралған күрделі түрі
тұжырымды, айғақты мәнді білдіреді мысалы: білген едім, біліп едім	айғақсыз мәнді білдіреді, сөйлеушінің көзі толық жетпейтіндігін байқатады. Бұрынғы өткен шақтың бұл түрі ертегілерде жиі кездеседі. Мысалы: Баяғыда бір кемпір болыпты.

I БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Сын есім. Салыстырмалы шырай

Сын есім. Салыстырмалы шырай

Салыстырмалы шырай заттың ұқсас сапаларының артық немесе кемдігін жұрнақтар арқылы салыстыра көрсетеді.

Дариғаның бойы ұзын**дау**.
 Өріктің түсі сарғыш**тау**.
 Менің досым әдемі**рек**.
 Біздің мұғаліміміз қатал**ырақ**.

Жасалуы:

сын есім	+	-ырақ,-ірек,-рақ,-рек -лау,-леу,-дау,-деу,-тау,-теу -шыл,-шіл, -ғыл, -ғылтым, -ғыш, -гіш
----------	---	---

үлкен – үлкенірек
 кіші – кішілеу
 көк – көкшіл

Салыстырмалы шырай келесі сөздермен тіркесте қолданылады: *қарағанда, гөрі, менікінен, сенікінен, сіздікінен*

Біздің университетіміз **сендердікіне қарағанда** үйге жақын**дау**.
 Біздің ғимарат **сіздікінен** үлкені**рек**.

Ескерту: -шыл,-шіл жұрнақтары тек түр-түсті білдіретін **ақ** және **көк** сын есімдеріне ғана жалғанады (ақ**шыл**, көк**шіл**)

БАСПАСӨЗ - МЕДИА

Ауыспалы өткен шақ.
 Асырмалы шырай. Ырықсыз етіс

II БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

Сын есім. Асырмалы шырай

Асырмалы шырай – зат белгілерінің сын дәрежесін басқа заттардан тым көтеріп:

Мына көйлек **өте** әдемі екен.
 немесе тым төмендетіп:
 мына көйлек **тым** қысқа екен.
 көрсететін шырай түрі.

Жасалуы:

Өте, тым, аса, ең, тіпті, нақ, орасан, керемет сияқты үстеулердің тіркесуімен жасалады:
 Сенің анаң **өте** мейірімді кісі ғой.
 Асқар **нағыз** ержүрек.
 Сенің мәшинең **тым** қымбат.

Ырықсыз етіс

Ырықсыз етіс – қимыл, әрекет иесі белгісіз болатын етістің түрі. Яғни қимыл иесі өзі қимыл-әрекет істемейді, ол басқа біреудің қимыл-әрекетінің объектісі болады.

Үй бәссаудада сатылды.
Оның киімдері тазаланды.

- Жұрнақтары:** А) -ыл, -іл, -л
Жауап берілді.
- Ә) етістік негізінде л дыбысы болса -ын,-ін, -н
Үй салынды.

Бұл жұрнақ етістік негізінің мағынасына амал ырықсыз (өздігінен) істелетіндей мән жамайды, үстейді, бірақ ол формадан амалды кім істегені көрінбейді де, көбінесе логикалық объекті есебінде қызмет етеді.

Өздік етістен айырмашылығы: өздік етісте -ын,-ін, -н жұрнағы амалдың (істің) шарпуы я нәтижесі оны жасаушы субъектінің өзіне тиетінін білдіретіндей мән береді.

Дағдылы өткен шақ

Ауыспалы өткен шақ қимыл иесінің ертеден дағдыға айналған іс-әрекетін білдіреді.
Олар демалыс сайын кездесіп тұратын.

Жасалуы:

А.	...	+	-атын-ін -етін -итын -итін	+	жіктік жалғау
жекеше			көпше		
Мен оқитынмын			Біз оқитынбыз		
Сен оқитынсың			Сендер оқитынсыңдар		
Сіз оқитынсыз			Сіздер оқитынсыздар		
Ол оқитын Ø			Олар оқитын Ø		

Болымсыз түрі

жекеше		көпше	
Мен оқымайтынмын		Біз оқымайтынбыз	
Сен оқымайтынсың		Сендер оқымайтынсыңдар	
Сіз оқымайтынсыз		Сіздер оқымайтынсыздар	
Ол оқымайтын Ø		Олар оқымайтын Ø	

Ә. *-ушы, -уші* қосымшасына еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы:

жекеше	көпше
Мен барушы едім	Біз барушы едік
Сен барушы едің Сіз барушы едіңіз	Сендер барушы едіңдер Сіздер барушы едіңіздер
Ол барушы еді	Олар барушы еді

Болымсыз түрі

жекеше	көпше
Мен бармаушы едім	Біз бармаушы едік
Сен бармаушы едің Сіз бармаушы едіңіз	Сендер бармаушы едіңдер Сіздер бармаушы едіңіздер
Ол бармаушы еді	Олар бармаушы еді

БАСПАСӨЗ – МЕДИА

Мезгіл үстеуі (-ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары)
Септеулік шылаулар. Есімшенің заттануы

II БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

Мезгіл үстеуі

Мағынасы: іс-әрекеттің мерзімі, мезгілі, уақыты.

Мезгіл үстеулерге мына сөздер жатады: бүгін, биыл, кеше, былтыр, ерте, ертеден, ежелде, таңертеңнен, күндіз, қазір т.б.

Бұл бағдарлама *ертең* басталады.

Кеше қызық кино болды.

Ол *таңертең* газет оқиды.

Кешке маңызды жаңалықтар айтылады.

Сұрақтары: қашан? қашаннан? қай уақытта?

- Астанаға қашан барасың?

- Он күннен кейін барамын.

Мезгіл үстеуі +-ғы, -гі, - қы, -кі жұрнақтары

Есім сөзден туынды сын есім жасалады.

Жұрнақтары: -ғы, -гі, -қы, -кі

Ол ертең*гі* пойызбен келеді.

Кеш*кі* бағдарламаны Сәуле жүргізеді.

Септеулік шылаулар

Септеулік шылау сөз бен сөзді сабақтастыра байланыстырады. Ол атау, барыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған сөзбен тіркеседі.

Ана *туралы* ән айтады.

Отбасыңнан *бұрын* өзің *жайлы* айтқың келе ме?

Әншілердің жеке өмірі *жайында* айтпаймын.

Достық *үшін* не істей аласыз?

Септеулік шылаулар белгілі бір септік жалғаулы сөздерді меңгеріп, оларға бағыттық, мақсаттық, мезгілдік, үдету, ұқсату, қайталау т.б. грамматикалық мағыналар үстеп тұрады.

Ол қалаға оқу *үшін* келді.

Үлкендер ауылға *қарай* аяңдады

	... Ø	көпір Ø
Барыс септік	... <i>-ге</i> дейін шейін таман қарай қарсы салым жуық тарта таяу	үй <i>ге</i> дейін көлге таман жыл бойына тауға қарай үйге қарсы
Шығыс септік	... <i>-тан</i> кейін соң гөрі бері бұрын әрі бетер	жиналыс <i>тан</i> кейін сабақтан соң жылқыдан гөрі кешеден бері менен бұрын сенен әрі одан бетер
Көмектес септік	... <i>-мен</i> қатар бірге қабат	көбейту <i>мен</i> қатар Анармен бірге

Есімшенің заттануы

Есімше формаларының етістікке және сын есімге тән қасиеттері бар. Есімше есім сөздер сияқты септеліп, тәуелденіп, көптік жалғауын қабылдап зат есім мағынасында жұмсалады.

Көптелуі	Тәуелденуі		Септелуі
көр+етін+дер көр+ген+дер оқы+ған+дар жаз+атын+дар	Менің көргенім Сенің көргенің Сіздің көргеніңіз Оның көргені	Біздің көргендеріміз Сендердің көргендерің Сіздердің көргендеріңіз Олардың көргендері	А. оқыған І. оқығанның Б. оқығанға Т. оқығанды Ж. оқығанда Ш. оқығаннан К. оқығанмен

Келген – Үсен.
Әсемнің айтатыны осы.
Кететіндерге жол болсын дейміз.
Киім сататындар қазір келеді.


ӨМІР СҮРУ САЛТЫ

Тұйық етістік + қажеттілік модальдігі.
Көмекші есімдер. Мақсатты келер шақ

III БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

Көмекші есімдер

Лексикалық мағынасы жоқ немесе мағынасы солғындалған, басқа сөздің жетегінде жүретін, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздер көмекші сөздер деп аталады. Сондықтан олар жеке тұрып белгілі бір сұраққа жауап бере алмайды. Көмекші сөздер үш түрге бөлінеді:



Көмекші есімдердің шығу тегі зат есімдерден. Сондықтан олар зат есім сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді.

Көмекші есімдер: алды, арты, үсті, жаны, маңы т.с.с.

Үйдің жанында үлкен көл бар.

Жасалуы:	көмекші есімдер	+	-ында, -інде, -нда, -нде
----------	-----------------	---	-----------------------------------


Қаланың *сыртында* жағажай бар.

Қажеттілік модальдігі

... керек/қажет

...+м (ң/...) қажет/керек

Модаль сөздер – сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіретін сөздер. Қазіргі қазақ тілінде модальдылықты толық мәнді есім де, етістік те, көмекші сөздер де білдіреді.



Модаль сөздер сөйлемнің баяндауышының құрамында болады. Кейбірі қыстырма сөздердің қызметінде қолданылады. Модаль сөздер мен қыстырма сөздерді шатастыруға болмайды, бұлар - өзіндік ерекшеліктері бар екі түрлі грамматикалық категориялар.

Меніңше, сенің айтқаның дұрыс. (меніңше – қыстырма сөз)

Олар жұмысты кешке дейін бітірулері керек. (керек – модаль сөз)

Модаль сөздер баяндауыш құрамында жұмсалғанда көбіне келер шақта келеді. Модаль сөздер болжалдық, міндеттілік, мүмкінділік, қажеттілік т. б. мағыналарда қолданылады.

Қалаға бару *керек*. Тауға шығуымыз *керек*.

Спортпен айналысу *қажет*. Футбол ойнауларың *қажет*.

- у керек / -у қажет

Тұйық етістік → қажет, керек

Қалаға бару = Қалаға бару *қажет*

Спортпен айналысу = Спортпен айналысу *қажет*

Таза ауаға шығу = Таза ауаға шығу *қажет*

Тұйық етістік+ тәуелдік жалғау→ қажет, керек

Шаңғы тебу = Шаңғы тебу + *ім* керек

Тауға шығу = Тауға шығу + *ымыз* керек

Футбол ойнау = Футбол ойнау + *ымыз* қажет

Менің ойнау*ым* қажет

Сенің ойнау*ың* қажет

Сіздің ойнау*ыңыз* қажет

Оның ойнау*ы* қажет

Біздің ойнау*ымыз* қажет

Сендердің ойнау*ларың* қажет

Сіздердің ойнау*ларыңыз* қажет

Олардың ойнау*ы* қажет

Мақсатты келер шақ

Мақсатты келер шақта етістік арқылы іс-әрекеттің өту, болу мақсаты айтылады.

Астанаға ертең жүр**мек**пін.

Жасалуы:

етістік +	-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек	+ жіктік жалғау
жекеше	көпше	
Мен оқы мақп ын	Біз оқы мақп ыз	
Сен оқы мақсың Сіз оқы мақсыз	Сендер оқы мақсыңдар Сіздер оқы мақсыздар	
Ол оқы мақ Ø	Олар оқы мақ Ø	

Болымсыз түрі:

1.	негізгі етістік	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	+	көмекші етістік	-мақ -мек -пақ -пек -бақ -бек	+	жіктік жалғау
жекеше				көпше			
Мен оқы май қой мақп ын				Біз оқы май қой мақп ыз			
Сен оқы май қой мақсың Сіз оқы май қой мақсыз				Сендер оқы май қой мақсыңдар Сіздер оқы май қой мақсыздар			
Ол оқы май қой мақ Ø				Олар оқы май қой мақ Ø			
2.	етістік	-мақ -мек -пақ -пек -бақ -бек	+	емес	+	жіктік жалғау	
жекеше				көпше			
Мен оқы мақ емес пін				Біз оқы мақ емес піз			
Сен оқы мақ емес сің Сіз оқы мақ емес сіз				Сендер оқы мақ емес сіңдер Сіздер оқы мақ емес сіздер			
Ол оқы мақ емесØ				Олар оқы мақ емесØ			

ӨМІР СҮРУ САЛТЫ

Бұйрық рай. Болымсыздық есімдігі

III БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

Болымсыздық есімдігі

Болымсыздық есімдіктеріне еш сөзімен біріккен ештеңе, ештеме, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайдан, ешқайсы сөздері мен дәнеме, дәнеңе сөздері жатады.

Оңтүстік Қазақстан қалаларында **ешқашан** жаз суық болмайды.

Менің әкем **ешкімді** алдамайды.

Жұмсалуды:

Зат есім орнына	<i>ешкім, ештеңе, ештеме, ешқайсы, дәнеме, дәнеңе</i>
Сын есім орнына	<i>ешбір, ешқандай,</i>
Үстеу орнына	<i>ешқайда, ешқайдан</i>

Жалғаулары: Көптік, тәуелдік.

Ешқайсыларың сұраққа дұрыс жауап бермедіңдер.

Тәуелденуі:

жекеше	көпше
Менің ешкім <i>ім</i> (емес)	Біздің ешкім <i>іміз</i> (емес)
Сенің ешкім <i>ің</i> (емес) Сіздің ешкім <i>іңіз</i> (емес)	Сендердің ешкім <i>дерің</i> (емес) Сіздердің ешкім <i>деріңіз</i> (емес)
Оның ешкім <i>і</i> (емес)	Олардың ешкім <i>і</i> (емес)

Болымсыздық есімдіктері **жіктік жалғауды** қабылдамайды.

Еш сөзімен тіркескен есімдіктер бірге жазылады, басқа сөз таптарымен (еш адам, еш уақыт) тіркессе, бөлек жазылады.

Бұйрық рай

Бұйрық рай – іс-әрекеттің орындалуына бұйрық беру, әмір ету мағынасындағы рай түрі. Сонымен бірге бұйрық райдағы етістік мағынасы қозғау салу, түрткі болу, ұсыныс, кеңес беру, өтініш, тілек айту т.б. мәндерінде де жұмсалады.

Бұйрық райдағы бұйыру II, III жаққа қатысты болады. I жақта бұйрықтық мағына іс-әрекетті орындауға ниет екенін, ынталы екендігін білдіреді.

Жұрнақтары:

	жекеше	көпше
I	-айын, -ейін	-иын, -иін, -айық, -ейік
II	етістік түбірімен сәйкес	-ыңдар, -іңдер -ыңыздар, -іңіздер
III	-сын, -сін	-сын, -сін

жекеше	көпше
Мен бар айын , сөйлес ейін	Біз бар айық , сөйлес ейік
Сен бар Ø , сөйлес Ø Сіз барыңыз, сөйлесіңіз	Сендер барыңдар, сөйлесіңдер Сіздер барыңыздар, сөйлесіңіздер
Ол бар сын , сөйлес сін	Олар бар сын , сөйлес сін

Болымсыз түрі:

жекеше	көпше
Мен бар майын , сөйлес пейін	Біз бар майық , сөйлес пейік
Сен бар ма Ø , сөйлес пе Ø Сіз бар маңыз , сөйлес пеңіз	Сендер бар маңдар , сөйлес пеңдер Сіздер бар маңыздар , сөйлес пеңіздер
Ол бар масын , сөйлес песін	Олар бар масын , сөйлес песін

САЯХАТ

Жалғаулық шылаулар
Бұйрық райы + деп едім

IV БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

Жалғаулық шылаулар

Жалғаулық шылау – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тең дәрежеде байланыстырады.
Санжар **мен** Қайрат мектепке бірге келді.

Түрлері:

Ыңғайлас жалғаулықтар: мен, бен, пен, және, әрі, тағы, да, де, та, те

Қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, әйтпегенде, әйтсе де.

себеп-салдар жалғаулықтар: өйткені, себебі, сол себепті, сол үшін, сондықтан, неге десеңіз.

Талғаулықты жалғаулықтар: не, немесе, я, я (не) болмаса, әлде, кейде, бірде, біресе.

Шартты жалғаулықтар: егер, егер де, алда-жалда.

Лондонға мен **де**, әкем **де** баратын болдық.

Мына кино қызық екен, **бірақ** мен концерт көргім келеді.

Ағамның туған күніне **не** теледидар, **не** компьютер алып береді.

Сен жұмысқа тағы кешіктің, **себебі** түнде кеш ұйықтайсың.

Егер қазір айтпасаң, мен үйге қайтамын.

Бұйрық райы + деп едім

Бір нәрсеге ынталы, ниет екенін білдіреді.

Қалаға ертең жүрейін **деп едім**.

Олар Лондонға барайын **деп еді**

	жекеше		көпше
Мен	барайын деп едім сөйлесейін деп едім	Біз	барайық деп едік сөйлесейік деп едік
Сен	барайын деп едің сөйлесейін деп едің	Сендер	барайын деп едіңдер сөйлесейін деп едіңдер
Сіз	барайын деп едіңіз сөйлесейін деп едіңіз	Сіздер	барайын деп едіңіздер сөйлесейін деп едіңіздер
Ол	барайын деп еді Ø сөйлесейін деп еді Ø	Олар	барайын деп еді сөйлесейін деп еді

Болымсыз түрі:

	жекеше		көпше
Мен	бармайын деп едім сөйлеспейін деп едім	Біз	бармайық деп едік сөйлеспейік деп едік
Сен	бармайын деп едің сөйлеспейін деп едің	Сендер	бармайын деп едіңдер сөйлеспейін деп едіңдер
Сіз	бармайын деп едіңіз сөйлеспейін деп едіңіз	Сіздер	бармайын деп едіңіздер сөйлеспейін деп едіңіздер
Ол	бармайын деп еді Ø сөйлеспейін деп еді Ø	Олар	бармайын деп еді Ø сөйлеспейін деп еді Ø

IV БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

САЯХАТ

Көру модальдік етістігі
Болжалды келер шақ

Көру модальдік етістігі

Көр – қосымша мағына үстейтін көмекші етістік. Көр көмекші етістігі салт және сабақты етістіктердің барлығымен тіркеседі. Кесімді күрделі етістіктің құрамында көр көмекші етістігі байқау мағынасын білдіреді.

Бұл мәліметтерді интернеттен іздеп көрейін.

Құжаттарыңызды тағы да қарап көріңізші.
 Көр көмекші етістігі арқылы жасалған алдыңғы сыңары келер шақ көсемше түрінде қолданылатын етістік бұйрық рай формасында ғана жұмсалады.
 Мына сандықты аша көрме.

Жіктелуі:

Ауыспалы осы (келер) шақ

жекеше	көпше
Мен оқып көр емін	Біз оқып көр еміз
Сен оқып көресің Сіз оқып көресіз	Сендер оқып көресіңдер Сіздер оқып көресіздер
Ол оқып көреді	Олар оқып көреді

Болымсыз түрі:

жекеше	көпше
Мен оқып көр меймін	Біз оқып көр мейміз
Сен оқып көр мейсің Сіз оқып көр мейсіз	Сендер оқып көр мейсіңдер Сіздер оқып көр мейсіздер
Ол оқып көр мейді	Олар оқып көр мейді

Өткен шақ

жекеше	көпше
Мен оқып көр дім	Біз оқып көр дік
Сен оқып көрдің Сіз оқып көрдіңіз	Сендер оқып көрдіңдер Сіздер оқып көрдіңіздер
Ол оқып көрді	Олар оқып көрді

Болжалды келер шақ

Болжалды келер шақ іс-әрекеттің кейін болатын, болмайтынына болжам, жорамалды білдіреді.

Мен сізге кешке бар**армын**.

Жасалуы:

етістік + **-ар** + жіктік жалғау
-ер
-р
-с

жекеше	көпше
Мен оқы рмын	Біз оқы рмыз
Сен оқы рсың Сіз оқы рсыз	Сендер оқы рсыңдар Сіздер оқы рсыздар
Ол оқы р	Олар оқы р

Болымсыз түрі:

етістік +	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	+ с	+ жіктік жалғау
жекеше	көпше		
Мен оқыма с тын	Біз оқыма с ңыз		
Сен оқыма с сың	Сендер оқыма с сыңдар		
Сіз оқыма с сыз	Сіздер оқыма с сыздар		
Ол оқыма с	Олар оқыма с		

V БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

ТҰЛҒА

Қыстырма сөздер
Сын есім тудырушы жұрнақтар

Қыстырма сөздер

Қыстырма сөз оқшау сөздің түріне жатады. Қыстырма сөз сөйлеушінің ойға қатысты көзқарасын білдіретін сөз.

Менің ойымша, сен дұрыс айттың.
Қысқасы, ертең сабаққа келмейміз.
Ертең, сірә, жаңбыр жауатын болар.

Мағыналық түрлері:

Қуанышты, ренішті білдіреді: бағымызға қарай, амал қанша, өкінішке орай.
Сенуді, мақұлдауды, мойындауды білдіреді: сөз жоқ, бәсе, рас, әрине.
Ойдың кімнен, қайдан екенін көрсетеді: меніңше, сіздіңше, оның пікірінше.
Шамамен ғана я сенер-сенбестікпен айтылғанын білдіреді: сірә, мүмкін, тегі, кім біледі, бәлкім, байқаймын.
Бір ойдың алдыңғы жақта айтылған оймен байланысын қорыту ретінде айтылады: олай болса, демек, сөйтіп, сонымен.
Ой тәртібін білдіреді: біріншіден, екіншіден, бір жағынан, әуелі, ақырында.

Сын есім тудырушы жұрнақтар

Сын есім заттың түр-түсін, сын-сипатын, сапасын, салмағын, көлемін, дәмін білдіретін сөз табы.

Сұрақтары қандай? қай?
Басқа сөз таптарынан жасалған туынды сын есім қатыстық сын есім деп аталады.
Әкем жігерлі адам. Менің түрім сұсты ма?
Болат өте қиялшыл адам. Менің жаздық киімім көп.
Есім сөзден туынды сын есім жасайтын жұрнақтар:

Есім сөз +	жұрнақ	мысалы
	-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті	орман ды
	-сыз, -сіз	су сыз
	-ғы, -гі, -қы, -гі	жаз ғы , күз гі
	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	балал лық
	-шыл, -шіл	кек шіл
	-шаң, -шең	бой шаң
	-дай, -дей, -тай, -тей	тас тай , тауд дай
	-қой, -қор, -паз, -кер, -гер	өнер паз
	-и, -ы, -і	тарих и , қазақ ы

ТҰЛҒАЛАР

Есімшенің анықтауыштық қызметі.
Ортақ етіс

V БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

Есімшенің анықтауыштық қызметі

Есімше формалары сын есім сияқты заттың белгісін аңғартып, сөйлемде қандай? деген сұраққа жауап береді, анықтауыш қызметін атқарады.

Кеше кел**ген** адам не айтты?

Қазақстанда көрме**ген** қалаларым көп екен ғой.

Айт**қан** сөзі шын емес, мен оған сене қоймаймын.

Әуежайдан күтіп ал**ған** затың қайда?

Сын есім мен есімшенің заттың белгісін білдіруі бірдей емес. Сын есімдер заттың тұрақты белгісін білдіреді, ал есімшелер қимыл-әрекет нәтижесінде пайда болған өзгерісті аңғартады.

ақ шаш – ағарған шаш

Есімшелер сын есім сияқты көптеледі, тәуелденеді, септеледі.

Ортақ етіс

Етіс – іс-қимыл мен оны орындаушының арасындағы қатынасты білдіреді.

Ортақ етіс – істің бірлесіп, ортақтасып істелгенін білдіреді.

Тапсырманы орында**сқан** адам осы кісі.

Әсемнің ай**тысқан** кісісі менің ағам екен.

Жасалуы:

Етістік + -ыс, -іс, -с +жіктік жалғауы

Бізбен дүкен аралап, киім көр**іс**кен сенсің.

-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер де ортақ етіс мағынасын береді:

Сен әкеңмен ақыл**дас**.

Біз танымал жазушымен пікір**лестік**.

МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

Зат есім тудырушы жұрнақтар
Белгісіздік есімдігі

VI БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

Белгісіздік есімдігі

Белгісіздік есімдігі – заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа белгілерін, мекен, амал т.б. анық ашпай, тұспалдап қана көрсететін, яғни мағыналары нақтылы түрде берілмей, белгісіз мәнде айтылатын есімдіктің түрі. Мысалы, кейбіреу, қайсыбір, әркім, әрбір, әлдекім, бірнеше, әлдеқашан т.с.с.

Біреу маған қараған сияқты.

Бұл ұшу кестесі **әлдеқашан** өзгеріп кеткен.

Бірнеше кітапханадан іздегенімді таппай келемін.

Белгісіздік есімдігі жіктеледі, тәуелденеді, септеледі.

Жіктелуі:

Мен біреу мін	Біз біреу міз
Сен біреу сің Сіз біреу сіз	Сендер біреу сіңдер Сіздер біреу сіздер
Ол біреу	Олар біреу

Тәуелденуі:

Менің біреуім	Біздің біреуіміз
Сенің біреуің Сіздің біреуіңіз	Сендердің біреулерің Сіздердің біреулеріңіз
Оның біреуі	Олардың біреулері

Септелуі:

септік	әлдекім	кейбіреу
А.	әлдекім	кейбіреу
І.	әлдекім нің	кейбіреу дің
Б.	әлдекім ге	кейбіреу ге
Т.	әлдекім ді	кейбіреу ді
Ж.	әлдекім де	кейбіреу де
Ш.	әлдекім нен	кейбіреу ден
К.	әлдекім мен	кейбіреу мен

Зат есім тудырушы жұрнақтар

Зат есім негізгі және туынды болып бөлінеді. Туынды зат есімдер жұрнақ арқылы жасалады.

Менің анам тігінші.

Сенің басты жауың – жалқаулық.

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар:

	жұрнақ	мысалы
Зат есім+	-шы, -ші	жұмысшы
	-шылық, -шілік	адамшылық
	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	адалдық
	-кер, -гер	саудагер
	-кеш, -стан, -паз, -қой, -қор, -хана	шайхана, сәнқой

Біздің бастық еңбекқорлықты жоғары бағалайды.

Бұл қызмет орнына үміткер саны өте көп.

МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

Біріккен сөздер. Қос сөздер.
Бөлшектік сан есім

VI БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

Қос сөздер

Қос сөз – екі сөздің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөз. Қос сөз дефис арқылы жазылады.

Бұл дәріхана күндіз-түні ашық, тәулік бойы жұмыс істейді.

Неге қайта-қайта сұрай бердің?

Су-пу іше салшы, кешігіп барамыз?

Түрлері:

Қайталама қос сөз – сыңарлары бір түбірден, яғни бір түбірдің қайталануынан жасалатын қос сөз. Біз көзбе-көз сөйлесуіміз керек.

Жасалуы:

жасалуы	мысалы
Бір түбірдің қосымшасыз түрде қайталануынан жасалады.	үлкен-үлкен
Бір түбірі қосымшала, бір түбірі қосымшасыз түрде қайталануынан жасалады.	бір-біріне
Бір түбірдің әртүрлі қосымшамен қайталануынан жасалады.	орынды-орынсыз

Түбірдің бір сыңары дыбыстық өзгеріске ұшырап жасалады.	түп-түзу
Екінші сыңары бірінші сыңарына еліктеу мәнінде келіп дауыссыз дыбыстан басталатын сөздің бірінші дауыссыз дыбысының орнына және дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына м, п, с дыбыстары қосылып жасалады.	кісі-місі, қағаз-мағаз

Қосарлама қос сөз – әр түрлі сөздердің қосарлануынан жасалатын қос сөз.
Тойға *алыс-жақын* туыстардың бәрі жиналды.

Жасалуы:

жасалуы	мысалы
Сыңарлары синонимдес болып келеді.	ашу-ыза
Сыңарлары антонимдес болып келеді.	ілгері-кейін
Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз болып келеді.	бала-шаға көрші-қолаң
Екі сыңары да мағынасыз болып келеді.	Анда-санда бірен-саран
Сыңарлары әртүрлі сөздер болып келеді.	ғылыми-көпшілік саяси-әлеуметтік

Біріккен сөздер

Екі немесе одан да көп түбірлердің бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз біріккен сөз деп аталады.

Бұл **кәсіпорын** немен айналысады?

Оның **еңбекақысы** жоғары екен.

Көшбасшы болу үшін табандылық, білімділік деген қасиеттер керек.

Жасалуы:

- 1) Күрделі сөз құрамындағы түбірлердің тұлғалары сақталып, өзгеріске ұшырамайды.
Мынау – **Темірқазық** жұлдызы.
- 2) Сөз құрамындағы түбірлердің тұлғалары өзгеріске ұшырайды, дыбыстық жағынан ықшамдалады. Мұндай сөздер кіріккен сөздер деп аталады.
Қорытынды жиналыс **бүгін** болады.

Емлесі:

1. Біріккен сөздер үнемі бірге жазылады.	Бұл жерде кәсіпорын бар ма?
2. Жан-жануарлар мен өсімдік атаулары бірігіп жазылады.	Ақбөкендер мекендейтін жер. Бұл жерде есекмия өспейді.
3. Терминге айналған техника, мәдениет, өнер, спорт, дін, саясат, т.б. салаларға қатысты зат, ұғым атаулары мен әр түрлі мамандық атаулары және күрделі жалқы есімдер бірігіп жазылады.	Мен дүкеннен шаңсорғыш сатып алдым.
4. Еш, әр, кей, бір, қай, әлде сөздерімен біріккен есімдіктер мен үстеулер түбір тұлғасын сақтап, бірге жазылады.	Ешбір адам келмеді. Ол біржолата кетіп қалды.
5. Екі немесе үш түбірден біріккен кісі аттары мен географиялық атаулардың түбірі сақталып, бірге жазылады.	Оның досы Талдықорған қаласында тұрады.

6. Екінші сыңары к, қ дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттарын жазу кезінде алдыңғы сөз қатаң дыбысқа аяқталса к, қ, ал алдыңғы дыбыс дауысты немесе ұяң, үнді болса, келесі түбірде алғашқы дыбыс г, ғ дыбыстарымен жазылады.

Біздің топта **Амангелді**,
Нүргелді және **Ботагөз** оқиды.

Бөлшектік сан есім

Заттың бөлшектік санын білдіретін сан есім, математикалық ұғымға негізделген сөздер. Құрамы жағынан тек күрделі ғана болады.

Жұмыстың **үштен бірі** бітті.
Өнімнің **тең жартысы** жөнелтілді.
Жұмыссыздық **2,5** пайызға артып отыр.

Құрамы:

- 1) Сөздердің бірінші сыңары ілік септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғауда тұрады: үштің екісі, жүздің жиырма.
- 2) Бірінші сыңары шығыс септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғауда болады: екіден бірі, сегізден алтысы.
- 3) Бірінші сыңары шығыс септікте, екінші сыңары атау септікте болып келеді: оннан төрт, жүзден он, мыңнан бір.
- 4) Бірінші сыңары шығыс септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғаудағы бөлік сөзінің тіркесуімен жасалады: жүзден он бөлігі.
- 5) Белгілі бір заттың тиісті бөлшегін атау үшін есептік сан есімдерге жарым, ширек, жарты сөздері тіркеседі: алты жарым, үш ширек.
- 6) Таза математикалық бөлшектік санда бүтін сөзі қолданылады: он бүтін алтыдан екі, отыз жеті бүтін жиырмадан тоғыз.

ОТАНДЫҚ ТАУАР

Болжалдық сан есім
Мөлшер үстеуі

VII БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

Болжалдық сан есім

Болжалдық сан есімдер заттың санын дәл көрсетпей, шамалап, болжалдап білдіреді.

Он**даған** адам келе жатыр.
Айымның әкесі қырық**тар**дағы кісі екен.
Оның шет елден алған хаттары он **шақты** болып қалады.

Жасалуы:

Жалғаулармен:

1. Көптік жалғаумен: Сағат **алтылар** болды.
2. көптік және септік жалғаулармен: Мен сағат **алтыларда** келемін.

Жұрнақтармен:

1. -даған, -деген, -таған, -теген: Ол **ондаған** кітапты ақтарып отыр.
2. -дап, -деп, -тап, -теп, -лап, -леп: Адамдар **ондап, жүздеп** келіп жатыр.
3. -дай, -дей, -тай, -тей: Содан бері алты **сағаттай** өтті.

Синтаксистік тәсіл:

1. Есептік сан есімдердің қосарлануымен: бес-алты, жиырма-отыз.
2. Шақты, шамалы, шамасы, қаралы сөздерінің тіркесуімен: жүз қаралы, он шақты.

Мөлшер үстеуі

Мөлшер үстеуі қимылдың мөлшерін, көлемдік дәрежесін, шама-шарқын білдіреді.

Бұл жылы қыста **онша** суық болмады.

Отандық өнім **едәуір** көбейіп қалды.

Сұрақтары: қанша? қаншама? қаншалық?

Бұл бөлім қызметкерлерінің білімі **анағұрлым** жоғары екен.

VII БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

ОТАНДЫҚ ТАУАР

Одағай
Өзгелік етіс

Одағай

Одағай дербес мағынасы жоқ, адамның көңіл күйін білдіретін немесе жануарларға қаратылып айтылатын сөз.

Бәрекелді, жоспарды асыра орындапсыздар!

Ойпырым-ай, биыл қыс суық болатын сияқты.

Қап! Бүгінгі істі ертеңге қалдырмау керек еді.

Қазір демалысқа кетсем ғой, **шіркін!**

Түрлері:

атауы	мағынасы	мысалы
Көңіл күй одағайы	Адамның көңіл күйін білдіретін сөздер	алақай эттең бәрекелді
Жекіру одағайы	Жекіру, тыйым салу мәнін білдіретін сөздер	тәйт жә тек
Шақыру одағайы	Мал, ит-құсты шақыруға не қууға байланысты айтылатын сөздер	шөре-шөре құрау-құрау көс-көс

Тыныс белгісі:

Сөйлемде үтірмен ажыратылады.

Өзгелік етіс

Өзгелік етіс істің үшінші біреу арқылы орындалғанын білдіреді.
Бұл ойыншықтар баланы еріксіз күлдіреді.
Олар осы жобаны іске асырады.

Жасалуы:

Етістік + *-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір*

Дайын өнімді тікелей дүкенге жөнелтеміз.
Ағаштарды көктемде осы жерге отырғызамыз.

IX БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

СӘН ӘЛЕМІ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СӘНГЕРЛЕР

Есімше

Есімше – етістіктің есім сөздерге ұқсас белгілері бар түрі.

Есімше – сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте жұмсалатын етістіктің ерекше түрі. Ол **жіктеліп**, етістік қызметін атқарса, ал **есімдерше түрленіп** (септеліп, тәуелденіп, көптеліп), есім қызметін атқарады.

Есімше мына жұрнақтар арқылы жасалады:

1. -ған, -ген, -қан, -кен: айт -қан, жаз -ған, көр -ген, кет -кен
2. -ар, -ер, -р және етістіктің болымсыз тұлғасынан кейін -с: айт -ар, жаз -ар, көр -ер, көр -ме -с.
Мысалы: Жүгірген жетпес, бұйырған кетпес. Асық ойнаған озар, доп ойнаған тозар.
3. – атын, -етін, -йтын, -йтін: бар - атын, кел - етін, қара - йтын, сөйле – йтін
- 4.- мақ, - мек, - бақ, - бек, - пақ, - пек: бар - мақ, кел - мек, жаз - бақ, без - бек, шаш - пақ, төк – пек.

Есімшенің сөйлемдегі қызметі

Бастауыш: Сөйлемде атау септігінде тұрып бастауыш болады. Мысалы: Жаз+ған үндемеді. Оқы+ған білімді болады.

Баяндауыш: Жіктеліп, баяндауыш болады. Мысалы: Ертең мектепке бар+ар+мын. Қызықты қазір көр+ер+сің.

Толықтауыш: Атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында заттанып, толықтауыш болады. Жұрнақтары: -ған-ген-қан-кен

Мысалы: Ұял+ған+ды Құнанбай кешірмейтін. Ол оқы+ған+дар+ын айтып берді.

Пысықтауыш: Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде немесе көмекші есіммен, септеулік шылаулармен тіркесіп пысықтауыш болады. Мысалы: Біл+мек+ке (Б.с.) кетті көңілі. Осыны сез+ген сайын (қашан?) Абай тоқтаусыз жыр тереді. (М.Ә.)

Анықтауыш: Есімше зат есіммен тіркесіп немесе ілік септігінде тұрып анықтауыш болады. Жұрнақтар: -ған-ген-қан-кен-атын-етін-йтын-йтін-ушы-уші. Мысалы: Көш+кен (қай?) ауылды іздеп табалық. (Ы.А.) Айт+қан+ның (кімнің?) аузы жаман, көр+ген+нің (кімнің?) көзі жаман.

Ескерту: Көптік жалғау –ған,-ген,-қан,-кен,-атын,-етін,-йтын,-йтін тұлғалы есімшелерге ғана жалғанады.

Есімшенің -ар,-ер,-р,-с,-мақ,-мек,-бақ,-бек,-пақ,-пек тұлғаларына көмектес септік жалғауы жалғанбайды.

Есімшенің жұрнақтары арқылы етістіктің шақ категориясы жасалады.

1. –ған-ген-қан-кен : бұрынғы өткен шақ есімшесі.
2. –ар-ер-р : болжалды келер шақ есімшесі.
3. –атын-етін-йтін-йтын : ауыспалы өткен шақ есімшесі.
4. –мақ-мек-бақ-бек-пақ-пек : мақсатты келер шақ есімше.

IX БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

СӘН ӘЛЕМІ. ӘЛЕМДІК СӘНГЕРЛЕР

Сын-бейне үстеулері

Сын-қимыл (бейне) үстеу

Сын-қимыл (бейне) үстеу қимылдың, іс-әрекеттің амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіреді.

Сұрақтары: қайтіп? қалайша? қалай? кімше?

Сын-қимыл (бейне) үстеуі, көбінесе, етістікпен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: ақырын жүрді, тез келді, бірден сөйледі, шалқасынан құлады, балаша мәз болды, емін-еркін отырды, бостан-бос жүрді т. б.

Сын-қимыл (бейне) үстеулері де **құрамы жағынан** негізгі я туынды **түбір** немесе күрделі түбір бола береді.

X БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

АС МОЛ БОЛСЫН

Белгісіздік, сұрау есімдіктері

БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІ

Затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді белгісіз етіп жорамалдап, тұспалдап көрсету мәнін білдіретін есімдіктің түрі белгісіздік есімдігі деп аталады.

Белгісіздік есімдігіне **біреу, кейбіреу, бірдеме, әрне, әлдекім, әлдене, әркім, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқайдан, әрқашан** дегендер жатады.

Белгісіздік есімдіктерінің мынадай ерекшеліктері бар:

1. Әлде, әр, кей, қай, бір сөздері екінші есімдіктермен (біреу, кім, не, бір, қашан, қалай, қайда, аз т. б.) тіркескенде, бірге жазылады да, басқа сөз таптарымен (мысалы, зат есімдермен) тіркескенде, бөлек жазылады.

2. Біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме, әрне, кімде-кім, әлдекім, әркім, әлдене тәрізді белгісіздік есімдіктер зат есім орнына жұмсалады. Олар көптік, тәуелдік, септік жалғауларында жұмсалып, сөйлемде атау септікте бастауыш, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде тұрып толықтауыш, ілік септікте анықтауыш қызметтерін атқарады.

3. Қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір дегендер сын есім орнына жұмсалып, әлденеше, бірнеше, біраз дегендер сан есім орнына жұмсалып, әдетте анықтауыш қызметінде қолданылады.

Белгісіздік есімдігінің бұл түрі кейде тәуелденіп, септеліп келіп, заттанып, атау септікте бастауыш, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде толықтауыш қызметінде де жұмсалады.


4. Әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан деген белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде мезгіл, мекен мағыналарын білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады.

Х БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

АС МОЛ БОЛСЫН

Көсемшенің қимыл-сын пысықтауыш қызметі

Көсемше — өзіне тән синтаксистік қызметі, морфология тұлғалары бар дербес категория. Негізгі көсемшені сөйлемдегі басты функциясы негізгі іс-әрекеттің өту амалын жанама түрде сипаттау.



Негізгі іс-әрекет әр түрлі формада және түрлі қызметте тұруы мүмкін (әсерлене оқыды, сылдырап аққан су, ишаралап айтқанды түсінбедің т. б.). Негізгі көсемше сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқарады. Бұл жағынан алғанда ол үстеу мен етістікті жалғастырушы буын ретінде әрекет етеді. Үстеулердің сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқарып, етістіктің сын-сипатын, мақсатын, мезгілін т. б. амалдарын сипаттайтыны секілді негізгі көсемшелер де осы міндеттерді толығымен орындайды.

ХІ БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

БІЛІМ. БІЛІМ - ТЕҢІЗ, МЕКТЕП - КЕМЕ

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері - сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын, бір ғана сұраққа жауап беретін, көбінесе бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып, бір ғана сөзге қатысты болатын сөздер тобы. Сөйлемнің барлық мүшелері де сөйлемнің бірыңғай мүшелері бола алады.

Бірыңғай бастауыш: Жаз келер, қыстыгүні қысым етіп, Қар, суық, аяз, боран — бәрі кетіп. **Бірыңғай баяндауыш:** Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім, Жөнім жоқ сені мақтай сөйлемеске. **Бірыңғай толықтауыш:** Бай бейілін, мейірін, Сән, салтанат сейілін, Ақыл күшін, зейінін, Ең ақыры, төбетін, Күймен, жырмен мадақтап, Бәйіт қылып беретін. **Бірыңғай анықтауыш:** Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың Алданбайсың артынан ерте берсең.



ХІ БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

БІЛІМ

Болашақтың кілті – білімде

СЕБЕП-САЛДАР САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдіретін салаластың түрін себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем дейді.

Жалғаулықтар: өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, неге десең, сол себепті т.б.

Себеп-салдар салаласта бір жай сөйлем екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдірсе, екіншісі білдіретін ой оның салдары болып табылады.

Себеп-салдар салалас құрмалас

Жалғаулықты себеп-салдар салаластар	өйткені, себебі деген шылаулар арқылы құрмаласқанда, алдыңғы жай сөйлем салдар мәнді болып келеді де, екінші жай сөйлем ондағы ойдың болу себебін білдіреді.
	сондықтан, сол себепті шылаулары арқылы құрмаласса, алдыңғы жай сөйлем екінші жай сөйлемдегі ойдың болу себебін білдіріп, себеп мәнді болып келеді де, екінші жай сөйлем салдар мәнді болады

Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластар

Жалғаулықсыз себеп мәнді сөйлем салдар мәндіден бұрын тұрса, арасына үтір қойылады. Мысалы: Үлкендер көрші ауылға кеткен еді, сондықтан жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ болады.	Жалғаулықсыз салдар мәнді сөйлем себеп мәндіден бұрын тұрса, арасына қос нүкте қойылады. Мысалы: Жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ болады: өйткені үлкендер көрші ауылға кеткен еді. Екінші жай сөйлем бірінші сөйлемнің себебін, салдарын, нәтижесін білдіреді.
--	---

Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің орындарын ауыстырып айта беруге болады.

ХІІ БӨЛІМ БІРІНШІ САБАҚ

РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР

Жеке тұлғаға қатысты құжаттар

-ып береді

-ып тапсырады

-ып, -іп, -п береді / тапсырады құрылымы негізгі етістікке тіркесіп келгенде субъекті өз меншігінің немесе әрекетінің өзгенің жүзеге асыруына келісетіндігін, растайтындығын, сенім білдіретіндігін көрсетеді.

Менің атымнан қол қоюды сеніп **тапсырамын**.

Сенімхатты нотариус куәландырып **береді**.

Көсемшенің жұрнақтары	Мысалы
1. -а, -е, -й	Ал -а, кел -е, қара -й
2. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі	Жаз -ғалы, көр -гелі
3. -ын, -ін, -п	Бар -ып, кел -іп

«уға/уге + күрделі етістік»

-уға / -уге қосымшасы күрделі етістіктермен тіркесіп келіп, белгілі бір іс-әрекеттің орындалуына рұқсат ету, келісім беру немесе тыйым салу мағынасында жұмсалады.

Менің орныма қол **қоюға сенім білдіремін.**

Менің атымнан ақша **алуға рұқсат етемін.**

XII БӨЛІМ ЕКІНШІ САБАҚ

РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР

Ұжымдық құжаттар

Етіс + келер шақ

Етіс	Етістің түрлері
Қимылды, іс-әрекетті және осы әрекет пен оны жүзеге асырушы арасындағы қатынасты білдіретін етістік түрі етіс деп аталады. Мысалы: Балаларға тез тапқызып алды. Мұғалім оқушыларға диктант жаздырды.	1. Өздік етіс 2. Өзгелік етіс 3. Ырықсыз етіс 4. Ортақ етіс

Ырықсыз етіс	Ырықсыз етістің жасалу жолдары
Қимыл, әрекет иесі белгісіз болатын етістің түрі. Мысалы: Жауап берілді. Бөлме тазарылды, гүлге су құйылды, бақшадан жеміс терілді. жуылды, терілді, шешілді.	-ыл, -іл, -л: жуылды, терілді, күрелді. -ын, -ін, -н: етістік негізінде -л дыбысынан аяқталса, онда ырықсыз етіс болады. ал-ын-ды, сал-ын-ды

Ырықсыз етісті қабылдамайтын етістер де бар: айналу, жазылу, ақсау, шаршау т.б.

Ауыспалы немесе жалпы (анық) келер шақ

Ауыспалы немесе жалпы (анық) келер шақ — етістік түбірге көсемшенің “-а”, “-е”, “-й” қосымшалары жалғанып, жіктеліп жасалады. Мыс.: “барады, оқиды”.

Ауыспалы келер шақ. Іс-қимылдың алдағы уақытта анық іске асатынын білдіреді. Ол етістіктің түбіріне **-е/-й** жұрнақтары жалғануы арқылы жасалады: Біз айтқанды орындаймыз.

СӨЗДІК ҚОР

1-бөлім. Қарым-қатынас. 1-сабақ

ақырында – в конце
ашулану - злиться
ашуланбау – не злиться
араздасу – ругаться
біреуге ұқсау – быть похожим на кого-то
қарым-қатынас – отношение
байланыс – связь
бірге – вместе
ғаламтор - интернет
дос – друг
ескі достар – старые друзья
жақын достар – близкие друзья
курстас – однокурсник
командалас – в одной команде
келісу – согласиться
келіспеу – не соглашаться
құрбы – подруга
лақап ат - псевдоним
қамтамасыз ету – обеспечить
құрметтеу – уважать
лақап ат – псевдоним
мінез – характер
өкінішке орай – к сожалению
ренжу– обижаться
сыныптас – одноклассник

сыйлау– уважать
тату – дружный
татуластық – дружелюбность
таныс – знакомый
түсіну – понимать
түсініспеушілік - непонимание
түсіністік – понимание
ұрысу – ругаться
бәскелес – конкурент
байланыстың үзілуі – прервать отношения, прекращение отношений
байланыстың орнауы – установление связи
шеге – гвоздь
суыру – выдергивание, вытаскивание
кірбің – досада, недовольство
Танысып қой! – Познакомься!
Танысып қойыңыз! – Познакомьтесь! (в ед.ч. вежливой формы)
Танысқаныма қуаныштымын! – (я) рад знакомству!
Танысып қойыңдар!– Будьте знакомы! (во мн.ч.)
Танысып қойыңыздар! – Будьте знакомы! (во мн.ч. вежл. ф.)

1-бөлім. Достық. 2-сабақ

адал - честный
ашушаң - вспыльчивый
аласа– низкий
ақкөңіл - веселый
әдемі - красивый
баяу қимылдайды – медленно двигается
жомарт - щедрый
жолдас - товарищ
қысқа бойлы – с низким ростом (о человеке)
қаталдау - построже
келбетті – симпатичный, притягательный
мейірімді – добрый, милосердный
мақтаншақ – хвастун
қатігез – жестокий, суровый (о человеке)
тұйық – замкнутый, скрытный (о человеке)
ТМД - СНГ

мінез –характер
жұмсақ – мягкий
момын – тихий, покладистый
мінезі жағымды – о характере (у человека)
орта бойлы – среднего роста
өтірікші – обманщик, вун, лгун
пысық – шустрый, предприимчивый
сылбыр – медленный (о характере человека)
сұлу - красивый
сараң - скупой
салмақты - сдержанный
сенімді - надежный
тартымды - привлекательный
ұзын бойлы – длинного роста
Қай жақтансыз? Қай жақтікісіз? – Вы откуда?
Қай жақтансың? Қай жақтікісің? – Ты откуда?

2-бөлім. Баспасөз-медиа. 1-сабақ

атақты - знаменитый
ақпарат - информация
айтылады - говорится
аңду – преследовать
әлем - мир
әйгілі – знаменитый
бағдарлама - программа
бос сөз – болтовня пустая
бейнежазба – видеозапись
беріледі – передается (программа)

бұқаралық ақпарат құралдары – средства массовой информации
бай – богатый
дана - тираж
жиынтық – коллекция
жаңалық – новости
жеке өмір – личная жизнь
қармағыңыз қапсын - удачной ловли
кемшілік –недостаток
көгілдір экран– голубой экран
көрсету - показывать

көрсетіледі - покажут
күнделікті - ежедневный
қателік - ошибка
маңызды - важный
мәлімет - сведение
отандық - отечественный
оқырман - читатель
танымал - известный
теледидар - телевизор

тілші - журналист
тәуелді - зависимый
бәссауда - аукцион
Айтқаныңыз келсін! - Пусть сбудется то, что вы сказали!
Айтқаның келсін! - Пусть будет так, как ты сказал!
Айтқандарың / айтқандарыңыз келсін! - Пусть сбудется, что вы сказали!

2-бөлім. Баспасөз-медиа. 2-сабақ

газет-журнал айдары - рубрика газеты, журналов
бүгінгі - сегодняшний, настоящий
ертеңгі - завтрашний
зеріктіру - утомлять
жалықтыру - наскучить, надоесть
кешегі - вчерашний
кешкі - вечерний
көрермен - зритель
қиындық - трудности
қызықты - интересный
танымдық - познавательный
таңертеңгі - утренний
таңғы - утренний

түнгі - ночной
түскі - обеденный
тікелей эфир - прямой эфир
телебағдарлама - телепередача
уақыт бөлу - уделить время
хабар - передача
айып етпе - прости
айып етпеңіз - простите
жолыңыздан қалмаңыз - не задерживайтесь
заңды түрде - законно
алдады - обманул
жөтелу - кашлять
толқу - переживать, нервничать

3-бөлім. Өмір сүру салты. 1-сабақ

ауызғы бөлме - прихожая
эткеншек - качеля
балалар бөлмесі - детская
бұрыш - угол
балалар алаңқайы - игровая площадка
демалыс бөлмесі - комната отдыха
жабдықтау - упаковать, оборудовать
жеке меншік - частный
жер үй - частный дом
жатын бөлме - спальня
перде - шторы
киім ілгіш - вешалка
шынымен-ақ - в действительности
ыржию - улыбаться, осклабляться
жиһаз - мебель

жылжымайтын мүлік агенттігі - агентство недвижимости
жуынатын бөлме - ванная
жайлы - удобный, комфортный
жайсыз - неудобный, некомфортный
иіс - запах
көшу - переезжать
қолайлы - удобный
қауіпті - опасный
қабырға - стена
қонақ бөлмесі - зал, гостиная
қарастыру - рассматривать
ұра - погреб
Қоныстарың құтты болсын! - С новосельем!
Айтсын! Көрімдігі сізден болсын! - Спасибо!
 Подарок с вас!

3-бөлім. Өмір сүру салты. 2-сабақ

әлеуметтік желілер - социальные сети
бейім - склонный
барынша - по максимуму
ең бастысы - самое главное место
жауапкершілік - ответственность
кездестіру - встречать
қолданушы - потребитель
қолдау - поддержка
ұстаным - позиция, принцип
лездеме - летучка
майда-шүйде - мелочь
өкінішке орай - к сожалению

сұрастыру - поспрашивать
тұтынушы - потребитель
талқылау - обсуждать
үйренісу - привыкать
ұшырату - встречать
ұсыну - предлагать
бір ауыз сөзбен - одним словом
ерекше орын алады - занимает особое
Есіме түсір (түсірші) - напомним, пожалуйста
Есіме түсіріңізші - напомнимте, пожалуйста
Енді есіме түсті / түстіңіз - теперь вспомнила
Ыржиып өтеді - проходит мимо смеясь
Шынымен-ақ - в действительности

4-бөлім. Саяхат. 1-сабақ

әуежай - аэропорт
бөлек – отдельно
бірге есептеу – считать вместе
дәл таптыңыз – верно угадали
естелік – на память
жалғыз – один
жағажай - пляж
зымыран – ракета
кеден – таможня
кәдесый – сувенир
кеме – пароход
күнделік – дневник
көлік – транспорт
қону – приземляться

қайық – лодка
қонақүй - гостиница
майлық – салфетка
сүлгі – полотенце
тікұшақ – вертолет
төлқұжат – паспорт
тапсырыс – заказ, бронирование
үтік – утюг
ұшақ – самолет
ұшу – летать
шабадан - чемодан
шағым – жалоба
шағым және тілектер кітапшасы – книга жалоб и пожеланий
дәл табу – попасть в точку

4-бөлім. Саяхат. 2-сабақ

ештеңе істемеу - ничего не делать
ел-жер аралау – путешествовать по странам
есте қалар - запоминающийся
қызықты демалыс – интересный отпуск, каникулы, отдых
қызықсыз демалыс - интересный отпуск, каникулы, отдых
құм - песок
құм қалашық – песочный замок
көрнекі жерлер - достопримечательности

мәдениет - культура
серіктес жолаушы – сопутчик
тарих - история
теңіз жағасы – берег моря
тарихи жерлер – исторические места
ұмытылмайтын демалыс – незабываемый отпуск, каникулы, отдых
ұмытылмас демалыс - незабываемый отпуск, каникулы, отдых
шағымдану - обратиться с жалобой

5-бөлім. Тұлға. 1-сабақ

ақылды - умный
арманшыл-мечтатель
арсыз- бестыжий
аурушаң – болеющий
әлсіз- слабый
айтқыш - болтун
бақытты -счастливый
бақытсыз - несчастливый
бойшаң - высокий
дарынды - одаренный
дарынсыз -бездарный
еріншек-ленивый
жағымпаз-подхалим
жауапты - ответственный
жігерлі-усердный, энергичный
жігерсіз – слабовольный, нерешительный
қайратты – сильный, мощный
қайырымды - добрый
қарапайым - простой
қиялшыл - романтик
қызғаншақ - ревнивый
көрікті – красивый, миловидный
көріксіз – некрасивый, непривлекательный

көпшіл - общительный
кекшіл - мстительный
мінезді – с характером
мінезсіз - безхарактерный
мұңды - печальный
мұңсыз - беспечный
мұрынды - носатый
оқымысты – ученый
сөзшең – болтун, пустослов
сұсты – суровый, грозный
табанды – упорный, настойчивый
талантты – талантливый, одаренный
талантсыз - неталантливый
ұрыншақ – драчливый, задира
ұсқынсыз – некрасивый
ұрысқақ - скандальный
ұялшақ - застенчивый
шыдамды - терпеливый
шыдамсыз - нетерпеливый
шағымданғыш–любящий жаловаться
шырайлы – обаятельный, изящный
жолы болғыш - везунчик

5-бөлім. Тұлға. 2-сабақ

адамзат-человечество
бірбеткей -упрямый
бір ауыздан мойындау-быть согласным

бас тартпау – не отказываться
жеңілдетілген-облегченный
жаугершілік саясаты –политика завоевания

жауыз - злодей
 күрескер-борец
 көз жұму - умирать
 келіссөз-договор, перемирие
 қауіп төндіру- угрожает опасность
 құпия-секрет
 қолбасшылық қабілеті - способность
 руководить
 қолұшын созу – помочь, подать руку помощи
 есте сақтау қабілеті - способность запоминать
 көзі тірі кезінде-при жизни
 мақсатшыл - целеустремленный

мүмкіндік-возможность
 мәңгілік-вечный
 нәсіл- раса
 ушығу- обострение
 отар- колония
 оқиға- случай
 оқыған-образованный
 оқымаған-необразованный
 өмірге құштар –любящий жизнь
 тәуелсіз-независимый
 шығармашылық жұмыс-творческая работа

6-бөлім. Мамандықтың бәрі жақсы. 1-сабақ

әділдік-справедливость
 бейбітшілік-мир
 бірлестік-объединение
 еңбекқор-трудолюбивый
 жалқаулық-лень
 жалақы-зарплата
 жұмысбасты-работяга
 жауапкершілік-ответственность
 жұмыс күні-рабочий день
 зейнеткерлік-пенсионный
 көзқарас-взгляд
 қызығушылық-интерес
 қызмет-сервис

лайықты-подходящий
 нышан-символ,знак
 өнім-продукт
 пәктік-невинность
 төреші-жюри
 тәрбиеші-воспитатель
 тәжірибелілік-опытность
 табандылық-настойчивость
 татулық-дружба
 тазалық-чистота
 шығармашылық-творческий
 хабардар-осведомленный, быть в курсе (дел)

6-бөлім. Мамандықтың бәрі жақсы. 2-сабақ

ақкөңіл-добродушный
 анда-санда-иногда, изредка
 асты-үстіне-проявлять
 чрезмерное внимание (заботу)
 әкелу - принести
 бала-шаға-детвора, семья
 балабақша-детсад
 бүгін - сегодня
 биыл – в этом году
 дүркін-дүркін –вновь и вновь
 еңбеккүн-рабочий день
 еңбекақы-зарплата

жұмысбасты-трудоголик
 жалақы-зарплата
 жұмыс өтілі –стаж работы
 кәсіпорын-предприятие
 күндіз-түні-днем и ночью
 көшбасшы-лидер
 өтіл -стаж
 таң-тамаша-удивляться
 тәулік-сутки
 үйлі-күйлі-обзавестись семьей
 хал-жағдай-здоровье, дела

7-бөлім. Отандық тауар. 1-сабақ

анағұрлым - намного
 аталым – номинация
 ауыз суы – питьевая вода
 анықтау – определить
 байқау - конкурс
 басымдық беру – дать предпочтение
 едәуір - намного
 жетістіктер - достижения
 жауапкершілігі шектеулі серіктестік
 – товарищество с ограниченной
 ответственностью
 кәсіпорын - предприятие
 қатысушы - участник
 қоршаған орта – окружающая среда
 мақтану- гордиться
 нарық - рынок

озып шығу – победить, стать победителем
 озу - победить
 өз қолынан алу – взять из собственных рук
 тауар - товар
 тауар сапасы – качество товара
 тәсіл - метод
 тағайындау - назначать
 тұтынушы - потребитель
 тексеруші – проверяющий, контролер
 ұлттық - национальный
 ұлттық байқау – национальный конкурс
 үздік - отличник
 санат – категория
 өндірістік тауар – производственный товар
 халық тұтынатын өнімдер – товары народного
 потребления

7-бөлім. Отандық тауар. 2-сабақ

аңыз-ертегі – миф, легенда
аймақ – область, край
алдын орап әкету – перехватить, обыграть
алақай! – ура!
әттеген-ай – увы
бәрекелді – здорово, браво
бүгінгі таңда – на сегодняшний день,
в настоящее время
балдай тәтті – сладкий как мед
енгізу – ввести
жөн деп табу – считать правильным
жуық арада – в ближайшие дни
жүзеге асыру – выполнить, воплатить в
реальность
жолықтыру – встретить

күмбірлетіп күй тарту – исполнять кюй
қап – увы, досадно
құрал – средство, инструмент
масқара – ужас
мәссаған – вот тебе на, вот это да!
отандық – отечественный
отандық өнім – отечественный продукт, товар
өңір – область, край
тәрбие – воспитание
тәрбие құралы – средство воспитания
туынды жасау – создать шедевр
шет елге шығару – вывести за границу, экспорт
ұлттық нақыш – национальный стиль
алдын орап әкету – перехватить, обыграть

8-бөлім. Әлемде талай қызық бар. 1-сабақ

аяқ жазып отыру – удобно расположиться
әл – сила, мощь
ғұмыр – жизнь
қауіп – опасность
мән – смысл
медициналық көрсеткіштер – медицинские
показатели

орнынан қозғалмау – не двигаться с места
талдау жасау – сделать анализы
ұстану – придерживаться
үндеу – агитация
өмір – жизнь
шатастыру – перепутать, спутать
белсенді өмір салты – активный образ жизни

8-бөлім. Әлемде талай қызық бар. 2-сабақ

алмастыру – заменять
ақуыз – белки
ара1 – шмель
ара2 – пила
ара3 – промежуток
бейбіт өмір – мирная жазнь
басқару – управлять
баяу – медленно
біріктіру – соединить, объединить
біріктірілген – соединенный
бүкіл – весь, целый
бұрын – давно, в прошлом
гүлдену – цвести, процветать
жады – память
жергілікті – местный
жаңалық – новость
қабық – кожа
куә – свидетель

куә болу – быть свидетелем
құр қалмау – остаться ни с чем
құрастыру – строить, составить қысқа мерзімді
– кратковременный
құбылыс – явление
мазаны алу – беспокоить
өшіру – стереть
сену – верить, поверить, доверять
сенбеу – не верить, не доверять
сәл-пәл – чуть-чуть
таласу – спорить, вступить в спор
тұқым – семена
тұрақты – постоянный
ұзақ мерзімді – долгосрочный
үздіксіз – непрерывно
шырын – сок
кертіп қалу – чуть подрезать
саулап қоя береді – потечет сильной струе

9-бөлім. Сән әлемі. 1-сабақ

мойынорағыш – шарф
қалпақ – кепка, шапка
тон / ішік – шуба
белдемше – юбка
жемпір – джемпер
құлақшын / малақай – ушанка
шұлық – носки
жең – рукава
етек – подол
жаға – воротник

қолғап – варежки, перчатки
спорттық аяқ киім – кроссовки
шалбар – брюки
көйлек – платье
бәтеңке – ботинки
күрте – куртка
жейде – рубашка
көйлектің етегі – подол платья
түйме – пуговица
бау – шнуры

қалта – карман
сыдырма – замок, молния
жібек - шелк
сән – мода
сән әлемі – мир моды
сәнгер – дизайнер
жарасу – подходить
етік – сапоги
көлем – объем
таңдау – выбирать
киіз – кошма, войлок
сән көрсетілімі – показ мод
барқыт - плюш

жүн – шерсть, пух
мақта – хлопок
төзімді – выносливый, прочный

былғары - кожа
талғам - вкус, стиль
талғампаз – стильный
тапсырыс – заказ
әшекей бұйым - ювелирные изделия
сән апталығы – неделя моды
қолжетімді баға – доступная цена
бірыңғай киім – униформа
шілтер - кружева

9-бөлім. Сән әлемі. 2-сабақ

кәрі , қарт – пожилой, старый
есім / ат - имя
жас ерекшелігі – возрастные особенности
шаң – пыль
шаң қаптыру – дать пору
ену – входить
кітапқа ену – войти в книгу
тәжірибелі маман – опытный специалист
сән үлгісі – образец моды
дерек - источник
ақсүйек - элита
көзі шалу – заметить
тартымды – красивый
бас қосу – собираться вместе
еңбек жолы – трудовая путь
дүние есігін ашу – родиться
бүгінгі таңда – на сегодняшний день
шек жоқ – нет предела
соған қарамастан – не смотря на это
өндіруші - производитель
жымиып күлу – слегка улыбаться
тасы өрге домалау – быть успешным

бой түзеу – ровняться, подражать
жүріс-тұрыс - поведение
тізім - список
ең ықпалды – самый влиятельный
біртіндеп – мало-по малу, постепенно
әрең – с трудом
бірте-бірте – постепенно
ақырындап – медленно
күнделікті киім – повседневная одежда
тауар – товар
ұлғайту / арттыру – увеличить
әдіс – метод
күнге кюю - загарать
карточка арқылы төлеу – платить по карточке
қолма-қол төлеу – платить наличными
өмірінің соңына дейін – до конца жизни
киім тігу – шить одежду
киім жарасады – одежда подходит, к лицу
құйып қойғандай- как раз по размеру
етпетінен құлау – упасть лицом
шалқасынан құлау –упасть навзнич

10-бөлім. Тағам. 1-сабақ

кішігірім - маленький
жапсырма - наклейка
аулақ болыңыз – держитесь подальше
барынша қолдану – максимальное использование
тыңайтқыш – удобрение
өнім – товар, продукт
аңғарту – подразумевать
табиғи – органический
көздің жауын алады –глаза радуется
қытырлақ – хрустящий
кептірілген - сушеный
бұзылу - испортиться
қабық - кожа
қабыршақ - корочка
балғындық - свежесть
түнба түзілу – образование осадки
баялды - баклажан
тоңып секіру – прыгать от холода

тағамдық талшық – пищевая волокна
қарбалас - суета
шыжып тұрған май – раскаленное масло
ашытқы - дрожь
тіскебасар – закуска, снэк
кесек тартылған ұн – мука грубого помола
бүтін астық дәні – цельные зерна
балқытылған ірімшік – плавленый сыр
шектен тыс – чрезмерный
толықтырғыш қоспа – наполнители
сұлы - овсянка
толық піспеген – не спелый
ылғал сіңіру – пропитывать влагу
шіру - гнить
көгеру – покрываться плесенью
көкөніс мәйегі – мякоть овощи
солу - увядать
қою шай – крепкий чай

асық болу – желать, хотеть
өңеш - гланды

машық бол – уметь делать
асқазан - желудок

10-бөлім. Тағам. 2-сабақ

ағза - организм
тіл үйілер – очень вкусный
жүйке жүйесі – нервная система
тұжырым – заключение
жігерлендіруші – мотивирующий
біртіндеп - по одному
мөлшер – объем
семіздік – ожирение
шөл – жажда
шөлді қандыру – утолить жажду
қиынға соғады – будет трудно

көмірсулар - углеводы
ішек – кишечник

қабыну – обострение
зақымдану - повреждение
құлшыныс – желание

тыю – прекратить, остановить
бояғыш заттар – красители
айығу – вылечиться

11-бөлім. Білім. 1-сабақ

ұстаз, мұғалім, оқытушы – учитель
толқу – волноваться
ынта – желание
мектеп табалдырығы – порог школы
әулет, отбасы, жанұя – семья
бастауыш сынып – начальные классы
орта сынып – средние классы
жоғары сынып – старшие классы
мәңгі – вечно
мәңгі есте қалу – оставаться в памяти на вечно
күні бүгінге дейін – до сих пор, по сей день
бұлжытпай орындау – выполнить как сказано
ширек ғасыр – четверть века
сіңу – впитаться
тәлім, тәрбие - воспитание
кепілдік - гарантия
зиялы - интеллигент

мәре-сәре болу – сильно радоваться
қасиет – качество
таяқ жеу – получать от родителей за непослушание
жібермей қарау – смотреть не пропуская
тап жанында – совсем рядом
ентігу - запыхаться
ентелеп кіру - врываться
бажайлап қарау – пристально смотреть
ел қатарлы болу – быть как все
мәдениет орталығы – культурный центр
заңитану - правоведение
көрнекті ағартушы – выдающийся просветитель
жаңашыл – современный
әліпби – алфавит
алғашқы қарлығаш – первая ласточка
қолөнер – рукоделие
міндетті - обязан

11-бөлім. Білім. 2-сабақ

алаңдаушылық білдіру – проявить беспокойство
ұқпау – не понимать
кедергі болу – быть препятствием
жоғары оқу орны – высшее учебное заведение
өзіндік - своеобразный
әлемнің түкпір-түкпірі – со всех уголков мира
дәріс - лекция
жатақхана – общежитие

кір жуатын орын – прачечная
мемлекет тарапынан – со стороны государства
грант иелері – обладатели гранта
жатын орны – место жительства
шешендік өнер – ораторское искусство
білім беру жүйесі – система образования
кемшіліктерге қарамастан – несмотря на недостатки

уайымдап отыру – переживать
жаратылу – создаваться
жер шары – земной шар
жергілікті – местный
академиялық еркіндік – академическая свобода
оқыту жүйесі – метод преподавания
талдау жабдығы – аппарат анализа

зертхана - лаборатория
материалтану - материаловедение
жағымсыз – неприятный
сыртқы әсер – внешнее влияние
көпшілік алдында сөйлеу – публичное выступление
қосымша дайындық – дополнительная подготовка
жарқын болашақ – светлое будущее

12-бөлім. Ресми іс-қағаздар. 1-сабақ

өз атынан – от своего имени

сеніп тапсыру – доверять

тапсыру

уәкілдік – полномочие

рұқсат беру – разрешить

пайдалану – использовать

өкіл – представитель

сенімді тұлға – полномочный представитель

жеке тұлға – частное лицо

сенімхат – доверенность

мерзімі – срок

жауапкершілік – ответственность

куәландыру – заверять

мәміле жасау – сделка

қол қою – подписать

жылжымайтын мүлік – недвижимость

себеп – причина

қаржы – финансы

иелік ету – владеть

заңды тұлға – юридическое лицо

өзара – между собой

жүзеге асыру – осуществлять

12-бөлім. Ресми іс-қағаздар. 2-сабақ

жазбаша нысанда – в письменном виде

тараптар – стороны

елтаңбалы мөр – гербовый печать

өтініш – просьба; прошение; ходатайство

ресімдеу – оформлять

бұйрық – приказ

еңбек-шартты жасау тәртібі – правила составления договора

күшіне ену – вступить в силу

лауазымдық нұсқаулықтар – должностные обязанности

ұзарту – продлить

созу – продлить

өзгерту – изменить

еңбек даулары – трудовые споры

келісімшартты тоқтату – приостановить договор

лауазымды тұлға – должностное лицо

бас тарту – отказать

тармақ – пункт

тағайындау – назначать

қосымша жағдайлар – дополнительные

меры

қаржылық мүмкіндіктер – финансовые

возможности

сынақ мерзімі – испытательный срок

еңбек кітапша – трудовая книжка

біліктілік талаптары – квалификационные требования

еңбек демалысы – трудовой отпуск

күшіне ену – вступить в силу

күшін жою – терять силу; денонсация

мерзімінен бұрын бұзу – расторгнуть преждевременно

АУДИОМӘТІНДЕР

№1 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Суретті мәтінге сай нөмірлеңіз.

№ 1 Менің әкем – мен үшін өте жақын адам. Мен оны құрметтеймін, сыйлаймын. Оның істері маған әрқашан үлгі болған. Мінезі өте салмақты. Екі жыл бұрын ауылдан қалаға көшейік дедім. Ол келіспеді. Ал мен отбасыммен көшіп кеттім. Алғашқыда әкем ренжіді. Кейін менің бұл әрекетіме түсіністікпен қарады.

№ 2 Мен құрбым Ақмарал туралы айтқым келеді. Ол менің он екі жыл жақын құрбым болды. Мен онымен дос болғанға дейін, көбінесе, ұлдармен дос едім. Менің жақын құрбым болмаған. Мен оны университетте кездестірдім. Күндіз сабаққа бірге дайындаламыз, кешке киноға, театрға барамыз. Емтихандарға бірге дайындаламыз. Түні бойы кофе ішеміз, сұрақтарды қайталаймыз. Өкінішке орай, біз қазір дос емеспіз. Неге екенін білмеймін, университет бітіргеннен кейін хабарласпай кеттік. Ол басқа қалаға көшіп кетті. Мен оны сағындым.

№3 Мен супермаркетте екі жыл бойы есепші болып жұмыс істедім. Барлық әріптестеріммен жақсы қарым-қатынаста болдым. Сол жерде Сара деген қызбен таныстым. Екеуміз жақсы араласып кеттік. Қазір біз өте жақын достармыз.

Енді екінші рет тыңдаңыз.

№2 Аудиофайл

Сөйлеушілердің әңгімелері бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

№ 1 Есімім – Мұрат. Мен ең жақын досымды университетте оқып жүргенде таптым. Мен де, ол да жатақханада тұрдық. Ол көрші бөлмеде тұрған. Үнемі ән айтады әрі түсініксіз әндер тыңдағанды ұнатады. Мен қытай тілін оқыдым. Сабақтарым қиын. Сонда «мына жігіттің бос уақыты көп екен әрі қызықты өткізеді екен» деп ойлағанмын. Университетті аяқтап, әр жаққа кеттік. Менің онымен байланысым үзіліп қалды. Бірақ кейін басқа қалада кездейсоқ қайта кездестік, содан бері доспыз.

№ 2 Атым – Бауыржан. Досым Әнуармен көлік тұрағында танысқанмын. Мәшинемді автотұраққа қойып жатып, оның мәшинесін соғып кеттім. Бір жақсысы, ол мені түсініп, кешірді. Екеуміз бұл жағдайға күлдік те, дәмханаға кеттік. Сол күннен бері жақын доспыз.

№3 Мен – Әйгеріммін. Сәулемен кеңседе таныстым. Мен жұмысқа орналасуға келгенмін. Ол хатшы екен. Сондай ақкөңіл, мейірімді болып көрінді. «Өте жақсы қыз сияқты» деп ойлады. Кейін мен оны туған күніме шақырдым. Қазір кештерге, киноға бірге барамыз. Ол өте пысық жомарт адам. Маған ұнайды.

№4 Атым – Шолпан. Ғаламтор – менің екінші үйім. Университеттен келгеннен кейін тамақтанып аламын. Сосын бірден агентке кіремін. Әсемді агенттен тапқанмын. Өкінбеймін. Тек ол басқа қаладан. Демалыс болған кезде ғана кездесе аламыз.

№ 5 Аты-жөнім – Арман Әнуарұлы. Күтпеген кездесу болды. Мен де, досым да әуежайда болғанбыз. Мәскеуге ұшатын ұшақ 4 сағатқа кешігіп, дәмханаға бардым. Олжас та келді. Екеуміз сөйлесіп отырып, бір қалаға, бір қонақүйге баратынымызды білдік. Әлі күнге дейін араласып тұрамыз.

№3 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұхбатты тыңдап, бос орынды толтырыңыз.

Досымның аты – Сәния. Ол – менің жақын құрбым. Ол менен ұзынырақ. Әдемілеу. Мен солай ойлаймын. Мінезі кейде жұмсақтау, кейде қаталдау. Бірақ оның мінезі маған ұнайды. Ол барлық жұмысты баяу жасайды. Асықпайды. Сол үшін кейде ренжісіп те қаламыз. Қайтадан тез татуласамыз.

№4 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұхбат не туралы? Дұрыс жауаптың тұсына белгісін қойыңыз.

– Құралай, журналистер газет-журналға, теледидарға беретін ақпаратын қалай қызықты етеді?
– Оқырманды, көрерменді қызықтыру үшін кез келген ақпарат нақты болуы керек. Күнделікті өмірдегі оқиғалар. Сонда адамдар мақаланы оқығанда тез түсінетін болады.

№5 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Айтылу ретімен нөмірлеңіз.

– Құралай, журналистер газет-журналға, теледидарға беретін ақпараттарын қалай қызықты етеді?

– Кез келген ақпарат оқырман оқығанда, көрермен көргенде қызығатындай болуы керек. Екі өте маңызды нәрсе бар. Бірінші, күнделікті өмірдегі оқиғалар. Сонда адамдар мақаланы оқығанда тез түсінетін болады.

– Ал екіншісі ше?

– Екінші атақты адамдар, киножұлдыздар, спортшылар, саясаткерлер, олардың отбасы туралы оқыған қызығырақ деп ойлаймын.

– Басқа бір адамның жеке өмірі туралы жазу дұрыс деп ойлайсыз ба?

– Бұл дұрыс деп ойлаймын. Себебі олардың өмірі оқырмандар үшін қызық.

– Кейбір газет-журналдар 24 сағат бойы атақты адамдарды аңдып, суретке түсіріп жүреді. Сол дұрыс па?

– Дұрыс. Өйткені кейбір газет-журналдар тек атақты адамдар, жұлдыздар туралы ғана жазады. Халық та сол себепті сол газет-журналды сатып алады. Сонымен қатар кейбір жұлдыздар баспасөз қолдауын қажет етеді.

– Суретшілер де сізбен келіседі деп ойлаймын.

– Мен де солай деп ойлаймын.

№6 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Төмендегі сөздерді айтқан адамның мамандығын жазыңыз.

Мен бағдарламалар продюссерімін. Біз үшін ең қиын мәселе – техникалық қиындықтар. Барлық адам студияда болады. Бір кезде айнала қап-қараңғы болып кетеді. Кейде бар мәселе микрофонда болуы мүмкін. Кейде адамдар микрофонды өшіру туралы ұмытып кетеді. Ал олардың айтқан сөздерін мен де, басқа теледидар көрермендері де естіп тұрады. Өйткені микрофон сіздің жейдеңізге тағылып тұрады ғой.

Мен жаңалықтар оқимын. Кейде мен өте қиын сөздерді оқимын. Жаңалықтардың айтуға қиын жер-су немесе адам аттары жайлы болғанын ұнатпаймын. Кейде ондай жер-су аттарын бірінші рет естимін. Сондай-ақ, мен үшін эфирде киетін киім табу да қиын.

Мен тілшімін. Сен шаршағанда көп қателіктер жібересің. 3 күн бұрын бір әншіден сұхбат алдым. Ол кісінің атын қайта-қайта ұмытып қала бердім. Қатты ұят болды. Немесе кейде адамдар қатты толқып кетеді. Айтатындарын айта алмай қалады. Сен сұрақ қоясың, ол жауап бермейді. Мен үшін бұл да қиын жағдай. Кейде олар өте күлкілі нәрсе айтып, күлкінді тоқтата алмай қалатын кездер де болады.

Мен опера әншісімін. Ең жаман нәрсе – сөзінді ұмытып қалуың. Қорқатыным да – осы. Жарық та, дауыс та, басқа әртістер де жап-жақсы, бірақ сен не айтарыңды білмейсің. Мен үшін ең қиыны – осы. Немесе жиһаздардың құлауы. Өткен спектакльде мен шкафтың есігін жауып едім, терезесі сынып қалды.

№7 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.

– Үлкен қалада өмір сүру туралы қандай ойдасыз?

– Үлкен қалада тұру, өмір сүру қызық деп ойлаймын. Бірақ үлкен қалалар мен кіші қалаларды салыстыру өте қиын.

– Иә, сізбен келісемін. Кіші қалаларда өмір сүру жеңілдеу.

– Өте дұрыс. Тағы бір қызығы – қалада тұратын адамдар, әдетте, қаланы мақтамайды, бірақ әрқашан өз қалаларын ең жақсы қала деп санайды. Қай қалаға барсаң да, жергілікті тұрғындар сізге: «біздің қалада тамақ өте дәмді, ескерткіштер, тарихи мұражайлар өте көп» деп мақтайды.

– Сіз әлемдегі ең жақсы қала Ванкувер дегенмен келісесіз бе?

– Олай деп айту қиын. Себебі мен Гон-Конг ең әдемі, өмір сүруге жеңіл қала деп ойлаймын. Жан-жағын теңіз қоршап жатыр.

– Ал Токио мен Лондон туралы не ойлайсыз?

– Лондон жақсы қала және ол Токио сияқты қымбат емес. Бірақ Токиода қоғамдық көлік өте жақсы жұмыс істейді. Бұл басқа адамдар үшін маңызды емес болар. Мен үшін өте маңызды.

№8 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Менің атым – Сәкен. Мен қаланың сыртында тұрамын. Менің өмір салтым, қалай айтсам екен, үнемі қозғалыста. Мен жұмысқа күнде костюм-шалбар киемін. Аптасына 60 сағат жұмыс істеймін, сонда бір күнде он екі сағат. Мен өз өмір салтымды өзгерткім келеді. Мен қаланың ішінде, әдемі үйде тұрғым келеді. Бірақ мен жұмысымнан шаршадым, сондықтан бір жыл жұмыс істемеймін. Ауылға, ата-анамның жанына

барып, табиғатта, таза ауамен демаламын. Әке-шешеммен бірге үй шаруашылығымен айналысамын. Мен үшін ең маңызды нәрсе – компьютерсіз өмір сүру, таңертең оятқышсыз ұйқыдан тұру, ұялы телефонды және басқа да техникаларды бір жыл бойы қолданбау. Сонда мен толығымен демалып, жұмысқа сергек болып ораламын. Бұл жыл менің өмірімдегі ең керемет жыл болады деп ойлаймын. Енді осы ойымды тезірек жүзеге асыруым керек.

Есімім – Гүлшат. Мен шағын аудан орталығында тұрамын. Бұл – адамды зеріктіретін, жалықтыратын жер. Бұл жер тыныш өмір іздеген адамдарға керек. Мұнда бір мектеп, бір пошта кеңсесі, бірнеше жергілікті дүкен бар, болды, басқа ештеңе жоқ. Мен қала өмірін көргім келеді. Менің қалаға көшкім келеді. Менің досым үлкен қалада жұмыс істейді. Сол көмектесіп, жалдайтын пәтер таптым. Маған ұнады. Ол пәтер мен үшін үлкендеу секілді. Қалада тұру үшін жұмыс істеу керек. Қалада өмір сүру өте қымбат қой. Ал жұмыстан бос уақытымда қалада жаңа достар тапқым келеді. Ол үшін спортзалға, театрларға, бару керек. Мен шет тілдерін үйренгім келеді.

№9 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

- Сәлеметсіз бе! «Астана» қонақүйі. Сізді тыңдап тұрмын.
- Сәлеметсіз бе! Мен бөлмеге тапсырыс берейін деп едім.
- Жақсы. Қанша түнге?
- Екі түнге.
- Қай күндерге екенін айтасыз ба?
- Мамыр айының 15-і мен 16-на.
- Жақсы, болады. Сізге қандай бөлме керек: біркісілік пе, әлде екікісілік пе?
- Маған екікісілік үлкен бөлме керек еді. Оның ішінде жеке жуынатын бөлмесі бар ма?
- Иә, біздің барлық бөлмелердің ішінде жеке жуынатын бөлме бар, ханым.
- А-а, солай ма? Жақсы екен. Жарайды, қанша тұрады мұндай бөлме?
- Қырық төрт мың. Бір түнге жиырма екі мыңнан.
- Ал бұл бағаға таңғы ас қосылған ба?
- Жоқ, таңғы асқа бөлек төлейсіз. Таңғы ас бір мың екі жүз теңге тұрады.
- Жарайды. Соңғы сұрағым бар: келмес бұрын сұлулық салонына жазылып қояйын деп едім. Бұл мүмкін бе?
- Иә, ханым. Сізді сұлулық салонына қоса аламын. Бірақ алдымен маған өз аты-жөніңізді айтып жібересіз бе? Тапсырысыңызды толтырайын деп едім.

№10 Аудиофайл

Сөйлеушілерді тыңдаңыз. Олар не туралы шағымданды? Кестені толтырыңыз.

№1 (Нөмір бір)

- Сәлеметсіз бе! Сізді тыңдап тұрмын.
- Сәлеметсіз бе! Мен екікісілік кең бөлмеге тапсырыс беріп едім.
- Иә.
- Сіз маған біркісілік кең бөлме беріпсіз.
- Солай ма? Кешірім өтінемін, ханым, мен тексеріп көрейін.
- Маған екікісілік кең бөлме керек. Өтінемін.
- Әрине, кешіріңіз. Қазір бәрін дұрыстаймын. Кең бөлме екінші қабатта бар екен.

№2 (Нөмір екі)

- Тіркеу бөлімі. Сізге көмегім қажет пе?
- Иә, мен таңғы асыммен бірге шайға тапсырыс беріп едім.
- Иә, Сізге шай әкелмеді ме?
- Маған шай емес, кофе әкеліпті.
- Айып етпеңіз. Қазір мейрамханаға телефон шаламын. Сізге шай әкеліп беретін болады.
- Көп рақмет сізге.

№3 (Нөмір үш)

- Тіркеу бөлімі. Сізді тыңдап тұрмын.
- Мен бүгінге таңертеңге гольф ойнауға тапсырыс беріп қойып едім.
- Иә, мырза. Қандай көмек қажет?

- Гольф клубының тіркеушісі ешқандай тапсырыстың жоқ екендігін айтты.
- Қызық екен. Бір қателік кеткен болар. Мен қазір оларға телефон шалып, анықтап берейін.
- Рақмет.

№11 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Әр сөйлемді кім айтқанын жазыңыз.

- Сәлеметсіздер ме! Сізден бастасақ жөн болар. Өз демалысыңызды жоспарлайсыз ба?
- Менің атым – Сәния. Студентпін. 4-курста оқимын. Менің демалысым емтихандарды тапсыруыма байланысты.
- Есімім – Жанболат. Банк қызметкерімін. Иә, демалысты асыға күтемін. Алдын ала ойланамын. Балаларым бар, сондықтан оларға не ұнайтыны туралы әйеліммен ақылдасамын.
- Менің атым – Рабиға. Сұлулық салонының меңгерушісімін. Міндетті түрде. Әр демалысымның естен кетпестей болғанын қалаймын.
- Егер алыс мемлекетке саяхатқа шықсаңыз, кіммен барар едіңіз?
- Мен әкеммен барар едім. Себебі менің әкем көп саяхаттаған. Әрі онымен саяхаттау өте қызық.
- Жалғыз барар едім. Ешкіммен ақылдаспайсың, не істегің келсе, соны істейсің.
- Мен құрбыммен барар едім. Ол ағылшын тілін жақсы біледі.
- Саяхатқа шығар алдында не істеу керек?
- Барар жеріңіз туралы көбірек ақпарат жинау керек. Қазір ғаламтор бар, оңай.
- Жан-жақты дайындалған дұрыс болар. Себебі алыс жерде не боларын білмейсің ғой.
- Мен жеткілікті ақша жинауға тырысамын. Егер ақшаң аз болса, саяхатың да қызықсыз болады.
- Сауалнамаға қатысуға келіскендеріңізге көп рақмет.

№12 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Қазақ тарихын зерттеуге үлес қосып жүрген Хироки Накаяма
Хироки Накаяма - көшпенділер тарихын насихаттап жүрген жапон жігіті.
Сонау Жапониядан келіп еліміздің тарихын зерттеумен айналысып жүрген Хироки Накаямамен Қазақстан туралы пікірлесуді жөн көрдік.
- Накаяма мырза, сіздің Қазақстанға келуіңізге не себеп болды?
 - Әйелім - Нацуко Ока Қазақстанда зерттеу жұмыстарымен айналысайын деп, содан отбасымызбен 2011 жылы мамыр айында Алматыға келдік. Алматыда желтоқсан айына дейін тұрдық. Қазақ, орыс тілдерін үйреніп, Есік мұражайы тарапынан жүргізілген қазба жұмыстарына қатыстық.
 - Қазақстанды алғаш көргенде қандай әсер алдыңыз?
 - Мен Алматыны көрдім. Сосын Астананы да көрейін дедім. Экономикалық, қоғамдық тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан, заманауи шаһарлар деген ой түйдім. Қазір Қазақстан Орта Азияның ең ірі мемлекеті екенін отандастарыма айтып жүрмін.
 - Қазақстанда сізді таң қалдырған нәрсе болды ма?
 - Алматыға келгенде алғаш байқағаным, қала көшелерінде автокөліктер шектен тыс көп екен. Бастапқыда жолдан өтуге жүрексіндім. Қазір үйренейін дедім. Жапонияда ел тротуардың бойында велосипедпен жүреді. Велосипедке арналған тұрақтар бар. Қазақстанның ірі қалаларында велосипедті көбейтіп, жекеменшік автокөліктер азайса, ауа анағұрлым таза болар еді.
 - Болашақтағы жоспарларыңыз қандай?
 - Жаһандану заманында әлем шекарасыз ортақ кеңістікке көшкен кезде ағылшын тілін, басқа да шет тілдерін меңгеріп, ең жетік технологияларды меңгеру аса маңызды. Бірақ өз ұлтыңның тарихын, мәдениетін терең білу де өте маңызды. Болашақта Қазақстан тарихшыларымен бірлесе зерттеу жүргізу ойымда бар.
 - Әңгімеңізге рақмет! Ісіңізге сәттілік тілеймін!
 - Сау болыңыз! Сізге де рақмет!

№13 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз жолда кетіп бара жатып, Гиннестің рекордтар кітабына жеті рет енген адамды жолықтырып көрдіңіз бе? Ал біз ондай рекордшымен кездестік. «Ол адам Қазақстанда тұрады, ұлты қазақ». Ол кім екен? Сіз білесіз бе? Білмесеңіз, танысыңыз! Ол – әйгілі желаяқ марафоншы, әлемнің ең үлкен шөлдерін жүгіріп

өткен жер бетіндегі жалғыз адам. Оның аты-жөні – МАРАТ ЖЫЛАНБАЕВ! Біз бүгін Марат ағамен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

– Марат аға, алдымен өзіңіз туралы айтып беріңізші.

– Мен Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туылдым. Ата-анамнан ерте айырылғанмын, сол себепті 1-сыныптан бастап балалар үйінде тәрбиелендім.

– Мектептегі кезіңізден естелік айта отырсаңыз.

– Егер мен «міне, мынаны істеймін» десем, онда ол мақсатыма жетемін. Нәтиже шығуы үшін дайындаламын. Мектепте оқып жүргенде, турникке алты-ақ рет тартыла алатынмын. Ринат деген досыммен турникке тартылып ұзақ жаттығатынбыз. Соның нәтижесінде мен турникте 50 рет тартылғанмын. Сонда ұстазым: «Міне, үйреніңдер! Мектебіміздің жаңа рекорды», – деген еді. Қазірге дейін турникке тартылумен айналысамын.

– Марафон жүгіруді қалай бастадыңыз?

– Марафонды бастағанда барлығы бұл менің қолымнан келмейтінін айтты. Бірақ мен өзіме сенімді болдым. Рекорд орнатамын бірден деп бастап кеткем жоқ. Бірінші зерттеу жүргіздім. Үлкен саяхатшылардың кітаптарын оқыдым. Марафонды бастарда физикалық, психологиялық тұрғыдан дайындалдым. Марафонның ортасында не соңында аяғымда әл қалмаған кезде жүгіруге қолымды қосамын. Жүгірген сайын қолымды көбірек сермеймін де, белгіленген межеге дейін жетемін.

– Алғашқы марафоныңыз қиын болды ма?

– Ең бірінші Қарақұм шөлінде жалғыз жүгіргенмін. Сондықтан тамақ, су, шатыр салынған жүкпен жүгіруіме тура келді.

– Шөлді жүгіріп өту кезінде қандай сәтті ең қиын дер едіңіз?

– Шөлді жүгіріп өтудегі ең қиын сәт... онда бәрі қиын. (күледі)

– Сіз әлемнің Невада, Үлкен Виктория, Сахара, Қарақұм шөлдерін бағындыра алдыңыз. Сіздің қазір арманыңыз бар ма?

– Иә, менің қазіргі арманым – марафоншылар мектебін ашу. Өз тәжірибемді басқа елдің балаларына емес, бірінші Қазақстанның балаларына үйретіп, бөлісsem деймін.

– Жүгіруден басқа әуес ісіңіз бар ма?

– Сурет салумен айналысатынмын. Қазір қойдым.

– Марат аға, сізге қарап өмір сүруге шабыттанып отырмын. Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін көп рақмет! Арманыңызды жүзеге асыра беріңіз!

№14 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Сәлем! Таныс болайық. Есімім - Асқар.

– Сәлеметсіз бе! Мен Олжаспын.

– Танысқаныма қуаныштымын. Мазанды алған жоқпын ба? Кітап оқып отырған жас азамат өзің ғана екенсің.

– Жо-жоқ, бәрі дұрыс. Көмек қажет пе? Бір нәрсе сұрайын деп пе едіңіз?

– Мен қазақ киносы туралы мақала жазайын деп едім. Соған байланысты әңгімелессек, қалай қарайсың?

– Жарайды. Қарсы емеспін. Қазақ киносы туралы дейсіз бе? Бірақ мен біздің отандық киноны жасауға үлес қосқан адамдарды білмейді екенмін. Сіз білесіз бе?

– Қазақ киносын Шәкен Аймановсыз, Сұлтан Қожықовсыз елестету мүмкін емес. Осы екеуі негізін қалаған десем, ешкім қарсы болмас. Ал кинода ойнаған қазақ әртістерін білесің бе?

– Маған Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов секілді ағаларымыздың рөлдерді келістіріп ойнаулары қатты ұнайды. Олар театрдың да гүлі ғой.

– Иә, дұрыс айтасың. Бекежанның рөлін Асанәлі ағамыз керемет ойнады. Ал Тұңғышбай ағамыз Абылай хан рөлін театр сахнасында тамаша ойнады. Маған да қатты ұнайды.

– Маған екі әртістің де түрлері, мінездері ұнайды. Менің ойымша, екеуі де қатал мінезді, бірақ мейірімді адам сияқты.

– Ал сен өзіңді сахнада батырды ойнаған әртіс сияқты елестетіп көрші. Сенің әртіс болғың келе ме?

– Иә, бала күнімде әртіс болуды, мәнерлеп өлең оқыған ақын болуды армандайтынмын. Інім екеуіміз үйде әртіс болып рөл бөлісетінбіз. Мен үнемі хан болғанды ұнататынмын, ал ол жаумен шайқасқан батыр болғысы келетін.

– О-о, жақсы екен. Уақыт бөліп, әңгімелескеніңе рақмет! Аман бол!

– О не дегеніңіз! Сізге де рақмет! Сау болыңыз!

№15 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Мағжан Кәрімұлы, сізді табысты кәсіпкер деп білеміз. Жас кәсіпкерлерге айтар ақыл-кеңестеріңіз бар ма? Табысты болудың сырымен бөлісесіз бе?

– Еңбекке ерте араластым. Жеке кәсібімде жетістікке жету үшін көп еңбектендім. Алғашында қиын болды, әрине. Бірақ еңбекқорлығым және өмірге деген қызығушылығым жеңіске жетуіме көмектесті. Сонымен, табысқа жеткізетін 8 қасиетті айтайын. Менің ойымша, олар өз ісіңе деген қызығушылық, сонымен бірге еңбекқорлық, тәжірибелілік, мақсатшылдық, алдыға қойған мақсатыңа жетем деп ұмтылмасаң, кәсібіңді дамыта алмайсың. Ал табандылық, талпынушылық – өте қажет қасиеттер. Өз жұмысыңнан шаршамау үшін шығармашылық қасиет те керек. Үнемі жаңа ойлар тауып, өз жұмысыңды өзіңе қызықты етуге тырысуың қажет. Ал жауапкершілік болмаса, жоғарыда аталған қасиеттер бір сәтте мағынасыз болып қалады. Егер осы сегіз қасиет сіздің бойыңыздан табылса, сіз табысты кәсіпкер боласыз.

№16 Аудиофайл

Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Ештеңеге үлгермеуіміздің себебі

Ойланып қарасақ, кей күндеріміздің босқа өтіп жатқанын аңғармаймыз. Оған зерттеулер нәтижесінде анықталған жеті себеппен таныс болыңыз.

Біріншіден, жұмыс күнін дұрыс жоспарламаушылық. Телефонмен шешуге болатын шаруалар үшін де кездесу жасау. «Созбалау» синдромы. Телефонмен, хаттармен, әңгімемен айналысып ұзақ отыру.

Екіншіден, өзін-өзі тәртіпке келтіре алмаушылық. Табысталған тапсырманың орындалуын қадағаламаушылық, нәтижесін тексермеу.

Үшіншіден, нақты мақсатты айқындай алмаушылық. Жұмысқа деген қызығушылық төмендеп, істі соңына жеткізе алмау. Бір істі қайталап орындай беру.

Төртіншіден, жауапкершілікті сезінбеу. Жұмысыңыз нәтижелі болсын десеңіз, алдымен бітіру керек істерге басымдық беру қажет.

Бесіншіден, сапарға жиі шығу. Құжаттар мен ақпараттарды сенімді жерде сақтамау.

Алтыншыдан, әріптестерге «Жоқ» деп айта алмау. Өзгенің жұмысын орындау.

Жетіншіден, өмірдегі, көңілдегі, ойдағы шашыраңқылық, асығыстық, шыдамсыздық. Қиын мәселеге қатысты сұрақтарды талқылауға дайын болмау.

№17 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұхбат берушілер туралы ақпаратты толтырыңыз.

– Бауырым, таныс болайық. Менің атым – Мұрат.

– Есімім – Нұрлан. Алматыда тұрамын. Өзіңіз ше? Қай жақтансыз?

– Мен де. Шымкенттен, іссапардан келе жатырмын. “Әсем-ай” фирмасының тарату бөлімінде менеджер болып жұмыс істеймін. Төрт жарым жыл болды, міне. Өзің не істейсің?

– О-о, үлкен кәсіпорын ғой ол. Мен шағын фирмада есептеу бөлімінің маманымын. Жұмыс өтілім көп емес, екі-үш жыл болды. Жалғыз келесіз бе?

– Иә, жалғыз келемін. Әйелім – жұмысбасты адам. Балабақшада, күндіз-түні балалармен бірге.

– А-а, ал мен жалғызбастымын. Бала-шаға дегенді енді ойлап жүрмін. Жұмыс реті енді болғандай.

– Е-е, дұрыс екен. Үйлі-күйлі болғаның дұрыс. Жұмысың ұнай ма өзіңе?

– Жұмысым ұнайды. Бір кемшілігі компьютерде ұзақ отыруға тура келеді. Өзіңіз ше?

– Аздап шаршап жүрмін. Жұмысымды ауыстырғым келеді. Демалыссыз жұмыс істеуге тура келеді кейде.

– Сонда кім болғыңыз келеді?

– Әзірге білмеймін. Кеңседе отырып істейтін бөлімге ауысатын шығармын. Көрерміз.

№18 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Нұрлан аға, еліміздегі тауар сапасын анықтап, сол үшін берілетін жұлде «Алтын сапа» сыйлығы туралы айтып өтсеңіз. Қалай өткізіледі, қанша кәсіпорын қатысады? Отандық өндірушілер бұрынғыдай он шақты емес, қазіргі таңда анағұрлым көп емес пе?

– Дұрыс айтасыз. Бүгінде отандық өндірушілер саны едәуір көп, қуаныштысы жылдан-жылға артып

келеді. Сондықтан мұндай байқау өте қажет. Бұл байқау жыл сайын өткізіледі. Қазіргі таңда қатысамын деген кәсіпорындар саны анағұрлым көп. 3-4 жыл бұрын қатысушылар саны жүз шақты болатын.

– Ал бұл байқауға қатысудың шарттары қандай?

– Байқауға қатысудың негізгі шарттары – бесеу. Онша қиын да емес. Ең бірінші, тауардың сапасын қадағалау керек, екіншіден, тауардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сосын сапаны жақсартудың тиімді әдістерін пайдалану, төртінші, халықаралық стандарттарды енгізу және соңғысы, тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыру.

– Сонда жеңімпаз кәсіпорын біреу ғана бола ма? Жүздеген қатысушы болады деп едіңіз? Сонда қалай?

– «Алтын сапа» байқауына қатысушылар үш түрлі санат бойынша сайысады.

1) «Үздік өндірістік тауарлар»;

2) «Үздік халықтық тауарлар»;

3) «Үздік қызмет саласындағы тауарлар».

Нәтижесінде жүлдеге үш кәсіпорын ие болады деген сөз.

– Нұрлан аға, ал бұл жүлдені беру қандай қажеттіліктен туды?

– Оған үш себеп бар. “Алтын сапа” байқауы, біріншіден, отандық тауарлардың сапасын көтеру, екіншіден, шетелге шығару мүмкіндігін арттыру және қазақстандық өнімдердің беделін жоғарылату үшін қажет.

– Нұрлан аға, уақытыңызды бөліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет! Көріскенше, сау болыңыз!

– Сізге де рақмет. Сау болыңыз.

№19 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұхбат берушілер туралы ақпаратты толтырыңыз.

– Сәуле, тыңдармандарымызға сіздің «Рахат» акционерлік қоғамының қоғаммен жұмыс істеу бөлімінің бас маманы деп таныстыруға рұқсат етіңіз. Қош келдіңіз!

– Қош келдік! Айнұр, таныстырып өткеніңізге рақмет. Сәлеметсіздер ме!

– «Рахат» акционерлік қоғамының Қазақстандағы кондитерлік өнім өндіретін ірі өндіріс орындарының бірі екені баршаға мәлім. Алайда алғашқы өнімдеріңіздің қашан және қалай шығарылғаны туралы айтып берсеңіз.

– «Рахат» акционерлік қоғамының 70 жылдық тарихы бар. Кондитерлік өнімдер алғаш рет 1942 жылы арақ - ликер зауыты алаңында соғыс кезінде Мәскеу мен Харьковтан көшіріліп әкелінген жабдықтармен шығарылды.

– Алғашқы тәттілерді соғыс кезінде таратқан екенсіздер ғой. Сонда сіздер елде қанша адамға жұмыс беріп отырсыздар?

– «Рахатта» 3500-ге жуық адам жұмыс істейді.

– Міне, отандық өндіруші деген қандай! Қалай мақтамайсың?! Ал бүгінгі таңда тәттінің неше түрін өндіресіздер?

– Бүгінде біздегі тәттілердің 250-ден аса атауы бар. Сонымен бірге сусамыр ауруынан зардап шегетін адамдарға арнап арнайы өнім шығаруды игерген Қазақстандағы бірден-бір кәсіпорын.

– Сәуле ханым, ал сіздердің өнімдеріңіз тек өз елімізде ғана сатыла ма? Жоқ әлде шет елге де жеткізесіздер ме?

– Біздің өніміміз отандық нарықта ғана емес, таяу және алыс шет елдер нарығында да танымал. Қазіргі кезде «Рахат» өнімдері Қазақстан нарығында ғана емес, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Германия, Қытай, Ауғанстан аумағына да тараған.

– Компанияның алға қойған мақсаты бар ма? Ол қандай мақсат?

– Компаниямыз келешекте өндіріс көлемін ұлғайтуды және экспорт көлемін арттыруды және осы арқылы өнімді өткізу нарығын кеңейтуді жоспарлауда.

– Компания өз қызметкерлеріне қамқор ма?

– Бірінші және екінші ауысым жұмыскерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылған. Асхана, жоғары санатты дәрігерлер қызмет көрсететін медициналық-санитарлық жұмыс істейді, тренажер залы бар, сауықтыру орталығы қызмет көрсетеді. Түрлі саладағы мамандардың біліктілігін көтеру бойынша сабақтар үнемі өткізіліп тұратын оқу кластары бар, мемлекеттік тілді үйрету курстары ұйымдастырылған.

– Бір сөзбен айтқанда, барлық жағдай жасалған екен. Бәрекелді! Барлық отандық өндірушілерге де тілеріміз осындай жағдай және табысты еңбек. Сәуле, уақытыңызды бөліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет! Тыңдармандар маңызды мәліметтер ала алды деп ойлаймын. Еңбегіңізге табыс тілеймін! Көріскенше!

– Сізге де рақмет! Жұмысыңызға шығармашылық табыс тілеймін. Сау болыңыз!

№20 Аудиофайл

Сұхбатты тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Әсет, әлемдегі қызық заңдар туралы естігенің бар ма?
- Иә, Нұржан, өткенде ғаламтордан оқығаным бар. Кейбір заңдар тіпті күлкілі болса, ал кейбіреулері адамды ойлантып тастайды.
 - Мен 1-2 заң ғана білемін. Айтып берейін...
 - Ал айта ғой, егер менікінен өзгеше болса, саған өзімнің білетінімді қосамын.
 - Егер біздің елде әйелдердің көлік айдауы қалыпты болса, Сауд Арабиясы нәзік жандыларға көлік айдауға тыйым салады екен. Сондай-ақ, Сауд Арабиясында тұратын әйел азаматы дәрігер мамандығын иемдене алмайды. Бұған заң үзілді-кесілді қарсы.
 - Сауд Арабияның біздің заңнан ерекшеленетін жақтары көп деп ойлаймын. Ал сен мына заңдарды естіп пе едің? Канадада радиотолқын арқылы шырқалатын әр бесінші әннің орындаушысы міндетті түрде канадалық азамат болуы керек. Сондықтан Селин Дион мен Брайн Адамның әні эфирден жиі беріледі екен. Ал француздар торайларды Наполеон деп атай алмайды екен. Бұл Наполеон Бонапартқа деген құрметтің бір белгісі болса керек.
 - Ойпырым-ай, не деген отансүйгіш заңдар десеңші! Ал сен Сингапурда болып па едің? Егер онда болсаң, менің айтқанымға таң қалмассың. Сингапурлықтар тазалық жанашырлары екен. Ол елге сағыз апаруға да, ол елде жүргенде сағыз шайнауға да тыйым салыныпты. Сонымен бірге көшеде кішкентай қоқыс тастайтын болсаң, 500 АҚШ долларын айыппұл ретінде төлейсің.
 - Иә, таза болған жақсы ғой. Мен оларды құптаймын. Егер бізде де сондай заңдар қабылданса, жақсы болар еді деймін. Ал бірақ қытайлықтардың мына заңымен мүлдем келіспеймін. Қытайда суға батып бара жатқан адамды құтқару заңға қайшы әрекет болып саналады. Өйткені бұл әрекет адамның жеке өміріне қол сұғумен пара-пар.
 - Шын айтасың ба? Сұмдық екен! Адамды құтқару – әр адамның азаматтық борышы емес пе? Иә, әр елдің салты басқа деген осы екен ғой.

№21 Аудиофайл

Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Әлемдегі ең ауыр мысық 15 келі тартады.
- Америкалық Animal Haven деген зообаққа салмағы 15 келі тартатын “Спанч Боб” атты сары түсті мысық түскен. Хайуанаттарды паналататын Animal Haven қызметкерлері бұл мысықтың салмағы төрт жасар баланың салмағымен бірдей екеніне таңғалып отыр.
- Болливудтық актриса Джиоти Амджи әлемнің «ең кішкентай әйелі» атанды.
- 18 жастағы үнді қызы Джиоти Амджи өзінің қысқа бойының арқасында Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ол отбасымен бірге Үндістанның өзі туған Нагпур қаласында тұрады. Джиоти Амджи әлемдегі «ең кішкентай әйел» атанғанына, сонымен қатар осы жасында атақты болғаны үшін өзін бақытты сезінеді. Оның бойы небәрі 62,8 сантиметр, салмағы 5,4 келі екен.
- Өлшеу нәтижесінде Джиоти Амджидің бойы Гиннестің рекордтар кітабына бұрын енген 22 жасар американдық Бриджит Джорданнан 7 сантиметрге кіші екені анықталған. Сол себепті де «ең кішкентай әйел» атағы осы уақытқа дейін екі фильмге түсіп үлгерген актриса Джиоти Амджиге берілді.
- Джиоти Амджидің әке-шешесі қыздарының өзін жақсы сезінуі үшін керекті заттары мен бөлмесіндегі жиһаздарын ыңғайлы етіп жасап берген. Ол оқушы кезінде мектепке құрдастарымен бірге барғанымен, өзіне арналып жасалған партада бөлек отырады екен. Сондықтан ол мектепте өзін бөтен сезінбеген, барлық балалармен тең дәрежеде болыпты.
- “Манчестер Юнайтед” – әлемнің ең қымбат тобы. Forbes (форбс) журналы жылдың ең қымбат топтарының рейтингісін шығарды. Бұл жолы тағы да “Манчестер Юнайтед” тобы әлемнің ең қымбат топтарының көшбасында қала берді. Нарықтағы “Манчестер Юнайтедтің» бағасы бүгінгі таңда 2,23 млрд доллар деп бағалануда.
- Рейтингтің екінші сатысында 1,88 млрд доллармен мадридтік “Реал” тобы тұрақтапты.
- Ал үздік үштікті америкалық “Нью-Йорк Янкиз” және “Даллас Ковбойз” иеленген. Олардың нарықтағы бағасы 1,85 млрд доллар шамасында бағалануда.
- Әлемдегі ең қымбат жеке меншік үй Үндістанның ең бай адамы, 53 жастағы миллиардер Мукеш Амбанидікі. Ол 1 млрд қаражатын шығындай отырып, әлемдегі ең қымбат үйді салғызды. Бүгінгі таңда тарихта бұрын-соңды болып көрмеген ең қымбат үйде алты отбасы тұрып жатыр. 27 қабаттық үйді салғызу үшін жеті жылға жуық уақыт кеткен.

№22 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Мәтін не туралы. Дұрыс жауаптың тұсына белгісін қойыңыз.

Сән әлемінің көшбасшысы

Бұл күнде Сабыркүл Асанованы танитын жұрт оның есімін «Сымбат» сән академиясынан бөліп қарамайтыны белгілі. Талапшыл да талғампаз жан осы ұжымды 1990 жылдан бері басқарып келеді.

«Сымбат» дизайн және технология академиясының негізі 1947 жылы тігін лабораториясы ретінде қаланған. Бұл өнер ордасы мықты мамандарымен, олардың тәжірибелерін кейінгілерге жеткізіп келе жатқанымен мақтана алады. Тәуелсіздіктен кейін «Сымбат» сән үйі 30-дан астам мемлекетте ұлттық сән үлгілерін паш еткен. Қазақстанның абыройын арттырған.

Сұхбат

– Сабыркүл ханым, қазір жастардың көпшілігі сәнгер болуды армандайды. Сәнгер болу оңай ма? Ешкімнің иығына ілінбеген, бәрі армандаған көйлекті ойлап табу, келістіріп пішу, тігіп шығу оңай болмақ па?

– Қиын! Өте қиын. Мен 45 жылдан бері қызмет етіп келе жатырмын. Адамға жарасар мінсіз көйлек тігу үшін көп тәжірибе, көп білім керек!

– Бізге Кеңес өкіметі тұсында сән болмаған секілді.

– Кеңес одағы кезінде сән болмады деген жай сөз. Сән болды. Сонау 1975 жылдан бастап біз бүкіл еліміздің бетке ұстар адамдарын киіндірдік. Еліміздің айтулы өнер жұлдыздарының жарқыраған көйлектерінің көпшілігі «Сымбат» сән үйінде өмірге келген.

– Жұмыс кезінде есіңізде қалған оқиға болды ма?

– Бір күні мынадай жағдай болды. Бір тапсырыс беруші әйел келді. Менің киген киіміме таңдана қарап, дәл менікіндей костюм тіктіргісі келетінін айтты. Мен ол кісінің бітіміне қарап, оған ондай түс жараспайтынын түсіндіре алмадым. Сатып алушы ашулана бастады. Сол кезде мен оған:

– Менің костюмді киіп көріңіз, – дедім. Ол менің костюмді иығына ілді де, айна алдына барғанда түрі бұзылып кетті. Сөйтті де үн-түнсіз киімді өзіме қайтарып берді. Біздің өлшеміміз бірдей болғанымен, жаратылысымыз, бейнеміз – әртүрлі ғой. Бұл кәсіп мені шыдамды болуға, төзімді болуға және өз эмоциямды игеруге көмектесті.

– Біз де айтары бар адамдардан тағылым аламыз. Жүсіп Баласағұн айтқандай: «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та бақыт та қонбайды» деген сөз ақиқат екеніне әрбір аттаған қадамымыз бен жасампаз жандардың үлгісі көз жеткізе түседі.

№23 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

СӘН ӘЛЕМІ

«Сән әлемі» десе, бұл әлем кеше ғана пайда болып, жер жүзіне бірден тарағандай болып елестейді. Себебі бүгінгі ауызекі тілдегі «мода» ұғымы заман ағымымен қоса шапшаң жылжып, жаңарып отыру дегенді білдіреді. Дегенмен біле білсек, «сәндік», «сәндену» деген ұғымдар сонау тас дәуірінде Еуропада пайда болған. Ер адамдар пілдердің, мүйізтұмсықтардың, сусиырлардың тісі мен жүндерінен әртүрлі әшекей бұйымдар жасап, мойындарына таққан. Бірте-бірте аң терісін оң иыққа жамылып жүруді ең алғашқы сән түріне енгізген. Ал біздің дәуірімізге дейінгі 2900 жыл бұрын, ең алдымен теріден, содан кейін біртіндеп матадан тігілген белдемшелер пайда болған. Ақырындап Вавилонда шәлі тағу, жейде кию жиілей бастаған. Темір дәуірінде сән әлемі барынша дами түскен. Гректер белдікті ойлап тапқан. Біртіндеп плащ, халаттар тігілген. Еркектер алтын ободок, ал әйелдер бастарына жеңіл тәж тағуды сәнге айналдырады. Осылайша, сонау XIV ғасырда, нақтырақ айтқанда, 1350 жылдары Франция мен Италияның суретшілері гильдиялар мен цехтар ашып, өмірге «сән әлемін» әкелген. Франция, Италия, Англия, Испания, Америка сынды елдерде жылдам дамыған «мода» 1900 жылдары бірте-бірте Кеңес үкіметінің құрамында болған елдерге де жетеді. Қазіргі атағы жер жаратын Поль Пуаре мен Кристиан Диор да сол 1903-1905 жылдары жарық көрген.

№24 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.

Тоңазытқышта сақтауға болмайтын 12 азық-түлік

Төмен температурада бұзылып қана қоймай, пайдалы қасиеттерін жоғалтып, түрі мен дәмі өзгеретін өнімдер бар. Бұл орайда тоңазытқышта сақтауға болмайтын азық-түлік тізімін ұсынамыз.

Егер толық піспеген авокадоны тоңазытқышта сақтасаңыз, жеміс жұмсарады, бірақ қабығы арқылы ылғал сіңіреді. Осы себепті оны тоңазытқышта сақтамағыныңыз жөн.

Картоп та суық сүймейтін көкөністер қатарынан. 7°C-тан төмен температурада тәтті дәмге ие болады. Ал мұндай картопты пісірген кезде құрамындағы канцерогенді акриламдид мөлшері артады. Аталған көкөністі сақтаудың тиімді әдісі қағаз пакетке салып, салқын жерге қою.

Төмен температурада сақталған шоколад бетінде ақ түсті қабыршақ пайда болады. Себебі суық салдарынан сахароза кристаллдар шоколад бетіне шыға бастайды. Нәтижесінде тәттінің бұл түрі дәмін жоғалтып, түрі өзгереді.

Тропикалық жемістер төмен температурада сақталғанда шірі бастап, зиянды заттар бөледі. Дұрысы оларды қағазға орап, бөлме температурасындағы құрғақ жерде сақтау керек.

Тоңазытқыштағы ылғал салдарынан пияз балғындығын жоғалтып, жұмсарып, тез бұзылады. Оған қоса шамадан тыс ылғал зиянды бактериялардың пайда болып, көкөністің көгеруіне себеп болады.

Егер кофе тағамдар иісін сіңіріп алғанын қаламасаңыз, оны тоңазытқышқа қоймаңыз. Ол суық пен ылғал себептерінен хош иісін жоғалтады. Дұрысы кофені қараңғы, құрғақ әрі салқын жерде сақтаңыз. Ал ұзақ уақыт сақтағыңыз келсе, мұздатқышқа салып қойыңыз.

Зәйтүн майын +12-16°C температура аралығында сақтау керек. Ал тоңазытқышта қатпарланып, тұнба түзілуі мүмкін. Сонымен қатар майдың сұйықтан қою күйге өзгеруі ықтимал.

Тоңазытқыштағы суық пен ылғал кристаллдануына ықпал етіп, бал өзіндік құрылымын, дәмін және пайдалы қасиеттерін әдеттегіден жылдам жоғалтады. Дұрыс сақталған балдың жарамдылық мерзіміне шек жоқ. Ол үшін құтыға салып, қақпағын қатты жауып, бөлме температурасында, қараңғы жерде сақтаңыз.

Қызанақтар тоңазытқышта дәмдік сапасын жоғалтады. Себебі суық ауа көкөністің пісу процесін тежейді. Мұнымен қоса суық әрі ылғал ауа қызанақ мәйегінің құрылымына әсер етеді.

Кей әйелдер нанды тоңазытқышта сақтайды. Алайда мұның салдарынан нан жылдам қатып қалады. Сондықтан артық қалған нанды кептіріп, қытырлақ нан жасағаныңыз абзал.

Баялдыға да төмен температура жағымсыз әсер етеді. Тоңазытқышта сақтағанда дәмін жоғалтып, жылдам солады әрі дақтар пайда болады. Сондықтан бұл көкөністі бөлме температурасында сақтағаныңыз дұрыс.

Тоңазытқышта сақталған банан жылдам қараяды. Егер дүкеннің жеміс сатылатын бөлімінен қарайған банан көрсеңіз, ол жемістің піскендігінің белгісі емес. Демек жеміс тасымалдаған кезде дұрыс сақталмаған.

№25 Аудиофайл

Қазіргі заманда тағамдардың арасындағы ең зияны қандай?

1. Консервіленген ет. Ғалымдар мұздатылған, тұздалған, химиялық консерванттар қосылған ет ас қорыту жолдары ауруларына алып келеді дейді. Консервіленген, құрамында өте көп тұз, май, холестерин бар бұл етте пайдалы заттар да қалмайды.

2. Мұздатылған тағамдар. Мұздатылған тағамдар қазірде әлем бойынша кең таралған. Дайын тамақты жемес бұрын жылытады. Бұндай тамақта калориялар шамадан көп, натрий мөлшері тым көп болады.

3. Ұн өнімдері. Қуырылған бөліштерде зиянды майлар, қант, ақ ұн сияқты пайдасы аз заттар бар. 10-20 грамм майға қоса 250-300 “бос калориялар” бар.

4. Қурылған картоп қытырлақтары. Оның ішінде салмақ жинайтын зиян көмірсулар көп. Картоп қытырлақтары мен фри картобында акриламид атты канцероген бар. Ол тамақты жоғары температурада дайындағанда пайда болады. Бұл жыл сайын бірнеше мың аурулардың пайда болуына себеп болады.

5. Майсыз тамақтар. Қорабында “майсыз”, “май үлесі 0” деген жазуларға алданбаңыз. Майдың аздығынан дәмін жоғалтқан тағамның дәмін келтіру үшін өндірушілер құрамына тұз, қант, басқа да қоспалар қосады. Диетолог мамандардың айтуынша, ондай тамақтан гөрі, майлылығы бар тағамдарды таңдаған дұрыс.

6. Газдалған су. Газдалған сусындарға құмар болу - артық салмақ, ұйқы безінің ауруына алып келеді. Бір бөтелке газдалған суда 10 қасық қант бар. Газдалған сусынды күнделікті емес, анда-санда ішетіндердің өзі ауруға шалдығуы мүмкін. Жүрек-тамыр аурулары, диабет, міне, газдалған сусындарды сүйгіш жандардың болашағы.

Аурулардың бәрі ауыздан кіреді демекші, не жеп-ішкенімізді қадағалап, мән берсек, мүмкін ұзақ бақытты, сау ғұмыр кешерміз.

№26 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Тележүргізушілер жауап береді

Қайырлы күн, құрметті тілші, жүргізуші қонақтар! Бүгін сіздермен бәріміз «тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан» мектебіміз жайлы әңгімелесуді жөн көріп отырмыз. Сіздерге қояр 2 сұрағым бар.

– Сұрағымызға бірінші болып КТК телеарнасы жаңалықтарының жүргізушісі Мәдина Балғабаева жауап береді. Сіздің алғашқы ұстазыңыз есіңізде ме? Аты кім? Қандай адам?

– Алғашқы ұстазым – Сәуле Мәжитқызы. Өмірімдегі алғашқы қоңырауыма төрт-бес күн қалғанда қатты толқып, ұйықтай алмағам. Соншалықты ынтам мықты болды, мектепке барам деп қуанып, күтіп жүрдім. Мектеп табалдырығын аттаған екінші күн-ау деймін, Сәуле апай: «Үйіңде қалай жүрсең, мектепте де сөйтіп жүресіңдер. Ешқандай айырмашылығы болмасын. Үйіңді қалай жақсы көрсең, мектепті де сөйтіп жақсы көр», - деп бізге кәдімгідей түсініктеме берді. Содан мен келесі күні мектептің алдында үйдегідей, аяқ киімді шешіп кіргем ғой. Бәрі аң-таң қалып, күлгені бар. Сондай бір қызық болған.

– Келесі сұхбат беруші тілшіміз – Асыл Махмет, КТК жаңалықтарының жүргізушісі

– Жалпы, біздің әулетте ұстаздар көп. Нағашы әжем қазақ тілі әдебиетінің маманы. Анамның әпкесі физика пәнінің мұғалімі. Ал енді менің алғашқы ұстазым - әкемнің туған әпкесі. Бастауыш сыныпта сабақ берген. Сондықтан ұстаздар мерекесінің біздің әулетте алатын орны ерекше. Ең бірінші өзімнің әжемді, әпкемді құттықтаудан бастаймын. Алғашқы ұстазым – Ділдәш Жанәділқызы бірінші сыныптан төртіншіге дейін ұстаздық етті.

– Келесі сұхбат беруші тілшіміз – Ерланби Дәулетияр, КТК жаңалықтарының жүргізушісі

– Негізі, «мұғалім», ұстаз сөздері білімді де, тәрбиені де береді, яғни мағынасы кең. Мектепке қабылдап алған алғашқы сынып жетекшісі мәңгі есімізде қалады, екінші анамыз сияқты. Тек білім берумен шектелмеді, тәлім-тәрбиесін сіңдірді. Сол кезде ол кісілер бізге қатал сияқты көрінетін. Кейін ойлап қарасаң, ешқайсысы бізге жамандық тілеген жоқ. «Осылар жақсы боп кетсе екен, осылар білімді болса екен» деген тілегі болды. Алғашқы ұстазым – Жанат Сағатқызы. Төртінші сыныпқа дейін жетекшілік етті. Мұғалімдерімнің бәріне ризамын.

– Екінші сұрағым, мектепте оқыған кездеріңізден қандай ұмытылмас, жарқын естелік қалды?

– Ұстаздарымның айтқанын екі еткізбей, мұқият орындайтынмын. Мұғалімімнің қаталдығы әсер етті ме, күні бүгінге дейін өзіме сеніп тапсырылғанды бұлжытпай орындайтын әдетім сақталып қалды. Міне, мектеп бітіргенімізге жиырма бес жыл уақыт өтіпті, ал мұғалімдеріміз сіңдірген білім мен тәлім бүгінге дейін жалғасын табуда. Жақында сыныптастарымызбен гүлімізді, сыйлықтарымызды алып, Сауле Мәжитқызына алғысымызды айтып мәре-сәре боп бас қостық.

– Менің бойыма сіңген қандай да бір қасиет болса, сол кісілерден дарыған. Өйткені, біріншіден – ұстазым, екіншіден – туыстарым. Талап өте қатал болды. Егер сыныпта біреуі бір нәрсе бұлдірсе, сындырса, ылғи да таяқты мен жейтінмін. Қазір ойлаймын, маған қалай ұрысса да - өз баласы, ал басқасы соған қарап бой түзейді дегендері екен ғой деп. Үнемі алда болуға да септігін тигізген өзімнің апайым. Біріншіден - әпкелерім, әжем, сосын - ұстаздарым.

– 9-шы сыныпта оқып жүргенімде теледидардан таңертең француздық белгілі бір жастар сериалы көрсетіліп жатты. Соның қызығына әбден кіріп кеткем, жібермей қарайтынмын. Кино сағат 8-де бітеді, ал үйім мектептің дәл жанында. Фильм біте салысымен, мектепке құстай ұшып жүгіріп жетем. Сөйтіп бір күні мектептің есігінен еңтігіп, ентелеп кіре бергенде, мектеп директоры да менімен қатар кірді. Екеуіміз есікте кездесіп қалдық. Ол кісі бетіме тесіле қарады да, ештеңе деген жоқ. Екінші күні де тура солай кездестік. Ал үшінші күні директор шыдамай кетіп: «Осы мектептің директоры сен бе, мен бе?! Екеуіміз неге бір уақытта келеміз?!», - деп дүрсе қоя берді. Ал менің «Сіз де сол сериалды қарайсыз ба?» - деп сұрағым кеп кетті. Мектепте бұзық болған жоқпын, «Алтын белгі» алып кетпесек те, ел қатарлы оқыдым.

№27 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Шетелде білім алудың жолдары

Қазіргі таңда шетелде білім алу отандастарымыз үшін қолжетімді болды, себебі мемлекет түрлі тәжірибе алмасу бағдарламаларын ұсынууда. Сондықтан кез келген адам шетелде тәжірибеден өтіп, қысқа немесе ұзақ мерзімді білім алып, жұмыс істей алады. Ол үшін шет тілі білімі мен ниет болса жеткілікті. Әрине, тілді жақсырақ меңгерген адамның шетелде қалаған ісімен айналыса алуға мүмкіндігі жоғары екені сөзсіз. Егер сізді шетелде тәжірибеден өту мен білім алу қызықтырса, ең алдымен «Болашақ» бағдарламасына назар аударыңыз. Өйткені бұл бағдарлама жыл сайын қазақстандық жастарды білім алу үшін әлемнің ең үздік оқу орындарына жіберіп жатыр. Егер оған қабылдану қиын деп ойласаңыз немесе өз бетіңізше оқуды қаласаңыз, шетелдік елшіліктердің, мәдени орталықтардың және білім қорларының ресми сайттарын жиі бақылап тұрыңыз. Неге десеңіз, мысалы, Француз Альянсы мен Алматыдағы Гете Институты. Гранттар, семинарлар, сондай-ақ, стипендиялар жайлы өзекті ақпараттардан бөлек, мұнда қызықты іс-шаралар жайлы ақпарат жарияланып тұрады. Қазақстандық студенттер мен Жоғарғы оқу орындарының түлектері шетелде білім алу бағдарламаларына қатыса алады. Еуразия мен Орталық Азияда Халықаралық студент алмасу бағдарламасынан да хабардар болыңыз. Бұл Америка құрама штаттарының мемлекеттік

департаментіндегі білім және мәдени бағдарлама бөлімінің бағдарламасы. Ол жоғары оқу орындарының бірінші, екінші, үшінші, төртінші курстарында күндізгі бөлімде оқитын студенттерге арналған. Бағдарлама тек қазақстандық студенттерге ғана арналмаған, өйткені мұнда Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Өзбекстан елдерінің студенттері де білім ала алады. Бұл бағдарлама аталған елдердің студенттеріне АҚШ елінде 1 академиялық жыл білім алуға мүмкіндік береді. Бұл академиялық ауысымның германиялық қызметі. Бұл бағдарлама аясында еріктілерге арналған жобалардың біріне қатысуға болады. AIESEC (Эйэсик) өз кезегінде өзге елдердегі тіршілікпен танысқысы келетін еріктілерді жиі жинайды. Өзіңді Work & Travel (Уорк энд Трэвл) бағдарламасының қатысушы ретінде көруіңе де болады. Work & Travel (Уорк энд Трэвл) бағдарламасының мүшелері АҚШ елінде қызмет көрсету саласында еңбек етеді.

№28 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Дұрыс қатарды таңдаңыз.

Сенімхаттың екі түрі бар. Ол кәсіпорындар беретін ресми сенімхат және жеке тұлғалар беретін жеке сенімхат.

Ресми сенімхатта мынадай деректер болады:

- ұйымның атауы;
- ұйым туралы анықтамалық деректер;
- құжат түрінің атауы;
- құжаттың күні;
- құжаттың тіркеу нөмірі;
- құжаттың мәтіні;
- лауазымды тұлғалардың қолы;
- кәсіпорынның мөрі.

Сенімхаттың мәтінінде:

- сенімді тұлғаның лауазымы және төлқұжат деректері;
- сенімхат бойынша іс-әрекет жүргізілетін ұйымның атауы;
- іс-әрекет түрі;
- сенімхаттың қолдану мерзімі көрсетіледі.

№29 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Сенімхат

Мен, Қайратова Жанар Айдарқызы (Астана қаласы, Республика даңғылы, 21-үй, 52 –пәтер, (жеке куәлік № 000045897, ҚР ИМ 20.06.2015 жылы берген) Астана қаласы, Тархан көшесі 52 үй 45 пәтерде тұратын Асанов Талғат Айдарұлына (жеке куәлік № 000047811, ҚР ИМ 25.09.2017 жылы берген) маған тиесілі 2016 жылдың ақпан айының зейнетақысын Алматы ауданы, «Аспан» жинақ банкіндегі № 00045632 есеп шотынан алуды сеніп тапсырамын.

Сенімхат 2016 жылдың 12 наурызына дейін берілді.

№30 Аудиофайл

Тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.

1. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау кезінде Кодекске сәйкес Шарт жасасу үшін қажетті құжаттар талап етуге құқылы.
2. Қызметкердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақытылы және сапалы орындауын талап етуге құқылы.
3. Қызметкерге бюджетке аударылатын міндетті төлемдер салықтар мен зейнетақылық аударымдарын ұстап қала отырып, еңбекақы төлеуге міндетті.
4. Қызметкер Шартта көрсетілген жұмысты жасауға міндетті.
5. Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

ЖАЗБА ҮШІН



ЖАЗБА ҮШІН

Lined area for writing, consisting of 25 horizontal lines.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР СТ 1929-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру». – Астана, 2015 ж.
2. Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, 2016 ж.
3. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
4. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
5. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2011 ж.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 бет.
7. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.-509 бет.
8. Бектаев Қ. Сөздік. – Алматы, 2001 ж.-704 бет.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008 ж. -968 бет.
10. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977 ж.-712 бет.
11. Қазақтың мақал-мәтелдері./ құраст.: М.Қ. Рахметова. – Алматы, «Көшпенділер», 2007 ж.-240 бет.
12. Маманов Ы.Е. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, «Арыс», 2007 ж.-488 бет.
13. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, «Елорда», 2000 ж.-532 бет.
14. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, «Санат», 1994 ж.-272 бет.
15. Түймебаев Ж.Қ. Қазақ тілі: Грамматикалық анықтағыш. – 1991 ж.-83 бет.
16. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, «Ана тілі», 1991 ж.-384 бет.

Редакциялағандар:

М. Мұқаметқали
А. Бердіқұлова

Көркемдеуші дизайнер:

С. Тлемисов

Басуға 27.10.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х90_{1/8} . Офсеттік басылым. Шартты б.т. 42,5
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 30

«Palitra Press» ЖШС-нде басылды.
050000, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі, 4а